Мамандардың бағалауы бойынша, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен бизнестің интеграциясының заңнамасы қалыптасу сатысында. Бірақ ғылым, білім беру мен бизнестің интеграциялану үдерісін іске асырудың құқықтық тетіктері әлі анықталған жоқ, бұл саладағы өзара қарым-қатынастарды реттейтін өзара байланысты және келісілген нормативтік-құқықтық актілердің үйлесімді жүйесі жоқ, енді ғана жасалуда. Жоғары оқу орындарының нарықтық қажеттілікке қаншалықты сәйкес келетіндігі және жоғары білім алған мамандардың кәсіби құзыреттерін пайдаланатын мүдделі талаптардың қажеттіліктеріне қаншалықты жауап бере алатындығында. Мұндай интеграция енді ғана көрініс алып жатыр. Шет елдерде бұлардың ішінде Швейцария елін ерекше атап өтуге болады. Бұл ел сегіз жыл бойы әлемде білім беру мен бизнесті біріктіру бойынша алғашқы орынды иеленіп келеді. Ал Сингапур мен АҚШ сәйкесінше, екінші және үшінші орында, бұлар бұрынғысынша көшбасшылардың үштігіне кіреді. Бұл саладағы интеграцияға қатысты критерий бойынша Германия, Жапония, Гонконг және Финляндия өздерінің позициясы өткен жылмен салыстырғанда біршама төмендеуіне қарамастан, үздік ондықтың ішінде. Бұл елдер әлемнің ғылым, білім беру мен бизнестің интеграциясы саласындағы ең бәсекеге қабілетті 30 елдің құрамында болып, бұлармен негізінен Экономикалық ынтымақтастық дүниежүзілік ұйымның (ЭЫДҰ) мүше-мемлекеттері болып табылады [1].

2016 жылы Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша ортақ рейтингте 138 елдің ішінде 53-ші орынға түсіп, өз позицияларын төмендетіп жіберді (2015

жылы 42-ші орын). Бұл соңғы бес жылда елдің аталған бағалау жүйесіндегі ең төменгі көрсеткіш.

Қазақстанның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде (бұдан әрі - ЖБР) халықтың жоғары біліммен қамтылуы секілді статистикалық көрсеткіш пен 4 сауалнамалық көрсеткішті қолданады: зерттеу және білім беру қызметтерінің қолжетімділігі, білім беру жүйесінің сапасы, университеттер мен бизнестің ҒЗТҚЖ саласындағы ынтымақтастық [2].

2016 жылы ЖБР-ның жоғары білім беру бойынша көрсеткіштері айтарлықтай жоғарылаған. 2014-2015 жылдары «Университеттер мен бизнестің ҒЗТҚЖ саласындағы ынтымақтастығы» көрсеткіші бойынша Қазақстан тұрақты орын алса (88 орын), 2016 жылы бұл көрсеткіш 22 позицияға жақсарды, «Кәсіпорындар деңгейінде технологияларды енгізу» бойынша көрсеткіші 71 орында бекітілген және «Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы» көрсеткіші 18 позицияға жақсарған [1]. Бұл жақсарулар – білім беруді дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың іске асыруының арқасында болып отыр. Осыдан мемлекеттің бәсекелік қабілеттілігін қамтамасыз етудегі жоғары оқу орындарын дамытудың қажеттілігі айқын байқалады.

Қазір бірқатар дамыған елдер жоғары мектептердің қарқынды түрде даму барысында инновациялар мен технологиялық прогресс орталықтарына айналып жатқанын анық көруге болады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында елдің жоғары оқу орындарын инновациялық қызметке көшірудің тетіктерін әзірлеу міндетін тапсырды [3]. Өйткені қазіргі ғаламдану жағдайында сапалы білім, терең ғылым, жетілген техника мен ақпаратты технологияны игермей, бәсекеге қабілетті экономиканы құру оңайға түспейді. Қазіргі кезде ҚР жоғары оқу орындарын дамытудың шешуші факторы болып біліктілігі жоғары қызметкерлерді қалыптастыруға бағытталған «Білім-ғылым-инновациялар» үштігін қалыптастыру.

«Білімдер үшбұрышы» үштігінің бірлігі туралы идеясы жаңалық емес. Мәселен, кеңес үкіметі кезеңінде ғылым, жоғары мектеп пен кәсіпорындардың ынтымақтастығын орнатып, оны пайдалануға байланысты үлкен тәжірибенің болғанын байқауға болады. Егемендігін алған Қазақстанда да жоғары оқу орындарының кәсіпорындармен ынтымақтастық жасау үдерісі түрлі ұйымдық нысандар арқылы жүзеге асырылуда: технологиялық парктер, бизнес инкубаторлар, зерттеу университеттері, консалтингтік фирмалар және т.б.

Мұндай интеграциялық модель әлемнің көптеген елдерінде жүзеге асырылуда және оның экономика үшін болашағы зор екенін көрсетуде. Бұл орайда Американдық интеграция тәжірибесі ең тиімді тәжірибелердің бірі болып табылады, ондағы жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың арасындағы өзара сенім дәрежесінің артуы арқасында университет ғалымдарының зерттемелері елдің ғылыми-техникалық дамуын қамтамасыз етіп кәсіпорындар мен жоғары оқу орындарына көптеген миллиондаған табыс әкеліп, технологиялық компанияларда конвейерлік өндіріс ұйымдастыруға болатындығын көрсетті [4]. Осындай ынтымақтастықтың негізінде атқарылған жұмыстары үшін жоғары оқу орындарының кейбір түлектері Нобель сыйлығының лауреаты атағын алды. Сонымен университет бизнеспен өзара іс-қимыл жасаудың интеграциялық құрылымының қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Осыдан университет интеграцияның басты элементі болуы тиіс пе? Ол қандай болуы керек және оның қандай іспен айналысуы қажет? Кез келген университет бизнеске жетекші рөл атқаруға сәйкес келе ме? Университет бизнеспен өз қатынастарын қалайша және қандай негізде құруы тиіс? Бұл сұрақтар дереу жауап беруді талап етіп отыр.

Университеттің өнеркәсіппен және бизнеспен интеграциялануы қажет пе деген сұрақтың өзі «интеграция» термині мәнін терең түсіндіруде әзірше пікірталас тудыруда. Университет пен бизнестің жалпы түрдегі интеграциясы оның құрылымының әрбір бөлігі өзінің тиімділігін айтарлықтай арттыра алатынын анық білдіреді. Бизнес өз жағынан кадрлық ғылыми-техникалық міндеттерін шешу жолында университеттегі білім мен ғылыми

зерттеулердің сапалы болуына мүдделі. Ал жоғары оқу орны өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін енгізу, сонымен бірге өз түлектерінің жұмысқа орналасуы үшін кәсіпорындар мен ұйымдарды заманауи ғылыми-технологиялық жаңалықтармен қамтамасыз етуге мүдделі. Университет пен бизнестің мүдделері барған сайын өзара біріктірілуде және олардың өзара дамуы интеграциядан айтарлықтай артықшылықтар алуға. Университет өнеркәсіппен өзара іс-қимыл жүргізуден ең алдымен өзінің зерттемелерін коммерцияландыру мен университеттегі жастардың инновациялық белсенділігін қолдау көрсету мүмкіндігін алады. Студенттер нақты жобаларға қатысып, шағын инновациялық бизнесте өз күштерін байқап көреді, осылайша ғылым мен шығармашылық саласында ғана емес, сонымен бірге бизнес пен кәсіпкерлік саласында да практикалық тәжірибе алады және өздерінің біліктілігін дамытады. Олардың ішінде үздіктері университетпен ынтымақтастық жасайтын кәсіпорындар мен компанияларда жұмысқа орналасуға мүмкіндік алады.

Біздің ойымызша, білім, зерттеу қызметі мен өндірістің интеграциясы – ұзаққа созылатын, көп элементті үдеріс. Бұл үдеріс келесі мақсаттардың орындалуын көздейді:

1. Студенттердің жаңа білімдер мен тәжірибелік дағдылар алуы.
2. Осы білімдерді ғылыми-зерттеу қызметінде пайдалануы.
3. Практикалық нәтиже алуы.
4. Алынған тәжірибелік нәтиже технологиялық үдерісте іске асырылғанға дейін онымен тәжірибе жасау.
5. Технологиялық үдерісті мақұлдау.
6. Технологиялық үдерісті топтамалық өндірісте іске қосу.

Технологиялық жаңалықты корпорацияға табысты енгізу – бұл бұрыннан пайдаланыста келе жатқан кәсіпорынның немесе жаңа кәсіпорынның тәжірибесі, осының аясында туындайтын әсердің арқасында венчурлық кәсіпорындар байқалып жатқан жаңа коммерциялық бірліктің пайда болатынын көруге болады. Ынтымақтастықтың тараптарына қатысты коммерцияландыру үдерісі табыс әкелуі үшін көптеген күрделі мәселелерді шешуге тура келеді. Университеттердің инновацияларында жылдам және көп табыс табу мүмкіндігін пайдалану үшін уақыт пен ерекше кәсіпкерлік мәдениет қажет.

Жоғары оқу орындарының көрсететін өздерінің қызметін жүзеге асыратын өңірдің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы барлық дүние жүзіндегі жоғары білім берудің дамуының басымдықты үрдісі болып табылады. Экономикасы дамыған елдерде университеттер өңірлік еңбек нарығының құрылымына жан-жақты күшті ықпал етіп отырады. Осыған орай біздің елімізде де ғылымды және инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізілсе, жоғары оқу орындары мен бизнестің ынтымақтастығы үлкен нәтиже беретіні айқын.

Қазірдің өзінде кампустарда дәрістер өткізуге арналған аудиториялар, сонымен бірге тікелей зерттеу қызметі жүретін, тәжірибелік дағдылар алатын зертханалармен қамтамасыз етілген зерттеу университеттерінде білім мен ғылымның интеграциясында өздерін жақсы жағын көрсететін жағдай қалыптасты. Сонымен қатар кейбір зерттеу университеті жаңалықтарды әзірлейтін және тәжірибеге сүйенген ғылыми орталыққа айналуға ұмтыла бастады. Осындай жоғары оқу орындар Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары қауымдастығының бизнеспен тиімді интеграциясының үлгісіне айналуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Reports.weforum.org/global-competitiveness-index/
2. Култуманова А. Индикаторы и показатели: пункт назначения или путь, который необходимо пройти. // Журнал Образование, спецвыпуск. – 2016.
3. www.akorda.kz/ru/addresses/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-30-noyabrya-2015-g

4. Розовский Г. Исследовательские университеты: американская исключительность?// <http://vo.hse.ru>
5. Неборский Е. В. Зарубежный опыт интеграции образования, науки и бизнеса. -Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. – 2012. Вып. 11. – С. 33—40.
6. Неборский Е.В. Университеты США: образовательный и научный центр: монография. – Саарбрюккен, 2011
7. Реймер В.В., Бреусов А.В. Теоретические и практические аспекты исследования национальных инновационных систем. // Журнал Дальневосточный аграрный вестник, выпуск. – № 2(22), 2012.
8. Тілеуберген Д.М. к.э.н., старший эксперт-экономист Центра научной экономической экспертизы АО «Институт экономических исследований». www.analitika.kz/images/belarusindustry/nauka/tleubergendina.pdf
9. The Global Employability University Ranking. [https:// www. timeshighereducation. com/carousels/global-employability-university ranking-2016-results](https://www.timeshighereducation.com/carousels/global-employability-university-ranking-2016-results)
10. Обзор политики высшего образования ОЭСР. Итоговый отчет за 2015 г.
11. Тематический анализ «Высшее образование и обеспечение качества высшего образования в РК» Астана, 2016 //Независимое Казахстанское агентство по обеспечению качества в образовании. www.iqaa.kz

Т.Б. Кенжебаева
А.М. Рымбекова
Павлодар қ. (Қазақстан)

КӨРУ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕЙІН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көз – өмір айнасы. Көз арқылы жер бетіндегі барлық адам баласы қоршаған орта туралы көптеген мәлімет алады. Адам көру қабілеті арқылы заттардың түсі, көлемі, пішіні туралы түсініктерді, олардың өзара орналасуын біледі, әрі 80% ақпаратты алады.

Көру қызметі адамға кеңістікті бағдарлау, өзінің қозғалыс аймағын кеңейту, әлеуметтік тәжірибесін байыту сияқты құндылықтарды меңгеру үшін өте қажет. Көру адамдардың қызмет түрінің әртүрлі болуына байланысты басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуында да маңызды рөл атқарады. Көру мүмкіндігі шектелген жандарға осындай өмірлік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін олардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін терең біліп қызмет ету үшін жолдарын айқындап, көру қабілетінің бұзылу себептерін, психикалық және педагогикалық ауытқуларын анықтау, оларды толықтыру, кемістігі бар сезім мүшелерін түзету және қалпына келтіру жолдарын анықтап, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына көмектеседі [1].

Психологияда зейін адамның психикалық әрекетінің шоғырлануы және бағыты ретінде анықталған. Зейіннің өзіндік жеке мазмұны жоқ және ол адамның іс-әрекетінің белсенділігімен байланысты. Көрудің бұзылуында белсенділіктің төмендеуі байқалады, себебі, көру анализаторлары арқылы қабылдау мүмкін емес. Балада көру арқылы әсерлердің болмауы сыртқы әрекет стимулдарының деңгейін төмендетеді, бұл сыртқы ортамен байланысын бәсеңдетеді.

Қалыпты және көруі өте нашар балалардың зейінінің дамуы ми қалыптасуының жалпы заңдылығына ортақ. Бірақ көру қызметінің бұзылуы күрделі немесе тіптен соқыр болса, онда заттың бейнесін және қоршаған ортаның шынайылығын қабылдауы қиын немесе тіптен мүмкін емес.

Зейін – арнайы бір уақытта, қандай да бір объектіге баланың іс-әрекетінің шоғырлану процесі. Егерде зейін сыртқы ортадағы объектіге шоғырланса, онда оны сыртқы зейін деп атайды, ал егерде субъективті әлемдегі объектілерге бейнелеп, талқылап шоғырланса, онда оны ішкі зейін деп атайды [2].

Барлық зейінді атап өтсек, белсендісі ретінде (ырықты және ырықсыз), бағыттылық (ішкі және сыртқы), оның кеңдігі (көлемі, таралуы), ауысуы (қиын, оңай), қарқынды, шоғырланған (жоғары, төмен), тұрақтылығы (тұрақты немесе тұрақсыз) көрудің бұзылуынан өзгеріске ұшырайды, бірақ жоғары дамуларға қабілетті, қалыпты адамдардың даму деңгейіне жете алады, кейде тіпті олардан асып түседі.

Зейін соқыр адамдардың психикалық қызметінің бір жағы сияқты және нашар көретін балалар мен ересектер жайлы аз зерттелген. Барлығы тифлопсихологтар және тифлопедагогтар көру кемістігінің салдарын түзетуде зейіннің маңыздылығы жоғары екендігін атап өткен. Соқыр балаларды бақылағанда олардың зейіні төменгі деңгейде екендігін және бұл қоршаған ортаға деген енжарлықты байқатады [3].

Сонымен қатар көруі бұзылғанда сыртқы қоздырғыштардың аздығынан зейіннің тұрақтылығы төмендейді. Соқыр адамдардың есту тітіркендіргіштері арқылы ұзақ уақыт тыңдау жалығуға әкеп соғады, сонымен қатар зейіннің шашырауын туғызады.

Баланың зейіні қалыпты көру жағдайда қандай болмасын іс-әрекет түрінде болмысын байқау, тыңдау, ойлану – ым-ишараны білдіру, үлкендердің ым-ишарасына еліктеу арқылы арнайы ойын ролін ойнайды.

Соқыр балаларда көру арқылы әсем қимыл-қозғалыстар, бет әлпеттің, ым-ишарасын қабылдау мүмкін емес. Сол себептен де оларда еліктеуге деген мұқтаждық жоқ. Сонымен қатар соқыр балаларда қозғалыс аймағы бірқатар спецификалық ерекшеліктері бар. Оларда қозғалыс шектеулі, жеке қозғалыстар өте жоғарғы абайлықпен, әлсіздікпен, ақырын ғана жай жүзеге асады. Дене құрлысы біршама бүгінкі, сенімсіз қозғалыстармен әрең жүреді. Соқыр адамдарда сонымен қатар моторлы қозғалыс жеткіліксіз [4].

Соқыр адамдарда зейінді аударуға арналған бет-әлпет қозғалыстары: қабақты тую, маңдайды жиыру, қас-қабақ, арнайы бір позада тұру, объектіге бұрылу және т.б. оларда жоқ немесе өте әлсіз байқалады.

Зейін жеке психикалық процесс емес, ішкі қабылдау, есте сақтау, ойлау және басқа да процестердің сана-сезім бір объектіге бағытталатынына байланысты. Зейіннің таңдамалы бағыты ерекше құндылыққа ие, зейіннің қандай да бір объектіге бағытталуы оның түрленуіне әкеп соғады. Осылайша қабылдау бақылауға айналады, кездейсоқ ой ағымы – ойлануға, бейнелер мен ойды ырықсыз қайта жаңғырту – еске түсіру процесімен алмасады және т.б. Осылайша психикалық әрекетке зейіннің таңдамалылық бағытын береді. Л.С. Рубинштейн айтуынша, әсерлерді, ойларды әрекетті қабылдаудың психикалық сенсбилизациясы тиімділік береді деген.

Соқыр балаларда зейінділіктің өте төмен деңгейі байқалады. Сонымен қатар сыртқы қоздырғыштардың төмендігі соқыр балалардың есту зейінділігі шаршағыш келеді. Зейіннің нәтижелі дамуы үшін соқырларда анық рельефті қабылдауының көпжақты қасиеттерін және нышандарының сигналдары бірінші орынға шығады.

Көру кемістігі бар балалар танымдық және еңбек әрекетіндегі қиыншылықтарын сезінеді. Осының арқасында зейін кейбір операцияларға зейінділік артады. Сол себептен де зейін әр іс-әрекетке деген бақылауы артады. Көруінде кемістігі бар балаларда зейіннің рөлінің жоғарлауы тек адам іс-әрекетті жоғары белсенділігімен орындаса ғана. Тек осындай жағдайда қабілет ырықты түрде сана-сезімге бағытталуы толық және жартылай соқырлықта адекватты бейнеленуш мүмкіндік береді [5].

Соқырлардың зейінінің ерекшелігі байқап, тыңдап, ойланып және еске түсіру арқылы адам зейін жағдайын бет, дене қимыл арқылы ым-ишара, дене қозғалысы арқылы береді. Көрікті қимыл-қозғалыстар көру арқылы қабылдаумен және еліктеу іс-әрекеті арқылы бала үлкендердің қаншалықты қабылдағанына байланысты. Балада көрудің бұзылуында

үлкендердің іс-қимылын көру арқылы қабылдауы қиындай түседі. Сол себептен де үлкендердің іс-әрекетіне еліктеу мүмкін емес болады. Қимыл-қозғалыс еліктеуден пайда болатынын мына жағдайлар арқылы байқауға болады. Соқыр балалардың ым-ишараға, қимыл-қозғалыстарға кедей болуынан байқалады [3, 25].

Зейін соқыр адамдардың психикалық қызметтің бір жағы сияқты және нашар көретін балалар және ересектер жайлы аз зерттеген. Барлығы тифлопсихологтар және тифлопедагогтар көру кемістігінің салдарын түзетуде зейіннің маңыздылығы жоғары екендігін атап өткен. Соқыр балаларды бақылағанда олардың зейіні төменгі деңгейде екендігін және бұл қоршаған ортаға деген енжарлықты байқатады.

Сонымен қатар көруі бұзылғанда сыртқы қоздырғыштардың аздығынан зейіннің тұрақтылығы төмендейді. Соқыр адамдардың есту тітіркендіргіштері арқылы ұзақ уақыт тыңдау жалығуға әкеп соғады, сонымен қатар зейіннің шашырауын туғызады.

К. Бюрклен, П. Виллей, А.А. Крогиус, Ф. Цех атты тифлопсихологтардың айтуынша, соқыр адамдарда танымдық сезімтал аймақтардың қысымы зейінге кері әсер береді, сонымен бірге, ол көруі қалыпты адамдарда да болуы мүмкін деген. Мұндай психикалық қызметтер жағдайлар ырықты зейінмен оның жоғарғы түрімен байланысты.

Тифлопсихологияда соқыр балалардың ым-ишараға үйретулер нәтижесіз аяқталған жағдайлары көп кездеседі. Бірақ соқыр балалардың зейінінің шоғырлануы мысалы: сөйлеп тұрған адам жаққа қарау соқыр бала үшін оңай игеретін процесс және оқыту мен тәрбиелеу процесінде қалыптаса түсуі керек [6].

Зейін бірқатар қасиеттермен (көлем, шоғырлану, тұрақтылық, ауытқушылық және т.б.) зейіннің кейбір қасиеттерінің дамуы соқыр балаларда ерекше, мысалы, қабылдаудың қиыншылығы зейін көлеміне, зейіннің ауысуына және тұрақтылығына кері әсер етеді. Қабылдаудың бәсеңдеуі қабылдаудың түрлілігіне, әрекетіне және зейіннің тұрақтылығына; жылдамдығына, ауысуына соқыр адамдар кеңістікті бағдарлай алу зейіннің жақсы таралуын қажет етеді. Бұл заңдылық қалыпты көретін балалар үшін, ал соқырларға бұл зиян шынында да көру сезгіш мүшелерінің төмендеуі тек басқа қалған рецепторлардың қозуы арқылы орнын толықтыруға болады, тек бір ғана рецептірлердің жұмыс істеуі кеңістікті бағдарлаудың дәлдігін төмендетеді [2, 187].

Қорыта келгенде, соқырлық зейіннің дамуына спецификалық өзгерістер әкеледі. Бірақ соқыр балалардың зейіні де кәдімгі қалыптағы баланың зейіні сияқты заңдылықпен дамиды.

Бұл дегеніміз зейін ешқандай арнайы психикалық процестерін және қандай бір сезім мүшелерінің қызметімен байланысты болмаса да адам бойындағы эмоционалды, ерік жігерлі интеллектуалды қасиеттердің қызметіне, адамның белсенділігіне байланысты, міне осындай себептермен зейінді қабылдау және зейіннің қалыптасуы – жеке тұлға қасиеттерінің негізі.

Әдебиеттер

1. Выготский Л.С. Балалардың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. – Алматы, 1999.
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 2004. – 512б.
3. Аскоченская Т.Ю., Бонн И.А., Матюгин И.Ю. Как развивать внимание. – Донецк, 2003. – 164с.
4. Лубовский В.И. Специальная психология. – М.: Академия, 2005. – 464 с.
5. Назарова Н.М. Специальная педагогика. – М.: Просвещение, 2001. – 224 с.
6. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. – Алматы: Дәуір, 2011. – 264 б.

ТЕСТИРОВАНИЕ ДОСТИЖЕНИЙ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ДЕТСКОГО ЦЕНТРА РАЗВИТИЯ

Разнообразие современных форм обучения и воспитания дошкольников (детские сады, мини-центры, центры развития, кружки, секции и пр.) в Казахстане характеризуется необходимостью определения их эффективности. В отличие от детского сада, где процесс выявления результатов образовательной деятельности достаточно четко отработан и строится на основании Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения, в детском центре развития этот вопрос вызывает реальные затруднения педагогов, так как отсутствуют единые образовательные стандарты. В идеале для каждой образовательной программы необходимо разрабатывать свой пакет диагностических методик, отражающих ее цели и задачи.

Вместе с тем важно определить ключевые понятия, лежащие в основе рассматриваемой проблемы.

Педагогическая диагностика заимствовала методы исследования психологической диагностики, однако по своим целям, задачам и сфере применения она все же остается относительно самостоятельной. Поэтому неудивительно, что существуют различные научные определения рассматриваемого понятия, а также разные подходы к ее использованию на различных ступенях образования, в том числе и на этапе дошкольного воспитания.

В диагностику вкладывается более широкий и более глубокий смысл, чем в традиционную проверку знаний и умений. Проверка лишь констатирует результаты, не объясняя их происхождения, а диагностирование рассматривает результаты в связи с путями и способами их достижения, выявляет тенденции, динамику формирования продуктов обучения и развития. Педагогическое диагностирование включает в себя контроль, проверку, оценивание, накопление количественных и качественных данных, их анализ, выявление динамики, тенденций, прогнозирование дальнейшего развития событий. Эти особенности, на наш взгляд, должны быть положены в основу деятельности педагога, приступающего к диагностированию детей, в особенности на этапе дошкольного образования. Среди множества диагностического инструментария в дошкольном образовании часто используемым является тестирование. Уместно вспомнить, что слово «тест» – английского происхождения и переводится как «испытание», «проверка» [1]. В литературе встречается следующее определение тестов. *Тесты* – это достаточно краткие, стандартизированные или нестандартизированные пробы, испытания, позволяющие за сравнительно короткие промежутки времени оценить исследователем результативность познавательной деятельности, т.е. оценить степень и качество достижения каждым ребенком целей обучения [2]. Тогда можно сделать вывод, что педагогическое тестирование – это проверка, позволяющая распознать изменения какого-либо качества (знание, умение, свойство и др.) человека в целях его коррекции.

Анализ работ ведущих ученых в области исследования диагностических методов с точки зрения их психолого-педагогического содержания показал, что использование тестов должно удовлетворять ряд требований:

- 1) краткость заданий, предполагающих сжатые ответы, т.е. не требовать больших затрат времени;
- 2) однозначность вопросов, т.е. не допускающих произвольного толкования и исключающих возможность формулирования разных ответов;

3) информативность, что обеспечивает возможность соотнесения количественной оценки за выполнение теста с порядковой или интервальной шкалой измерений, а полученные результаты должны быть легко читаемыми;

4) пригодность для быстрой математической обработки результатов.

К сожалению, на практике использование тестовых заданий на этапе дошкольного образования не всегда соответствует данным требованиям.

Тестирование проводится как с отдельными детьми, так и в группах. Основным недостатком групповых тестов является снижение возможностей у экспериментатора добиться взаимопонимания с испытуемыми, заинтересовать их заданием. Кроме того, при групповом тестировании затруднен контроль над функциональным состоянием детей, таким как тревожность, усталость и др. Иногда для того чтобы понять причины низких результатов по тесту какого-либо ребенка, следует провести дополнительное индивидуальное собеседование.

Специфика дошкольного возраста заключается в том, что все психические процессы очень подвижны и пластичны, а развитие потенциальных возможностей ребенка в значительной степени зависит от того, какие условия для этого развития создадут ему педагоги и родители.

Отметим, реальные способности ребенка могут проявиться достаточно поздно, и то образование, которое он получает, в большой мере способствует их проявлению. Известное понятие Л.С. Выготского «зоны ближайшего развития» особым образом фиксирует именно этот факт. Поэтому, определяя индивидуальные особенности ребенка дошкольного возраста, очень важно учитывать «склонности», выступающие основой его дальнейшего развития. Эта специфика не позволяет считать результаты диагностики (даже, если они достоверны) устойчивыми и определяющими судьбу ребенка. Любое достижение ребенка дошкольного возраста на каждом этапе его развития является промежуточным и служит лишь основанием для выбора педагогом программ, технологий, методов для последующей работы с ним.

Как показывает наша многолетняя практика работы в вузе (дисциплина «Психолого-педагогическая диагностика личности дошкольника»), при проведении диагностики допускаются следующие типичные ошибки:

1. Используются технологически не проработанные, не апробированные, имеющие сомнительную научную и практическую ценность методы диагностики. Результаты такой диагностики не отражают реальной картины развития ребенка.

2. Чаще всего в практике дошкольного образования тестирование детей происходит дважды – перед началом обучения и в конце учебного года (входное и итоговое тестирование), необходимо проводить тестирование три раза в год. Входное тестирование через две недели пребывания ребенка в образовательном учреждении, после адаптации ребенка к новым условиям. Второе тестирование – середина учебного, дается характеристика динамики развития дошкольников, и в случае необходимости происходит корректировка программ, заданий. Итоговое тестирование – конец учебного года, диагностика проводится с целью определения результатов обучения и выработки рекомендаций родителям и педагогу.

3. Навешивания на ребенка «ярлыка» – негативное влияние на развитие личности и дальнейшую образовательную траекторию ребенка.

И главное, специалисту дошкольного образования, диагностирующему ребенка, необходимо найти ответы на два главных вопроса: с какой целью осуществляется эта деятельность и как будут использованы ее результаты?

Литература

1. Булыко А.Н. Современный словарь иностранных слов. – М.: Мартин, 2006. – 848 с.
2. Майоров А.Н. Тесты и их виды // Школьные технологии. – 1998. – № 4. – С. 176–181.

ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА КАК ВАЖНЕЙШЕЕ УСЛОВИЕ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЕЙНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Проблема создания и сохранения семьи в современном обществе является одной из наиболее значимых. В советское время были нарушены многовековые духовные традиции казахского народа, связанные с институтом семьи. Было нарушено традиционное празднование свадеб в соответствии с национальными традициями, дачи калыма (вознаграждения) за невесту и совершение многих свадебных обрядов. Женщины, ранее хранившие целостность семьи, получили свободу и равенства в правах, что способствовало их эмансипации, что привело к большому количеству разводов в советское время и росту неполных семей, в которых мальчики не могли получать подлинного мужского воспитания и часто становились феминизированы от чрезмерной женской опеки.

Следует заметить, что в соответствии с древними традициями тюркских народов отношение к женщине было всегда уважительным, т. к. она, прежде всего, «мать», продолжательница рода и каждый мужчина, настоящий джигит должен быть ее защитником, а также и защитником своих сестер, всех родственников, всего своего народа. Казахские семьи никогда не распались, ибо уже с детства давалась психологическая установка на будущую семью, с детства чётко определялись и закреплялась в подсознании гендерные роли. Традиционная постоянная забота о женщине-матери обеспечивала стабильность семьи. Родительские наставления всегда были весьма вескими и убедительными. Ослушание могло вызвать отречение от непослушной дочери, лишение ее наследства и родительского благословения. Действовал закон «стерпится – слюбится», который в полной мере обеспечивал прочность тюркской семьи.

По мнению А.Кодара, культура тюрков-кочевников и их психология в целом «патерналистична», т.е. ориентирована на мужчин, которые были обязаны оберегать покой семьи и заботиться о ее благополучии. В этой связи гендерная дифференциация поведения всегда имела строгую психологическую направленность. Мальчик должен был стать джигитом-батыром, защитником рода, общаться с мальчиками, быть среди мужчин, а девочка призвана стать продолжательницей и хранительницей рода. Ее место возле матери, затем возле мужа. На закрепление этих установок в сознании были направлены практически все средства психолого-педагогического воздействия в семейном воспитании. Тюркские девушки росли более свободными, чем арабские и персидские, т.к. они не должны были носить чадру, паранджу, не вели затворнический образ жизни, ибо были кочевниками, и вокруг были все свои. Они наравне с джигитами участвовали в конных соревнованиях и других молодежных играх, таких как «Алтыбакан» (Качели), «Догони девушку», могли петь и садиться в передний угол юрты рядом с почтенными гостями «ак суйек» («белая кость»).

Тюркские и далее казахские пословицы имеют выраженный дидактический характер: «Дети без воспитания несчастнее круглых сирот»; «воспитаю старшего, а младший сам научится» [1]. Они демонстрируют заботу о подрастающем поколении и приобретении знаний. В героическом эпосе тюрков о легендарном народном целителе Коркут-ата подчеркивается роль женщины в создании семейного счастья и отмечается, что «дочь без примера матери наставления не примет, сын без примера отца угощения не устроит» [2] и «опора дома лишь та женщина, которая может хорошо потчевать гостя» [2]. Сын всегда выступает как продолжатель рода и позже как глава семьи. В случае необходимости он, не жалея жизни, должен встать на защиту чести своего отца и своей семьи. «Хороший сын – счастье, огонь в очаге не погаснет», «отцу достаётся сын для славы»; «грубому сыну, от которого нет славы имени отца, лучше бы не родиться на свет» [2]. Лишь сыном,

прославляющим имя отца, данным на радость, хорошо быть», отмечается в эпическом предании.

В пословицах казахского народа большое внимание всегда уделялось характеристике идеальной женщины, от которой зависело счастье семейной жизни. Так, утверждалось, что «если супруга хорошая, не будет отбоя от гостей, если супруга плохая, - лишишься друзей»; «хорошая женщина и плохого мужа сделает ханом»; «дом без женщины – сирота»; «мать, подарившую шестерых сыновей, царицей зови; добрую родню частицей души зови»; «мать, родившую хорошего сына, назови душой, родившую шестерых сыновей — ханшей». Приводится и такое мудрое сопоставление: «Отец – гора, опора; мать – горный родник, сын – тростник на берегу родника» [1].

Одной из доминирующих черт казахского менталитета является отношение к старшим в семье. «Семья – без деда – семья без благословения, семья без бабушки – семья без заступницы» [1].

В психологической поэме Юсуфа Баласагуни (XI в.) «Наука быть счастливым» («Благодатное знание») впервые на Востоке предпринята попытка логически проанализировать значимость личностных качеств, необходимых для создания полноценной семьи, и даны конкретные рекомендации по выбору невесты и жениха в соответствии с многовековыми традициями народа. Именно соблюдение их и обеспечивало счастье и стабильность в семейных отношениях. Ю.Баласагуни указал на такие важнейшие душевные качества, как «стыдливость и совесть», которые необходимы для семейного счастья. Он однозначно пришел к выводу о том, что всё можно отыскать и достать, имея желание и богатство, но «лишь добрых мужей не сыскать по заказу» [3]. Особое внимание он уделил воспитанию сыновей. «Учи сыновей добродетелям строго, и благ они разных добудут премного»; «преподаны детям все блага наук – душа их чиста и не ведает мук» [3]. Всю ответственность за девиантность поведения детей он возлагал на отца, как главу семейства, в связи с чем он с уверенностью утверждал, что если «распустит отец с малых лет своих чад – ты их не вини, – сам отец виноват» [3]. Подчеркивая значимость семейного воспитания и роль мужчины в нем, Ю.Баласагуни советовал корректировать поведение детей через их активную деятельность и рекомендовал: «смотри, чтоб без дела твой сын не сидел, бесцельна вся жизнь у сидящих без дел» [3].

Другой тюркский мыслитель Махмуд Кашгари (XI в.) давал совет: «найди мудрого мужа, следуй ему» [4], а Ахмет Югнаки (XII в.) указывал, что «даже самый аккуратный муж не гарантирован от некоторых осечек», но, тем не менее, он должен быть уважаем в семье и, несмотря на промахи должен пользоваться авторитетом среди окружающих, а для этого он должен стремиться к познанию и совершенствовать себя, ибо «муж без познания – кость без мозга жизни» [4].

В эпоху демократизации общества наблюдается тенденция обращения к этническим традициям народа, способствуя стабилизации семейных отношений. Следование заветам предков и этническим традициям народа существенно укрепляет семью и роль мужчины в ней, закрепляя женский стереотип «хранительницы его очага». Народная казахская мудрость гласит: «Какова ханша, таков и хан». И действительно, если женщина «надмена и ворчлива», как говорится в средневековой легенде о Коркуте, то хорошей семьи не получится.

Подготовка порастающего поколения к браку – одна из важнейших актуальных проблем любого общества. Она включает в себя различные аспекты воспитания: нравственного, полового, правового и эстетического. В этой связи в Казахстане всё большее внимание уделяется изучению и закреплению многовековых семейных традиций, с тем, чтобы раскрыть специфику добропорядочных нравственно-этических взаимоотношений между юношами и девушками, которые порой еще складываются хаотически.

В настоящее время изучаются такие учебные дисциплины, как «гендерная специфика развития», «этико-психологические основы семейных отношений», что весьма необходимо, ибо помогают разобраться в сложнейших межполовых взаимоотношениях и межличностных

контактах, эмоциональных переживаниях, психологических закономерностях и особенностях создания полноценной и крепкой семьи, разобраться в причинах возможных семейных конфликтов и путях их преодоления. Значимость таких учебных дисциплин, как «Этика и психология», «Психология семейных взаимоотношений», «Самопознание», «Этнопсихология», спецкурс для магистрантов «Психолого-педагогическое наследие народов Средней Азии и Казахстана» велика, они способствуют осмыслению и возрождению многовековых этнических традиций в русле процессов демократизации общества независимого Казахстана.

Литература

1. Чистов В.В. Психология в афоризмах и народных изречениях. В 4 кн. Кн.4. - Алма-Ата, 2001.
2. Бартольд В.В. Книга моего деда Коркута. //Культура мусульманства. Т.6. – М.,1966.
3. Баласагунский Ю. Благодатное знание. – М.:Наука, 1983.
4. Антология педагогической мысли Казахстана. – Алматы,1995.

Г.О. Беркінбаева
Ж.И. Исаева
Түркістан қ. (Қазақстан)

ДИАЛОГТІК СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Диалогтік қарым-қатынас – бұл екі немесе бірнеше тұлғалардың кезектесе реплика алмасып отыратын қарым-қатынас процесі. Диалогтік қарым-қатынастың психологиялық сипаттамаларына психологтар ең алдымен диалогке қатысушылардың сөздік ойлау белсенділігін жатқызады.

Диалогтің негізінде репликалау, яғни репликалармен алмасу жатыр. Диалог барысында тыңдаудан сөйлеуге, яғни қабылдау, болжамдау, түсінуден жоспарлау және өзіндік сөзін тудыруға ұдайы алмасып отыру процесі жүзеге асырылады. Әңгімелесушілердің әрқайсысы сөйлеушінің және тыңдаушының рөлінде бола алатындықтан, диалогтік қарым-қатынас сөз әрекетінің рецептивтік-продуктивтік түрі болып табылады. Жанды диалогтік қарым-қатынаста реплика алмасу жылдам орындалады, осы жерде тілдік материалдың жоғары автоматтырылғандық пен дайындықты талап ететін диалогтік қарым-қатынастың дайындықсыздығы, спонтандылығы орын алады. Диалогтік қарым-қатынастың ең маңызды психологиялық ерекшелігі серіктестердің сөйлеу мінез-құлқының, сөйлеудің тілдік рәсімделуінің сипатын айқындайтын оның жағдаяттылығы [1].

Ауызша сөйлеудің кез келген формасы сияқты диалогтік сөйлеу эмоционалдылығы мен уәждемелік қамсыздандырылғандығымен (әңгімелесуші серіктестердің уәждемелері сәйкес келмеуі мүмкін, ал бұл қарым-қатынастың процесі мен нәтижесін анықтайды) ерекшеленеді. Диалогтік қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері оның лингвистикалық сипаттамасын шарттайды.

Диалогтік қарым-қатынастың лингвистикалық ерекшеліктеріне сөйлеудің эллипстілігі, жеңілдетілген синтаксистік құрылымдарды, қолданылуы, клишелардың болуы, сөйлеу стандарттарының, модальдық сөздердің, одағай сөздің және мәнерліліктің, басқа да құралдарының болуы жатады. Сөйлеудің диалогтік формасы экстралингвистикалық құралдардың (ым, ишара, т.б.) кең қолданылуын ұйғарады. Жоғарыда көрсетіліп кеткендей, диалогтің негізінде реплика жатыр, ол диалогтік сөйлеудің қарапайым құрылымдық бірлігі болып табылады. Алайда,

диалогтік қарым-қатынасқа үйретудің негізгі, бастапқы құрылымдық бірлігі біреуі – ынталандырушы реплика, екіншісі – жауап репликасы болып табылатын екі репликадан құрылатын диалогтік бірлік болып табылады.

Диалог – тікелей қарым-қатынастың генетикалық негізгі және ең жетілдірілген формасы («Мен және әңгімелесуші серіктес»). Бұл қарым-қатынас түрінің ерекшелігі коммуникативтік тұрғыдан оның негізінде диалогтық бірліктің жатқандығында: диалогтің құрылымында көрініс табатын ойды жеткізу және қабылдау, оларға деген көзқарас. Диалог әңгімелесушілердің өзара байланысты репликаларынан тұрады [2].

Екі жақты қарым-қатынас жасау процесі әрбір қатысушы кезектесіп тыңдаушы мен сөйлеушінің рөлін атқаратын нақты жағдаятта жүзеге асырылады. Ақпаратты қабылдау және оны жеткізу нәтижесі әрбір қатысушының мақсатына байланысты қиыстырылатын және нысаналы пікірлерді құрауы мүмкін белгілі бір пікірлер (анкета, сауалнама, интервью) мен жауаптарды (әңгіме, есеп) құрайтын репликалардың тіркесуі болып табылады. Егер студенттердің қойылған сұрақтарға берген жауаптарын бір бүтінге жинақтар болсақ, жалпылаушы сипаттағы байланыстырушы пікір пайда болады. Диалогтерден біз құрылымды сұрақ қоюшылардың сұрақтарының нақтылығы мен оның әңгімелесуші серіктесінің жауабының анықтығына байланысты болатын ұжымдық монолог құра аламыз.

Диалогтік қарым-қатынас тек оның қатысушыларының қандай да бір сөйлеу әрекетінің түрі ғана болып есептелмейді, ол сөйлеу және тыңдау-сөйлеу әрекетінің ажырағысыз байланысты түрі болып табылатын сөйлеу актісі (ақпарат алмасу).

Психологиялық тұрғыдан диалогтік қарым-қатынас келесідей сипаттамаларға ие – диалогтік сөйлеу әрқашан дәлелді болады. Яғни, біз әрқашан сыртқы немесе ішкі түрткілер бойынша анықталатын қандай да бір себептен, қандай да бір мақсатта сөйлейміз дегенді білдіреді. Диалогтік сөйлеудің бұл психологиялық сипаттамасын диалогтік сөйлеуге үйретудің бастапқы кезеңінде ескерген жөн. Оқушыда сөйлеуге деген қызығушылықты, қажеттілікті ояту керек, ал ол үшін оқушының тек қана қайта оқу процесінде жиі кездесетін басқа адамның пікірін жаңғырту, яғни жаттап алынғанды қайталау ғана емес, қандай да бір өз пікірін, өз ойын, сезімін білдіру үшін қызығушылығын ояту қажет. Ол үшін аудиторияда оқытушы мен оқушылар арасында, оқушылардың өз арасында жағымды психологиялық климат қалыптастырған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін:

- диалогте сөз әрқашан тыңдаушыға бағытталған, аудиторияға жолданған. Бұл біздің әрқашан өз ойымызды жеткізу, пікірімізбен бөлісу, дәлелдеу, сұрау, сұрану және т.б. үшін біреумен қарым-қатынас жасайтындығымызды білдірді;

- диалогте сөз әрқашан эмоционалды тұрғыдан боялған, себебі сөйлеуші сөйлеп жатқан адамға өз ойын, пікірін, сезімін білдіреді;

Сөйлеуге үйрету кезінде алғашқы пікірден бастап барынша осы ерекшелікті ескеру қажет. Ол сонымен қатар алдыңғы екеуімен де байланысты.

Егер оқушы шектеулі тілдік материалдармен болса да өзі туралы немесе өзінікі туралы әңгімелейтін болса, онда оның сөзі эмоционалды тұрғыдан боялған, ол сөйлеушінің айтып жатқан затына немесе қадамына деген қарым-қатынасын білдіріп тұрады.

- диалогте сөз әрқашан жағдаяттық тұрғыдан дәлелді, себебі ол белгілі бір жағдаят барысында орындалады. Оқу процесінде оқытушыға шынайы жағдаяттарды қолдану арқылы немесе көрнекілік заттарды пайдалану арқылы не болмаса жағдаятты вербалды ауызша сипаттау арқылы оқушылардың диалогтік қарым-қатынас жасауға деген қызығушылығын арттыруы тиіс [3].

Қазақ тілін оқытудың әдістемесінде пайдаланатын психологиялық заңдылықтар мен деректердің жиынтығы оқытудың психологиялық негіздеріне кіреді. Тілді оқыту психологиясы – қазіргі педагогикалық психологияның үлкен бір арнасы. Мұнда әдістеме үшін пайдасы бар көптеген мәліметтерді кездестіруге болады. Атап айтқанда, әлеуметтік психология мен этнопсихология, үйренушінің жас ерекшелігі мәселесі, психолінгвистика мен педагогикалық психология мәселелері.

Қазақ тілінде диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруда жоғарғы сынып оқушыларының тілдік қатынастық құзыреттілігін жетілдіру үшін диалог түрлерін ұсынуда, оларды оқыту аяларына сәйкес орнымен пайдалануда психологиялық факторларды білу өте маңызды. Тілді үйретудегі кез келген оқыту әдісі, оқыту құралдары дұрыс жолға қойылып, дұрыс іріктеліп пайдаланылғанда ғана өз жемісін береді. Ал оқушыларға орнымен дұрыс ұсынылмаған оқу материалы оларды психологиялық дағдарысқа әкелуі мүмкін. Сондықтан оқу, сөйлеу мәтіндері мен жазып тыңдауға арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін әр деңгейге сай дұрыс іріктеу ғана оқушының тілді үйрену барысындағы тілдік қатынасқа құзыреттілігін дамытып қалыптастырады десек қателесеміз. Мұнымен бірге оқып-үйренушілердің жастарына қатысты психологиялық ерекшеліктерді білу де өте маңызды. Бейіндік мектеп оқушылары – есеюдің алғашқы баспалдағына аяқ басқан жеткіншектер. Осы жастағы оқушылардың бойындағы психологиялық ерекшеліктерді көптеген психолог-ғалымдар (И.А.Зимняя, М.Жұмабаев, А.А.Леонтьев, А.А.Реан, Путиловская,) өз еңбектеріне арқау еткен [4].

Тілді меңгеру жолдары сан алуан. Әрбір үйренуші өз жолын өзі таңдайды. Психологтар мынадай үйренудің екі жолын көрсетеді: қарым-қатынасқа бейім адамдар немесе бейім еместер. Қарым-қатынасқа бейім адамдар тілді сезім мен интуиция арқылы алады. Олар ықылас пен назарды оқыту үрдісіне емес, оның мазмұнына аударған да табысты жұмыс істейді. Мұндай үйренушілер тілдік болжам жасауды шебер пайдаланады, тілдесу сюжетінің даму бағытын оңай айқындайды, кез келген серіктеспен оңай тілдесіп кете береді, олар топ болып орындайтын тапсырмаларды, әртүрлі ойындарды жақсы көреді. Ал қарым-қатынасқа бейімделуі қиын адамдар тілдесуден гөрі тілдік материалдарға талдау жасауды, тілдің логика-грамматикалық заңдылықтарын шығаруды, ереже жаттаса да саналы түрде, түсініп барып жаттауды қалайды. Тілдесуден гөрі мәтіндердің мазмұнын түсініп оқу, сөйлеу үлгілеріне талдау жасап, түсінуді қалайды. Ал әңгімеге араласуға асықпайды. Бұларды тілдесуге шығару үшін топтан оның өзі құрметтеп сыйлайтын біреуді әңгімелесуші-серіктес ретін де ұсыну керек. Және тілдесу барысында белсенді серіктеске екінші ойлауды жақсы көретін серіктесінің айтуына жеңіл сөздер мен сөйлемдерді іріктеуіне көмектесуін, дәл сол айтылысқа қажет синонимдерді табатындай сөздермен сөйлеуін қамтамасыз етуін талап ету керек. Оқытушы өзінің сабағын осы екі типтің де сұранысын қанағаттандыратындай етіп жоспарлауы тиіс. Ең бастысы, оқушыларды қызықтыра білуі тиіс. Қызықтыра білудің мәні табысты оқытуда екенін белгілі педагогтардың көпшілігі растайды. Психолог Қ. Жарықбаев: «Адамның қызығуы бірнәрселерге асыра зейін қоюдан, оған құмартудан, соны үнемі ойлап жүруден көрінеді. Тұрақты қызығу ғана адамның бүкіл бойын билеп, қандай бөгеттер болса да жеңе білуге, небір ауыртпашылықты көтере білуге жәрдемдеседі», - деп жазды [5].

Жас адамның интеллектуалдық жағынан дамуы оның жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен өзара байланыста жүреді. Ал жеке тұлғаның қалыптасуы жас адамның өзінің жеке көзқарасының дамып жетілуімен, кез келген мәселеде өз бетінше шешім қабылдай алуы мен және өз міндеттерін терең түсінуімен байланысты жүреді. Оқушының шынайы интеллектуалдық мүмкіндігі оларға пайдалы болатын тапсырмаларды жүйелі түрде күрделі, бірақ шамасы жететіндей нұсқада ұсынғанда ғана дамып, көрінеді. Бұл туралы ғалым Г.А. Китайгородская: «... действительный потенциал интеллектуальных функций проявляется лишь в случае систематических, полезных для них нагрузок», - десе [6], Реан: «В таких условиях (оптимальный нагрузки, сенсификации, усиленной мотивации, операционных преобразований функции) происходит эволюция функций, достигающая новых, более высоких уровней развития...», - деп жазады [7]. Осыған орай оқытушы міндеті – оқушыны оның интеллектуалдық дамуына тиімді ықпал ететін оқу жүктемелерімен қамтамасыз ету.

Сонымен, әдеби мәдениетті сөйлеу әдеби диалогтік қатысым барысында тілдік құралдарды іріктеу мен қолдануда дұрыс дағды қалыптастыру керектігін түсінеміз. Басқаша айтқанда, тілдесім барысында тілдік қатынасқа қатысушылар өздерінің алдына қойған мақсаттарына жету үшін қажетті тілдік құралдарды дұрыс таңдай білуге тиіс. Мұндай

мақсатпен қажетті тілдік құралдарды таңдауды тілдің сөйлеу мәдениетінің қатысымдық саласы қарастырады. Диалогтік қатысым кезінде әңгімеге кем дегенде екі адам қатысатындықтан айтушының (адресаттың) сөзі, ол негізгі ақпаратты беруші болғандықтан, тыңдаушы (адресантқа), негізгі ақпаратты қабылдаушыға, анық, түсінікті, ұғынықты болумен бірге, таза, бай, көркем сөйлемдермен берілуге тиіс. Айтушы өз сөзіне тыңдаушысын қызықтыра білуі тиіс. Мұндай қатысымдық сапаларға сөздің дәлдігі, түсініктілігі, байлығы, тілдің тазалығы, айқындылығы сияқты мәселелер жатады.

Әдебиеттер

1. Практикум по методике преподавания иностранных языков [Текст]: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов / под ред. К.И. Саломатова, С.Ф. Шатилова. – Москва: Просвещение, 1985. – 224 с.
2. Спиваковская, А.С. Игра-это серьезно [Текст]/ А.С. Спиваковская. – Москва: Просвещение, 1981. – 336.
3. Рогова Т. В., Верещагина И. Н. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе. - Москва: Просвещение, 1988. – 138 – 140 с.
4. Зимняя И.А. Психология обучения неродному языку. – Москва: Русский язык, 1989. – 220 с. 92
5. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Мектеп, 1970.-324 б.].
6. Китайгородская Г.А. Интенсивные обучение иностранным языкам: Теория и практика. – Москва: Русский язык, 1992. – 254 с.
7. Реан А.А. (общ. редакция) Психология человека от рождения до смерти. – С-Петербург: Прайм-Еврознак, 2001. – 656 с

Т.С. Нурбатырова
Астана қ. (Қазақстан)

ФИЗИКАНЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТА ОҚЫТУ

Қазақстан егемендік алғаннан кейін физиканы оқыту орта мектепте екі бағытта жүргізілетін болды: қоғамдық-гуманитарлық бағыт және жаратылыстану-математикалық бағыт. Оқулықтар да осы екі бағытта дайындала бастады. Бүгінгі күні осы салалар жетілді деп айтуға болады, себебі қазір еліміз бойынша бірнеше баспадан осы екі бағыттағы физика оқулықтары шығып, мектептерде оқытылып жатыр. Ал, жоғары мектепте де физика оқытылады, олар арнайы оқу министрлігі бекіткен типтік бағдарламалар бойынша мамандық бағытына қарай оқытылады. Сонда, күні бүгін көзіміз жеткені, жоғары оқу орындарында да осы бағытты басшылыққа алу қажеттілігі айқын байқалады. Өйткені, біздің университетте биотехнология, азық-түлік өнімдерінің технологиясы, қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы, геодезия және картография мамандықтарына физика пәнін оқытуда осы гуманитарлық бағытта оқытуды басшылыққа аламыз.

Физика өзінің зерттеу объектісі – табиғатпен тікелей емес, мәдениет жүйесі: философия, өнер, дін, құқық және мораль, өмір салты және дәстүр арқылы байланысады. Осы идеяны білімгерлерге жеткізу жолдарының бірі төмендегі мәселелер кешенін қарастырғанда қандай да бір дәуірге шолу жасау әдісі болып табылады:

- дәуірдің жалпылай сипаттамасы;
- осы кезеңдегі мәдениеттегі құндылық бағдарлар жүйесі;
- осы құндылық бағдарлардың ғалымның ойлау тұрғысына әсері;
- қарастырылатын кезеңдегі ғылым және мәдениеттегі әлемге деген көзқарас;

- сәйкестік әдістемелік принципі негізінде нақты құбылыстар табиғатына көзқарасына тарихи дамуы.

Физика курсы аясында дәуірдің ішкі әлемі қарастырылмайтындықтан, мәдениеттанушылық идеясы әдістемелік идеямен үйлесе жүргізіледі. Бұл дегеніміз – мәдениеттанушылық идея оқу материалы деңгейінде, оның ішінде, негізінен студенттердің өзіндік жұмыстарында үйрететіндігі.

Экологиялық идея адамгершілік идеясын ұйғарады: қоғамды ізгілендіру, мәдениетті көтеру, алдыңғы шепке моральдық және жалпыазаматтық құндылықтарды, тұлғаның рухани дамуын шығару және адам табиғаттың ажырамас бір бөлігі екенін көрсету.

Экологиялық идеялардың негізгі қағидаларын білімгерлерге жеткізуде басты жауапкершілік осы ғылыми-жаратылыстану саласына жүктеледі. Бұл жерде ол «Табиғат – қоғам – адам» жүйесі дамуының баламалы жолдарын анықтаудың негізі болып табылады. Білім беруді гуманитарландыру жағдайында білімгерлердің санасына әр адамның және қоғамның табиғатты пайдаланудағы жауапкершіліктері мен міндеттерін жеткізуде осы ғылым саласы негізгі рөл атқарады деуге болады. Сондықтан да жаратылыстану саласында білім беру білімгерлердің санасын нақтылы деректермен толтыру емес, оның рухани дүниесін дамыту болып табылады.

Сонымен, оқу материалдарын таңдау кезінде әдістемелік және экологиялық идеялардың синтезі білімгерлерге, біріншіден, алған білімдерінің негізінде қоршаған орта заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік берсе, екіншіден, жаратылыстану пәндерінің гуманитарлық потенциалын ашу арқылы білімгерлерді жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлайды. Гуманитарлық бағыттағы сыныптарға арналған физика курсына оқушыларды физикалық теориялармен таныстыру кезінде қарастырылатын ұғымдардың теориялық негіздемелері азайтылған. Жаңа ұғымдар тәжірибе деректерін талдау негізінде енгізіледі, ал бұл қарастырылатын ұғымдардың білімгерлерге түсінікті болуына себептеседі. Бұл бағыттағы оқитын білімгерлерге қиын материалды түсіндіргенде, таза дәлелдемелерге көп арқа сүйей бермей, көрнекілікке, көркемділікке, нақтылыққа, өмірмен байланыстыруға көбірек назар аударған абзал.

Қолданбалы материал теориялық материалды зерделеу кезінде қарастырылады. Оның мазмұны, негізінен, адамзат қоғамындағы физика ғылымының рөлін көрсетуге, білімгерлерде ғылым жетістіктерін әртүрлі көзқарас тұрғысынан бағалай алуға, ғылыми-техникалық прогреске байланысты туындайтын экологиялық проблемаларды түсінуге бағытталған.

Курстың әрбір бөлімі қорытынды дәрістермен аяқталады, онда білімгерлердің физикалық теориялармен әлемнің физикалық бейнесі туралы білімдері жүйеленеді. Бұл сабақтардың мақсаты зерделенген теориялардың қолдану аясын және олардың қазіргі заманғы әлемнің физикалық бейнесіндегі орын көрсетуі болып табылады.

В современных условиях, когда учебный процесс в вузе приобретает новую, поисково-исследовательскую направленность появляется необходимость переориентации процесса усвоения знаний, умений и навыков студентами на организацию их научно-исследовательской деятельности, на становление специалиста как субъекта научно-исследовательской работы, конкурентноспособного профессионала, владеющего опытом научно-творческой деятельности.

Учебно-исследовательская деятельность студента – это организуемый преподавателем процесс, обеспечивающий приобретение студентом субъективно новых знаний путем индивидуальной познавательной-творческой и поисково-исследовательской деятельности.

Как преподавателю организовать этот процесс? Какими средствами способствовать развитию у студентов исследовательских умений?

Мы предлагаем использовать возможности современных инновационных педагогических технологий, в частности, квест-технологий, позволяющие создать новую образовательную среду, в которой студенты являются активно вовлеченными не только в конструирование собственного знания, но и в целом, учебного процесса. Сегодня веб-квест является одним из оптимальных средств организации поисково-исследовательской деятельности студентов в учебном процессе.

Нами накоплен опыт использования образовательных веб-квестов в учебном процессе. Проиллюстрируем на конкретных примерах, как их можно использовать с целью развития познавательного интереса, исследовательских умений у студентов. Рассмотрим веб-квест «Теоретические и эмпирические методы исследования», который нами успешно применяется на занятиях в ходе изучения дисциплины «Исследовательская культура учителя-практика». Этапы работы над квестом: 1. Формулируется тема. Прописывается проблема, которую нужно решить в ходе квеста. Распределяются роли (эксперты, спикер, контент-мастера, тайм-менеджер, дизайнеры). 2. На втором этапе предлагается серия заданий, которую участники квеста должны последовательно выполнить, чтобы решить данную проблему. Так, например, студентам можно предложить следующие задания в квесте: «Сформируйте список методов научного исследования, сравните их, представьте классификацию». Это задание направлено на формирование у студентов таких умений, как анализировать, видеть и устанавливать логические связи, критически подходить к информации, обобщать и делать выводы. Следующее задание: «Составьте анкету, позволяющую выявить отдельные аспекты изучаемой вами проблемы. Проанализируйте полученные результаты, количественные показатели представьте в виде диаграммы». Такого типа задания направлены на формирование диагностических умений, необходимых для исследовательской деятельности, умений структурировать и графически представлять информацию. Переходим к заданию «Предложите различные эмпирические и теоретические методы исследования изучаемого явления. Можно ли здесь использовать наблюдение? Эксперимент? Какие математические и статистические методы вы бы использовали в ходе исследования. Аргументируйте свой выбор». Задания такого вида дают возможность отрабатывать умения, связанные с выдвижением цели и формулированием задач исследования, отбирать методы исследования, обосновывать свой выбор. 3. Последовательно выполнив все задания второго этапа, участники переходят к третьему этапу – этапу оформления результатов деятельности, в виде презентации, слайд-шоу, видео – фоторепортажа. 4. Логическим завершением работы является обсуждение результатов, оценка. По результатам исследования проблемы формулируются выводы и предложения.

Поскольку веб-квест является комплексным заданием, оценка его выполнения основывается на целом комплексе критериев. Такими критериями могут быть, к примеру, понимание задания, достоверность используемой информации, ее отношение к заданной теме, критический анализ, логичность, структурированность информации, качество аргументации, подходы к решению проблемы, навыки работы в команде, навыки устного выступления, мультимедийной презентации. В завершении суммируется опыт, который получен участниками при выполнении заданий в ходе работы над веб-квестом.

Наш опыт использования квест-технологии не ограничивается лишь аудиторными занятиями. Веб-квесты – это не только инновационный метод обучения и контроль полученных знаний, но и новый метод «добывания» знаний студентами при выполнении СРС. Как показал опыт, применение квест-технологии в учебном процессе способствует формированию у студентов технологической и информационной грамотности, навыков сотрудничества, умения анализировать, самостоятельно и творчески мыслить, объективно оценивать свои достижения.

Литература

1. Багузина Е.И. Технология разработки веб-квестов при изучении студентами иностранного языка //Знание. Понимание. Умение. – 2010. №2. С.262-265.
2. Гуревич Р.С. Вебквест как инновационная технология обучения в высшей и средней школе/Р.С. Гуревич, М.Ю. Кадемия//Вестник Луганского национального университета имени Тараса Шевченка. Серия: педагогические науки. – Луганск: ЛНУ им. Т. Шевченка, 2011. -Ч. 1, вип. 21(232). -С. 36-45.
3. Дубаков А.В. Анализ отечественных и аутентичных Интернет-ресурсов для преподающих и изучающих английский язык // Информационно-коммуникационные технологии в обучении иностранным языкам: Сборник научных статей / отв. ред. А.В. Дубаков. – Шадринск : ШГПИ, 2012. – С. 7–12.
4. Шаматонова Г.Л. Веб-квест как интерактивная методика обучения будущих специалистов по социальной работе/Г.Л. Шаматонова//«SOCIO пространство: Междисциплинарный сборник научных работ по социологии и социальной работе». -2010. - № 1. -С. 234-236.

В.П. Чижик
г.Омск ,(Россия)

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Федеральные государственные образовательные стандарты среднего и высшего образования третьего поколения кардинально изменили принципы и задачи образовательного процесса. Конечной целью обучения стало формирование у обучающихся не просто знаний и умений, а необходимых профессиональных компетенций.

Вопрос о том, какими компетенциями должен обладать специалист в той или иной области, до сих пор является дискуссионным, однако уже очевидно то, что отличительной чертой компетентностного подхода является не только и не столько получение обучающимся необходимых знаний, сколько формирование у студентов умений и навыков к самообразованию, саморазвитию и адаптации в реальной среде.

Компетентностный подход [1; 2]:

- предполагает усиление практической направленности образования;
- обеспечивает формирование мотивации к познанию, поиску нестандартных решений профессиональных задач;
- включает не только когнитивную и операционально-технологическую составляющие, но и мотивационную, этическую, социальную и поведенческую.

Иными словами, перед образованием ставится цель не научить делать (что либо), а научить мыслить. Для достижения этой цели как нельзя лучше подходят инструменты технологии «Развития критического мышления».

Технология «Развитие критического мышления» разработана Международной ассоциацией чтения университета Северной Айовы и колледжей Хобарда и Уильяма Смита. Авторы программы: Чарльз Темпл, Джинни Стил, Курт Мередит [3].

Думать критически означает проявлять и использовать исследовательские методы: ставить перед собой вопросы и осуществлять планомерный поиск ответов [3].

Термин «критическое мышление» определяют как [3; 4; 5; 6]:

- разумное рефлексивное мышление, сфокусированное на решении того, во что верить и что делать;
- мышление направленное, самостоятельное;
- мышление, основанное на наличии разнообразной информации о проблеме и всей ситуации в целом;
- мышление познавательное, предполагает постановку вопросов и уяснение проблем, которые нужно решить;
- мышление аргументированное, учитывающее существование возможных контраргументов, которые либо оспариваются, либо признаются допустимыми;
- мышление социальное, предполагает обмен мнениями с другими людьми, обсуждение, дискуссию.

Для реализации технологии критического мышления могут быть использованы различные приемы. Наибольшее распространение получили следующие: кластеры; концептуальное колесо; инсерт; «тонкие» и «толстые» вопросы; – стратегия решения проблем «ИДЕАЛ»; «Фишбун» – «рыбья кость»; синквейны; стратегия РАФТ; групповая дискуссия; чтение с остановками и Вопросы Блума; «продвинутая лекция»; эссе; KWL карта или таблица «Знаю – Хочу знать – Узнал»; взаимопрос; «ключевые термины»; перепутанные логические цепочки; корзина идей; прием «верные и неверные утверждения»; «дерево предсказаний», словарная карта и др.

Вопросы практического применения технологий критического мышления можно рассмотреть на примере организации образовательного процесса по дисциплине «Финансовые рынки и институты».

Для финансового рынка характерно следующее:

- на финансовом рынке обращается большое количество различных финансовых инструментов, при этом каждому из них присущи свои достоинства и недостатки;
- круг участников финансового рынка также очень разнообразен и каждый финансовый институт может оказывать как позитивное, так и негативное влияние на развитие и функционирование этого рынка;
- перечень возможных операций участников рынка фактически бесконечен, при этом любое действие может с одной стороны способствовать реализации интересов соответствующего участника, а с другой стороны увеличивать его риски, ухудшать результативность деятельности.
- инструменты и рычаги, которые используются для регулирования финансового рынка могут оказывать разнонаправленное влияние, применение любого из них может способствовать как стабилизации финансового рынка, так и вызывать его дисбаланс.

Все сказанное позволяет сделать вывод о том, что именно технологии развития критического мышления позволят обеспечить получение необходимых знаний, умений и навыков, сформировать необходимые компетенции.

Так для проведения лекционных занятий по финансовым дисциплинам эффективным являются следующие приемы:

- кластеры – предоставляют возможность ознакомить студентов с новым материалом, новыми понятиями, и одновременно продемонстрировать их взаимную связь и взаимовлияние;

- инсерт – позволяет увязать новую информацию, со знаниями полученными при изучении других дисциплин, увидеть связь между явлениями и проблемами изучаемой темы, с информацией, полученной ранее, при изучении предыдущих тем дисциплины;

- «тонкие» и «толстые» вопросы – позволяют не только изучить свойства того или иного финансового инструмента, но и понять зачем, когда и как он может быть использован;

- стратегия решения проблем «ИДЕАЛ» - очень эффективна для изучения неоднозначных вопросов регулирования финансового рынка;

- Фишбун – «рыбья кость» – позволяет отразить многообразие видов финансовых инструментов и их свойств, оценить влияние тех или иных финансовых рычагов на различные аспекты деятельности хозяйствующих субъектов и финансовый рынок в целом.

- групповая дискуссия – является наиболее эффективной для изучения видов и целей использования ценных бумаг, анализа деятельности финансовых институтов и эффективности применения инструментов регулирования финансового рынка;

- «чтение с остановками» и «Вопросы Блума» – наиболее эффективный способ подачи нового, теоретического материала, который не только позволяет ознакомить студентов с соответствующим понятийным аппаратом, но и дает возможность поставить, выявить проблему обращения того или иного финансового инструмента, проблемы функционирования того или иного финансового института, но и обсудить пути ее решения;

- «продвинутая лекция» – особенно эффективна для изучения таких разделов курса, как «Инструменты денежно-кредитной политика Банка России», «Информационное обеспечение финансового рынка», «Регулирование финансового рынка».

Для организации семинарских занятий и организации текущего контроля знаний эффективными будут следующие задания, основанные на технологии развития критического мышления:

- определите и отразите схематически взаимосвязь между рынками;

- укажите, какие из предложенных характеристик являются справедливыми для описания того или иного сегмента финансового рынка;

- проведите сравнительный анализ предложенных ценных бумаг, рынков, институтов.

Оформите результаты сравнения в виде таблицы;

- определить положительное и отрицательное влияние того или иного инструмента на реализацию интересов различных участников рынка;

- определите, какие признаки, являются характерными для предложенных ценных бумаг, результат представить в виде таблицы;

- определите, к функциям какого из участников относится осуществление тех или иных действий, представленных в таблице и др.

Организация образовательного процесса с использованием предлагаемых в данной работе разработок и рекомендаций не только будет способствовать формированию у студентов необходимых компетенций, но и обеспечит большую самостоятельность, свободу, социализацию решительность, необходимые для осуществления профессиональной деятельности выпускников.

Литература

1. Михайлова Ю.В. Компетентный подход в образовательном процессе вуза // Приоритетные направления развития науки и образования. – 2015. – № 2 (5). – С. 169-170.
2. Шайденко Н.А., Подзолков В.Г. Компетентный подход как востребованная общественная парадигма образования // Сборники конференций НИЦ Социосфера. - 2015. - № 16. - С. 150-152.
3. Логинова О.А. К вопросу о реализации компетентного подхода в ВУЗе: технология развития критического мышления. В сборнике: Университетское образование (МКУО-2015) сборник статей XIX Международной научно-методической конференции, посвященной 70-летию Победы в Великой Отечественной войне: в 2 томах. Под редакцией: А.Д. Гулякова, Р.М. Печерской. – 2015. С. 173-175.
4. Шатохина О.Ф. Технология развития критического мышления как модель современного образования. В сборнике: Психология и педагогика XXI века: теория, практика и перспективы материалы III Международной научно–практической конференции. – Чебоксары, 2015. С. 143-147.
5. Сачинская И.В., Сорокина А.В. Технология развития критического мышления как эффективное условие реализации требований к результатам освоения основной образовательной программы. В сборнике: Актуальные вопросы в научной работе и образовательной деятельности сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции: в 10 томах. – Тамбов, 2015. С. 127-128.
6. Игнатьева О.С., Лешер О.В. Технология критического мышления как фактор повышения эффективности профессиональной подготовки студентов. В сборнике: Теоретико-методическое обеспечение развития профессионально-педагогической направленности студентов университета Магнитогорский государственный технический университет им. Г.И. Носова. 2015. С. 45-48.

А.Т. Аязбаева
Астана қ. (Қазақстан)

МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕЛГЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Қазіргі кезде инклюзивті білім беруге барлық мемлекеттерде ерекше көңіл аударып жатқаны мәлім. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі, ЖОО оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Осы оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр.

Жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы ретінде баланы білім беру мекемелеріне толыққанды кіріктіруді қамтамасыз ететін бейімделу ортасын құру болып табылады. Жалпы білім беретін мекемелерінде оқитын мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және олармен жүргізілетін түзету жұмыстары мұндай оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып дайындалған жалпы білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр.

Мүмкіндігі шектелген бала ерекше қарауды қажет етеді. Осындай тұлғаны қалыптастыруды нәтижелі басқару үшін, түрлі жас кезеңіндегі бала дамуының өзіндік психологиялық-педагогикалық заңдылықтары туралы терең білу керек. Егер адамды тарих

пен табиғаттың бір бөлігінің өнімі ретінде биоэлеуметтік нәрсе деп қарастыра болсақ, мұнан дамуға әсер ететін биологиялық және элеуметтік фактор шығады. «Психологиялық ой түйіндісі бойынша физиологиялық кемшілік элеуметтік тәртібі нормаларының бұзылуын туындатады [1].

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі баланы ортаға бейімдеу, жалпы білім беру процесіне қосу, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қамтамасыз ету маңызды мәселенің бірі болып отыр. Осы мәселеде баланы психологиялық-педагогикалық қолдау – күрделі де маңызды процесс. Баланы психологиялық-педагогикалық қолдау – инклюзивті білім беру жүйесінде баланың тәрбиесіне, оқу процесіне, элеуметтенуіне, бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған кәсіби белсенді жүйе.

Білім алу үдерісіндегі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау әртүрлі бейінді мамандардың психолог, логопед, дефектолог, мұғалім, және т.б. қатысуын талап етеді. Олардың әрекеттерін үйлестіру, бұл қызметке үйлесімділік пен мақсатты бағытталғандық түр беру үшін білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының жұмысында командалық тәсілдеме қажет болады. Командалық тәсілдеме мамандар мен педагогтардың қосымша кәсіптік құзыреттілікті меңгерулерін білдіреді. Қажетті құзыреттіліктер: педагогикалық бақылауды жүргізе білу, практикалық психологиялық жұмыстарын, баланың әртүрлі жас шамасындағы нормативтік даму заңдылықтары мен кезеңдерін білу, командада жұмыс істей білу, педагогикалық мәселелерді және т.б. ұжымдық талқылауға қатысу. Бұл жерде мамандар мен педагогтардың негізінде білім алушының жеке басына деген терең сыйласымдық пен кез келген балаға көмек көрсетудің жоғары уәждемесі жататын ұстанымдарының бірдей болуы өте маңызды болады. Әртүрлі бейіндегі мамандардың командалық өзара әрекеттесулерінде шешілетін мазмұндық міндеттердің құрамына балаға оқыту үдерісінде тиімді көмек пен көмек көлемін таңдау міндеті кіреді.

Тәрбиелеу мен білім берудің адамгершілік бағытының қалыптасуымен қатар, балаларды элеуметтік-педагогикалық қолдау идеясы дами бастады. Ол балалар мен жасөспірімдерге білікті психологиялық көмек көрсету проблемасының аясында пайда болды. «Қолдау» түсінігінің мазмұнын талдап көрейік. Орыс тілінің түсіндірме сөздігіне сәйкес бұл термин қандай да бір құбылыспен бірге жүретін әрекетті білдіреді. Зерттеуші Ю. Слюсарев «қолдау» түсінігін адамның өзіндік ресурстарын белсендіретін және өзін-өзі дамыту механизмдерін іске қосатын тұлғаның өзіндік санасының дамуы мен өзін-өзі дамытуына бағытталған психологиялық көмек көрсету ретінде қолданған. М.Р. Битянова қолдауды «баланың эмоционалдық қолайлылығы, оның табысты дамуы мен оқуына бағытталған психологтың білім беру ортасындағы кәсіби әрекеттерінің жүйесі» ретінде анықтайды. Педагогикалық қолдаудың мақсаты сүйемелденетін адам тұлғасын институционалды рәсімдеудегі арнайы педагогикалық жүйелер арқылы жүзеге асырылатын мақсатқа бағыттап дамыту болып табылады. Педагогикалық қолдау тұжырымдамасы мүдделі бақылау, кеңес беру, жеке өзінің қатысуы, баланың белсенділігінде көрінетін оның барынша дербестігін мадақтау процесі ретінде қарастырылады. Е.И. Казакова психологиялық-педагогикалық қолдау «балаға, оның отбасына және педагогтарға көмек көрсету, оның негізінде өзекті проблеманың шешу жолын таңдауда дамыту субъектінің барынша бостандығы мен жауапкершілігін сақтау; педагогтар, психологтар, элеуметтік және медициналық қызметкерлердің күшін біріктірумен қамтамасыз етілетін мультипәндік әдіс; проблеманың диагностикасы мен оны шешудің субъектілік әлеуеті, мүмкін болатын шешу жолдарын ақпараттық іздеу, әрекеттер жоспарын құру мен оны іске асырудағы алғашқы көмек арасындағы үйлесімді 15 бірлік; даму субъектінің өзі әрекеттері үшін жауапты болатын бағдарлық аумақты құруда көмек көрсету» деп түсінеді [2].

Қазіргі уақытта дамуында ақаулары бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдірілуде. 2015-2016 оқу жылынан бастап педагогикалық мамандықтарға «Инклюзивті білім беру» пәні міндетті базалық пәндер

қатарына кірді. Білім жүйесінде әртүрлі салаларындағы тұлғалық-мотивациялық, когнитивті және практикалық дайындықтың инклюзивті білім беру моделін жүзеге асыру, болашақ педагог бакалаврларда инклюзивті білім беру туралы ғылыми көзқарасты қалыптастыру және олармен жұмыс жасауға дайын болуы болып саналады. Инклюзивті білім беру пәні бойынша, студенттерге болашақ педагогтар мүмкіндігі шектеулі балалармен тіл табыса алуы, олармен жұмыс жасауға дайын болуы мақсатында сабақта және сабақтан тыс уақыттардағы ұйымдастырылған сабақтармен экскурсияларда өткізіледі. Сабақ барысында арнайы құрылған кейстер бойынша және тренинг арқылы студенттерге мүмкіндігі ерекше балалардың жағдайлары мен қажеттіктерін түсінуге көзделген.

Еуразия гуманитарлық институтындағы инклюзивті білім беруді қолдаудағы психологиялық-педагогикалық қызметі білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша тәрбие және оқытумен толық қамтылуын және оқыту бағдарламаларына теңдей қолжеткізуін және «инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруін» қамтамасыз етуіне үлесін қосып жатыр [3].

17 қазанда 2017 жылы институт қабырғасында «Инклюзивті білім берудің дамуы: тәжірибе мен жетістіктері» атты «Еуразия және жастар» лекторийі іс-шарасы жүргізілді. Лекторий аясында қатысушылар, оқытушылар мен кәсіби мамандар өзара пікір алмасып, инклюзивті білім беру тақырыбы бойынша өзекті мәселелері талқыланды. «Асыл жүрек» атты ерікті-студенттер клубы психологиялық қолдау көрсетуде. Клуб жұмысының борышы: мүмкіндігі ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың әлеуметтенуіне, бейімделуіне көмек көрсету арқылы психологиялық қолдау, еліміздің дамуына қарқынды үлес қосу, қоршаған ортаға жарық әлем сыйлау мақсатында ұйымдастырылған.

Қорыта келе, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын іс-жүзеге асырудың ең бастылардың бірі инклюзивті білім беру жүйесін институтымыз практикалық-психологиялық жұмыстар, ғылыми және тәрбиелік іс-шаралар арқылы жүзеге асырып жатыр.

Әдебиеттер

1. «Инклюзивті білім беру – толеранттылық қоғамның бастауы» республикалық ғылыми лекторий баяндамалар тезистері кірген жинағы – Астана, Еуразиялық гуманитарлық институты, 25 қазан 2016 ж. – 71 б.

2. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 39 б.

3. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

Т.Ж. Қойшығара
С.К. Бейсенбаев
Арқалық қ. (Қазақстан)

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектеп оқушыларының қимылдық ойындар арқылы дене мәдениетін дамытуда олардың ақыл-ой және қимыл-қозғалысына және біліктілігіне ғана емес, психологиялық аспектілеріне де үлкен мән беру қажеттігі туындап отыр.

Адам анатомиясын зерттеген жаратылыстанушылар мен дәрігерлер ежелгі дәуірде-ақ психикалық құбылыстардың ми қызметімен байланыстылығы жөнінде болжам айтқан, әрі психикалық сырқаттарды сол ми қызметінің бұзылу салдарынан деп топшылаған. Мұндай пікір, көзқарастарға жарақат немесе сырқаттан зақымданған адам бас миына бақылаулар негіз болған. Осындай сырқаттарға кезіккен адамның психикалық қызметі күрт бұзылысқа түседі: көзі көрмейді, құлағы естімейді, ес, ойлау, сөйлеу қабілеті кемиді, кейде өз қозғалысын басқара алмай қалады.

Организмге әсер етуші тітіркендіргіштер мен оларға жауап реакциялар арасында уақытша байланыстар түзіледі. Осы байланыстарды пайда ету бас ми қыртыстарының ең маңызды қызметі. Уақытша жүйке байланысы ми қызметі ретінде психикалық іс-әрекеттің қайбірінің болмасын негізгі физиологиялық механизмі болып табылады. Миға қандай да бір тітіркендіргіш әсер етпей, ешбір психикалық құбылыс өздігінен туындамайды. Әрқандай психикалық процесс пен қалаған уақытша байланыстың соңғы нәтижесі тыс әсерлерге жауап сипатындағы сырттай көрініс берген әрекет. Психикалық қызмет осыдан объективтік дүние заттары мен құбылыстарының әсерінен туындайтын мидың рефлекторлық бейнелеу жұмысы.

Уақытша жүйке байланысын әрқандай психикалық іс-әрекетін физиологиялық механизмі деп танудың маңыздылығынан психологиялық құбылыстың физиологиялық құбылыстармен бірдейлігі келіп шықпайтынын есте сақтаған жөн. Психикалық іс-әрекет тек қана физиологиялық механизм сипатымен шектеліп қалмай, мидағы бейнеленген нақты дүние, яғни психикалық құбылыстың мазмұнымен байланысты [1].

Сонымен психика дегеніміз – мидың қасиеті. Ағзаның психикалық әрекеті барлық дене мүшелерінің қызметі арқасында жүзеге асады. Олардың бірі сыртқы әсерлерді қабылдайды, екіншілері олардың барлығын сигналдарға айналдырып, іс-әрекетті жоспарлап, қадағалап отырады, ал келесісі – бұлшық еттерді әрекетке келтіреді. Осы күрделі жұмыстардың бәрі қосылып, адамның психо-физиологиялық қалыптасуының белсенді құралы болады.

Мұндай психо-физиологиялық ерекшеліктер табиғатын зерделеу зерттеліп отырған мәселенің түйінді шешімдерін табуда маңызды деп есептейміз.

Дене тәрбиесін беруде адамның психикалық әрекет заңдарын, оның желісі мен құрылым ерекшеліктерін айқын түсіну үшін жан әрекетін туындатушы тән адам миының құрылымымен танысып, оның жан күйі көріністерінің сол тән бөлігімен қандай байланыста болатынын білу қажет.

Бас миының бағаналы бөлігі – күрделі де тіршілікке өте қажет шартсыз рефлекстік әрекеттерді басқаратын орталық. Сору, шайнау және жұтыну рефлекстері осы тетігі құрамындағы сопақша мидың жауап әрекет орталығынан басқарылады. Кейбір қорғаныс рефлекстерін (түшкіру, жөтел, жас ағу) де осындай жүйке іске асырады. Мұны дене қимылымен өзара байланысын зерделеу болашақ дәрігерлер үшін мәнділігі жоғары [2].

Оқушылардың психо-физиологиялық ерекшеліктері мен адамдарға қатынасының орнығуы немесе өзгеруіне себепші – бұл оқушылардың жас деңгейі. Мұны зерттейтін болсақ 12-15 жас бұл адамгершілік және өнер талғамы, эстетикалық сезімдердің белсенді даму кезеңі, психологиялық тұрақталу және мінездің қалыптасу және орнығу кезеңі және ең негізгісі, мақсатты және жүйелі түрде білім алуға азаматтық, кәсіби машықтануға, ынталы түрде ой және дене еңбегімен айналысатын т.б. әлеуметтік рөлдердің нақты қалыптасатын кезеңі болып табылады.

Оқушыларға дене тәрбиесін беруде адамның психологиялық табиғатына сай халықтық педагогика элементтерін пайдалануда көрсетілген типтердің ерекшеліктері бойынша жұмыс түрін таңдау қажеттігі маңызды.

Халқымыз: «Тірлігің – ірі, тілің – майда болсын», - дейді. Адамның ішкі жан дүниесі оның сөзі мен тілінен анық байқалады. Қалай сөйлегеніне және қандай сөз тіркестерін қолданатынына қарап, сөз ырғағы мен әуенін талдай отырып, сөйлеу процесіндегі

тыныстары мен жеделдігіне орай, жеке адамның ерекшеліктері байқалады. Сонымен қатар мінезді дұрыс түсінуде адам үшін маңызды болған қоғамдық құндылықтар мен жеке талғамдар арақатынасы шешуші мәнге ие. Әр қоғамның өзіне сай маңызды да мәнді міндеттері болады. Міне, осы міндеттерді іске асыру барысында мінез қалыптасады. Кейін солар тұрғысынан тексеріледі, бағаланады. Мінез – оқушының қандай да қасиетінің төзімділігі, өжеттігі, енжарлығының т.б. көрінісі ғана болып қоймастан, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке ие болған бағыт-бағдар сипатын аңдатады. Осыдан мінездің тыңғылықтылығы адамның өмірлік бағыт-бағдары негізінде нақты бір жүйеге келеді. Мінездің қалыптасуындағы басты шарт – өмірлік мақсат, мұраттың нақтылығы. Мақсаттың болмауы не оның шашыраңқылығы – босбелбеулік мінезсіздіктің белгісі. «Өсіретін де – мінез, өшіретін де – мінез» деген халқымыз. «Жаман мінез не іспен, не күшпен түзеледі».

Оқушының биологиялық жағдайына мән берсек, мұнда жоғарғы жүйке қызметінің типін, физикалық күшін, дене құрылысының, бет әлпеті ым-ишарасынан сондай-ақ тұқымқуалаушылық, туа біткен нышандарын т.б. ерекшеліктерді білу қажет. Адамның саналы іс-әрекеті биологиялық себеп-салдармен байланыс жоқ. Дене тәрбиесі сабағында талап дұрыс қойылса, жас маман биологиялық қажеттікке мойынсынбай, қандай да бір кедергілерді жеңуге талпынады. Алғашқыда күрделі болып көрінген дене жаттығуларын саналы әрекетпен жоғары деңгейде жасауға бағыттайды және терең заңдылықтарын тануға ұмтылып, соларға орай өз әрекет-қилығына бағыт таңдайды. Дене тәрбие сабағында оқушының психологиялық жағдайы мен физиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, олардың тәжірибені игеруі жаттығуларды үйренуі, әрекет-қилық тәсілдерінің нәтижесі – оқушылардың өз тәжірибелерінің өнімі емес, өткен әулеттерінің, яғни гендік ерекшеліктердің берілетіндігін де естен шығармау керек [3].

Бір жағынан құндылық бағыттары жүйесін, себеп-салдардың өзгеруі мен кәсіби-мүмкіндіктерінің өсуіне байланысты жас мамандардың – спортта рекорд көрсететін көркем өнер, техникалық сондай-ақ ғылыми жетістіктерге олар жете алатын кезеңде екендігін де ескеру қажеттігі туындайды.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қимылдық ойындарды жеке сайыс элементтерімен дене тәрбиесінде пайдалану өзектілігі арта түседі.

Егер дене шынықтыру жаттығулары қалыпты жағдайда жүріп жатса, соңғы нәтиже мен темперамент арасында ешқандай да тәуелді байланыс болмайды. Сонымен тұлғаның қалыпты жағдайдағы әрекет нәтижесі оның шапшаң не енжар екендігіне қарамай, бірдей өлшемде болады, себебі соңғы өнім нәтижесі басқа факторларға, әсіресе, түрткілер мен қабілет деңгейіне байланысты келеді [4]. Темперамент ерекшеліктері осы жаттығулар мен әрекетті орындау тәсілдерін өзгертуге ықпал жасауы мүмкін.

Оқушылар темпераменттеріне қарай нәтиже емес, сол нәтижеге жету жолдарын таңдауымен ажыратылады. Темпераменттің тума ерекшеліктері тәжірибе, әлеуметтік ортаға және өз басын билей алуға байланысты психикалық процестерде көрініс береді. Жағдайға орай жауап-әрекет, бір жағынан, жүйке жүйесінің сипатына, екінші тараптан, білім алуы, тәрбие, дене мәдениеті кәсіби тәжірибеге тәуелді болмақ. Мысалы, тәжірибелі маманның әрекет шапшаңдығы туа берілген қасиет емес, ол жаттығу мен үйренудің нәтижесі екендігі хақ. Ал сол әрекеттердің іске асу шегі жүйке жүйесінің мүмкіндіктерімен анықталады.

Әдебиеттер

1. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004.
2. Тілеулов Ә.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы. 2003
3. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004.
4. Әбділлаев Ә.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі: II-III-IV бөлімдер. Жоғары оқу орындарының дене шынықтыру және спорт мамандықтары студенттеріне арналған оқу құралы. – Түркістан: Тұран баспаханасы, 2007 ж.

ТУРИСТІК ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Көрсетілген іс-әрекет туралы психологиялық тұжырымдар біздің зерттеулеріміздегі «қимыл-қозғалыс», «белсенді қозғалыс қызметі», «дене жаттығулары», «қозғалыс қызметі» ұғымдарының психологиялық мәнін түсіне отырып, педагогикалық ұғым ретіндегі қалыптасуында маңызды екенін анықтады.

Оқушылардың белсенді қозғалыс қызметі – оқу материалын меңгерудің қажетті шарты. Баланың дене жаттығуларын үйренуі өзінде бар психикалық және дене күшін жұмсауды талап ететін оқу – еңбек қызметі.

Алайда, қозғалыстың жетілуі қозғалыс қызметінің белсенділігінің тәртібімен де (режиммен де) байланысты. Ақырында, қозғалыс қызметтерін қалыптастыру мен жетілдіру негізгі шарттарды сақтаған жағдайда ғана педагогикалық әсер ету жолымен шешіледі.

Бірінші шарт – қозғалыс әрекеттеріне үйрету. Оқушылардың қозғалыс тәжірибесі көп болған сайын оларда жаңа қозғалыс-қимыл түрлері жылдамырақ қалыптасады. Ақырында негізгі гимнастиканың ойындарын, жүзуді, шаңғымен жүруді, сауықтыру жаттығуларды енгізе отырып, оқушыларды кең көлемде бағдарламамен оқыту қозғалыс функцияларының қалыптасуына себепкер болады.

Екінші шарт – дене қасиеттерін дамыту. Олардың дамуы қаншалықты жоғары болса, қозғалыс дағдылары да соншалықты табысты, нәтижесінде қозғалыс әрекеттері де қалыптасады. 6-7 жастағы балалардың жеке қозғалыс жылдамдылығына, илгіштігіне, икемділігіне, бұлшық еттерінің тұрақты күшіне, 8-10 жастағылардың жылдамдығына, икемділігіне, дене бұлшық еттерінің тұрақты күшіне, 14-16 жастағылардың ең жоғарғы күш деңгейі мен шыдамдылығына назар аудары отырып, барлық дене қасиеттерін бірқалыпты дамыту қажет.

Үшінші шарт (ең маңыздысы) – бұлшық ет күшін жұмсау мен уақыт бойынша жасалған қозғалысты дәл бағалай білу біліктілігіне үйрету.

Осы шарттарды жүзеге асыру мұғалімнің қызметіне байланысты. Қозғалыс әрекеттеріне үйрету барысында педагогикалық әсер етудің барлық шарттары өзара бірігіп іс-әрекет етеді, өйткені қозғалыс функцияларының көрсеткіштері қозғалыс дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Олардың қайсыбірін елемеу, үйрету барысын кідірту немесе күрделендіруі мүмкін. Дегенмен де, үшінші шарттың ерекше орын алатындығын естен шығаруға болмайды.

Қозғалыстың дәлдігі мен үйлесімділігі бұлшық ет сезінуінің жақсы дамуымен қамтамасыз етіледі. Ол дене жаттығуларының көмегімен арнайы үйреткен жағдайда ғана жетілдіруге болатын қозғалыс анализаторлары қызметінің нәтижесі болып табылады.

Дене жаттығулары арқылы оқушылардың оқу процесіндегі дене және ақыл-ой жүктемесін азайтып, еңбекке қабілеттілігін арттыру маңызды мәселе деп есептейміз.

Жоғары кәсіби білім беру және оның гуманитарлық жағын құраушы – дене тәрбиесі – болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің жеке қабілеттерін жетілдіру, олардың қызметінің өзін-өзі тәрбиелеу және өз білімін көтеруін дамыту, оларды азамат, маман, интеллигент ретінде қалыптастыру мемлекетіміздің бірқатар құжаттарында бекітіліп, нақтыланған.

ЖОО және дене тәрбиесі кафедраларына шығармашылық бастамалар үшін спецификаны ескере отырып инновацияларды пайдалану, оқу орнының деңгейі, студенттер, оқытушы-ғалымдар, жаттықтырушылар контингенті үшін кең мүмкіндіктер берілген.

Дене тәрбиесінің педагогикалық процесі болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерді туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда ғылыми-практикалық білім, шеберлік, дене мәдениеті

бойынша дағдылар жүйесін қалыптастыру мақсатында ықпал етудің практикалық және теориялық, әдістемелік-практикалық бағыттылығын қарастырады.

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке даярлауда рөл атқарушы жоғары оқу орнының дене мәдениеті студенттер үшін ерекше құндылықты білдіреді. Осыған байланысты дене мәдениетінің құндылығының алуан түрлілігі және көпкомпоненттілігі академик М.Я. Виленскийдің еңбектерінде жан-жақты берілген.

1. Әлеуметтік маңызды дене мәдениетінің құндылықтар, тұлғаны қалыптастыру бойынша қоғамда білім беру-тәрбиелеу практикасын реттеуші ережелер, нормалар, түсініктер, мақсаттарды білдіреді, сондай-ақ, дене мәдениетінің дамыған деңгейін, оның жалпы мәдени дамуымен интеграцияланған және оның әлеуметтік рөлі мен мәдени, салауатты өмір сүруді ұйымдастыру үшін қажет.

2. Идеялар, тұжырымдамалар, нормалар, білім, практикалық шеберлік, қажетті қасиеттер мен сапаларды меңгеру және дамыту жиынтығын біріктіруші, кәсіби қызмет процесі мен шарттарын «мәдениеттендіретін» кәсіби маңызды құндылықтар оған сәтті бейімделу, оларды моральдық және психологиялық-физикалық шығынсыз орындаудың алғышарттарын құрады.

3. Дене мәдениетінің дара-тұлғалық құндылықтары тұлғаның денесінің жетілуін, валеологиялық мәдениетін, өзіндік санасының дамуын, әлеуметтік-психологиялық қасиеттері мен сапаларын, коммуникативтік қабілеттерінің көрінуін, дарашылдық және бірегейлік сезімін меңгеруіне мақсатты бағытталған және мотивациялық бағыттылығын көрсетеді.

Осының негізінде дене мәдениетінің құндылықтарының өзара байланысты тобын ЖОО-да болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлау кезінде оқу-ғылыми, практикалық-бағдар беруші пәннің мазмұнды компоненті ретінде одан әрі жіктеу мүмкін болады. Осы мақсатта төмендегідей топтар бөлінген:

1. Құндылықтар-мақсаттар дене мәдениетін болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлаудағы әлеуметтік-кәсіби қызметте пайдалану мақсатының маңызы мен мағынасын ашады: болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда оның қызметтің түрлі түрлерінде көрінуінің көпжақтылығындағы тұлғасының концепциясы, «Мен – кәсіби маман» тұжырымдамасы болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда кәсіби жетілдірудің көзі мен нәтижесі ретінде.

2. Құндылықтар-құралдар дене мәдениетін болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда әлеуметтік-кәсіби қызметті жүзеге асырудағы тәсілдер мен құралдардың мынадай маңызы мен мағынасын көрсетеді: қажетті физикалық өзін-өзі дамыту технологиясын, өзін-өзі тану үшін әдістемелік-практикалық білім-шеберлікті, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бақылауды меңгерудің маңызы мен мағынасын көрсетеді.

3. Құндылықтар-қатынастар дене мәдениетіне деген қатынастардың, өзіне деген қатынастардың, кәсіби қызмет жиынтығы ретінде қатынастардың маңызы мен мағынасын сипаттайды. Бұл қатынастар дене мәдениетін күнделікті өмір мен қызметте жүзеге асыруда пәндік бағдар береді.

4. Құндылықтар-білім дене мәдениеті бойынша мынадай әлеуметтік-кәсіби қызмет процесіндегі болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда қажет тұлғаның дамуындағы ой-өрісін, оның дүниетанымдық бағыты мен сенімін анықтайды.

5. Құндылықтар-сапалар болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда әлеуметтік-қызмет үшін өзекті қасиеттер мен сапалардың мынадай: тұлғалық, коммуникативтік, статустық-бағыттық, қызметтік-кәсіби, сыртқы мінез-құлықтық, психологиялық-физикалық маңызы мен мағынасын ашады.

ЖОО үшін болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда дене мәдениеті бойынша оқу бағдарламасының оқу-мазмұндық материалы гуманитарлық циклдағы пәнге бағдар береді, сондай-ақ дене мәдениетін болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда болашақ маманның тұлғасын дамытуда процестің мүмкіндіктерін кеңейту мен ұлғайтуда көп күш жұмсауды қажет етеді.

Оқушыларды туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда кәсіби оқытуда дене мәдениетіне ерекше рөл берілген, оның мақсаты – болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлаудағы нақты еңбек процестері мен рекреациялық әрекеттерге жағымды ықпал ететін арнайы білім, дағдылар мен іскерлік, қасиеттерді дамыту болып табылады.

Оқушыларды туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлаудағы оқу-жаттығу сабақтарының процесінде дене жаттығулары, жүктемелер қайталанады, шаршауды жеңіп, спецификалық еңбек процесі жүреді. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлау кезінде еңбек сүйгіштік сапа қалыптасып, олар одан әрі басқа да әрекеттерге, кәсіби қызметке ауысады. Сонымен, болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлауда дене тәрбиесі жағымды ықпал етеді. Сонымен, идеялық-адамгершілік тәрбиелеумен тығыз байланысты дене тәрбиесі болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін туристік іс-әрекетке бейімдеуге даярлау азамат пен адамның жоғары тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады.

Өзінің тіршілігімен, рухымен, дене әдептілігімен спорт және туризм еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдеседі, адамдардың өміріне тығыз еніп, олардың денсаулықтары мен тұрмыс дәрежесінің жақсаруына өз үлестерін қосады. Спорттық туризм түрлері адамдардың денсаулықтарының мықты болуына, дененің дамуына, ақыл-ой қабілетінің және де жұмыс істеуге қабілеттілігінің жоғарылауына пайдалы болып келеді.

Туризмнің теориясы мен практикасы туризмнің мынадай түрлері мен әртүрлілігін анықтады:

- *саяхаттың сипаты бойынша* – тау, құрғақ жерде-жазықтағы саяхат, су саяхаты, су асты саяхаты және т.б.;

- *саяхатшылардың қозғалу тәсілі бойынша* – жаяу, таулы жолдармен, шаңғы, велосипедті, желкенді, автототорлы, атпен саяхат жасау және т.б.

Туристік іс-әрекет формасы мен мазмұны бойынша алуан түрлі болып келеді (серуендер, жорықтар, экскурсия, экспедиция, лагерьлер, слеттер).

Серуен – жергілікті жерлерде танымдық, сауықтыру мақсатында, ағзаны шынықтыру мақсатында қозғалуды білдіреді. Адамның даярлығы мен жыл мезгіліне байланысты серуендер жаяу серуен құру, шаңғымен, велосипедпен, қайықпен серуен құру болып келеді. Серуен – бұл туризмнің ең қарапайым және көпшілікке қолжетімді туризмнің формасы болып табылады.

Экскурсия – бұл танымдық немесе ғылыми мақсатпен белгілі бір объектілерге бару. Сондай-ақ, экскурсия адамның жалпы мәдени дамуын, ой-өрісін кеңейтуді мақсат етеді.

Туристік экспедиция аз зерттелген ауданға ұйымдасқан көпкүндік саяхатты білдіреді, ол арнайы зерттеу мақсатында жүзеге асырылады.

Туризмнің ең бұқаралық және көпшілікке қолжетімді формасына жорықтар жатады.

Туристік *жорық* – бұл тұратын жерінен жырақта орналасқан аудандарға, білім алу, сауықтыру, спорттық, зерттеу мақсатында жылжып отырудың белсенді тәсілі.

Ұзақтығы бойынша жорықтар *біркүндік, екікүндік және көпкүндік* болып келеді.

Ауданның ауқымы бойынша саяхаттың *жергілікті және қашықтағы* түрлері болады.

Жергілікті туризм – бұл өзі тұратын ауданы, облысы, өлкесі шегінде өткізілетін саяхаттар.

Қашықтағы туризм – бұл тұратын жерінен қашықтағы аудандарға жасалатын саяхат.

Саяхатты ұйымдастыру формасы бойынша туризм жоспарлы және өз күштерімен өткізілетін туризм болып келеді.

Спорттық жорықтар, саяхаттар бір сапар желісінен өткен және қайталанған маршруттар, яғни жорық бағыттары бойынша өткізіледі. Спорттық жорықтарға шығушылардың дене дайындығы тамаша болуы, жылдамдық, төзімділік, икемді және күшті болуы тиіс. Жорықтарда өздерінің күшін көрсетуге тырысу қажет, шатыр құру, алау жағу, туристік техникалық жабдықтарды пайдалана білуі тиіс.

Туристік саяхат, жорықтарға шығушылар үшін қойылатын талаптар: ең бірінші сапарға шықпастан бұрын, бұл туризм түрі туралы жақсы хабардар болу керек. Туристерге қойылатын басты талаптың бірі – алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсете білу. Спорттық жорықтарда тауға өрмелей алу, жақсы жүзе білу және жәрдем көрсете білу де керек болады. Саяхатқа, жорыққа шығушылар шыдамды, әрі байсалды болуы тиіс.

Туристік жорықтар мен саяхатқа шықпастан бұрын аймақты дұрыс таңдау, саяхаттар мен жорықтар бағытын оқып-үйрену, туристік жабдықтарды толық қамтамасыз етіп алу қажет. Саяхат немесе жорық жетекшісінің өзінің тобымен жұмыс істей алатындай, саяхат, жорық жасау аймағын дұрыс бақылай алатындай, тәжірибелі және дайындығы мол болуы тиіс. Атап айтқанда, тауға саяхат жасағанда тау туризмінің жетекшісі қиын жолдармен өту барысында кездейсоқ апаттарға, қиындықтарға төтеп беретіндей жағдайда болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы . – Астана. – 2006.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы. – 2007
3. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы
4. Концепция высшего педагогического образования Республики Казахстан// Педагогика мәселелері. - №1-2. – 2006.- 138-152 б.
5. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан//Педагогика мәселелері. - №1-2.-2006. 122-138 б.
6. «Қазақстан – 2030» даму стратегиясы. – Алматы. – 1997
7. Н.Ә.Назарбаев. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2008

М.Ғ. Бисенғали
Қ.Қ. Оразова
Арқалық қ. (Қазақстан)

ДЗЮДОШЫ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ДЕНЕЛІК ДАЙЫНДЫҒЫ

Дзюдо – түрлі күрделі қозғалыс дағдыларының кең қатыстырылуына негізделген жекпе-жек процесі. Бұл түр үшін үнемі өзгеретін жағдай, үздіксіз әрекет ететін қарсыласпен белсенді байланыс әсерінен туындайтын, «адастыру» факторлары тән. Қарсыластың айқасуы 8-10 сек. аяқталып және 4 мин. жалғасып, анық жеңіспен аяқталады немесе аз артықшылықпен, тең нәтижемен аяқтала алады. Бұл жағдайлардың әрқайсысында спортшы әйелдің дайындығының жеке жақтарының мәні бірдей еместігі айқын. Бірінші жағдайда жеңіске жетудің шешуші факторы – техника, екіншісінде – өзара тығыз байланысқан, дайындықтың барлық жақтары (техникалық, тактикалық, денелік, психологиялық). Әрбір нақты жағдайда түрлі әрекеттерді пайдалану мүмкіндігі дзюдошы әйелдің дайындығы жүйесінде негізгі бастама болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, негізгі денелік қасиеттері үйлесімді дамыған, жан-жақты денелік дайындығы бар спортшы жасөспірімдер жоғарғы тұрақты нәтижелерге жетеді. Іс жүзінде жекпе-жекте қолданылатын техникалық

және тактикалық тәсілдердің тиімді пайдаланылу коэффициенті, көлемі спортшы әйелдің денелік мүмкіндігіне тәуелді.

Спортты жан-жақты жетілу мен кемелдену деп түсінетін болашақ бапкерлер мен мұғалімдер тәрбиесі салақ, тәртібі жөнінен нормадан ауытқыған кәметке толмаған балаларды құқықты бұздан сақтандыратын тәрбие жүйесі деп түсіну тәрбиешілер міндеті. Бұл тікелей тәлімгерлік істерімен және педагогикалық шаралармен шұғылданатын жалпы білім беретін мектеп ұстаздарына да қатысты. Спорттық күрес бағдарламасы кәметке толмағандардың қылмыс жасау әрекеттерінен сақтандырып отыруға ерекше пайдасын тигізеді сөзсіз.

Спорттық күрес оқу жаттығуларының мұндай қажеттіліктерін жүзеге асыру процесі «Қазақстан Республикасы тұрғындарының дене шынықтыру Президенттік сынағалар туралы» Үкіметтің 1996 жылғы 24 маусымдағы Қаулысын жүзеге асыруға жағдай туғызары анық екендігін спорт мамандары дене тәрбиесінің, спорттың мақсаты деп түсінулері керек.

Бұл қаулыда оқу орындарында, еңбек ұжымдарында және тұрғылықты орындары бойынша спорттық мектептерде жасөспірімдер арасында жүргізілетін дене тәрбиесі мен спорттық жаттығулар мәселесін әдістемелік тұрғыдан нәтижелі етіп шешуді көздейді. Мұндай міндеттерді шешіп, олардың мән-жайын спорт арқылы белгілі жүйеге келтіруді спорт бапкерлері түсінулері керек. Бірінші, оқу-тәрбие, жаттығу істерінде салдыр-салақтық себебінен олардың бойындағы кемшіліктер мен әлжуаздықты жойып, шыныққан, шымыр болу қажеттігіне ерекше көңіл аудару: екіншіден, олардың күрес өнерін жетік меңгеріп, өздері қалаған спорттық күрестің теориялық және практикалық мәселелерін қазіргі жекпе-жек спорты талабына сәйкес жетілдіре беруді талап етеді. Дзюдо күрес өнері, педагогтардың, психологтардың, спорт мамандарының осы заманға теориялық және эксперименттік зерттеу нтижелеріне сүйене отырып ұйымдастырылуын қажет етеді.

Оқу-жаттығудың мазмұны күрес өнерімен машықтанушылармен жүргізілген ғылыми және практикалық зерттеу жұмыстарының ең озық қорытындыларын басшылыққа алуды қамтиды.

Күш пен қуаттылық дегеніміз – балуандардағы жекпе-жек барысындағы қарсылықтарды білу немесе оған ағзадағы бұлшық ет күшінің қарсы тұра алу қабілеті. Дене дайындығында балуандардағы күшті ерекше дамытудың екі түрлі әдістері бар:

1. Жекпе-жек барысында қимыл-қозғалысты үйлесімді пайдалану үшін өзін еркін сезіну.
2. Балуанның қарсыласын емін-еркін өз дегеніне көндіру мүмкіншілігі.

Күштің мөлшері тірек-қимыл аппаратының негізі болып саналатын бұлшық еттердің дұрыс дамуына байланысты болады. Қимыл қызметін атқаратын бұлшық еттердің дұрыс жетіліп шынығуы, организмдердің ерекшелігі оның үздіксіз жүйелі жаттығуына байланысты.

Бұлшық еттің жұмысы негізінде оның жиырылғыштық қасиетіне және оның үнемі құрысу, сіресу (тонуыстық) қасиеттеріне де байланысты. Балуандардағы бұлшық еттің басты қызметтері механикалық, ал бұлшық ет жиырылу кезінде дене бір орыннан ауысса динамикалық немесе бұлшық ет ширап жиырылғанда, дене қимыл-қозғалыссыз қалса статистикалық жұмыс деп аталады. Адам денесіндегі бұлшық еттер жеке түрлерінің негізгі қызметтерінің өз ауданы болады. Бұлшық ет күшінің мөлшері оны құрайтын талшықтарының санына яғни, оның көлденең қимасына тура пропорционал болатыны анық.

Адамдағы көлденең жолақты бұлшық еттер дененің күшті және тез қимылдайтын бұлшық етіне жатады. Ал көлденең жолақты бұлшық еттер көбінесе еркін байланысты денені дер кезінде қозғалысқа келтіреді, теңдікті сақтауға көмектеседі және қол-аяқты адамның еркіне қарай қозғайды. Адам анатомиясын зерттеушілердің мәліметтері бойынша, денедегі белсенді қызмет ететін 600-ден астам бұлшық еттер бар екен. Ол бұлшық еттердің құрамының 75%-ы судан, 25%-ы тығыз заттардан (белок, май, көмірсу және тұздардан) түзілген. Адамдағы аз жиырылатын бұлшық еттер күшті дамыған.

Мысалы, иықтағы дельта тәрізді бұлшық ет өзінің күші көлемі жағынан «еркін күрес» шеберлерінде жақсы дамыған болып келеді. Балуандар бұлшық еттің негізгі қасиеті керек

кезінде және жекпе-жекте созылу, жиырылу сәттері жиі-жиі алмасып отырады. Бұлшық ет жиырылғанда сүйекті бастырық сияқты қимылға келтіреді. Бастырық дегеніміз – тірек нүктесі арқылы екінші жағындағы ауырлықты теңдестіру. Оны бұлшық еттің қызметі арқылы теңейді. Бұл адам биомеханикасында да кездесетін заңдылық деуге әбден болады. Бұлшық еттердің жұмысының артуына төмендегідей жалпы заңдылықтар себепші болатынын ескертеміз. Бұлшық ет күшіне оның қозу дәрежесі, яғни жиі-жиі жұмыс істеуі әсер етеді. Бұлшық еттің қозу дәрежесі адам организмінің жалпы жағдайына дұрыс тамақтану мен үздіксіз жаттығу арқылы шынығуына байланысты. Спортшылардағы бұлшық еттің дамуының негізгі көздері үздіксіз жаттығулардың нәтижесі екендігін жан-жақты зерттеп, дене тәрбиесі теориясына зор үлес қосқан спорт физиологиясының негізін салушы орыс анатомы – П.Ф.Лесгафт. Оның тұжырымы бойынша, «бұлшық еттердің статистикалық және динамикалық болып бөлініп, әрқайсысының өз қызметтері болады» дейді.

Балуандар әрекеттеріне ерекше күш беретіндер:

1. Статистикалық бұлшық еттер. Олардың талшықтары қысқа әрі қиғаш орналасқан және қан тамырларына өте бай, гемоглобині өте көп мөлшерде қызыл түсті. Белдесу барысында аздаған-ақ керілудің өзіне ерекше күш-қуатты сарп етеді. Бұндай бұлшық еттер ұзақ уақыт еттер тынымсыз жұмыс істейді. Динамикалық бұлшық еттер балуандардың ширақ шапшаң қимыл-қозғалыстарының негізгі көзі динамикалық бұлшық еттің күш-қуаты. Статикалық бұлшық еттерге қарағанда әлсіздеу, сондықтан да бапкерлер оның қабілетін балуандар бойында ұзақ сақтау үшін жаттығулардың арнайы түрлерін пайдаланулары керек.

Дзюдо күрес өнерін меңгерушілер іс-әрекеттерінде бұлшық ет жұмысы арнайы қамқорлықты қажет ететін нәрсе. Сондықтан да бұлшық етті жаттықтырып шынықтыру олардың өсуіне, организмнің жұмыс істеу қабілетінің артуына, жаттығушылардың ерекше көңіл бөлулері күрес тәртібі дейміз.

Балуандар жаттығуларының жекпе-жекте қанағаттанарлық дәрежеде нәтиже берулері олардың саналылығын қамтамасыз етуге тәуелді. Олар:

1. Күшті дамыту. Балуан күштілігі дегеніміз – қарсыласының кедергісін жеңе отырып, оны тізе бүгуге мәжбүрлеу. Сондықтан да машықтанушылар өздерінен ауыр салмақтағы жүк көтеру мен өзінен күші басым бәсекелеспен тіресу әдіс-айла жасау оны шындай түсері хақ.

2. Шапшаңдық пен шалттықты дамыту. Бұл өз бәсекелесін тез арада тізе бүгуге мәжбүрлеу сәті. Шалттық пен шапшаңдық денедегі бұлшық еттерді тез арада жұмысқа қосуға байланысты. Қозғалыс арқылы шапшаңдық пен шалттықты дамытудың үш түрін атауға болады: қозғалыс реакциясының қарсыласына құпиялығы, жекелеген қозғалыстың жылдамдығы; қозғалыстардың өте жиілігі. Бұл жоғарыдағы қозғалыстар бір-бірімен байланысты болғанда ғана жақсы нәтиже берері анық.

3. Төзімділікті дамыту. Балуандар әрекетіндегі ерекше сапалардың бірі спорттық төзімділік. Яғни, жекпе-жек барысындағы ұзақ уақытқа жалғасатын және шаршап-шалдығуға төтеп бере алатын организмнің қасиеті. Мысалы, машықтану барысында арнайы күрес жаттығуларының толыссыз орындалу сәттері. Ол спортшы организмі мен дененің ағзалары арасындағы үйлесімді қимыл-қозғалыс сәтінен көрінетін сапалар. Төзімділік сапасын ерекше қажет ететін спорттық күрес өнері. Себебі, қимыл-қозғалыс жағдайының белдесу барысындағы әртүрлілігіне байланысты қалыптасқан төзімділік қасиеті де қырынан көрініп отырады.

Спорттың жеке түрлеріне сәйкес төзімділіктердің сапаларын байқауға болады. Спорттық төзімділіктің бірнеше түрлерін анықтауға болады, атап айтқанда: күш-қуат төзімділігі, ұзақ уақыт шапшаң қимыл төзімділігі, тынымсыз жаттығулар комплексін орындауға себепші төзімділіктер т.б.

Төзімділікті қалыптастыру мен биік спорттық дағдыға айналдырудың өзіндік әдістемелері бар:

1. Арнайы төзімділік – бұлар балуандардың жекпе-жек барысындағы өзіне ерекше ұнайтын тәсілді қолдану жолындағы тынымсыз шабуылы. Қазіргі күрес тактикасына тән ерекшелік шапшаң қимыл арқылы өз қарсыласын қателесуге мәжбүрлеу болып саналады. Бұл кезеңдегі балуанға ең тиімдісі сәт, шалт «қимыл төзімділігі» жеңіске жету. Күрес спортына тән арнайы төзімділікті қалыптастыру жаттығулары, жалпы күш-қуат төзімділігін қалыптастырудың негізі болып саналады. Сондықтан да жаттығу арқылы дағдыға айналған жалпы және арнайы төзімділікті дамытудың екі заңы бар: жаттығулар жүйесін таңдап пайдалану мен арнайы әдістеме арқылы күрес жаттығуларының ізбе-ізділігі.

2. Ептілікті жетілдіру. Ептілікке тән сапалар: тәсілқойлық ептілік шеберлік, шеберлік пен оңтайлылық. Қандай да болсын еркін қимыл-қозғалыс бір нақты шешімге бағытталады (шалу, тобықтан қағу, жамбасқа алу т.б. тәсілдерді пайдалану сәттер).

Балуан қозғалысының күрделілігі кілем үстіндегі әртүрлі себептерге байланысты анықталады, әсіресе орындалған тәсіл-айланың кезектілігіне, бір мезгілде іске асуына байланысты. Ал әдіс тиімділігінің күрделілігі нағыз балуанға тән ептілік пен шеберлік бастауы.

Кілем үстіндегі қозғалыстың жекпе-жек міндетіне үйлесімділігі қимылдың кеңістік уақытта дер кезінде дұрыс және сәтті орындалуына үнемі байланысты. Тәсілқойлық біріншіден, жаңа қимылды тез игеру мүмкіншілігіне байланысты болса, екіншіден, жекпе-жек барысында жағдайдың кенет өзгеруіне байланысты қозғалысты өзгерте білу мүмкіншілігіне де байланысты болады. Бұл сәтте белдесуші оңтайлы өз пайдасына шешуді үйреншікті дағдыға айналдыра білулері керек. Күрес өнерін үйренуші жасөспірімдердің негізгі міндеттерінің бірі кілем үстіндегі қозғалыстың әртүрлі дағдыларын жетік игеру болып табылады. Мұндай қимыл-қозғалыс әрекеттерінің сан алуан түрлерін жетік меңгеру, дененің емін-еркін жұмыс істеу мүмкіншіліктерін жақсартады.

Ептілік тәсілқойлыққа баулу бапкер мақсаты, оларды шыңдау алдын ала оқу-жаттығу тәжірибесін жоспарлау жүйесіне байланысты. Ептілікті дамыту үшін жаңа қимыл-қозғалыстарды күрделендіретін жаттығулар жүйесін ойластыру қажет. Епті тәсілқой балуандарға тән ерекшеліктер – кілем үстінде өз қозғалысын басқара алатын, қандай болмасын күрес спорты жаттығуларының жаңа түрлерін тез үйренетін, жағдайдың өзгеруіне байланысты өз әдіс-айласын тиімді қолдана алатын балуанның сапалық қасиеті екендігіне күмән жоқ.

Ептілік, көбінесе анализаторлардың қызметіне бағынады да, дененің басқа сапаларымен өте тығыз байланыста дамып, күрделеніп отыратын сапалар. Балуандардағы ептілікті жетілдіруге арналған күрес жаттығулар өте күрделі, оның орындалуы бұлшық ет жұмысының қалыпты бір деңгейде өтуін талап етеді. Шамадан тыс шаршаған организм ондай жаттығуларды көңілдегідей орындай алмайды. Сондықтан да тәсілқойлық күрес жаттығуларын машықтанушылардың тың кезеңдерінде үйрету жақсы нәтиже береді.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы» 17.02.2000
2. А.Катулин. Спортивная борьба. М., 1973
3. А.Асаубаев Спортивный борьба (учебно-методическое пособие для тренеров и спортсменов). – Алматы, 2006
4. Каражанов Б.К. Психомоторные способности спортсменов. Сборник научных статей Казахского института физической культуры. – Алматы: 1994
5. Новиков А.А. Управление тренерочным процессом //Спортивная борьба: Ежегодник, 1976

БАЛАЛАРДЫҢ ФУТБОЛМЕН ШҰҒЫЛДАНУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Белгілі бір іс-әрекеттің жетекші қоздырғышын анықтау мәселесін философия, әлеуметтану, психология және педагогика ғылымдары жан-жақты зерттеуде. «Қызығушылық» түсінігінің дамуын зерттеу бойынша жетістіктер көп, дегенмен, оның ортақ тұмысы туралы ортақ пікір жоқ.

Қоғамдағы өмір, тұрмыс-тіршілік қызығушылықтың қайнар көзі болып табылады және ол іс-әрекет кезінде толыға түседі. Жекелеген адамдардың қызығушылықтары қоғамның қызығушылықтарына тікелей байланысты болып жатады. Себебі қоғам өміріне араласпай, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түспей қызығушылықтың дамуы мүмкін емес.

Қызығушылық мәселесіне, оның табиғатын түсінуге деген арнайы ой-пікірлер мен таластар толып жатыр және солардың ішіндегі педагогика сұрақтарына қатысы бар бірнешеуіне тоқталып өтсек.

Әлеуметтанушылардың зерттеу жұмыстарында үш көзқарас бар. Олардың біреулері қызығушылықты таза (шынайы) күйінде қарастырса, басқалары құндылықтар мәселесінің әлеуметтік-психологиялық көрінісі ретінде қабылдайды. Ал үшінші нұсқасы тұрғысынан алып қарағанда, қызығушылық – бұл шынайы мазмұн мен субъективтік форманың, іс жүзіндегі белсенді іс-әрекеттің ынталандырғышы ретінде қарастырылады.

Мәселен, Г.Е. Глезерман қызығушылық шынайы түрінде бар деп санайды және қоғамдағы адамдардың жағдайын, қоғамдық өндіріс жүйесіндегі, сондай-ақ сол жағдаймен шарттастырылған қажеттіліктермен айқындалады. Осындай ұстаным қызығушылықтың шынайы табиғатын түсінуді дамытып, аталған әлеуметтік категорияның құрылуын ілгерілетті [1, 15-26].

Ал Г.И. Щукина пікірі бойынша, қызығушылықты объективтілік пен субъективтіліктің үйлесімді бірлігі ретінде қарастыру керек. Яғни, объективтілікті мазмұны бойынша (субъектінің қалпына тәуелді), ал субъективтілікті формасы бойынша (арман, ұмтылыс, іс-әрекетке итермелеуші күш түрінде санада айқындалатын) қарастырған дұрыс [2, 10].

Педагогикалық әдебиеттерде жеке тұлғаның мінез-құлқын қалыптастырудағы қызығушылықтың маңызды рөл ойнайтындығы туралы айтылған. Ресей ғалымы Г.И. Щукина былай деп жазады: «Адамның қызығушылықтары – бұл адамның бойына кездейсоқ бітетін құбылыс емес және ол туа бітетін қасиет емес. Қызығушылықтар – жеке тұлғаны қалыптастырудың нәтижесі. Ол адамның дамуымен жалғасады және оған оң әсер етеді. Ол қоршаған әлеуметтік ортамен, тұлғаның және оны қоршаған адамдардың іс-әрекеттерімен, оқыту және тәрбиелеу процесімен шарттастырылған». Сонымен қатар автор төменгі сынып жасындағы оқушылардың басынан өткізген эмоциялық процестері нәтижесінде қоршаған ортаны бағамдай білетіндерін атап өтеді. Г.И. Щукина төменгі сынып балаларын оқыту жеке тұлғаны жалпы қалыптастыруға бағытталмағандығын, себебі балалардың сенсорлық дамулары, қимыл-қозғалыс, эмоциялық-жігер процестерінің назардан тыс қалып жататындығын мысалға келтіреді [2, 18].

Қызығушылықтың түпкі санатына қатысты бұл көзқараспен келісе отырып, Н.М. Кандрашова іске асыру кезінде қызығушылық мазмұны мен түрі жағынан объективті және субъективті деп санайды [3, 114-115].

Психология ғылымы қызығушылықты психиканың құрам-бөлігі ретінде сипаттап, назардың бағыттылығы, іс-әрекетке деген ұмтылыс деп санайды және қоғамдағы күнделікті тұрмыс-тіршіліктің шынайы көрінісі деген анықтама береді.

Психология адамның рухани және іс жүзіндегі әрекеттеріндегі қызығушылықтың маңыздылығын әуел бастан атап өтуде және солардың ішінде бірнешеуіне тоқталып өтсек. Б.М. Теплов қызығушылық адамды психологиялық жағынан сипаттайды, онда адамның өзіндік тұлғасы айқындалады деп санайды [4, 164-166]. Ал А.В. Кирьякова қызығушылықтың басты

қасиеті, оның белгілі бір нысанға бағыттылығы дейді [5, 309]. Қызығушылық мәселесі соңғы жылдары да жан-жақты зерттелуде. Оған қызығушылықтың сипаты мен мәні, іс-әрекетке итермелеуші ерекшелігі, педагогикалық шарттары, оқушылардың дербес-психологиялық ерекшеліктері мен байланысты сұрақтардың қарастырылуы ықпал етті. Бір еңбектер қызығушылықтың психологиялық негізін зерттесе, басқалары қызығушылықты итермелеуші күш немесе жеке тұлғаның қарым-қатынасы, көзқарасы ретінде қарастырды. Ғылыми еңбектердің көпшілігі танымдық қызығушылықты оқыту мен тәрбиелеудің құралы ретінде қарастырған.

Мектеп оқушыларының денелік даму деңгейлерін жоғарылату арқылы футбол ойынына деген қызығушылықтарын арттыру мәселесін теориялық және практикалық тұрғыдан шешу футбол теориясының басты талабы. Ол үшін дене жаттығуларымен шұғылданудың тиімді әдістерін құрып, ықпал ететін ішкі және сыртқы шарттарды ескеру қажет. Себебі ол факторлар қызығушылықты арттырудың тиімді әдіс-тәсілдеріне қойылатын талаптарды анықтайды.

Әр баланы футбол ойнауға тарту және ойынға деген қызығушылығын арттыру маңызды міндет болып табылады, сонымен қатар дене тәрбиесі және спорт саласының табысты қызмет етуінің жаңа бір деңгейі болуына ықпал етеді.

Баланың футбол ойынына қызығушылығын қалыптастыру мәселесі қазіргі уақыта үлкен маңызға ие. Себебі қызығушылық баланың оқу-жаттығу процесіне деген белсенділігін арттыратын бірден-бір құрал. Нәтижесінде оның ойын техникасы мен тактикасын игеруге деген ынта қалыптасып, тіпті қажырлы да қайратты тұлға қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді. Сонымен қатар зерттеу жұмыстарында адамның қызығушылығының қажеттілік, ынта және эмоциялық-жігер сапаларымен байланысы бар екені анықталған. Міне, сондықтан да дене тәрбиесі және спорт саласында қызығушылықты қалыптастыру маңызды сұрақтардың бірі болып қала бермек.

Сонымен, қызығушылық – бұл әрекет кезінде іске асатын күрделі процестердің бейнесі. Яғни, футбол ойынын қызықты ету үшін оны мақсатты ету керек немесе белгілі бір мотив туындату керек және ол оқушының алға қойған мақсатына сәйкес келуі керек.

Баланың футбол ойынына деген ынтасына әсер етудің бір жолы – баланың қабылдауы керек мақсаттарын қалыптастыру, ынтамен түйсіну, идеалдарды ашып көрсету жұмыстарын жүргізу. Ол тиімді іс-әрекетті қажет етеді және түйсінудің жоғары деңгейін қажет етеді. Тағы бір жол – қызығушылықты баланың белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қалыптастыру. Әрине, футбол ойынына деген қызығушылықты қалыптастыру үшін екі жол да қолайлы. Дегенмен қызығушылықты баланың белсенділігі арқылы қалыптастыру жолы бірінші кезекте қолданылады.

Кейбір ғалымдар қимыл-қозғалыс іс-әрекеттерін қамтамасыз ету заңдылықтарын анықтау маңызды фактор деп санайды. Қимыл-қозғалыс белсенділігін тәрбиелеу тиімділігі көбінесе тәрбиелеуші әсерді қаншалықты ретімен берілуіне байланысты, ал ол оның даму заңдылықтарына байланысты екені белгілі. Ғалымдардың пікірлері бойынша, қимыл-қозғалыс іс-әрекетіне белсенді әсер ету үшін «сәйкес келу қағидасына» сүйену керек. Яғни, берілетін жүктеме ағзаның жұмыс істеу деңгейіне ғана емес, сонымен қатар бүгінгі берілетін жүктеменің келесі жолы берілетін жаттығудың оң әсерін де ескеруі қажет.

Әдебиеттер

1. Глезерман Г.Е. Интерес как социологическая категория // Вопросы философии. М., 1966. - №10. – С. 15-26
2. Щукина Г.И. Педагогические проблемы формирования познавательных интересов учащихся. – М.: Педагогика, 1988. – 206 с
3. Кондрашова Н.М. Мотивы занятий спортом и факторы, формирующие спортивные интересы // Сб. науч. тр. – М., 1972. – Т.1. – С. 114-115
4. Теплов Б.М. Психология. – М.: Учпедгиз, 1946. – С.164-166
5. Кирьякова А.В. Диагностика и прогнозирование ценностного отношения школьников. - М., 1991. – 309 с

ЖАС БОКС ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ҚИЫН КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ДАЙЫНДЫҒЫ

Соңғы жылдары көптеген халықаралық бокс турнирлері қиын климаттық жағдайда өткізілуде (ыстық немесе құрғақ күндері, поястық уақыттың тез өзгеруі, таулы табиғат). Мұндай қолайсыз жағдайларға уақыт айырмашылықтары келіп қосылады. Олимпиада турнирлерінің қолайсыз жағдайларына уақытынан бұрын әзірлену қажет. Осы мақсатта ірі олимпиада ойындарын қиынырақ климат жағдайында да ұйымдастыру жоспарлануда.

Бокс шеберлерінің мұндай қиын ауа райына бейімделуі үшін, оларды гигиеналық қамтамасыз ету керек. Төменде осы гигиеналық қамтамасыз ету жағдайлары сөз болады.

Боксерлерді жоғарғы температурада және ылғалды ауа климатына дайындау. Күн ыстық болғанда боксшылар жоғарғы температура, ауа құрғақтылығы, интенсивті күн радиациясы мен жарға шағылысқан ыстыққа тап болады. Мұндай жағдайда белгілі дәрежеде оларға күш түсі, ішкі орта мен организмнің жылылық бөлуі нашарлайды. Интенсивті бұлшық ет жұмысы кезінде, дене үнемі қозғалыста болғанда бұл жағдай өршіп кетеді жоғарғы жылу ауыртпалығы әуелі орталық ми жүйесі мен нервті бұлшық ет аппаратына зиянды шапшаңдық төмендеп, қозғалыстың дәлдігі мен координациясы нашарлайды, апатия пайда болады. Жүрек қан тамыры жүйесінің жұмысы әлсірейді және ағзадағы физика-химиялық процестер қатары пайда болады. Бұлардың бәрі сезім күшін әлсіретіп, спорттық шеберлігін төмендетеді де, қалпына келтіру процестерінің жұмысын тоқтатуын әкеп тірейді [1, 28].

Ең қолайсыз деген жағдай ыстық пен ауа құрғақтығы араласып, жел тоқтағанда пайда болады. Бұл кезде жылылық бөлу бірден төмендеп, организм қызады. Жаттығу кезінде, жарыс кезінде боксшылар үшін жоғарғы температура мен құрғақ жағдайда гигиеналық комплекстер зор белгіге ие.

Бұл комплекс негізіне рационалды жаттығу тәртібі мен демалыс, тамақ пен су ішу, аяқ және дене киімдерін дұрыс таңдау, жеке бас гигиенасына назар аудару және күн қызуына бейімделу жатады.

Ыстық климатты елдерде болатын жарыстарға дайындалуды метеорологиялық жағдайда жүргізу керек. Яғни, сол ыстық температурада дайындық жүргізу қажет.

Ыстық климатты жерге келгенде оған бейімделуді белсенді жүргізіп, яғни бірінші күннен бастап-ақ дене жаттығуларын орындауға кірісіп, біртіндеп олардың жалғасымын үдету керек.

Міндетті түрде жаттығу жүктемелерін нәтижеге қарап өсіріп отырған жөн. Әсіресе спортшылардың адаптациясы кезінде алғашқы 3-6 күндердегі жаттығуларға аса назар аударылуы керек. Өйткені осы күндерде олардың жұмысқа деген құлшынысы төмендейді. Тәуліктік жаттығуларды күніне екі рет таңертең және кешке жасаған жөн.

Дайындық жаттығулары ереже бойынша ашық, жел келетін алаңдарда болады. Орманды жерлерде дайындық жүргізген кезде ағаштардың желге кедергі екенін, және бұл жердің ылғалдылығы 5-7% ға жоғары екенін де ұмытпау керек.

Жаттығулардың көлемі қысқарады, өйткені ағзаны қыздырудың керегі болмайды. Жеңіл жаттығулар кезінде 4-5 минуттан соң боксерлерде тер шығып, көңіл-күйі төмендейді, бұл әрине дене температурасының көтерілуіне тікелей қатысты [2, 35].

Жеңіл жаттығудан кейін үнемі дене құрғақ орамалмен сүртіліп, киім ауыстырылады. Жаттығу процесінде 5-10 минутқа демалыс беріледі. Бұл кезде спортшы көлеңкеленген желдің нақ көзінде отыруы қажет. Ол денедегі ыстықты шығаруға көмектеседі.

Ыстық күндері дайындық кезінде салқын сумен жуынуға тыйым салынады. Осыдан кейін сергек сезім әлсіздікке ұласады. Сонымен қатар, салқын душ қабылдау қабынуға әкеп соғуы және терінің түршігуі мүмкін. Сол үшін әрбір дайындықтан кейін душты 3-4 есеге азайтқан жөн. Су температурасы ауа температурасынан 3-5⁰-қа аз болса жеткілікті.

Ыстық күндері ұйқыға да көңіл бөлу қажет. Оның ұзақтығы 8-9 сағат және салқын ауада тыныш жерде болуы керек. Дене тепе-теңдігін сақтау үшін ыстықта тіпті бас киім, күнделікті киім мен аяқ киімнің де ролі зор. Олар тек ыстық көлемін азайтып қана қоймайды, денені ультра-күлгін сәуледен сақтандырады.

Сол кезде спортшы киген киім кең болуы керек және төмендегідей гигиеналық талапқа сай болуы шарт: мүмкіндігінше жеңіл, ауа өткізгіш және жылу жібермейтін, максималды түрде сәуле күшіне қарсы тура алу терді жылдам сорып алатын және теріні шаңнан сақтайтын. Мақсатты түрде шыттан және мақта қағаз матадан тігілгені дұрыс.

Бас киім бас пен көзді күн радиациясынан сақтап, жеңіл және ауа мен ылғал өткізгіш болуы керек. Аяқ киім жеңіл және ыңғайлы болғаны жөн. Резеңкі етіктен аулақ болуы керек. Күн сайын шұлықты және аяқты жуып жүру қажет.

Жоғарғы ішкі температура кезде ыстық соққысы болуы мүмкін. Ол көбінесе ыстық және ылғалды ауа кезінде бұлшық етпен жұмыс жасағаннан болады. Егер денеден шыққан терінің кебуі қиындаса ыстық соққысы кезінде орталық ми жүйесінің қызметі бұзылып, адам ағзасындағы мүшелерінің іс-әрекеті бұзылады. Сонымен қатар, ыстық соққысы бас дұрыс қорғанбаса, күн сәулесінен пайда болуы мүмкін.

Ыстық соққысына тән белгілер – жалпы әлсіздік, апатия (естен тану), ұйқышылдық, аяқтың ауырлауы, бас айналу және бас ауруы, көз қарауыту, шөл, жүрек айну т.б. Сонымен қатар бұл кезде тер шығып, дене қызады, жүрек соққысы мен дем тездейді. Егер тер көп шықса, дене құрғап ысиды. Дене температурасы 40%-ға созылады. Мұндай жағдайда орталық ми қызметі бұзылуы мүмкін [3, 64].

Күн соққысының алғашқы белгілері көрінісімен-ақ, ол адамды суық жерге апарып киімін шешіп, ауа жіберген жөн. Басы, жүрегінің айналасына салқын мұз қойып, компрестер басу қажет. Денені салқындату үшін салқын сумен ылғалдаған жақсы. Бойындағы азайған судың орнын толтыру үшін салқын су ішу керек. Ол үшін ауруға медициналық көмек қажет ыстық және күн соққысын алған боксшылар сыртқы ортаның температурасын тым сезгіш келетінін де ұмытпаған жөн. Алайда оған үздіксіз салқын су беруге болмайды. Ол спортшының жұмыс күшін әлсіретеді. Сол үшін ыстық күндері арнайы тәртіппен ғана сұйықтық пайдалану керек. Бір стакан судан кейін, ауыздағы сілекей құрғайды. Бұл жағдайда ауызды ылғалмен сүрту немесе қышқыл мұз бен алма т.б. пайдаланған дұрыс.

Бұл кезде қатты салқын су ішуге немесе ауызды сүруге болмайды. Мұндайда ауа температурасынан аз төмен суды пайдалану дұрыс.

Негізгі сусын ретінде көк шай қолданылады. Кәдімгі шайға қарағанда оның құрамында кофеин аз. Ал шайдағы кофеин ағзаға кері әсер етеді. Нан квасы, газды сусын, томат шырыны, сүт, сүт-қышқыл сусындарын қолдануға болады. Ыстық күндері жеміс пен көкөністің санын көбейткен жөн. Олар шөл басып, тердегі темірдің жұмысын жақсартады және ағзаға олар витаминдер береді.

Күн ыстықта жалпы адамның көңіл-күйі мен жұмысқа деген ынтасы оның тамақтануымен және су ішу режимімен тығыз байланысты. Тамақ калориясы 1-2 %-ке төмендеген. Бұл тәуліктегі май нормасының төмендеуінен пайда болады. Сонымен бірге міндетті түрде тәуліктік ақуыз көлемін ұлғайту керек.

Сыртқы температура жоғары болған жағдайда адам ағзасы витаминдер мен минеральды керек етеді. Бұл бір жағынан, олардың терлеуімен байланысты процесс болса, екінші жағынан, денедегі интенсивті өзгерістері мен алмасуына байланысты. Осы үшін витаминдердің тәуліктік көлемін 40-50 % көбейткен жөн. Бұған қоса минералы мен витамині көп тамақтың санын көбейту керек: ет, сүт, жұмыртқа, ірімшік, жеміс-жидек, көкөністер.

Ыстық күндердегі тәбеттің төмендеуінен жоғарғы температураның ас қорыту темірлерінің секреция қызметтеріне әсерінен көруге болады. Бұл кездерде тәбетті жоғарылату үшін төмендегідей ереже сақтау керек. Астың әртүрлі және дәмді болуы, тамақты белгіленген уақытта қолдану, астан 0,5 сағ бұрын стаканмен шәй ішу.

Күніне 4 рет төмендегі тамақ түрлерін ішу бірінші таңғы ас сағ 7⁰⁰-де 20-25 % каллориялы, екінші таңғы ас сағ 12⁰⁰-де 15-20 % каллориялы, түскі ас сағ 16⁰⁰-де 35-40 % каллориялы, кешкі ас сағ 20⁰⁰-де 25-15 % каллориялы. Осындай барлық гигиеналық талаптарды қатаң қадағалау белгілі дәрежеде аклиматизация процесін жеңілдетеді.

Уақытша бейімделу кезінде бокс шеберлерінің дайындығын гигиеналық қамтамасыз ету.

Спорттық тәжірибеде боксшылардың поястық уақытының тез ауысуынан кейін жарысқа шығуы немесе дайындық жүргізуі жиі кездеседі. Бұл көбінесе уақыт айырмашылығы көп сағатқа жеткенде болады.

Поястық уақыт бірден өзгергенде ағзадағы десинхроза құбылысы қаралады. Бұл дегеніміз – ағзаның психологиялық қызметінің тәуліктік ритмдерінің өзара келісімі. Мысалы боксерлер батысқа барғанда өздерінің уақытынан ерте оянуға тура келеді және күннің екінші жартысында ерте ұйқыға кетеді. Өйткені оның биологиялық сағаты сол жердің астрономиялық сағатынан қанық болады және олар шығысқа барғанда бұлар керісінше болады. Осыған байланысты уақытша бейімделу қалыптасады. Қаншалықты уақыт айырмашылығы болса соншалықты уақытша бейімделу процесі ұзақ болады.

Бокс шеберлері жер алмастырғанда тек уақыт айырмашылығы ғана емес, табиғи, тұрмыс, метеорологиялық факторлар да өзгереді. Бұлардың бәрі спортшыға Эйфора қалпын туғызады. Әдетте сағат 3-8 аралығында, тәулік стереотипіне бейімделу кезінде боксшылардың көңіл-күйі төмендеп, шаршау басып, жұмыс жұмыс қабілеті нашарлап, ұйқысы, ас қорытуы бұзылады. Тек 10-12 күннен кейін ғана олардың жұмысы реттеледі. Жақсы дайындықтан өткен спортшылар жаңа жағдайларға тез бейімделеді. Бұлай әсіресе айтылған жерге бұрын келген боксшыларда болады.

Мұндай уақыт айырмашылығы бар жерлерге жарысқа спортшылар 12-20 күн бұрын келуі тиіс. Және келмес бұрын жақсы демалғаны жөн. Ұшып келу кезінде оларға ұйықтау керек. Ең негізгі гигиеналық жағдай уақытша бейімделу кезінде сол жердің уақыт санауы бойынша құрылған жаңа рационалды күн тәртібі. Ол дайындық сабақтары мен демалыстың дұрыс ретін қамтамасыз етуі керек. Таңғы ас жеңіл болғаны жөн. Ал етті, майлы тамақтар тек түскі асқа қосылады. Тамақтану тәртібі қатаң ережемен сәйкес болуы керек. Кешкі ас сүт пен сүт қышқылынан тұрады. Түскі астан соң 1-2 сағат ұйқы керек.

Спортшылар келген күннен бастап-ақ дайындыққа кіріседі. 5-8 күнге дейін кәдімгі жаттығулар жүреді, бірақ оның интенсивтілігі белгілі дәрежеде төмендейді. Мысалы 2-ші күні 20-35% төмен болады.

Қадағалау кезінде мұндай алдын ала оқу-жаттығу жиынын өткізу спортшылардың уақытша бейімделуін ықшамдау процесіне мүмкіндік беретіні байқалған [4, 39].

Әдебиеттер

1. Кунат П. Проблемы нагрузки с точки зрения психологии спорта // Психология и современный спорт. – М., 1973. – с. 224-319
2. Набатникова М. Я. Проблемы совершенствования специальной выносливости спортсменов при циклической работе субмаксимальной и большой мощности.: Автореферат диссертации доктора педагогических наук. – М., 2000. – 52 с
3. Матвеев Л. П. Основы спортивной тренировки. – М.: Физкультура и спорт, 1977. – 280 с
4. Бутенко В. Н. Калмыков В. Развитие специальной выносливости боксера// Бокс: Ежегодник. – М., 1970 – с. 56-65

ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ОЙЫН ЖҮРГІЗУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Ойын жүргізу әдісі деп өздік, коллективтік ойынды ұйымдастыруды, ойыншылардың бір-бірімен қарым-қатынастарын, алдын ала жоспар бойынша белгіленген әдістерді қолданып, жеңіске жетуді айтады.

Ойын жүргізу әдістерінің негізгі мақсаты оптималды құралдарды пайдалана отырып, шабуыл және қорғаныс қимылдарын жүргізу. Ойын жүргізу әдістерін команданың алдына қойылатын мақсатына, ойыншылардың күш алмауына, алаңның және ауа райының жағдайы мен ерекшелігіне байланысты таңдалып алынады. Ойын барысында шабуыл мен қорғаныс қайталанып отырғаннан кейін, қорғануды және шабуылды ұйымдасқан түрде өткізу қажет.

Ойын жүргізу әдістерін дұрыс іріктеп, дұрыс қолдана білсе, онда команда алдына қойған мақсатты шеше алады. Қарсылас команданың ойынның жоспарын жоққа шығаруды білген ойыншыларды және жалпы команданың ойын жүргізу әдісін дұрыс пайдалана білгені.

Қандай ойын жүргізу әдістерін жаттықтырушы пайдаланып жоспарласада, оның дұрыс шешілуі әр ойыншының өзіндік шеберлігіне байланысты.

Сондықтан, ойын жүргізу әдістері ең алдымен, ойыншылардың алдын ала жоспарланған ойларынан шығады. Демек, ойын тәсілдерін шебер орындай білген команда ойыншылары жоспар бойынша белгіленген ойын жүргізу әдісін қолдана біледі.

Көбінесе ойын жеңісін футболшылардың дайындығына байланыстырады, бірақ дұрыс қолданылған ойын жүргізу әдістері команданы жеңіске әкелуге көп мүмкіндігі бар.

Ойын жүргізу әдістері қарсылас командалардың дене шынықтыру шеберлігіне, психологиялық дайындығына қарамастан үлкен маңызы бар. Сондықтан ойын жүргізу әдістерін ойынды дұрыс қолдану үшін күнделікті оқу-жаттығу процесінде дайындық жасалу керек. Команданың әрбір ойыншысы ойын жүргізу әдістерін, тек дұрыс пайдаланып қоймай, оны дер кезінде ауыстырып, шебер қолдана білу керек, Демек ойын жүргізу әдісі шабуыл мен қорғау шебіндегі өтетін күрес деп білу керек.

Ойынды дұрыс ұйымдастырып, жеңіске жетуі үшін алаңдағы ойыншыларды дұрыс орналастырып, әқайсысының алдына жеке міндет қойылу керек. Қазіргі заманның ойын жүргізу әдістерін дұрыс пайдалануда ойыншылардың өздеріне арнайы белгіленген орны және міндеті болуға тиіс. Сонымен бірге футболшы ойын тәсілдерін түгел әрі шебер орындай отырып, шабуыл яки қорғаныс шебі болып, бірден ойнай білуі шарт және ойын міндеттерін өте жақсы, әрі шебер орындағаны дұрыс. Сондықтан ойыншылар орындайтын өз міндеттеріне қарай қақпашы, екі кабаттағы /оң, сол/ қорғаушы, орта қорғаушы, ортаңғы шептегі ойыншылар, оң немесе сол жақ қанаттағы шабуылшылар және ортаңғы шабуылшы болып бөлінеді.

Күрделі және қиын жағдайда, көбінесе допқа қарай қимыл жасап, допқа қарай жылжып, тартып алу керек. Допқа қарай қимыл жасап тартып алу тәсілін қолданғанда қарсылас ойыншыдан 1,5-2 м қашықтықтан ертерек допқа ие болуға болады. Бұл тәсілді, көбінесе қарсылас ойыншының оң немесе сол жақтан алдап өтуіне қарсы қолданылады. Алыста орналасқан допты жартылай «шпагат» жасап, немесе «шпагат» жасай допты ұрып тоқтатып тартып алуға болады. Допты теуіп жібергенде көбінесе табанның ұшымен ұрған дұрыс ол тез және аз уақыт алады.

Допты жылжып тартып алу – тәсілін допқа ие болу үшін 2 м қашықтықтағы допқа ие болу үшін қолданылады. Допты тартып алу қарсылас ойыншыдан аттап бір бүйірден орындалады. Шабуыл жасаған ойыншы допқа қарай ұмтылып жайлап сырғанап, допқа тосқауыл қояды.

Допты лақтыру – тәсілі алаңдағы ойыншыға ойын тәртібі бойынша, алаңның оң немесе сол қанатынан сыртқа шыққан допты ойынға қосу үшін орындалады. Шебер футболшылар

допты 25-30 м қашықтыққа лақтыру үшін арнайы дайындық жасауы керек, ол үшін қозғалыс дағдысын және қолдың күштерін арттыру арқылы жоғарғы нәтижеге жетуге болады.

Қақпашының ойын тәсілдері алаңдағы ойыншылардың ойын тәсілдерінен өзгеше. Себебі ойын тәртібі бойынша айып алаңында қақпашыға қолмен ойнауға болады.

Сонымен қатар қақпашы ойынның жағдайына байланысты алаңдағы ойыншылардың қолданылатын ойын тәсілдерін түгел пайдалана білуі керек. Қақпашының ойыны әр алуан да күрделі. Сондықтан оның дайындығына дене шынықтыру, ойын жүргізу әдістеріне, ойын тәсілдеріне үлкен талаптар қойылады.

Қақпашы бойы 1,75 см-ден биік, дене шынықтыру дайындығы, жылдамдығы, жоғары, реакциясы тез ойыншылардан іріктелінеді. Сонымен қатар қақпашы батыл, икемді, биіктікке жақсы секіріп, алаңда орын таба алатын доптың ұшу бағытына, жылдамдығына, траекториясын шұғыл жауап бере алатын және соған сәйкес тез шешімге келетін ойыншылар болуға тиіс.

Оң және сол қанаттағы /шептегі/ қорғаушылар тек қорғану шебінде ғана ойнап қоймай, сонымен қатар шабуылға да белсенді қатыса білуі керек. Қозғалыс жұмыс күрделі болғандықтан қорғаушылардың күш пен жылдамдығы илгіштігі және төзімділік дайындығы жоғары болуға тиіс. Қорғаушылар жерде, ауада да күресе білумен қатар ойын тәсілдерінің түрлері және ойын жүргізу әдістерін шебер орындау өте қажет.

Оң және сол қанаттағы шеткі қорғаушыларға қойылатын талаптар:

а/ өзіне белгіленген зонада ойнау;

б/ қарсылас ойыншыға жақыннан қорғаныс әрекеттерін жасау;

в/ жоғарыдағы доптарға таласа білу;

г/ өз әріптестерін ауыстыра білу, керегінде қақпашының орнында ойнай білу;

д/ тебілген немесе қарсылас ойыншыларға бағытталған доп қарсылық көрсете білу, т.б.

Шеткі қорғаушыларға шабуыл жасағанда қойылатын талаптар а/ допты қарсылас ойыншыдан тартып алған сәтте әріптесін шабуыл шебіне тез және дұрыс бағыттай білу;

б/ қақпашы допқа ие болған сәтте оң және сол қанатта тұру және дұрыс ашыла білу;

в/ қарсылас ойыншыға білдіртпей тез шабуылға шыға білу.

Қазіргі замандағы футбол ойынында ортаңғы шептегі ойыншыларға көп талап қояды, себебі олар өз міндетін неғұрлым шебер және дұрыс орындаса соғұрлым команданың жеңіске жетуге мүмкіндігі артады. Сондықтан осы шеттегі ойыншыларға қойылатын негізгі талаптар – дене шынықтыру дайындығының өткен тәсілдерін орындаудың және ойын жүргізу әдістерін шебер меңгерудің деңгейінде болуы. Ортадағы ойыншылар, шабуылшылар мен қорғаушылардың ойынын біріктіріп, біртұтас топтастыруға мүмкіндік туғызады. Демек, оларға қойылатын негізгі міндеттердің бірі – ортадағы ойыншылар қорғаушылардың да, шабуылшылардың да міндеттерін бірдей дәрежеде шебер орындай білуі. Сондықтан ортадағы ойыншыларға шабуыл шебінде төмендегідей талаптар қойылады:

а/ қорғану шебінен шабуылға тез шығу және шабуылды арттыру;

б/ алаңның ортасын жіті бақылау және өз әріптестерінің допқа неғұрлым ұзақ уақыт ие болуы;

в/ шабуылдың аяқталуына қатысу;

г/ алыстағы және жақындағы әріптестерімен бірауыз болуы;

д/ алаңның оң немесе сол жақ бетінен ойламаған жерден тез уақыттың ішінде допты әріптестеріне жеткізіп, шабуыл шебін күшейту.

Ортадағы ойыншылардың қорғаныс шебінде ойнауына қойылатын талаптар:

а/ тез ұйымдастырылған қарсылас команданың шабуылына тосқауыл ұйымдастыру;

б/ қарсылас ойыншыны бақылауға алып ойнау;

в/ тебілген немесе ауыстырылған допқа тосқауыл қою;

г/ ойыншыларға ауыспалы көмек көрсету.

Оң және сол жақ шеттегі ойыншылар басқа да футболшыл сияқты жылдам, икемді, төзімді болуы керек. Бұл футболшылардың ең бір ерекшеліктері – қарсылас ойыншыларға қарағанда қозғалғыш, ойын ырғағын біресе арттырып, біресе төмендете білетіндігі. Сонымен

қатар шабуылшылар жоғарғы немесе төмен ұшып келе жатқан допқа ие болу үшін жақсы әрі күшті секіре білуге тиіс. Бұлар ойын тәсілдерін тез арада жоғары жылдамдықпен орындай білуге /тебу, допқа ие болу, алдау, алып жүр; т.б./ және батыл, белсенді болулары қажет.

Әдебиеттер

1. Романов В. Жасөспірім футболшыларды дайындау. – М, «Д және С»
2. Романенко М.И. Футболшының шеберлігін (жүзеге асыру негіздері). – М. «Д және С» 1989
3. Чудинов В.А. Бастаушы футболшының дене тәрбиесі. – М., «Д және С» 1986
4. Остьянов В.Н. Гадамак И.И. Бокс. Оқу мен жаттығу. Олимпиадалық әдебиет. – Киев, 2001 ж.
5. Дене тәрбиесінен әдістемелік нұсқаулар (II-басылым). – М., «Жоғары мектеп» 1993

А.С. МУЛИКОВА
АСТАНА Қ. (ҚАЗАҚСТАН)

ОҚУШЫЛАРМЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңда «Адам-қоғам-табиғат» байланысын ажыратпай, тек өзара әмбебап бірлікте қарастыру ғана әртүрлі келелі түйткілдерді шешуге жол ашады. Бұл тұрғыда психологияның қолданбалы аспектілері нақтылай түссек, психологияның экология мен педагогика байланысында алатын орны және озық қолданбалы әдіс-тәсілдері туралы сөз етпекшіміз. Адам өмірі үнемі қоғам және табиғи ортамен тікелей байланысты. Біз талқылайтын мәселе адам мен табиғат бірлігі болып табылады. Экологиялық іс-әрекетті ұйымдастыру – психологиялық, педагогикалық, әрі экологиялық үрдіс. Экологиялық психологияның нысанға алатын негізгі ұғымдарының бірі – бұл экологиялық сана және іс-әрекет.

Экологиялық психология – тұлғаның экологиялық санасының қалыптасу заңдылықтары мен механизмін зерттейді, ал сана адамның барша психикалық қызметіне ортақ қасиетті бейнелеудің ерекше формасы. Осы орайда, экологиялық психология мына мәселелерді қарастырады: адамның өзін қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерін анықтау арқылы экологиялық сананы зерттеу, қоршаған ортаның қолайсыз дамуының субъект үшін мәнді факторларын саралау, экологиялық мінез-құлықтың мотивациясын анықтау, экологиялық дағдарыстың психологиялық зардаптарының заңдылықтарын анықтау, насихаттың психологиялық құралдарын талдап белгілеу. Экологиялық сананы қалыптастыра отырып, экологиялық іс-әрекетті ұйымдастыру шаралары төмендегідей жүзеге асырылады:

- 1) гуманитарлық-эстетикалық пәндердің үлесі;
- 2) табиғатты қорғау сипатындағы қоғамдық пайдалы еңбектің (мектеп орманшылығы, ағаш егу, гүл өсіру, броконьерлермен күрес, қоршаған ортаны сақтаудағы санитарлық жұмыстар, қыс жағдайына икемсіз аңдар мен құстарға алғашқы жәрдем көрсету, аң шаруашылығымен айналысатын фирмаларға көмек қолын созатын топтардың жұмыстары) рөлі;
- 3) туристік-өлкетану жұмыстарымен оқушылардың табиғатты қорғау істерінің үздіксіз байланыстылығы;
- 4) бұқаралық-ақпараттар құралдарының ықпалы (Табиғатты аялау мен сақтауға насихаттайтын әдебиеттер, газет-журналдар, радио және теле хабарлар);
- 5) экологиялық білім; (экологиялық білім мазмұны оқушының ішкі даму заңдылықтарына оның сыртқы дүниемен жеке символдық жүйе, адам-қоғам, адам-қоршаған жүйелер арасындағы қарым-қатынас бір-біріне сәйкес келуі).

Жалпы экологиялық сана қалыптастыруды әр қырынан қарастырған зерттеулерге шолу жасасақ, мысалы, экологиялық мәселелердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар Е.Д. Дерябо мен В.А. Ясвин пікірлерінше, экологиялық сананы антропоцентрикалық сана және эоцентрикалық сана деп екі түрге бөліп, біріншісіне адамның сыртқы ортадағы іс-әрекетін сәйкестендіріп отыратын, қоршаған ортаның бас факторларына әлеуметтік және мәдени факторлар жатса, эоцентрикалық сана адам табиғаттың бір мүшесі болғандықтан, ол тек әлеуметтік ортаға ғана емес сонымен бірге табиғи ортада да өмір сүру барысында қалыптасатын сана [1; 2]. Оқушылардың экологиялық іс-әрекеті ұғымының мәні мен мазмұнын анықтауда іс-әрекет теориясын (С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин) және экологиялық іс-әрекеттің жеке тұлғалық сапаларды қалыптастырудағы орны жөнінде педогогика, психология, экология саласындағы еңбектерге (А.П. Сидельковский, С.Д. Дерябо, В.А. Ясвин) арқау болған. Олардың зерттеулерінде оқушылардың экологиялық іс-әрекеті табиғатпен сарамандық жағынан өзара әсерлесуінің негізінде жүзеге асырылып, жеке тұлғаның табиғатқа белгілі бір қатынасын қалыптастырушы фактор ретінде көрсетіледі [3; 4; 5]. Зерттеушілер пайымдауынша, экологиялық іс-әрекет барысында табиғатпен әсерлесуші адамның ықпалы «субъект-объект» сипатынан «субъект-субъект» сипатына көшеді, өйткені табиғат та адамға белгілі бір дәрежеде кері әсерін тигізеді. Олар экологиялық іс-әрекетті адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Белгілі психолог-ғалым А.В. Петровскийдің пайымдауынша, жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы әр жаста тек бір ғана жетекші іс-әрекет түрімен анықталмайды [6]. Біз осы тұжырыммен келісе отырып, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуында оқу іс-әрекетімен байланыста басқа да іс-әрекет түрлері маңызды орын алады деп есептейміз. Атап айтқанда, сабақтан тыс жұмыстарда орын алатын ойын, еңбек оқушы жеке тұлғасының ақиқат өмірдегі құбылыстарға қатынасын білдіретін іс-әрекет түрлері.

Экологиялық іс-әрекет арқылы адамның табиғатқа адамгершілік қатынасын қалыптастыруда қажеттіліктер мен түрткілер саласын дамытудың маңызын А.П. Сидельковский, П.В. Иванов, Е.М. Кудрявцева атап көрсетеді. Олардың ортақ пікірі бойынша, адам баласының тіршілігінде болатын басқа да қарым-қатынас түрлері тәрізді сыртқы ортамен байланыс күрделі де тұтас әлеуметтік жүйелер құрылымын түзеді және ол жеке адамның сарамандық іс-әрекетінде, жеке психикасында көрінетіндігі [7]. Экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің барлық мүмкіншіліктерін қарастыруда профессор П.В. Иванов, оқушылардың өз туған өлкесінің табиғатын танып білуі, олардың табиғат қорғау жұмыстарын ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруды айтты. Оның бұл пікірі экологиялық іс-әрекет ұйымдастырудың маңыздылығын меңзейді.

Авторлардың ортақ пікірі бойынша ой түйіндесек, табиғат – адамның эмоциялық, танымдық, этикалық, эстетикалық, материалдық, рухани, т.б. қажеттіліктерін өтеп отыратын тіршілік көзі болып табылады. Демек, әлеуметтің келешектегі ғана емес, бүгінгі қалыпты тіршілігін қамтамасыз ету үшін жас ұрпақ тәрбиесінде табиғат әлемімен тиімді әсерлесуге ұмтылдыратын адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлу қажет. Оқушылардың экологиялық іс-әрекетін жіктеуде белгілі бір жүйені қолдануға талпыныс жасай отырып, экологиялық іс-әрекеттің мазмұны ескерілетін тұста оқушылардың танымдық, сарамандық, мәдени-ағартушылық және ойын іс-әрекетінде оқу, ойын, еңбек элементтері өзара араласады, бірін-бірі толықтырады, белгілі бір байланыста, өзара тәуелділікте болады деп есептейміз. Осы орайда И.Н. Бодыкова өз зерттеуінде экологиялық тұрғыда оқушылардың іс-әрекеттерін жіктей келе, «оқушының экологиялық іс-әрекеті деп оның табиғатты зерттеуін, танып-білуін, онымен өзара әсерлесудің қоғамдық тәжірибесін меңгеруге және оны байытуға бағытталған іс-әрекетін айтамыз», -деп пайымдайды [8].

Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінен туындаған қазіргі замандағы жаһандық түйткілдердің бірі – табиғат пен адамдардың теріс әрекеттесуі. Сондықтан қазіргі кездегі экологиялық тәрбиенің мақсаты – оқушыда өзара ұштастырылған экологиялық сана қалыптастыру, экологиялық іс-әрекетін ұйымдастыру керек деп белгілеп, оларды өзіндік ізденіс

белсенділігі арқылы жүзеге асыруға болады деген ұйғарымға келдік [9]. Осы мақсаттан туындаған мектепте оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарда экологиялық тәрбие берудің міндеттерін былай белгіледік:

- Экологиялық саналы білімді жүзеге асыруға бағытталған құлшынысын ояту;
- Табиғатты сақтау, қорғау, оның қорын үнемдеу мен еселендірудің маңыздылығына негізделген қажеттілігін туындату;
- Табиғат – жалғыз тіршілік көзі және онымен біртұтастықты ұғынуға болған ынтасын тәрбиелеу;
- Қоршаған ортаға ерекше экологиялық жауапкершілікпен қарауға итермелейтін түрткіні қалыптастыру.

Осы орайда, оқу үрдісінде және сыныптан тыс жұмыстар кезінде оқушыларға экологиялық білім алу барысында табиғат қорғауға арналған іс-шараларға деген құлшынысын, алған білім, білік, дағдыларын іс жүзіне асыра алуын, қоршаған орта зиянды ластаушы факторлармен күрес жүргізуге даярлығын анықтауда экологиялық іс-әрекет деңгейін төмендегі сауалнама, сұхбат барысындағы сұрақ арқылы анықтадық:

1. «Қоршаған ортаны қорғау, сақтау» деген ұғымды қалай түсінесіз?
2. Келешекте табиғат жағдайының жақсаруы үшін қандай үлес қосар едіңіз?
3. Егер сіз эколог болсаңыз табиғатты қорғау туралы қандай шаралар мен жобалар ұсынар едіңіз?
4. «Қалдықсыз өнім» технологиясын жүзеге асыруға болады?
5. Өз қалаңызда өндіріс орындарына таным жорыққа шықсаңыз нені үйренгіңіз келеді?
6. Өзіңізге белгілі табиғат байлықтарын құртпай қалпына келтіру үшін не істер едіңіз?
7. Экологиялық тәрбиелі оқушы болу үшін мұғалім тарапынан қандай көмекті қажетсінесіз?
8. Жер шарында болып жатқан табиғи апаттардың алдын алуға болар ма еді?
9. Күнделікті өмірде қандай әдет-дағдыға машықтанғансыз?
10. «Бір тал кессен, он тал ек» деген өсиеттің мағынасын ашыңыз.

Сұрақтарға берген жауаптарды қысқаша көрсетуге болады: оқушылардан алынған жауаптар, олармен өткізілген ауызекі экологиялық мазмұнды сұхбат, сауалнама жүргізу, оларды талдап, сараптау мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: оқушылардың көпшілігінің экология туралы ұғымы жеткіліксіз, кейбір ғылыми ұғымдар туралы мүлдем хабарсыздығы; жалпы экологиялық білім қоры аз, кейбір оқушылар сауалнама сұрақтарының өзін жете түсіне алмағандығы; экологиялық жаһандық мәселелерді өздігінен «жоғарыдан» туындауда, адамды оған қатыссыз деп ойлауы; мектепте және колледждерде экологиялық тәрбиелік іс-шаралар мазмұнының тартымсыздығы, оларға оқушылардың қызығушылық танытпауы; жалпы орта білім беру оқу орындарында экологиялық білім-тәлімнің қолдану аясының тарлығы (тек аула тазалау, көше сыпыру, мектеп маңына гүл, ағаш отырғызумен шектелу) байқалды. Бұл дегеніміз оқушылардың экология туралы түсініктерінің жеткіліксіздігін, экологиялық тәрбие беруді ұйымдастырудағы үлкен олқылықты, яғни экологиялық сана қалыптастыруға бағытталған шаралар мен білім деңгейінің төмендігін көрсетеді және бұл мәселенің өзектілігі арта береді. Осы тұста теория бойынша бұл мәселе жеткілікті зерттеліп жүрсе де, практикада сөз бен іс бірлігі арасында алшақтық байқалады.

Біздің көтермекші мәселеміз – оқушылардың табиғи орта құбылыстары мен заңдылықтарын біліп, алған білімді іс-тәжірибе жүзінде пайдалануға бағыттау. Осы орайда, білім беру барысында мотивациялы-психологиялық тұрғыда оқушы бойында әлемге, табиғатқа сүйіспеншілік, табиғи сұлулықтан ләззаттану, шынайылық сияқты құндылықтардан тұратын ізгілікті-этикалық норма қалыптастыруға екпін түсіру қажеттігі туындайды. Адамда жүйелі ізгілікті-этикалық норма қалыптасқанда, оның бойында ар-намысымен байланыста белсенді әрекетке қажеттілік туындайды және ол оптималды экологиялық белсенділіктің қалыптасуына ықпал етеді. Аталған рухани құндылықтарсыз тек теориямен шектелген құрғақ білім қаншалықты терең меңгерілсе де, дәрменсіз болып қала бермек. Жылдар бойы зерттеп жүрген

ғылыми еңбегімді қарастыру барысында және жинақтаған ұстаздық тәжірибемде экологиялық мәселелерді шешуде оларды психологиялық жуықтау арқылы зерттеу маңыздылығына көз жеткіздім. Әрі экологиялық білім мен тәрбие берудің өзі ауқымды психологиялық, онымен қоса әр қырлы педагогикалық іс. Осы орайда, бүгінгі жастарда ізгілікті-рухани қасиеттерді сіңіру қажеттігін ескеріп, табиғи ортаға болған қарым-қатынаста экологиялық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру арқылы белсенділікті қалыптастырудың психологиялық маңыздылығын қарастыруға талпыныстар жасау мәселенің өзектілігін айқындай түспек.

Әдебиеттер

1. Ясвин В.А. Психология отношения к природе. – М., 2000, 456 с
2. Дерябо С.Д., Ясвин В.А. Экологическая психодиагностика. Даугавпилс, 1994, 58 с
3. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. СПб.: – Питер, 2012.С.21-23
4. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность, – М.: Политиздат, 1980, 344 с
5. Выготский Л. С. Вопросы детской возрастной психологии Собр. Соч. Т6. – М.: Педагогика, 1982
6. Сидельковский А.П. Человек и природа. Формирование отношение. – Ставрополь, 1975, 67 с
7. А.В.Петровский, М.Г. Ярошевский Психология, М.: Академия, 1998, С.370-371
8. Бұзаубақова К. Ж. Жалпы білім беретін мектептерде сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу барысында оқу шығармалары экологиялық білім берумен табиғат қорғауға тәрбиелеудің педагогикалық негіздері: п.ғ.к. автореф. – Жамбыл, 1996, – 23 с
9. Муликова А.С. Оқушылардың өзіндік ізденіс белсенділігін ұйымдастыру арқылы экологиялық тәрбие беру. – Алматы: Полиграфия Сервис и К, 2011

Г.Н. Сафарғалиева
Т.Д. Бержан
Арқалық қ. (Қазақстан)

ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ КҮШТІК БАҒЫТТАҒЫ ӨЗІНДІК ЖАТТЫҒУ ҰСТАНЫМДАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖҮЙЕСІ

Футбол жаттығу сабақтарына қойылатын міндеттер дене шынықтыру процесінің негізінен туған. Сабақтың мазмұны негізінен гармоникалық жан-жақты адамды дамыту және ішкі, сыртқы дене шынықтыру мүмкіндігін арттыру, шаруашылық жұмыс пен Отанды қорғауға жастарды дайындау болып табылады.

Кейбір жаттықтырушылар тек жоғарғы нәтижеге жетуді ғана мақсат тұтып футболшылардың денсаулығының жақсаруына және дене пішінінің дұрыс қалыптасуна жағынан жеткіліксіз назар аударады. Сондықтан біржақты жаттығу жұмыстары нәтижесінде қолайсыз жағдай туғызуы әбден мүмкін. Футболшының шеберлік шыңына жетуі үшін ең алдымен денсаулығы, дене шынықтыру мүмкіншілігі, тәртібі моральдық жағынан жоғары болуы шарт.

Футболшыларды оқыту және жаттықтыру процесінде мынандай міндеттер қойылады: а) Қозғалыс және дағды мүмкіншілігін арттыру жолдары; б) Ағзаның функционалдық /қызметтік/ мүмкіншілігін арттыру /дем алу, жүрек, ішкі құрылыс жүйелері/; в) Спортшының жұмыскерлік қабілетін сақтау және арттыру; г) Спорттағы арнайы білімін арттыру, гигиеналық және өзіндік бақылау тәсілдемелерін үйрету; д) Футболшыны жұмыс қабілетіне, сана сезімге, белсенділікке және тәртіптілікке тәрбиелеу.

Осы айтылған міндеттерді жаттығу процесінде біртіндеп шешсе, адам ағзасында үлкен мүмкіндіктің ашылуына ықпал етеді. Футболшылардың шеберлігін жылдан-жылға арттыру үшін ең алдымен ғылыми-педагогикалық принциптерді сақтау керек, оның негізгі заңдарын және осы принциптерді іс жүзінде қалай пайдаланудың жолдарын білген дұрыс.

Жалпы жаттығулардың көлемін көбейтіп орындағанда көптеген мақсаттарды шешуге болады. Сонымен қатар табиғаттың сыртқы күштері мен гигиеналық факторлар футболшылар ағзасының функцияларын жақсартуға мүмкіндік туғызады және дене шынықтыру ауыртпашылығы мен демалыс, тамақтану, ұйқы, жұмыс және тұрмыс гигиеналық талаптарды пайдалану, ұйқы режимін дұрыс сақтауға көмектеседі.

Оқыту және жаттықтыру арнайы ұйымдастырылған процесс болғаннан кейін ол негізгі дидактикалық принциптерге сәйкес болуы және негізгі оқыту процесінің заңдарына бағынуы керек.

Оқыту және жаттығу процестеріне негізінен тәрбиелеу, сапалық, белсенділік, көрнектілік, жүйелік қолайлы принциптерден тұрады. Бұл принциптер бір-біріне тығыз байланысты.

Жоғарыда айтылған принциптердің ішіндегі оқыту мен жаттығу процесінде басты принциптердің бірі – тәрбиелеу принциптері екені мәлім. Себебі футболшыларды ойын тәсілдеріне, ойын жүргізу әдістеріне денесін шынықтыру арқылы дайындау, ең алдымен жастардың мінез-құлқын, сана-сезімдерін тәрбиелеуіміз қажет. Демек, жаттықтырушы адам арнайы оқыту және жаттықтыру процесінде тек үйретіп, ойыншылардың шеберлігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар нақтылы қойылған тәрбиелеу жұмысының мақсаттарын да орындауға тиіс. Бұл арада жаттықтырушының өз жұмысына көңіл аударып, жаттығу сабақтарын нақтылы белгіленген уақыттан кешікпей уақытында өткізуіне, өз ісін сүюіне, жоғарғы мәдениеттілікпен өзіне қатаң талап қоюына, педагогикалық әдептілікті сақтауына ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Оқыту және жаттығу процесінде жаттықтырушы дұрыс тәрбиелік принциптерді сақтап, сабақ жүргізген бетте ғана оқшылардың өз күштеріне сенімділігі артып, спорттық шеберлігі әрі қарай арттыруына жағдай туғызады.

Дене шынықтыруды асықпай, біртіндеп, жақсы педагогикалық және дәрігерлік бақылауды ұйымдастыратын болса, сонда ғана футболшылардың үлкен жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туады.

Тәсілдердің түрлерін ойын жүргізу құралы деп білу керек, себебі футболшы ойын тәсілдерінің түрлерін неғұрлым көп біліп, оны әртүрлі жағдайда қолдана білсе, қарсылас команданы жеңуге көп үлес қоса алады және ойын тәсілдерін шебер қолдана білген ойыншылар футболшының жан-жақты дайындығын арттыруға көмектеседі.

Алаңдағы ойыншылар көптеген ойын әдістерін, олардың түрлерін және әртүрлі қозғалыс тәсілдерін пайдаланады. Оның ішінде допты тебу, тоқтату, алып жүру, алдап өту, допты тартып алу елеулі мәнге ие. Сонымен қатар, допқа ие болу тәсілдерінің бір түрі – допты қолмен ойынға қосу ойын тәртібі бойынша доп бір бүйірінен алаңның сыртына шықса. Футболшы алаңда орындайтын міндетіне байланысты ойын тәсілдерін әртүрлі көлемде орындайды.

Оқу-жаттығу сабағында берілетін жүктеменің деңгейі шұғылданушылардың дене-күшінің ерекшеліктеріне жүктемені көтеру қабілеттілігіне қарай берілуі тиіс. Сондықтан да оқу-жаттығу процесінде шұғылданушыларды жоғарыдағы ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Жаттығу барысында жүктемені топтағы шұғылданушыларға бірдей деңгейде беру үлкен қате болып саналады. Әрбір берілген жүктемеге ағзасының жауап беру қабілеттілігін қатаң түрде бақылауымызда ұстау қажет. Бұл жерде жаттықтырушылар дәрігер және психологтармен тығыз байланыста жұмыс атқарулары қажет.

Әдебиеттер

1. Матвеев Л.П. Спорт жаттықтырушының негіздері. – М., 1987 ж.
2. Футбол. Энциклопедия. – М., 1998 ж.

3. Дене тәрбиесін әдістемелік нұсқаулар (Пбасылым). – М., «Жоғары мектеп», 1993 ж.
4. Ашмирин Б.А. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. – М., 1979
5. Джероян Г.О. Футболшының тактикалық дайындығы. – М., «Д және С» 1987 ж.
6. Романов В. "Жасөспірім футболшыларды дайындау. – М., «Д және С» 1979
7. Романенко М.И. Футболшының шеберлігін жүзеге асыру негіздері. – М., «Д және С» 1989

Г.Н. Сафарғалиева
А.Б. Мадиярова
Арқалық қ. (Қазақстан)

МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ

Оқушылардың дене тәрбиелеу үрдісін қалыптастырудың тікелей пәндік-мазмұндық сипатына тоқталайық. Мектеп оқушыларының жүйелі оқуының бастамасы күнделікті қозғалу белсенділігі 50%-ға төмендеп, қозғалыс қажеттілігі қанағаттандырылады. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшкенде қозғалу белсенділігінің деңгейі төмендейді. Осыған байланысты оқушылар күндізгі уақытының 82-83%-ын статикалық жағдайда өткізеді. Оқушылардың қозғалғыштық белсенділігі 16-19%-ын, ал 1-3%-ын дене тәрбиесінің ұйымдастырылған формасы құрайды. 11% апталық және 40% күнделікті қажеттіліктерін дене тәрбиесі сабақтарында тек аз-аздан толықтырып отырады. Егер оқушы қосымша денені шынықтыру-сауықтыру жаттығуларымен шұғылданбаса, бұл дененің дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Денені шынықтыру-сауықтыру жұмыстары жүйесіне кіретін қозғалу белсенділігінің көлемін ұлғайту, жүрек-қантамыр жүйесінің функционалдық жағдайын, денесінің дамуын және ақыл-ой қабілетінің артуына маңызды әсер етеді. Оқушының күніне 7-12 сағаттай қозғалыс белсенділігі оның ақыл-ой қабілетін дамытады, дене жүктемелеріне бейімделеді және үлгерімі жоғарылайды.

Күн тәртібінде қозғалу белсенділігін ұйымдастыру маңызды болып табылады. Зерттеулеріміз оқушылардың қозғалыс белсенділігін қажет ететіндігін көрсетті. Оқушының сабақ үстінде қажуы, қозғалыстың аздығын білдіреді. Үзіліс кезіндегі аз уақыттық денені шынықтыру минуттары және ойын түріндегі дене жаттығулары белгілі мөлшердегі қажеттіліктің толықтырылғандығы болып есептеледі.

Дене мәдениеті қалыптасқан мектеп оқушыларының денесінің қаншалықты дамығандығын антропометриялық өлшеу арқылы анықтауға болады (бойдың биіктігі мен дененің салмағы, кеуденің көлемі, аяқ-қолдарының ұзындығы т.б.), дене құрылысының сыртқы дамуын (кеуде клеткасының формасы, бұлшық еттер реңі, май жиналуы, терінің әдемілігі, т.б.), сыртқы белгілер арқылы жыныстық жетілуді, сонымен қатар, кейбір функционалды көрсеткіштерді өлшеу арқылы анықтауға болады деп білеміз. Мысалы, өкпедегі ауа сыйымдылығының көлемін, жекелеген бұлшық еттер тобының күшін арнайы өлшегіш құралдарымен өлшеу арқылы дененің даму дәрежесі анықталады.

- 2) социальные условия жизни общества и государства;
- 3) региональные;
- 4) конкретно-личностные (непосредственно с которыми соприкасается личность);
- 5) «Я сам», т.е. условия внутреннего духовного развития [2].

К определению понятия «педагогические условия» обращались многие ученые. Так, Н.Н. Хридина характеризует педагогические условия как «содержательно-технологические нормы и принципы, определяющие успешность достижения образовательных целей» [3].

Н.И. Шишкина, рассматривая понятие «педагогические условия», выделяет приоритетным условием регламентацию образовательного процесса учебно-методической документацией, определяющей содержание образования [4].

Нас интересуют толкования педагогических условий, относительно которых С.И.Змеева выделяет группы физических, психологических и собственно педагогических условий, а именно:

- создание комфортных физических условий (наличие рабочих мест для обучения, проведения дискуссий, семинаров, консультаций, просмотра видеолекций в индивидуальном порядке и др.);
- поддержание психологических условий (создание взаимно-уважительных отношений между членами группы обучающихся);
- педагогические условия, которые обеспечивают учет принципа контекстности обучения, предполагают разработку соответствующих учебных материалов [4].

В.П. Симонов при классификации педагогических условий выделяет основные принципы эффективности функционирования педагогической системы: оптимальность, рациональность, конкурентность, перспективность, актуальность, активность [5].

Педагогическая деятельность преподавателя – носителя научных и профессиональных знаний является важным аспектом подготовки студентов к профессиональной деятельности. Она должна способствовать формированию познавательных интересов у студента к учебному предмету, помогая каждому из них осмысливать значимость предмета для успешного выполнения профессиональных обязанностей. Дидактические, интеллектуальные, эмоциональные взаимодействия преподавателей вуза и студентов содержат каждое педагогическое условие, составляя процесс формирования методической подготовки

будущего преподавателя начального и среднего профессионального учреждения к использованию образовательных технологий.

1. Использование приемов эмоционально-интеллектуального стимулирования познавательной активности студентов. При выборе образовательной технологии особо важно учитывать цели и задачи профессионального развития личности, ориентированных на подготовку личности к профессионально-значимому самообразованию, а также на собственное самопознание.

Эмоциональная сфера определяет воспитание чувств, взглядов, формирование направленности личности. Познавательная сфера связана с мыслительной сферой деятельности. Значение самопознания в деятельности так велико, что определяет цель формирования и развития умений и способностей, потребностей через профессиональное саморазвитие. В процессе формирования у студентов мотивов учения необходимо учитывать, что студенты выступают в качестве субъектов педагогического процесса.

2. Учет стимулирующих факторов познавательной деятельности. Первый вид стимулирующих факторов – те, которые имеют своим источником содержание учебного материала, второй – которые возникают в ходе учебного процесса, и третий вид стимуляции учебной деятельности опирается на фактор профессионально-значимого общения преподавателей вуза и студентов.

В первой группе стимулирования важным побуждающим фактором учения является новизна учебного содержания методических дисциплин.

Важный стимул – профессиональная значимость получаемых методических знаний использования различных технологий обучения, практический акцент на будущую профессиональную деятельность.

Учебный материал содержит достаточно факторов, стимулирующих учебную деятельность.

3. Создание условий для самореализации личности в педагогической технологии. Активность личности связана с самооценкой. Чтобы активность проявлялась, необходимо её поощрять и способствовать уверенности в успехе. Чтобы достижение цели было надежным, следует создавать такие условия, чтобы «радость познания» базировалась на «ситуации самодостаточного успеха».

Самодостаточность в учении – единственный источник внутренних сил, которые рожают у студентов энергию для преодоления трудностей, желание и стремление к познанию. Ситуация самодостаточного успеха студентов в процессе их методической подготовки – это такое целенаправленное, организованное сочетание условий, при которых создается возможность достичь значительных результатов в деятельности как отдельно взятой личности, так и коллектива в целом. Главным условием для самореализации личности является определение того, что ей больше всего «подходит».

4. Наличие мотивации и профессиональных умений у самого педагога. Педагог должен быть вооружен знаниями, умениями и навыками, логикой педагогического мышления, методикой организации педагогического процесса, техникой педагогического мастерства. Педагог должен обладать умениями, показать значимость своего предмета, заинтересовать студентов процессом овладения знаниями, мотивировать к выполнению тех или иных заданий, привлечь к работе как организованных, так и неорганизованных студентов, мотивировать к дальнейшему самостоятельному овладению знаниями по использованию педагогических технологий.

Таким образом, можно сделать вывод, что учет всех педагогических условий способствует реализации педагогической деятельности, влияет на ее успешность и результативность, а также накапливает профессиональный потенциал личностного развития педагога. Организация деятельности педагога требует особой организации внешней и внутренней стороны педагогического процесса.

Формирование таких условий способствует анализу, учёту и коррекции процесса и результата формирования педагогической деятельности.

Литература

1 Немудрая Е.Ю. Формирование инновационных умений у будущего учителя [Текст]: дис.... кан. пед. наук / Е.Ю. Немудрая. — Челябинск, 1999. — 199 с.

2. Маленкова Л.И. Теория и методика воспитания. Учебное пособие. – М.: Педагогическое общество России, 2002. — 480 с.

3 Хридина Н.Н. Управление образованием как социальной системой : понятийно-терминологический словарь / Н.Н. Хридина ; [науч. ред. Э. Ф. Зеер] ; Урал. отд-ние Рос. акад. образования, Рос. гос. проф.-пед. ун-т. - Екатеринбург: Уральское издательство, 2003. – 381с.

4. Педагогика: Педагогические теории, системы, технологии [Текст]: Учебник для высших и средних учебных заведений по педагогическим специальностям/ под ред. С. А. Смирнова.- 4-е изд., испр.- М.: Академия, 2001.- 511 с.

5. Симонов В.П. Педагогический менеджмент / В.П. Симонов.– М., 1995.– Гл. 5.

**Г.К. Темиргалиева.
Р.К. Шаймуканова
г.Астана (Казахстан)**

ПРЕПОДАВАТЕЛЬ КАК СУБЪЕКТ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Смысл педагогической профессии проявляется в деятельности, которую выполняют ее представители и которая называется педагогической. Она является особым видом социальной деятельности, направленной на передачу знаний, культуры и опыта от старшего поколения младшему, а также создание условий для их личностного развития и подготовку к исполнению определенных социальных ролей в обществе.

Всем известно, что данную деятельность осуществляют не только педагоги, но и родители, общественные организации, производственные и другие группы, руководители предприятий и организаций, а также средства массовой информации. Но все же в первом случае эта деятельность является профессиональной, а во втором – общепедагогической, которую произвольно или нет, выполняет каждый человек и по отношению к самому себе, занимаясь самовоспитанием и самообразованием. Педагогическая деятельность как профессиональная происходит в специально организованных образовательных учреждениях, таких как, дошкольные заведения, школы, средние специальные и высшие учебные заведения, учреждения дополнительного образования и т.д.

В психологии деятельность понимается, как многоуровневая система, составляющими которой являются цель, мотивы, действия и результат, применительно к педагогической же деятельности преобладает метод выделения ее компонентов как самостоятельных функциональных видов деятельности педагога.

Н.В. Кузьмина выделяет в структуре педагогической деятельности три взаимосвязанных компонента: конструктивный, организаторский и коммуникативный. Для

успешной реализации данных функциональных видов педагогической деятельности необходимы соответствующие способности, которые проявляются в умениях.

Конструктивная деятельность разделяется на конструктивно-содержательную, конструктивно-оперативную и конструктивно-материальную. Организаторская деятельность подразумевает под собой выполнение системы действий, направленных на участие обучающихся в различных видах деятельности, создание коллектива и организацию совместной деятельности. Коммуникативная деятельность нацелена на установление педагогически целесообразных отношений педагога с воспитанниками, коллегами, представителями общественности, родителями [1].

А.И. Щербаков относит конструктивный, организаторский и исследовательский компоненты к общетрудовым, т.е. проявляющимся в любой деятельности, не только в педагогической. Но он выделяет функцию преподавателя на этапе реализации педагогического процесса, представив организаторский компонент педагогической деятельности как единство информационной, развивающей, ориентационной и мобилизационной функций.

Все функциональные виды, компоненты деятельности проявляются в работе преподавателя любой специальности. Их осуществление предполагает владение педагогом специальными умениями.

Четкость социальной и профессиональной позиций преподавателя является одним из важнейших требований, предъявляемых педагогической профессией. Именно в данной позиции преподаватель выражает себя как субъект педагогической деятельности.

Позиция педагога – это система волевых, интеллектуальных и эмоциональных отношений к педагогической действительности и педагогической деятельности, которые являются источником активности самого педагога. Эта позиция определяется, с одной стороны, возможностями, требованиями и ожиданиями, которые предоставляет и предъявляет ему общество. А с другой стороны, действуют личные источники активности, такие как переживания, мотивы и цели педагога, его духовные ценности, мировоззрение и идеалы.

Личность, характер социальной ориентации, тип гражданского поведения и деятельности проявляются в позиции преподавателя.

Социальная позиция педагога происходит из системы убеждений, взглядов и ценностных ориентаций, которые были сформированы еще в общеобразовательной школе. В процессе профессиональной подготовки на этой базе формируются мотивационно-ценностное отношение к целям и средствам педагогической деятельности и педагогической профессии в целом. Мотивационно-ценностное отношение к педагогической деятельности выражается в направленности, составляющей ядро личности преподавателя.

Профессиональная позиция педагога во многом определяется его социальной позицией. Однако здесь нет прямой зависимости, так как воспитание строится на основе личностного взаимодействия. На выбор профессиональной позиции педагога влияние имеют многие факторы. Но среди них профессиональные установки, индивидуально-типологические особенности личности, темперамент и характер являются решающими [2].

Известный советский психолог Л. Б. Ительсон представил характеристику типичных ролевых педагогических позиций. Таким образом, педагог может выступать в качестве:

- информатора, если ограничен сообщением требований и норм;
- друга, если старается проникнуть в душу обучающегося;
- диктатора, если насильно внедряет ценностные ориентации в сознание своих воспитанников;
- советчика, если использует осторожное уговаривание;
- просителя, если спрашивает воспитанника быть таким, «как надо»;
- вдохновителя, если стремится мотивировать воспитанников интересными целями и перспективами [3].

Каждая из вышеперечисленных позиций способна дать как положительный, так и отрицательный результат в зависимости от личности самого преподавателя. Однако хотелось бы отметить, что всегда дают отрицательные результаты несправедливость и произвол; подкуп, неуважение к личности обучающегося, подавление его инициативы и прочее.

Литература

1. Кузьмина Н.В. Профессионализм деятельности преподавателя и мастера производственного обучения профтехучилища. - М., 1990.
2. Щербаков А.И. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. – М., 1969.
3. Ительсон Л.Б. Вопросы профессиональной подготовки школьников. – М., 1961.

О.Е. Абилхаиров
Ә.М. Манат
Арқалық қ. (Қазақстан)

СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАМАҚТАНУ ГИГИЕНАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Денсаулық сақтау мен дене тәрбиесінің мәдениеті бір-бірінен ажырамас бірлікте, себебі олардың мақсаты – денсаулықты нығайту, дене дамуын жақсарту, өмір сүрудің мерзімін ұзарту.

Адамның тіршілігі энергияның және тін элементтерінің тынымсыз шығындануымен байланысты. Егер осы шығындардың орны тағаммен толықтырылмаса, тіршілік процестері тоқтаған болар еді. Демек тағамның негізгі маңызы – тіндер мен мүшелерді құруға және кейбір органикалық процестерді реттеуге қажетті энергия мен пластикалық материалдарды жеткізу.

Тағам өзінің құрамына жеке қоректік заттарды кіргізетін, жануарлар мен өсімдіктер өнімдерінен тұрады. Тағамдық өнімдерде қоректік заттар организмде тотықтанған кезде босайтын, жасырын шоғырланған үлкен энергия қорлары бар. Сол заттардың кейбіреулері пластикалық материал болып келеді немесе реттеуші қызметін атқарады.

Қалыпты тамақтану организмнің дұрыс өсуі мен дамуын қамтамасыз етеді, сыртқы ортаның залалды әсерлеріне төтеп бергіштігін жақсартады, функциялық мүмкіндіктерінің дамуына, қызметтік қабілеттілігінің көтерілуіне және өмірінің ұзаруына септігін тигізеді [1, 156 б.].

И.П. Павлов организмдегі химиялық теңгерімді реттеуші тамақ орталығы туралы ілім құрды. Тамақ орталығы үлкен жарты шар тәрізді мидың қыртысында орналасқан. Ол жерден шығатын эфференттік жолдар ас қорытатын мүшелердің моторлық және сенсорлық аппараттарына барады және тәбет жасай отырып, оның күйіне әсер етеді. Тамақ орталығы қанның химиялық құрамының өзгеруілерінен және дененің түрлі учаскелерінен, сонымен қатар, мидың басқа да орталықтары жағдайларына байланысты пайда болатын тітіркеністер нәтижесінде қозады немесе тежеледі.

Зат, энергия алмасу және асқорыту процестері жөніндегі физиологиялық және биохимиялық зерттеулер, өзінің ғылыми және іс-тәжірибелік қорытындыларын құратын тамақтану гигиенасының фундаменти болып келеді.

Тамақтану гигиенасының мақсат-міндеттеріне бірқатар іс-тәжірибелік мәселелерді шешу жатады: қажетті тәуліктік калориялардың, нәруыздардың, майлардың, көмірсулардың мөлшері қандай болатынын, солардың ішіндегі қайсысы ең пайдалы екені, дәл осы немесе

басқа бір тағамдардың адамның дәмдік талаптарын көбірек қанағаттандыра алатындығы, өздерінің қоректік құндылығын сақтауы және тамақтың сіңуі үшін қалай дайындауды керек ететіні. Сонымен қатар, гигиенаның мақсатына – азық-түліктердің сапасын, сақтау жағдайларын, тасымалдануын, кулинарлық өңделуін бақылау да жатады.

Тамақтануға мынадай гигиеналық талаптар қойылады: тәулік бойы тамақты қабылдау тәртібін сақтау; жастық, кәсіптік, қызметтік ерекшеліктерге, климаттық жағдайларға, тұрмыстық дағдыларға және қалыпты асқорытуға септігін тигізетін тамақ қабылдауға жағдайлардың болуы.

Тағамның қажетті мөлшері не салмағымен, не көлемімен, не тәбетпен анықталмайды, өйткені бұлар оның құнарлылығын сипаттамайды. Тағам мөлшерінің жалғыз дұрыс критерийі – үлкен калориямен немесе килокалориямен өлшенетін энергетикалық құндылығы. Пакеттің калориялығы тәуліктік энергия шығынын толық жабуы керек.

Энергия көзі болып нәруыздар, майлар және көмірсулар есептеледі. Организмде олар тотықтанғанда 1 гр тағамдық заттардан 4,1; 9,3 және 4,1 ккал энергия босайды. Майлармен көмірсулар - көмірқышқыл газы мен суға дейін тотықтанады, ал нәруыздар толық тотықтанбайды.

Келтірілген калориялық коэффициенттер сіңген тағамдық заттар мөлшеріне қатысты (М. Рубнер анықтаған) тағамның *нетто-калориялығын* (сіңетін калориялық) сипаттайды. Тағамдық азық-түліктің химиялық құрамы тұрғысынан есептелген калориялық, *брутто-калориялығын* (жалпы калориялық) сипаттайды. Тағамның энергетикалық құндылығын *нетто-калориялығымен* анықтау ұсынылады, дәлірек айтқанда, оларды тәуліктік энергия шығынының мөлшерімен тура салыстыруға болады. *Брутто-калориялығымен* көрсетілген пакеттің калориялығын тәуліктік энергия шығынымен салыстырғанда 10% төмендету керек (әдеттегі аралас тамақтануда). Пакеттің *нетто-калориялығын* анықтау үшін, тәуліктік рациондағы тағамдық заттардың мөлшерін тиісті калориялық коэффициенттерге көбейту арқылы табады.

Жалпы энергия шығыны

Тәулік бойындағы жалпы энергия шығыны организмнің тыныштық күйдегі энергетикалық шығынын (бөлменің қалыпты температурасында, аш қарынға, таңертең анықталады) сипаттайтын негізгі алмасудан, ас қабылдау мен еңбек әрекеттеріне жұмсалатын қосымша энергия қосындысынан құралады [2, 256 б.].

Негізгі алмасу ішкі мүшелердің, тыныс еттерінің және қаңқа еттерінің тонусын ұстап тұруға бағытталған зат алмасумен жасалады. Қаңқа еттері мұнда жетекші рөл ойнайды.

Негізгі алмасу бірқатар факторларға, ең алдымен, дене салмағына және оның сыртқы аумағына тәуелді. Дене массасы көбейген сайын жылу жоғалту көрсеткіші, демек тамаққа деген қажеттілік көтеріледі. Алмасу энергиясы салмақтан гөрі, дене аумағына көбірек тәуелді.

Тамақ ішу асқорыту процесімен және ас ішуге қатысатын еттер жұмысымен байланысты энергия алмасуын көтереді. Тотықтану процесі нәруыздық тағамды қабылдағанда негізгі алмасуды 30-40%, майларды қабылдағанда 4-14%, ал көмірсуларды қабылдағанда 4-7% күшейтеді. Бұл *тағамдық заттардың арнайы динамикалық* әсері деп аталады. Әдеттегі аралас тамақтануда (ішіндегі нәруыздар, майлар және көмірсулардың арақатынасы дұрыс болған жағдайда), негізгі алмасу 10-12% жоғарылайды. *Дене жұмысымен, спортпен шұғылданумен* байланысты еңбек – тәуліктік энергия шығынын көтеретін маңызды фактор; ой жұмысы алмасуды шамалы ғана көтереді. Энергияның жалпы алмасуында қаңқа еттерінің үлесіне 45%, жүйке жүйесінің үлесіне 2-5 %, қалғаны ішкі мүшелердің үлесіне тиеді деп есептеледі. Жай отыру алмасуды 12-15 %, тік тұру 20%, баяу жүріс 80-100 %, жүгіріс 400 % көтереді. Қарқынды спорттық жаттығулар кезінде энергия шығыны, тыныштық күймен салыстырғанда, 10-20 есеге көбейеді.

Дененің ширығулары кезіндегі алмасудың көтерілуі жұмысшы бұлшық еттердегі тотықтану процестерінің күшеюімен байланысты. Бұл процеске организм тұтас

жұмылдырылады. Шартты тітіркендіргіштер әсерлерінен, қаңқа еттерінің шартты тыныш күйінің өзінде зат алмасуы жоғарылайды. Мысалы, жарыс алдындағы эмоционалдық күйге зат алмасуының көтерілуі байланысты. Жақсы машықтанған спортшы тек осы қимылды іске асыруға қажетті бұлшық еттерді қатыстыра алатын мүмкіндігінің арқасында, энергияны аз жұмсайды [3, 400 б.].

Тамақтың калориялығы зертханалық әдіспен анықталады. Мұнда күні бойы қабылданған барлық тағамды химиялық талдауға жатқызады да, табылған нәруыздар, майлар, көмірсулар мөлшерлерін олардың калориялық коэффициентіне көбейтеді (4,1; 9,3; 4,1). Көбейтінділерін қосады да, паектың калориялығын нетто-калорияда айқындау үшін, сіңімділігіне бағасын кеміте отырып, табылған қосындыдан 10% алып тастайды. Соңғы дәрежені энергияның тәуліктік шығынымен салыстырып, энергия алмасуының балансы туралы пікір туғызады: энергияның келуі мен кетуінің арасындағы теңдік, тамақтың толық жарамдылығының сандық сипаттамасын көрсетеді.

Артық және кем тамақтану

Тамаққа жарымағандық салмақтың түсуіне, арықтауға, тіндердің цистрофиялық өзгерістеріне, жұмыс істей алу қабілеттілігінің, организм реактивтілігінің, ауруларға төтеп бергіштігінің төмендеуіне, ол балалардың өсуі мен дамуының баяулауына әкеледі. Тамаққа ұзақ уақыт жарымағандықтың салдары асқорыту мүшелері қызметтерінің әлсіреуімен, ойлай алу қабілеттілігінің төмендеуімен білінеді. Салмақ 40-45 % жоғалса, организмнің тіршілігі тоқтайды. Тамақ тапшылығы бала жаста өте қауіпті. Артық тамақтанудың, әсіресе, егде жаста, кем тамақтанудан зияндылығы аз емес. Артық тамақтанудың әдеттегі салдары – тері астында, іш құрсағы қуысында және түрлі мүшелер мен тіндерінде май шамадан көп жиналады. Майдың жиналуы салмақтың едәуір көбеюіне әкеледі, қимыл қозғалыстарды, тыныс алуды қиындатады, жүрек-қантамырлар жүйесінің, бауырдың, асқорыту мүшелерінің жұмысына теріс әсер етеді, жұқпалы ауруларға қарсы тұруды төмендетеді және ерте қартаюға себеп болады. Семіз адамдар аурушандығы арық адамдар аурушандығынан 75% жоғары. Түрлі аурулардан, әсіресе, 40-45 жастағы адамдарда өлім де көп. Орта және егде жастарда біршама арықтық жастың ұзақтығына және өміршендікке оң әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Алиакбарова З.М. Мектеп жасындағы балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасының негіздері. – Алматы, 1993. –156 б.
2. Демеуов Ж.Д. Мектеп жасына дейінгі балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
3. Дүйсембин Қ., Алиакбарова З. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы. – Алматы, 2003. – 400 б.

К.А. Айдарбекова
Г.А. Амангелді
Қарағанды қ. (Қазақстан)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

«Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» экономиканың және азаматтардың әл-ауқатының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту үшін оны түбегейлі жаңғыртуды көздейді [1]. Сондықтан қазіргі

таңда қоғам алдында қойылып отырған басты міндеттердің ең бастысы – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, әлемдік деңгейге сәйкес келетін, болашақ ұрпағымызға сапалы білім беруге мүмкіндік жасау. Қоғамда жүріп жатқан демократиялық өзгерістер болашағымыздың білімінің сапасымен, саяси санасымен, жоғары белсенділігінің дәрежесімен өлшенеді.

Бастауыш сыныпта балалардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы түсінігін тереңдете отырып, олардың өзара қатынасын ажырата білуге баулу көзделеді. Мектепке алғаш келген балалардың тіл дамыту оқу іс-әрекетінде өздеріне жоғары талаптар қоя бастайды. Олар: сюжет желісін бұзбай жеткізу, ол әртүрлі тілдік құралдарды орнымен қолдана білу, таным үрдісінде сөздік қордың мазмұнының тереңдігі, т.б.

Тілдің негізгі өлшемі – сөздік қор. Ал сөздік қор дегеніміз – тілдің құрамының ең тұрақты, талай ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан, жалпы күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын халыққа ортақ сөздер жиынтығы. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беріледі.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қоры оның құрбыларымен, үлкендермен еркін қарым-қатынас жасауға, мектепте табысты оқуға қол жеткізуге, балаларға арналған телехабарларды түсінуге ықпал ететіндей болуы керек. Сондықтан да тіл дамытуда балалардың сөздік қорын байыту негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың сөздік қоры бірден байып, дамып кетпейді. Бұл – өте ұзақ, күрделі үдеріс. Баланың неғұрлым сөздік қоры көп болып, ойлау қабілеті жақсы жетілсе, білімді терең де тез үйренеді.

Проблемалық оқыту технологиясы – бұл проблемалы жағдайларды, балалардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыруға негізделген технология. Проблемалық оқыту технологиясы кезінде тәрбиешінің жетекшілігімен проблемалы жағдай жасалып, балалар оны шешуге белсенді түрде қатысады, өз пікірлерін ашық, еркін жеткізеді. Балаларға білім даяр күйінде бермей, олардың алдына проблемалы міндет қойып, оны өздеріне шеше білуге бағыттау – күрделі мәселе. Бұл кезде ақыл-ой операциялары, белсенді ойлау қызметі іске қосылады, танымдық қызығушылық оянады. Осы тұста «қалай?», «неге?», «не себепті?» деген сұрақтар туындайды. Сондықтан оқытуды белсендіру идеясын ғалымдар әртүрлі аспектіде қарастырды. Мысалы, М.А. Данилов, М.Н. Скаткин, И.Т. Огородников оқыту үрдісін белсендірудің теориясын жасаса, балаларды қиындатыла түскен дәрежеде оқыту теориясын Л.В. Занков, мазмұндық қорыту теориясын В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, проблемалық оқыту теориясын М.И. Махмутов, И.Я. Лернер, А.М. Матюшкин, В. Оконь, В.И. Загвязинский, Д.В. Вилькеев т.б. эксперимент түрінде және теориялық жақтан зерттеді.

Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау, т.б.) мен балалардың ізденіс әрекеттерінің заңдылықтарын ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тәсілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі [2].

М.И. Махмутов проблемалық және дәстүрлі оқыту арасындағы негізгі айырмашылық педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың мақсаты мен қағидасы жағынан деп көрсетеді. Яғни, проблемалық оқыту проблемалық қағидасын ескере отырып жасалған оқытудың қазіргі үдерісі.

В.И. Загвязинскийдің пікірінше, проблемалық – адамның таным әрекетінің мазмұны мен формасын анықтайтын қағида [3].

Проблемалап оқыту әдісін жүргізу дидактиканың заңдылықтарына байланысты мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Проблемалық ахуалдар туғызу жолын алдын ала дайындау.
2. Проблемалық сұрақтарды грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс құру.
3. Проблемалық мәселелерді шешу амалдарын күні бұрын дәл белгілеу.
4. Проблемалық сұрақтардың теориялық анықтамасын заңды түрде дәлелдеу.

5. Проблемалық мәселелердің дұрыс шешілгендігін тексеру, тиісті қорытындылар жасау.

Дәстүрлі оқыту әдісі бойынша педагог сабақ тақырыбын хабарлайды, мазмұнын түсіндіреді, есептер шығартады, талдау жүргізеді, қорытынды жасайды. Ал, балалар педагогтың әңгімесін тыңдайды, тапсырмаларды орындайды. Мұнда игеруге тиісті оқу мазмұны күні бұрын дайындалған күнінде балалардың қабылдауын талап етеді. Мұндай оқыту жүйесі репродуктивтік немесе дайын білім беру әдісі деп аталады.

Проблемалық оқыту әдісінің екі түрлі айырмашылығы бар: біріншісі, оқыту мақсатына байланысты, мұнда оқу материалының мазмұны зерттеледі, ол белгілі бір дәрежеде қорытылады. Нәтижесі практикада сыналып, оқу бағдарламаларына, оқулықтарға және қосымша оқу құралдарына жазылады. Екіншісі, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру қағидасы тұрғысынан қарастырылады. Бұл кезде әдебиеттерде дайындалып көрсетілген білім мазмұнының көшірмесін қайталап өз қалпында түсіну талап етілмейді.

Проблемалап оқыту әдісінде мұғалім кейбір теориялық материалды баяндай отырып, тақырыпқа байланысты мәселелерді балалардың өздерінің шешуіне жағдай жасайды, яғни проблемалық ахуал туғызады. Демек, дәстүрлі оқыту жүйесінде балаларға ғылымның дайын қорытындылары берілсе, ал проблемалық оқытуда бала жаңа білімді оқу-танымдық ізденіс әрекеті арқылы игереді.

Проблемалық сабақтың құрылымын қарастырайық. Сабақ құрылымы тақырыптық және сабақ жоспары негізінде құрылады, сабақтың логикасын болжайды. Құрылым деп объектіні функциялау процесінде туған құбылыс элементтері арасындағы өзара қатынас нұсқаларының әртүрлілігі түсіндіріледі.

Проблемалық сабақтың құрылымдық элементтері:

1. Оқушылардың бұрынғы білімдерін белсендіру;
2. Жаңа білімді және әрекет тәсілдерін меңгерту;
3. Білік пен дағдыларды қалыптастыру;

Бұл құрылым оқытудың негізгі кезеңдері мен қазіргі заман сабағын ұйымдастыруда көрінеді.

Оқу проблемаларының белгілері келесілер: проблемалық сипаттың болуы, субъектінің шешімді іздеуге дайындығы, проблемалық оқытуды жүзеге асыруда біркелкі емес жолдың мүмкіндігі.

Проблемалық сабақтың көрсеткіші ретінде оның құрылымында ізденістік әрекет кезеңінің болуы, яғни нақтырақ айтқанда соның дәл өзі проблемалық сабақ құрылымының ішкі бөлігі болып табылады.

Бірінші кезең. Проблеманы қабылдауға дайындық. Бұл кезеңде оқушылар проблеманы шешуге қажетті білімді белсендіреді, яғни керекті дайындықсыз олар шешім табуға кірісе алмайды.

Екінші кезең. Проблемалық жағдаятты құру. Алайда проблема оқушылардың жасы мен шамаларына сай және ол анық құрылған болуы керек.

Үшінші кезең. Проблеманы құру – бұл туылған проблемалық жағдаяттың қорытындысы. Бұл мұғалімнің оқушылар алдында қоятын танымдық тапсырмасы.

Төртінші кезең. Проблеманы шешу процесі. Ол бірнеше басқыштардан тұрады: а) болжамдарды ұсыну; ә) әрбір болжамды тексеру үшін шешу жоспарын құру; б) болжамды бекіту немесе теріске шығару;

Бесінші кезең. Таңдалынып алынған шешімнің дұрыстығын дәлелдеу, егер мүмкін болса тәжірибеде бекіту.

Мұғалім проблемалық оқытуды жүзеге асыруда сыныппен қарым-қатынасты оқушылар өз ойларын айта алатындай, дұрыс емес болса да өз болжауларын ұсына алатындай етіп орналастыруы керек. Әрбір болжам негізделген болуы мүмкін.

Сабақ кезінде проблемалық оқытуды кез келген кезеңінде қолдануға болады, алайда оқу материалының құрылымы мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне тәуелді әртүрлі жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға білім беруді дамыту Тұжырымдамасы //Қазақстан мектебі. №2, 2004.
2. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – Алматы, 1981
3. Проблемность в школьном обучении // под ред. В.И. Загвязинского. – Тюмень, 1974.

А.К. Бейсенбаева
Қарағанды қ. (Қазақстан)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасының 2019 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында бастауыш мектепте білім берудің маңыздылығын атай келіп, қазақ тілін оқытудың басты ұстанымдарын: «Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Осы сатыдағы оқу мен тәрбие оң уәжді қалыптастыруға, оқу қызметін білуі, оқу, жазу, санаудың берік дағдыларын үйренуге, тілдің қарым-қатынастық қарапайым тәжірибесіне, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан таныта білуге бағдарланады», - деп белгіленген [1].

Мемлекеттік тіл өмірді танудың, адамның ойлауына, елесіне, сезіміне белсенді әсер етудің ерекше құралы болып табылады.

Қоғам өміріне тіл мәселесінің саналы түрде араласуы, жеке адамнан бастап мемлекетке дейінгі деңгейде сан-салалы ықпал жасаудың мүмкіндіктерін қамтиды. Тіл сабақтары – кіші жастағы оқушыларды әдебиет әлеміне апаратын, сөз өнеріне баулитын баспалдақ. Балаларға ана тілінде тәрбие беру және оқытудың басты нысанасы тіл мәдениетіне бағытталуы тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту мәселесіне кезінде Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы т.б. ұлы педагогтар ерекше көңіл бөлген болатын. Бірақ, қазақ мектептеріндегі тіл дамыту мәселесі әсіресе, егеменді ел болғаннан кейін ғана ғылыми зерттеу пәніне айналды. Бұл жөнінде бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуға арналған С. Рахметова, Т. Әбдікәрімова, Г. Уайсова, Ә.Жұмабаева, С. Әбілдина сияқты т.б. ғалымдардың зерттеулері мен еңбектерін айтуға болады.

Сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі. Яғни, оның негізгі арқауы – тілдік норма. Ол тілдің ішкі жүйелері негізінде дамып қалыптасады. Тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі – сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, айтайын деген ойдың анық, әсерлі болуы – сөз синонимінің көп болуы.

Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру – бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Ертеңгі күнгі тіліміздің хал-жағдайын бүгіннен ойлап, алдымен ауызша сөйлеуге балаларды бірінші сыныптан бастап дағдыландыру арқылы ғана қазақ тілін таза күйінде сақтауға болады. Бұл қажет те. Бұл тұрғысында академик Р.Сыздықова былайша пайымдаған: «Қажеттіктің бір себебі – жалпы мәдениетіміздің, оның ішінде тіліміздің әлеуметтік қызметінің дамуында болып отыр. Сол дамуға талаптың да күшеюінде болып отыр. Бұл – бір. Екінші жағынан, бұрынды-соңды қазақша тіл, сөйлеу мәдениеті деген

мәселелер қазіргідей белгілі бір мақсат көздеп, кең түрде жан-жақты сөз болған емес. Сондықтан кезегі жеткен жайт болып отыр. Үшінші бір себебі, жасыратыны жоқ, ауызша сөйлеу практикамызда не білместіктен, не немқұрайлылықтан, не өзге себептерден қабақ шыта қынжылар кейбір ақаулар етек алып бара жатқандығынан болып отыр» [2, 37 б.].

Сөйлеу мәдениетін меңгерген оқушы ауызша болсын, жазбаша болсын тілдің негізгі заңдылықтарын қолданады. Бұл жөнінде Ф.Ш. Оразбаева былайша ой қорытқан: «Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл – тілді қолданудың тәжірибелік көрінісі. Сол себепті оқушы тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс» [3, 143 б.].

Сөйлеу мәдениет қалыптастыру теориясын басшылыққа ала отырып, бастауыш сынып оқушыларына әдістемелік тұрғыдан түрлі тапсырмалар беруге болады:

1. Берілген сурет бойынша мәтін құрастырыңдар.

Тапсырманың мақсаты: Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту, сөздік қорын жетілдіру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырманың тиімділігі: Оқушылар суреттегі оқиға желісін анықтап, соның негізінде мәтін құрастырады.

Тапсырманың маңызы: Оқушылардың байқағыштық қабілетін жетілдіріп, олардың қиялын дамыту.

2. Берілген жұмбақты шешіп, жауабын суреттеп беріңдер.

Тапсырманың мақсаты: Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту, ойлауын жетілдіру, кез келген затты суреттеп беруге үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырманың тиімділігі: Оқушылар заттарды дәл, дұрыс суреттеуді үйренеді, осыған орай олар сөйлем, мәтін құрастыруға дағдыланады.

Тапсырманың маңызы: оқушылар бір-біріне сұрақтарды дұрыс қоюға дағдыланады, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйренеді, оқушылардың затты суреттеу арқылы қиялын дамытады.

3. Тірек сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар. Сөйлемдерден мәтін құрастырыңдар.

Тапсырманың мақсаты: Оқушылардың ауызша, жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырманың тиімділігі: Оқушыларды тірек сөздерді дұрыс қолдануға үйретеді, осыған орай олар сөйлем, мәтін құрастыруға дағдыланады.

Тапсырманың маңызы: оқушылар тірек сөздерден сөйлем, мәтін құрастыруға дағдыланады, оқушылардың ауызша, жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытады.

4. Мақалдардың жалғасын табыңдар, мағынасын түсіріңдер.

Тапсырманың мақсаты: оқушылардың көркем образды сөйлеуге жаттықтырып, сөздік қорын дамыту.

Тапсырманың тиімділігі: оқушыларға терең ой салып, ұшқыр ойлауға үйретеді, көркем сөйлеуге баулиды.

Тапсырманың маңызы: оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын, ақылын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамытады.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бойынша төмендегідей тұжырымға келдік:

1. Тіл сабақтарында күнделікті қолданған сөйлеу мәдениетін қалыптастыру тапсырмалары оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, сабақ үстінде белсенділіктерін арттырды.

2. Ауызша сөйлеу дағдыларын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында әрбір тақырыпқа сәйкес тапсырмалар берген жөн. Бұл оқушылардың тілдік материалдарды сапалы меңгеруге әсер етеді.

3. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру сабақтары арқылы оқушылардың тілдік қарым-қатынасқа еркін түсу қабілеттерін арттырады.

4. Диалогті оқыту, интерактивті әдістер арқылы оқыту, кейс технологияларын негізге алған сабақтар оқушылардың сөздік қорын байытып, әр сөздің мағынасын жете түсінуге мүмкіндік береді.

5. Ауызша сөйлеу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға арналған арнайы сабақтар оқушылардың тілін дамытып, олардың диалогтік және монологтік сөйлеу қабілеттерін арттырады.

6. Оқушылардың өз пікірін дәлелді жеткізу дағдыларын қалыптастыру мақсатындағы шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ойын көркем де түсінікті айту дағдыларын жетілдіреді.

7. Жаңа инновациялық технологияларға негізделген тапсырмалар да оқушыларды өзара белсенді түрде қарым-қатынасқа түсуіне оң әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - adilet.zan.kz/kaz/doc

2. Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы, 1983. – 180 б.

3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатысым және тілдік қатысымды оқытудың негіздері. – Алматы, 1996. – 200 б.

4. Әбілдина С.Қ. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы және технологиясы. Қарағанды: – ҚарҒТАО, 2005. –175 б.

5. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі: п.ғ.к. ... дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. –Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1998. – 26 б.

Н.Ж. Болатбекова

Р.А. Бегалы

Астана қ. (Қазақстан)

СТУДЕНТТІҢ ТАНЫМДЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылғаннан бері қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер оның барлық салаларымен қатар жоғары оқу орнында білім беретін оқытушылар мен білім алушы студенттердің танымын жетілдіруге деген талаптану деңгейін туғызды. Жаһандану жағдайында оқытушылар мен болашақ маман иегерлерінің белсенділік әрекетінің көрінісі байқалады.

Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Сондықтан да студенттердің танымын жетілдіру жолдарын әдіснамалық-теориялық тұрғыда негіздеу және оны жүзеге асыруды әдістемелік жүйемен қамтамасыздандыру өзекті мәселе.

Яғни, қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі тұр. Білім беру жеке тұлғаға бағытталып, педагогикалық үрдісте шәкіртті үнемі даму үстіндегі әрекет иесі – субъект ретіндегі орынға қойып отырғаны

белгілі. Осындай мәселелердің шешімін табуда болашақ мамандарды дамыта оқыту мәселесінің өзектілігі айқындалады.

Студенттің танымдық әрекетін басқару мен ұйымдастыру, әсіресе дәрістік сабақтарға арнайы әдістемелік кешендер және дидактикалық нұсқаулар қолдану өте тиімді.

Оқыту барысында нақты семинар немесе дәріс деп бөлмеген дұрыс, ең қолайлы термин – «сабақ». Сабақ формасын таңдау – әр оқытушының құқығы мен міндеті. Бірақ барлық оқыту процесі оқытушы мен студент арасында тығыз байланыста және интерактивті жағдайда болуы керек.

Кредиттік технология негізінде оқыту ұсынады:

- белгілі бір негізгі білім бойынша шешім қабылдау дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеті мен қиялын жетілдіру;
- тұлғаның даму ерекшеліктері негізінде ойлауды жүйелі дамыту;
- жекелік және топтық жағдайда білімді меңгеру;
- түрлі білім саласы негізінде танымдық деңгейлерін синтездік бақылау;
- эмоционалды қарым-қатынас стилі;
- оқытушылардың позициялары мен рөлі – ұйымдастырушы және көмекші (аналитикалық, бағыт-бағдар беруші).

Оқыту міндеттері:

- белсенді іс әрекетті-(мобильді) тұлғаны қалыптастыру;
- жағымды позицияда тәрбиелеу;
- коммуникабельдікті дамыту;
- бизнес-мәдениетті меңгеру;
- кәсібилік;
- өз пікірі мен ұстанымының болуы.

Кез келген сабақ құрылымы саналы және жүйелі түрде оқытушының қандай мақсатқа жеткісі келетіндігі айқын болуы керек. Қойылған мақсатқа жетудің құралдары айқындалып, содан кейін ғана оқытушы мақсатқа жету үшін қандай әрекет жасауды айқындайды.

Әр сабақ – бүтін оқу үрдісінің тіркесі. Сондықтан да кез келген сабақ 3 деңгейге сәйкес болуы керек:

1. Қабылдау, түсіну, меңгеру.
2. Білімді үлгі бойынша қолдану.
3. Білімді жаңа ситуацияда қолдану.

Сабақтың нәтижелі өтуі оқытушының сабаққа дайындық деңгейіне байланысты. Дайындықтың өзі сабақтың пәнаралық байланыс бойынша бірізділігін жоспарлайды.

Сабаққа дайындық барысында мынандай жағдайларды нақтылау керек:

- студент нені меңгеруі тиіс;
- оқылатын білім шеңбері қандай басқа пәндермен байланысты;
- материалды қалай ұстау керек;
- студенттерге нақты түсінікті материалды жеңіл меңгеруі үшін қойылатын сұрақтардың мәнділігі.

Сабақты төмендегідей жағдайда ұйымдастыруға болады:

- материалды ұсыну барысында «негізгі тірек» сөздерге назар аудару;
- аналитикалық жағдайларға баса назар аудару, түрлі факторлардың өзара байланысы;
- студенттердің қызығушылығын ояту;
- ашық сұрақтар қою;
- бағдарлы шолу мен қорытынды жасау.

Ол үшін студенттің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін сабақ барысында басты қағида ретінде ұстану керек. Себебі, жаңа пәндердің пайда болуы, оқу мазмұнына шығармашылық тапсырмалардың енуі, арнайы педагогикалық әдістемелер, технологиялардың қолданыла бастауы, жоғары оқу орындарында кредиттік білім беру жүйесі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне үлкен мүмкіндік береді.

Шығармашылық педагогикасына байланысты философиялық ойларға, теориялық еңбектерге, зерттеулерге талдау жасау арқылы нақты жағдайларда шығармашылық іс-әрекеттің төмендегідей белгілерінің көрінетіндігі айқындалды:

- білім, білікті жаңа жағдайларда өз бетінше қолдана алуда;
- объектінің жаңа қызметін көре білуде;
- таныс әрекет түрлерін өздігінше құрастыру арқылы жаңалық жасауда;
- мәселені шешудің қалыптан тыс жолдарын ашуда.

Бұл шығармашылық күш-қуаты жаңа жағдайға сәйкес әрекет түрлерін өзгертуге, білім, білікті жаңа жағдайға тасымалдауға көмектесетін, ақылдың алғырлығы, ойдың оралымдылығы, өнертапқыштық, жаңалыққа ашықтық деп қорытынды жасауға негіз болды. Жеке тұлғаны адамзат баласының тәжірибесін өз әрекеті арқылы үйрену жағдайына қою – өзін-өзі тану, өзінің ішкі ақыл-ой, рухани күштерінің оянуына әкеледі.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес, жаратушы да. Ол өзін-өзі жетілдіруге де, сонымен қатар өзінен-өзі жойылуға да қабілетті. Адамның өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру – білімнің басты мақсаты. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Шығармашылық сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. «Шығармашылық» – рухани жаңару және материалдық құндылықтарды жасау жолындағы адам әрекетінің нәтижесі, жемісі. Демек, шығармашылық ұғымын бұрын болмаған жаңа нәрсені әрекет нәтижесінде тудыру, яғни жеке тұлғаның шығармашылығының туындысы деп және жеке тұлғаның қабілеті ғылым, өнер, білім, өндірісі, техника, тұрмыс мәдениеті, саясат және т.б салаларда жаңалық ашу, жаңаны жасау деп түсінеміз.

Студенттің шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты – бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапаны қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады.

Сонымен бірге студенттердің танымдық деңгейін дамытуда сын тұрғысынан ойлау әдісінің маңыздылығы зор екендігін байқауға болады. Сын тұрғысынан ойлауға американдық профессор Дэвид Клаустер төмендегідей анықтама береді. Оның анықтамасы бес пункттен тұрады:

1. Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес, ойлау өзіндік сипатта болуы қажет. Ең негізгісі – оқушы нені ойлау керектігін өзі шешу керек.

2. Берілген ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңы емес, бастапқы пункті болып табылады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген шикізаттарды өңдеу керек болады. Тек сыни тұрғыдан ойлаудың арқасында дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз әрі өнімді бола бастайды.

3. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Америка педагогі әрі философы Джон Дьюи «сыни тұрғыдан ойлау оқушылар тек нақты бір мәселемен айналысқанда ғана пайда болады. Мәселелерге ерекше көңіл аудару оқушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді».

4. Сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды, дәлелге ұмтылады. Бұлай ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімді негізі бар саналы дәлелдермен нақтылай түседі.

5. Сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі, әрі шыдамдылық, басқаны тыңдай білу және өз көзқарасына деген жауапкершілік секілді өнімді ой алмасуға өте қажет болатын сапалы өңдеулер жүріледі. Сын тұрғысынан ойлау әдіснамалық жағынан философияға негізделіп құрылса, оны жүзеге асыруда жүздеген стратегиялар қызмет атқарады.

Сыни ойлау әдісінің сабақты жүргізу құрылымы дәстүрлі құрылымнан өзгеше болып келеді. Мұнда:

1. Ой шақыру стратегиясы немесе қызығушылығын ояту (мотивация)

2. Мағынаны тану (жаңа ақпарат)

3. Ой толғанысы немесе ой қорытындысы (рефлексия) деп аталатын үш құрылымынан тұрады. Әр кезеңде жеке, жұпта, топта, ұжымда жұмыс жасалады.

Оқу іс әрекетіне қызығу туғызу, ояту – EVOCATION. Бұл саты – танымдық іс әрекетті қалыптастыруда маңызды. Яғни, студенттер сабаққа белсене араласады, осы тақырыпқа байланысты білетіндерін пәнаралық байланыс негізінде еске түсіреді. Өз білімін талдауға ынталы болады. Бұрыннан білетінін жаңамен байланыстырады. Студент өз білімінің, ұғымының арқасында жаңа ұғым жасайды. Бұрынғы білімінің негізінде жаңа білім алады.

Меңгерген білімін реализациялау сатысы – REALISATION. Мағынаны ұғыну, сабақта студенттердің белсенділігін арттыру жалғаса береді. Өз білімдерін, түсініктерін жазады, айтады. Жауаптарды өз ақпараттарына сүйеніп іздейді. Өзінің жеке түсінігін береді. Студенттерде оқу әрекетіне деген қызығу туады және өз пікірлерін қалыптастыруға үйренеді.

Рефлексиялық саты – REFLECTION. Өз іс-әрекетін, оның нәтижелерін ұғыну, түсіну. Өз түсініктерін дамытып, ақпараттарды өңдейді.

Оқытушы бұл модель бойынша төмендегідей нәтижелерге жетеді:

1. Оқытуда мақсат қояды.

2. Студенттерді жаңа ақпаратпен қамтамасыз етеді.

3. Тақырыпты меңгеруге студенттерді белсене араластырады.

4. Пікірін алмасуға ынталы болады.

5. Жақсы пікірсайыс туындайды.

6. Оқу мотивациясы жоғарлайды.

7. Рефлексияға дем беріледі.

8. Студенттерге түрлі пікірлер айтуға мүмкіндік беріледі.

9. Студенттерге сұрақ қоюға, оны талдауға, өз түсінігін қалыптастыруға дайындалады.

10. Студенттердің ақыл-ой белсенділігі артады.

Сыни ойлау технологиясын пайдалану болашақ маманның танымдық деңгейі мен біліктілігін жетілдіруде негізгі күш болып табылатындығы сөзсіз. Студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат – қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау.

Сабақ барысында студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастыруда білім берудің жаңашылдық сипатына сәйкес, білім мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, технологияларын, оған қатысушы субъектілердің бағытын, білімдік ортаны өзгерту арқылы ғана мүмкін болатындығына көз жетті.

Әдебиеттер

1. Байденко В.И. Болонский процесс: поиск общности европейских систем высшего образования (проект TUNING). – Москва-Астана, 2006. – 94 с.
2. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М., 1990. – 125 с.
3. Меерович М.И., Шрагина Л.И. Технология творческого мышления. – Минск, 2003-19-25 с.
4. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. – М., Академический проект, 2004. – 560 с.

**Н.Ж. Болатбекова
Г.У. Кенжегузина
Астана қ. (Қазақстан)**

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ТӘРБИЕСİNДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖҮЙЕСІ

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықтың атқарар рөлі зор. Отбасы мектептің білім туралы заңды табысты жүзеге асыруындағы оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Сондықтан да қазіргі уақытта отбасы және мектеп арасындағы өзара ынтымақтастықты тереңдете отырып, әкелер мен аналардың бала тәрбиесіне байланысты жауапкершілігін арттыру қажет.

Қоғамдағы әр шаңырақтың босағасы берік, мерейі үстем болмай, мемлекетіміз мықты болуы мүмкін емес.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында былай деген: «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпыадамзаттық қадір-қасиеттердің мән-мағынасын түсінетін жаны да, тәні де таза, білімді патриот азаматтар тәрбиелеуге міндеттіміз» [1].

Отбасы – ошақтың үш тағаны сияқты, олар: әке, ана, бала. Үшеуінің бірлігі отбасының берекесі. Әрбір отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келді. Сондықтан ол – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта.

Отбасы – белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Онда бала алғаш рет өмір жолымен танысады, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Сондықтан үйелмендік өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Сынып жетекшісінің жұмысы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы болу. Өйткені, бала тәрбиесінің мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығының бірнеше формалары бар. Сынып пен отбасының байланысының басты формасы – ата-аналар жиналысы. Онда көптеген мәселелер, мысалы, күнделікті өмір, еңбек демалыс, оқушылардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу және тәрбие жұмысы, т.б. талқыланады, оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолдары қарастырылады.

Сынып жетекшілер мен ата-аналардың арасындағы байланыс тек жиналыс өткізу деп есептесе, қателеседі. Ата-аналар жиналысында оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы жайында сөз болады. Сол себепті ата-аналар сынып жиналысына аз келеді. Ата-аналар да жұмысбастылыққа салынып, бала тәрбиесіне көп көңіл бөле бермейді. Сол себепті мұғалім ата-аналар жиналысында осы проблеманы да «Сізді тәрбиелеймін» деп емес, сіздерге «көмек» деп түрлі формада өткізсе, баланы ата-анасы жақсы танып, кемшілікті дер кезінде түзер еді.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты – балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні – өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Мектеп өмірі – оқушы тұлғасын әлеуметтендіру мәселелері әріптестік педагогиканы талап етеді. Мектеп пен ата-ана, мектеп оқушылары бәрімен тығыз байланыста болғанда ғана ұрпақ тәрбиесі жемісті болмақ. Бүгінгі жас – ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылатыны анық [2].

Отбасы мен мектеп, ұстаз бен ата-ана, ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас жайлы мәселе – қашанда өзекті мәселе. Көп жағдайда осы мәселелерді күнделікті ағымдық проблемалардың аясында қарастырып, мән-маңызын төмендетіп алып та жатамыз. Оны шешудің жолдарын алыстан іздеп адасамыз. Шын мәнінде оны шешу жолдарын өзімізден, сіз бен бізден басталатынын естен шығарып аламыз. Ол екеуі бірікпей қоғамның саналы ұрпақ тәрбиелеуде жетістіктерге жете алмасы белгілі. Қазіргі де жан-жақтан технологиялық ақпараттар жаулаған заманда ұрпақ тәрбиесін мектеп пен мұғалімге жүктеп қойып бейқам жүрудің ертең өкінішке апарып соқтырмасына кім кепіл?

Жас ұрпақ – біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата-анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жиғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат – әрбір бала түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан-жақты дамуына ата-ана, мектеп жағдай жасауы керек [3].

Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, мектепке құштарлығы артады.

Мектеп, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған ойлардың жетегінде баласының алдында ғайбаттау сөздер сөйленетін болса, ол баланың мектеп, мұғалімге көзқарасы өзгереді. Оқу-үлгеріміне әсер етеді. Немқұрайлы қарап, үлгерімі нашарлайды. Ата-ана өз баласының ынтасын үйдегі тәрбие арқылы өзі жойып отырғанын білмейді. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 6 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата-ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Бір бөлшегі бұрыс жасалған ұшақты ұшырғаннан не пайда? Ол өзін де, өзгені де мерт етпей ме?.

Сонымен әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болуы үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына

үлгі-өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады.

Жасыратыны жоқ көп жағдайда ата-ана мен ұстаз арасындағы келеңсіздік жағдайларға куә болып қаламыз. Әрине, ата-ана баласының төмен баға алғанын, тәртіпсіз әрекет көрсеткендігін көріп жатады. Осындай жағдайларды болдырмас үшін мынандай жағдайларды есте ұстағанымыз жөн: мектептегі мұғалім бала үшін отбасында талдауға түспейтін «бедел» болуы тиіс.

Біріншіден, мұғалімнің қойған бағасы талқыланбайды. Ешқашан да балаға «Ой, ол неге саған төмен баға қойды, мен ертең барып сөйлесе қояйын» деп айтуға болмайды. «Төмен баға алдың ба, демек дайындалмай барғансың. Ертең жақсылап оқып барып, бағанды түзейсің» деу керек. Тіпті, балаңыздың бағалары төмендеп кеткенін байқасаңыз, балаңызға білдірмей барып мұғаліммен сөйлесіңіз. Бірақ, сөйлескенде де, «Неге менің балама төмен баға қоясыз?» деп бас салмай, «Баламның сабағы қалай болып жүр өзі? Үлгерімі қалай?» деп сұрасаңыз, мұғалімнің де сізге айтар назы бар екенін ұғасыз. Өйткені, баланың үлгерімі тек мұғалімге ғана емес, ата-анаға да байланысты.

Екіншіден, ешқашан баланың көзінше мектепте жиналатын ақша туралы әңгіме қозғамаңыз. Бала үшін мектеп білім ордасы болып қалуы керек. Ақша жинауға қатысты дауларыңызды директордың кабинетінде шешуге тырысыңыз. Ол жаққа балалар кіре бермейді. Әрине, баланы өмір бойы мектеп бір тиын алмай оқытып жатыр деп алдай алмайсыз, бірақ тым құрыса бастауышты алаңсыз бітірткізуге тырысыңыз.

Үшіншіден, көп ата-ананың қатесі, жақсы бағаны ақшаға сатып алуға болады деп ойлайды. Яғни, баласы мұғалім төмен баға қойғанын, ал екінші бір балаға керісінше, жоғары баға қойғанын айтып шағымданғанда оны қолдай кетеді. Келесі жолы балаңыз жақсы баға алу үшін мұғалімге сыйлық жасау жеткілікті деп сеніп алып, сабаққа салғырт қарап кетсе, өзіңізден басқа ешкімді кінәлай алмайсыз. Бір жағынан, балада «мен бәрін білем, тек лайықты баға алмай жүрмін» деген жалған түсінік қалыптасу қаупі бар екенін де естен шығармаңыз.

Төртіншіден, әрине, жаңа жыл, ұстаздар күні, сегізінші наурызда мұғалімдерге сыйлық жасау салт болған. Бірақ, меніңше, бағалы сыйлық балаларға білдіртпей жасалуы тиіс. Тіпті білдірген жағдайда да, ол сыйлықтың бағасы, құны баланың көзінше әңгіме болмауы керек. Керісінше, балаға ұстазды өз қолымен жасаған ашық хатпен де қуантуға болатынын үйреткен абзал.

Бесіншіден, мұғалімнің балаларға деген қарым-қатынасынан шикілік байқасаңыз, оны жылы жауып қоя салудың қажеті жоқ.

«Баланың білім алуына, азамат болып қалыптасуына мектеп те, ата-ана да жауапты екені сөзсіз. Бірақ өкінішке қарай, бүгінде ата-ананың жауапкершілігі жоқ. Қазіргі кезде «мектепке бердім, тәрбиесімен ұстаз айналыссын» деген немқұрайлы пікірмен баласын мектепке беріп, ары қарайғы тәрбиесіне мән бермей, ақша табу жолына түсіп, баланың тек материалдық жағдайын ойлайтын ата-аналар көбейді.

Кейбір отбасылар баланы киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуді ғана өз міндеттеріне алып, тәрбие мен білім беру ісін мектеп мойнына жүктейді. Енді біреулері баласын орынсыз сөгіп, көңіліне қаяу түсіріп жатса, бірі «адам болар бала өздігінен оқып үйренеді» дегенді алға тартады. Мұндай теріс түсініктер баланың келешегіне зиян келтіреді. Ал, орынсыз балағаттап, баланың абыройына нұқсан келтіру ата-ананың бала алдындағы, қоғам алдындағы беделін төмендетеді.

Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін мұндай олқылықтардың алдын алу үшін ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар қай кезде де бірлесе отырып жұмыс жасауы керек. Адамның адамшылдығы жақсы ата-ана мен білікті тәрбиешіден. Тәрбиенің таразы секілді екенін ескерсек, екі басының тең түсуіне көп көңіл бөлген абзал. Тәрбие ісіндегі ең басты жауапкершілік өздерінде екендігін ұмытып, баласының мінез-құлқы үшін қоғамға кінә артатын ата-аналардың кездесіп жататыны өкінішті-ақ. Бүгінгі кейбір жастарымыздың бойындағы келеңсіз қасиеттер мен жағымсыз мінез-құлқтардың қалыптасуына осындай жауапсыз ата-аналардың кемшілігі де

өз әсерін тигізбей қоймайды дер едік. Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі жаңа заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты.

Отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Ал, тәрбие қоғамдық құбылыс болғандықтан, оны қоғам талаптарынан тыс ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл тұста үштік одақ: мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер жұмысындағы өзара сабақтастық және ынтымақтастық өз үйлесімін табуы тиіс [4].

Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы әріптестік педагогиканы талап етеді. Яғни, мектеп пен ата-ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие процесі өз жемісін нәтижелі бере бастайды.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген ел сенімін ақтап, ата даңқын шығарар, тәуелсіз еліміздің болашағын алға апарар білімді, парасатты ұрпақ тәрбиелеу ұлы парызымыз деп білейік. Балаларды саналы, сергек етіп тәрбиелеу – отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы, асыл мұраты.

Ата-ана отбасында баланың тамырын ексе, мектеп, ұстазбен бірлесе оның жапырақ жайып гүлденуіне жауапты болады, нәтижесінде балаңыз үлкен азамат болып жемісін береді! «Тәрбиенің негізгі тірегі – ата-ана мен ұстазы екенін ескере отырып, осы бағытта бірігіп жұмыс атқарайық!» дейміз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы, 2012 ж.
2. Минияров В.М. Психология семейного воспитания (диагностико-коррекционный аспект). – М.: МПСИ; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2000. – 256 с. (Серия «Библиотека школьного психолога»).
3. Фалькович Т.А., Толстоухова Н.С., Обухова Л.А. Нетрадиционные формы работы с родителями. – М.: 5 за знания, 2005. – 240 с. (Серия «Методическая библиотека»).
4. Дереклеева Н.И. Родительские собрания. 5-11 классы. – М.: ВАКО, 2004. – 240 с.

**Н.Н. Таңатқан
Қ.Б. Ершатов
Арқалық қ. (Қазақстан)**

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Елбасы білім беру саласына үлкен үміт артып отыр. Білім саласы – бүгінгі қоғамның басты қажеттілігі. Білімі мол азамат ғана қазіргі бәсекеге төтеп береді. Жас ұрпақты әуелі білімге құштар болуын қатамасыз ету керек. Жемісті болудың басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Сондықтан да, педагогиканың білім саласында дене тәрбиесіндегі алатын орны бөлек. Оқушылардың дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Педагогикалық өзара әрекеттестіктің қандайда басқа аралық ықпалдардан айырмашылығы: педагогтар мен тәрбиеленушілердің алдын ала ниеттенген байланысын көздейді. Осы қарым-

катынастың нәтижесінде екі тараптың да әрекет-қылығында, іс-әрекетінде және қарым-қатынасында өзгерістер пайда болады: шәкірт мұғалім ықпалынан өзгеріске түссе, шәкірттің кейбір әрекеттері мұғалімді де өзгеріске мәжбүрлейді.

Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширақ дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді. Дене тәрбиесіндегі педагогиканың мақсаты – қоғам тарапынан рухани қайта жаңғыру саласына қойылатын талаптар жиынтығы, яғни қоғамның педагогикалық жүйе алдына қоятын әлеуметтік тапсырысы. Ізгіліктілікке бағытталған педагогикалық үдерістің ақырғы нәтижесі – өз мүмкіндігін паш етуге, жаңалық ашуға ұқыпты, саналы да бірегей, қайталанбас біртұтас тұлға қалыптасуы.

Педагогикалық жүйенің әр кезеңінде әртүрлі нақты мақсаттар көзделуі мүмкін: еңбеккерлік қалыптасуы, сезім, эстетикалық талғам, дене мәдениеті, ақыл-ес дамуы қалыпқа келуі. Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі. Дене тәрбиесіндегі педагогиканың мәнді қасиеті болған біртұтастық жүйе құрастырушы екі жағдайдың іске асуынан пайда болады:

- педагогикалық үдерісте тәрбие, оқу-үйретім, даму міндеттерінің теңдей, бірігімді шешілуі;

- педагогикалық үдерісте барша негізгі де іргелі және дамып барушы іс-әрекет түрлерінің өзара ықпалды байланысқа келуі, яғни оқу-үйретім, еңбек, дене шынықтыру бірлігі [1].

Педагогикаға тән заңдылық: оны құрайтын элементтердің іштей бірлігі, олардың бір-біріне болған өзара үйлесімді ықпалы. Бұл тұрғыдан біртұтас педагогикалық үдеріс тәрбиеленушілер өмірін бағыттаушы және өзгеріске келтіруші педагогикалық мақсаттар, мазмұн, әдістер және формалардың ұйымдасқан жиынтығын білдіреді.

Жеке тұлғаның дене шынықтыру қалыптастыру әдістеріне, құралдарына, негізгі қағидаларына, міндеттеріне, мақсаттарына оқытудағы жаңа тәсілдерге, дене қасиеттерін қалыптастыру және қимыл қозғалыс іс-әрекеттеріне оқыту әдістемесі мен мазмұнының басты аспектілеріне, дене жаттығу сабақтарын құру түрлеріне, жоспарлауға, бақылауға және есеп жүргізуге сипаттама беру. Адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде дене шынықтыруды бағытты қолдану ерекшеліктерін айқындау.

Спортқа дене шынықтырудың құрамдық бөлігі ретінде сипаттама беру, спорттық жаттығулардың мәнін, оның мақсатын, міндеттерін, өзіне тән қағидаларын, мазмұнын, құрылымын және жоспарлау мен басқару технологиясын ашу [2].

Адамдардың дене қуатының жетілуі үшін пайдаланылатын қоғамдық-материалдық спорт ғимараттары, құрал-жабдықтары және рухани арнаулы білім, ғылыми тәжірибе байлығын құрайтын халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы. Ол негізгі дене мәдениеті болып табылады.

Дене тәрбиесіндегі педагогика – жан-жақты тәрбие берудің аса маңызды салаларының бірі. Оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке, өмірге бейімдеуге оқу-тәрбие жұмысында дене шынықтырудың алатын орны бөлек. Мектептегі дене шынықтыру жөнінен ұйымдастырылатын жұмыс түрлері оқушылардан өз еркімен іс-әрекеттерді орындауды, құлшына ұйымдастырушылықты, белсенділікті, тапқырлықты талап етеді.

Педагогикалық технологияны қолдану білімді сапалы түрлендіруге, жанашыл жобаларға ірге болуға нақты негіз болып, әрбір мектепке өзіндік тұлғасын табуға, әрбір мұғалімге өзіндік әдістемелік жүйесін құруға себептігін тигізеді. Денсаулықты нығайту, дене дамуына дұрыс әсерін тигізу және денесін шынықтыру. Бұл міндеттік дене шынықтыру, спорт жөнінен ұйымдастырылатын барлық жұмыс түрлеріндегі, негізгі міндет екенін педагогикалық ұжым мен әр мұғалім түсінуі және білуі қажет. Мектеп жасындағы балалардың жылдам өсуі және денесінің

даму кезеңі болып табылады. Сондықтан мектеп барлық жағдайда, мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оқушылардың денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз етуі қажет.

Дене жаттығулары сабақтары ең алдымен адам ағзасына әсерін тигізе отырып денесін шынықтыру денсаулығын нығайту міндеттерін жүзеге асырады. Сондықтан көптеген сабақтар таза ауада өткізіледі, ал жабық орында өткізілетін сабақтар қажетті гигиеналық талаптарды қажет етеді.

Денсаулықты нығайту, шынықтыру үшін жаратылыстың табиғи күштері кеңінен қолданылады. Оқушылардың денсаулығын жақсарту барысындағы міндеттерді орындау үшін мектеп оқушылардың жүйелі және белсенді түрде дене жаттығуларымен айналысуын талап етеді [3].

Дене тәрбиесі сабағында санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуында мұғалімнің, мектептің барлық қызметкерлерінің жеке басының үлгісі шешуші орын алады. Алға қойған міндеттерді шешуде мұғалімнің оқушылармен қысқаша түрде әңгімелесуді үлкен рөл атқарады. Мұндай түрдегі әңгімелесуді дене шынықтыру сабағында, сыныптан тыс орындалатын іс-шараларда және тағы басқа сабақтарда өткізуге болады. Балалар дене шынықтыру жөніндегі білімді дене шынықтыру сабағында және сыныптан тыс іс-шараларда алады. Алынған білім балалардың сабаққа деген қызығушылығын және саналы көзқарасын туғызады. Сондай-ақ балаларды қолданбалы сипаттағы әртүрлі жаттығуларға үйретуде маңызды рөл атқарады. Балалармен әртүрлі ойын түрлерін ұйымдастыру қимыл-қозғалыс түрлерін дамытады.

Жоғарыда аталғандардың барлығы балалардың дене шынықтыруы жөнінен жан-жақты дамуын, еңбекке дайындығын қалыптастырады. Педагогтың міндеті оқушылардың жүйелі және белсенді түрде дене жаттығумен айналысуын қамтамасыз ету. Әр адамға қажетті қасиеттер күш-қуат, жылдамдық, ептілік шыдамдылық. Дененің сапалық қасиеттері балалардың қимыл дағдыларын қалыптастырумен тығыз байланысты. Дене жаттығуларының әртүрлі екіпінде өткізілуі дененің сапалық қасиеттерін дамытады. Батылдық, табандылық, ептілік, адалдық, жолдастық сезім, ұжымда жұмыс істей білу, мәдени тәртібін қалыптастыру – еңбекке, қоғам мүлкіне деген жағымды көзқарасын қалыптастыру.

Дене тәрбиесіндегі педагогиканың үрдісі бағалы моральдық және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеудің маңызы зор. Көптеген дене жаттығулары және ойын түрлері арқылы табандылық, өзара достық сезімдері тәрбиеленеді.

Мектептің міндеті балаларды әртүрлі дене жаттығуларына тек мектепте, отбасында ғана емес, күнделікті өмірде маңызды міндетті шешу балалардың қызығушылығын арттыра отырып, берілетін материалдардың мазмұнына, түріне жағдайына айналысушылардың өзара қарым-қатынасына көңіл бөлу керек. Аталған құндылықтарды жетік білу, мән-мағынасын терең ұғыну – шығармашылық дағдысын қалыптастырудың алғышарттары болып табылады.

Әдебиеттер

1. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 208 б.
2. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.: Высшая школа. – 1995. – 336 с.
3. <http://www.group-global.org/>

М.А. Менлибекова
Астана қ. (Қазақстан)

ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТАБИҒАТТЫ БЕЛСЕНДІ ҚОРҒАУҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Адам – табиғатпен егіз. Адам ауырса, одан табиғатқа келіп-кетер ештеңе жоқ шығар, ал табиғат ауырса, адам онымен қоса ауырады хақ. Сондықтан да, қоршаған ортаны қорғау,

табиғатты сақтау, оған қамқор болу адамзат баласы үшін маңыздылығын жойған емес. Егер сіз табиғатқа қамқорлық жасасаңыз, оны табиғат үшін емес өзіңіз үшін, келешек ұрпақ үшін жасалған сауапты іс деп түсінгеніңіз жөн шығар. Біз – тумасынан табиғатты сүйіп өскен, қоршаған ортаға үлкен ілтипатпен қараған халықпыз. Бұған күні кешеге дейін туған өңіріміздің табиғатының таза болғандығын айтсақ та жеткілікті сияқты. Қаһарман халқымыз тауды бұзып, тасты жарып, жерді терең қазып, өзен-көлді бұғалықтап, ел үшін біраз игі істерді жүзеге асырды. Көптеген көп тонналық өнеркәсіптер іске қосылды. Сол кездерде мұның қызығын да көрді. Өкінішке орай, ғылым мен техниканың ғаламат жетістіктері және шапшаң дамуы, адамзаттың барған сайын аш көздікпен табиғатты тонауы, биосферадағы жаратылыстың тепе-тендік заңдарын бұзды. Осылардың нәтижесінде жеріміздің ауасы тарылып, өзен-көлі бүлініп, жайылымдардың топырағы тілініп, қоршаған ортамыз көз алдымызда азып-тоза бастады. Мұның соңы азынаған желге, ащы да улы жаңбырға, ормандардың мезгілсіз қурауына, ауа-райының бұзылуына, ластануына әкеліп соқтырады. Міне енді осы экологиялық апаттан қалай құтылуға болады? Табиғатты қалай сауықтыруға болады? Бұл – өте күрделі мәселе. Бұл үшін ең алдымен, адамдардың табиғатқа деген көзқарасын өзгерту керек, тәрбиелеу керек. Ол үшін балалар бақшасынан бастап, мектептерде, жоғары оқу орындарында, адамдардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, қалыптастыру керек. Қазіргі заманға сай экологиялық идеология қажет. Егер біз жас ұрпақты кішкентай кезінен бастап табиғатты сүйуге тәрбиелемесек көп нәрседен ұтылатынымыз айдан анық. Әрбір тәрбиеші, мұғалім, маман, басшы, экология негіздерін жақсы білуі қажет. Сонда ғана әрбір адамның миында, қанында, көзқарасында қоршаған ортаны бүлдірмеу керектігі туралы негіз қалыптасады. Адамдар сонда ғана туған өңір табиғатын қорғауда белсенділік көрсете алады. Газет-журналдарға мақала жазу, баяндама жасау, теледидардан мәліметтер беру, жазушылармен, ғалымдармен кездесулер өткізудің нәтижелері мол болады. Адамдардың көздерін адамды табиғаттың бір бөлшегі екендігіне жеткізу өте маңызды.

Экология – жаңа, жас ғылым саласы. Бұған соңғы он-жиырма жылға дейін тіптен көңіл бөлінбей келген. Әбден табиғатымыз азып-тозғанда ғана, бұл ғылым саласына бет бұрдық. Енді болашақта экология саласында білім берудің аясын кеңейте түсу қажет. Ең негізгісі, «экология» пәнін балабақшалардан бастап барлық мектептерде, орта және жоғарғы оқу орындарында ашылуын қамтамасыз ету қажет. Сонда ғана ертеңгі күннің белсенді табиғат қорғаушыларын дайындауға мүмкіндік аламыз. Қазақстанның көптеген аудандары, бүгінгі күнде де экологиялық мүшкіл хал кешіп отыр. Қоршаған ортаны қорғау шараларына, республикамыз біршама мөлшерде мемлекеттік және орталықтандырған түрде күрделі қаржы бөліп отыр. Қазіргі заман қоғамының сұранысы және еліміздің жаңарған идеологиясы жас ұрпақтың табиғатты қорғауға әзірлігін дамыту қабілетін мектептен бастап жаңа сапаға көтерілуіне міндет қойып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясында қоршаған ортаны қорғау әрбір қазақстандықтың абыройлы мақсат-міндеті болып саналатыны атап көрсетілген. Онда: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» - делінген. Ата заңымыздың басты талаптарының бірі табиғатты қорғауды күшейтіп, табиғи қорларды тиімді пайдалануды жолға қою болып табылады. Осыны негізге алған республикалық экологиялық білім жүйесі мен табиғатты қорғау қоғамдары, мекемелері өндірісті ұйымдастыру ісінде экологиялық талаптарын орындауды білім жүйесінде ел болашағы жастарды, жас ұрпақты табиғатты қорғауға баса назар аударады. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтып, асқақ руханият пен азаматтықты өркендету, шынайы мәдени-этникалық мұраны жандандыру мен болашаққа аманаттау, ұлттық тектілікті сақтау, ең алдымен мектеппен байланысты. Шәкіртті мектепке алғаш қадам басқаннан бастап, өзінің ата-анасын, ұстаздарын құрметтеп сыйлауға, айнала қоршаған табиғатты, туған өлкесін сақтап-қорғауға, сол арқылы адамгершілік мінез-қасиетті орнықтыруға баулу – мектептің қоғам алдындағы атқаратын қызметі. Қазіргі мектептің

бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі – жас ұрпаққа экологиялық білім беріп қоршаған табиғи ортаны қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Экологиялық білім беру педагогика ғылымдарындағы бағыт жастарға жалпы орта білім берудің құрамдас бөлігі болып саналады. Қазіргі кезде мектептер жастардың бастауыш сыныптан бастап, өз іс-әрекетінің саналы болуына, экологиялық білімінің білім мазмұны арқылы экологиялық танымның оңтайлы болуына қолайлы жағдай туғызылуы көзделеді. Бұл білім-біліктіліктің түп-тамыры балалардан бастау алатындығына да жете назар аударыла бастады. Алғашқыда экологиялық білімнің қосымша сабақ ретінде жүргізілуі туралы ой қозғаса, кейіннен экологиялық білімнің көпшілікке міндетті бағыт екендігі алға тартылды. Аталып отырған мәселе бірден елімізде де өріс алғандығын, балаларға туған табиғатты тану, экологиялық ахуалды терең түсіну бағытында тәрбие жұмыстары ғылыми негізде, белгіленген бағдарламалар бойынша жүзеге асырылып келеді. Сонымен, ғылыми-зерттеулерге жасаған талдауларда авторлар өздерінің зерттеу нысанына қарай педагогика ғылымына айтарлықтай үлес қосқанын, олардың зерттеу нәтижелерінің практикада кең көлемде қолданылып жүргенін, сондай-ақ, олардың тұжырымдарын қолдай отырып, біздің зерттеу проблемамызға қатысты қажетті бағыттарды аңғаруға болады. Жастарға экологиялық білім мен тәрбие беру мәселелерін зерттеу барысында экологиялық білім берудің негізі бастауыш сынып оқушыларының түсінігін парасатты іс-әрекетке бағдарлаудың табиғи жолы жеткілікті зерделенбегені байқалды. Біз парасатты дамытарлық экологиялық білімді жетік білуге және оның даму барысына жете көңіл бөліне бермегені бүгінгі күннің проблемасын туғызды демекпіз. Тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен бастап табиғатты қорғау жолындағы жасандылықтан қорғаудан табиғилық, ұлттық мәртебеден туған экологиялық парасатты іс-әрекетке көшуге мемлекет тарапынан қолайлы жағдайлар жасалып келеді. Бірақ бұл мәселе экологиялық білім беру үдерісінде уақыт талабына сай жетілдірілуге тиіс. Іс-тәжірибеде бастауыш сынып оқушыларына табиғатты аялау, қорғау, көзіміздің қарашығындай сақтау керек екендігін бірінші сыныптан бастап айтып және шығармашылық тапсырмалар арқылы, өлең шумақтары арқылы немесе табиғатқа қамқорлық жасау туралы сурет көрмесін ұйымдастыру арқылы оқушыларға табиғатты аялау керек екендігін барынша жүректеріне жеткізіп түсіндіруге тырысамын. Мысалы: екінші сыныптың «Өзін-өзі тану» пәнінің ІҮ-тарауында «Табиғат – денсаулық мекені» атты тақырып бар. Сол тақырыпта оқушыларға табиғаттың денсаулыққа тікелей әсері туралы түсінік беремін. Өйткені табиғат таза болса адамдардың да денсаулығы мықты болады. Ал егер табиғат лас болса, онда адамның да денсаулығының нашарлай түсетіндігін мұғалімнің көмегімен шығармашылық, топтық жұмыспен сахналау немесе постер қорғау арқылы оқушылар табиғаттың денсаулыққа тікелей әсер ететіндігі жайлы түсінік алады. Сонымен қатар үшінші сыныпта ІҮ тарауда «Табиғат сыйы» атты тақырыпта табиғаттың адамға берері көп және оны ауызбен айтып беру жеткіліксіз екені жайлы ой қозғалады. Бізге табиғат өзінің таза ауасын, суын, жемістерін, тамағын, киімін, әсемдігін т.б. барлығын табиғат береді. Ал біз табиғатқа не береміз? Осындай оқушыларға ой тастау, ойлану мүмкіндіктерін бере отырып, олардың ішкі жан дүниесін ашу керек, тіпті ақындық қасиеті бар оқушылар өлең шумақтарын да шығаруы мүмкін.

Ал төртінші сыныпта «Табиғатқа қамқорлық», «Жер-Ана», «Су-өмір көзі», «Таза болса табиғат-аман болар адамзат!» атты тақырыптар бар. Бұл тақырыптарда оқушылар табиғатқа қамқорлық жайлы эссе жазып, әңгімелер жазады немесе ертегі де құрастыруы мүмкін. Қаншалықты табиғат пен адамның бір-біріне өмір сүре алмайтындығы жайлы, табиғатсыз тіпті өмір сүру мүмкін емес екендігін көз алдарына елестетіп, қамқор болуға барынша тырысады. Бірақ мәселе тек ауызбен ғана айтқанда шешілмейді. Сол себепті оқушылармен бірге іс-тәжірибе арқылы, яғни еңбек ету арқылы түсіндіруге болады. Мысалы: көктемде ағаш, гүлдер отырғызу, оларды күтіп-баптау немесе құстарға ұя жасап, оларға жем беру сияқты қамқорлықты олар өз қолдарымен жасаулары тиіс. Сонда ғана оқушылардың табиғатқа деген көзқарастары өзгереді деп ойлаймын. Сонымен табиғатқа

үнемшілдікпен қарау, суды мөлшерінен көп пайдаланбау немесе электр қуатын да үнемдеуді мектеп табалдырығында білгендері абзал.

2016-2017 оқу жылында қалалық «Сөзмерген СҮР» пікірсайысында «Табиғатты қорғау парыз ба, әлде қарыз ба?» атты 9-10 сыныптар арасында қызу пікірталас өтті. Сонда жақтаушы топ табиғатты аялау керек, өйткені табиғат өте ластанып экологиялық проблемалар көбейіп жатыр, соның салдарынын аурудың да түрлері көбейіп, адамдардың денсаулықтары нашарлауда делінеді. Ал керісінше, даттаушы топ табиғат пен адамның арасындағы байланысты жоққа шығарып, ауру табиғаттың ластануынан болмайды деген сияқты өз ойларын білдіреді. Міне біз оқушыларға осындай мектеп табалдырығында табиғатты аялау керек екендігін түсіндірсек, мүмкін экологиялық проблемалар да өз шешімін табар деген ойдамын. Табиғатты қорғау – бүкілхалықтық іс. Оқушыны айналадағы табиғи орта жағдайына жауапкершілік сезіммен қарап, табиғатты қорғауға тәрбиелеу біздің үлкен міндетіміз болса керек. Табиғатты сақтау арқылы ғана адамзат өзінің болашағын жасай алатыны айқын аңғарылды.

Әдебиеттер

1. «Өзін-өзі тану» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы №7, № 9. 2017 ж.
2. Ақпарат көздерінен.

Д.Қ. Тайкенов
Т. Толегенов
Арқалық қ. (Қазақстан)

САЯХАТ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Біздің елімізде саяхатқа шығып, аралап көретін көрікті жерлер мейлінше көп. Содан да болса керек жорықтарға қатысып, таңғажайып орындармен танысуға, тамаша адамдармен жолығып әңгімелесуге, халықтардың салт-санасын, дәстүрін танып-білуге, еліміздің көне қалалары мен ескерткіштерін көріп, тамашалауға тілек білдірушілер саны жыл сайын көбейе түсіп отыр. Бірақ саяхатқа шығушыларды тек осы айтылған жайлар ғана қызықтыра ма? Әрине, олай емес. Саяхаттың танымдық қызметімен бірге тәрбиелік, сауықтырушылық және спорттық қызметі де бар. Ол басқа спорт түріне қарағанда жұрттың көбіне түсінікті және демократшыл. Ол адам бойында көпшілдік, достық, бір-біріне мейірімділік, сенімділік пен төзімділік, сабырлылық секілді ең маңызды қасиеттерді қалыптастырады.

Саяхат маршруттары күрделі жағдайдың түрлі нұсқасын қамти отырып, еліміздің кез келген ауданына апарар қозғалыстың әртүрлі қабілет-мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жасалуы мүмкін. Қозғалыс түріне және жер бедерінің сипатына қарай белсенді саяхаттың мынандай түрлерін белгілейді: жаяу, таулы, суда, шаңғымен, атпен, велосипедпен, мотоциклмен және спелеожорық [1].

Жаяу жорық – барша адамның қолы жететін жорық. Бірақ жаяу саяхатқа шығушы өзі көтеретін жүк салмағын есепке алуы керек, себебі бұл жағдай елсіз жерлермен ұзақ жол жүргенде көп қиындыққа душар етуі мүмкін. Ең негізгі кедергілер өзеннен, батпақтан, орман-тоғай белдеулерінен өткенде кездесері сөзсіз. Жаяу саяхатшының жер жағдайын жіті аңғарып, дұрыс бағдарлай алуының, компасты пайдалана отырып, жазылған азимут бойынша жүруінің маңызы үлкен. 15 тен 20 шақырымға дейінгі аралықты күндіз жүріп өту (бұл көрсеткіш саяхатшылардың ертелі-кеш жол жүріп шынығуының деңгейіне және жорықтың шартына қарай өзгеруі де мүмкін) саяхатшылардан жаяу жүру дағдысын және төзімділікті талап етеді.

Тау жорығы – ол саяхаттың ең қызықты сонымен бірге күрделі түрлерінің бірі. Тау соқпақтарымен өтетін жорық маршруттары көп уақытты керек ететінін, қырдан одан төмен түсу қиындығын ескеріп жасалады. Биіктікте ауаның жетіспеуінен тыныс алу ауырлайтыны мәлім. Күн мен түннің температурасы тез өзгереді. Ауа райы да құбыла түседі, әрі соқпақтардан тыс жүру қауіпті, ал ағынды тау өзендерінен, құлама жартастардан, шыңдардан, үйінді қар мен мұздан өту одан да қауіпті. Мұндай жағдайда саяхатшылар альпенистердің амал және айла-тәсілдерінен таулы аймақтағы қозғалыстың тәсілдерінен хабардар болып, қауіпсіздік ережелерін сақтау тиіс. Саяхаттың ішіндегі ең қиыны, ең күрделісі биік таулы аймақтағысы болып саналады. Сөйте тұра ол саяхатшыларды құдыретінің ғажайып көріністерімен қуантып, төзімділігін сыннан өткізуге, табиғат күшімен күрес барысында ерлігі мен ерік-жігерін шыңдап, тәрбиелеуге мол мүмкіндік береді. Дұрыс және шынайы дайындық жасап, тауда жүріп-тұрудың ережелерін дұрыс сақтаған жағдайда жорық қауіпсіз болады.

Сумен саяхат жорыққа шыққан адамнан көп төзімділікті қажет етпейді, бірақ саяхатшылардың жүзе білуі, қайықты дұрыс бағыттап, ескек есе алатын болуы міндетті.

Қайықты бастапқы орнына апарып қою немесе ағаштарды байластырып, жүзуге дайындау тәрізді жұмыстар су саяхатының дамуын біршама шектейтіндей. Сумен саяхат өзіңмен бірге көп жүк алуға мүмкіндік береді, дене жүгін азайтады, саяхатшы дүниетанымын тарылтып, өзен жағалауларымен шектейді.

Жаяу саяхатқа қарағанда сумен саяхатта бағыт-бағдар ұстану әлдеқайда оңай, оны өзеннің ағысы арқылы анықтауға болады.

Сумен күндіз саяхат жасағанда ең бастысы ағыс жылдамдығына өзен бойындағы қатты жыныстар шоғыры мен өзен қайнарының терең, таяздығына байланысты 10-нан 50 шақырымға дейінгі қашықтыққа бара аласыз. Біздің елімізде кездесетін көптеген өзен бойындағы қатты жыныстар шоғырының күрделі де қауіпті болатыны мәлім, олар жағаларды жиі жағалап жүруге, қайықтарды сүйреп, жүктерді тасымалдауға мәжбүр етеді.

Шаңғымен саяхат – ең күрделі түрлерінің бірі. Ол елімізде жыл өткен сайын кең қанат жайып, дамып келеді. Шаңғы және таулы аймақтағы шаңғы тебу тәсілін жіті меңгеру қажеттігі, жұқа, қалың қарда жүрудің қиындығы, кейбір қауіптің болуы (температураның төмендігі, боран және т.б.) саяхатқа қатысушыларға дене тәрбиесінің талаптарын арттыруды жүктейді.

Қыс күндері жолды бағдарлау күрделене түседі, олай дейтініміз бағдарлауға көмектесетін белгілер қар астында қалады. Әсіресе, елді мекені аз жерлермен саяхатқа шығу күрделі, ол саяхатқа қатысушылардан қысқы далада қонуды ұйымдастыру тәжірибесін, ағзаның төменгі температураға үйренген болуын, ұқыптылықты, өзін-өзі бақылай білуді талап етеді.

Шаңғы жорығы кей қиындықтарға қарамастан өзінің қайталанбас тамашалығымен есте қалып, оған қатысушылардың дене құрылысын шынықтыруда зор маңызға ие болады.

Шаңғы саяхатына қатысушылардың басты кедергілері: қар жауып тұрған кездегі қозғалыс (әсіресе қары борпылдақ, орманда жұмсақ), биік, ұйлыға өскен бұталар, мұзы әбден қатпаған өзендер, жоғары, ылди төмен түсуге мәжбүр ететін биік қия, жоталар.

Қардың қалың, жұқа түскеніне, жердің жазық немесе ойлы-қырлы болуына байланысты шаңғымен саяхаттың күндізгі орташа қарқыны 15 – 35 шақырым болады.

Еліміздің көптеген аудандарының кедір-бұдырлы даласын кесіп өтетін жақсы жол тораптары велосипедпен саяхат жасау түрін кең дамытуға мүмкіндік береді. Саяхаттың басқа түрлеріне қарағанда велосипедпен жасаған жорық әлдеқайда қашыққа сапар шегуге жағдай жасайды және оған қатысушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуге және жай дем алуға көп уақыты болады.

Алайда жолдан бұрылып шыға алмаушылық көп жерлерді аралап көру мүмкіндігінен айырады. Рас, жолсыз жермен де жүруге болады, бірақ онда велосипедпен саяхаттың барлық

артықшылығы жойылады. Кейде велосаяхат жарысқа айналып кетеді. Мұндай жарыстың саяхатқа үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Саяхаттың негізгі мақсатына нұқсан келтіретін қозғалыс жылдамдығын шамадан тыс пайдалануға болмайды. Велосипедпен саяхат жасаушылар күндіз орта есеппен 50 – 60 шақырымдай жүрулері керек.

Велосипедшілердің негізгі табиғи кедергілері жолсыздық, құмды жолдар, тік қырлар мен еңістер, өткелдер болып табылады.

Автомобиль мен мотоцикл саяхаты да кең қанат жайып келеді. Ол демалыс күндері жергілікті жерлерге жорыққа шығумен ерекшеленеді. Мыңдаған шақырым алыс қашықтықтарға сапар шегу өте қызықты.

Авто-мототуризмнің жолдан тыс шығуы мүмкін болмағандықтан оған қатысушылардың дүниетанымын біршама шектеп, тұйықтайды, бірақ қысқа мерзім ішінде еліміздің көптеген аудандарының кең аумағымен таныстырады және жолдан шығып, жан-жаққа қысқа мерзімге қосымша жорық жасауға мүмкіндік береді.

Спелео-үңгір саяхаты өзіндік ерекшеліктерге ие. Бірінші ерекшелігі – күндізгі жарықтың болмауы. Жерасты саяхатының ең басты қауіптілігі – қараңғылық. Жарық жоқ жерде қозғалу, бағытты бағдарлау қиындай түсетіні белгілі. Соның салдарынан шұңқырға немесе құдыққа құлап кетуге де болады. Мұндайға ұшырамау үшін саяхатшылар жарық түсіретін құралдарды өздерімен бірге алып жүрулері керек.

Үлкен үңгірлер ішке енетін жол тараптарының көптігімен күрделі, онда адаспай көздеген орынға жету тәжірибелі бастаушының өзіне де қиын соғуы мүмкін. Үңгірлер қираған кезде жоғарыдан және қабырғалардан жерге тас сынықтарының құлайтыны бар. Кейде олар сәл дірілдің, тіпті қатты дауыстың өзінен-ақ үгітіледі. Жерасты жорығы кезінде адамды тұншықтырар немесе жарылыс туғызар газдардың жиналып қалғанын кездестіруге болады. Жалпы үңгірлер сол жердің үстіндегі климатқа ұқсамайтын өзіндік климатқа ие.

Үңгірге түскен әр саяхатшы альпинистік тәсіл негіздерін, шыңға шығу әдістерін игеріп, мұзды еңістерден аман өтуі, жүргенде қауіпсіздік ережелерін, т.б. сақтауы тиіс. Жерасты саяхатына байланысты кездесетін қиындықтар әркімнен батылдықты, тапқырлықты, төзімділікті, тез ұғып алушылықты, денсаулығының мықты болуын талап етеді. Жерасты саяхатына кетіп бара жатып үңгірлердің қауіпті екендігін бір сәтке де ұмытуға болмайды. Ең алдымен біреуі қиын жағдайға ұшырап қалса, оған сырттан қалай көмек көрсетудің шаралары, сондай-ақ саяхатшылардың үңгірден қашан оралатыны туралы күні бұрын бақылау мерзімі белгіленуі керек.

Әдебиеттер

1. Авцын А.П. Адаптация и дизадаптация с позиций патолога // Клин. мед. – 1974, № 5. – С. 7.
2. Агаджанян Н.А., Елфимов А.И. Функции организма в условиях гипоксии и гиперкапнии. – М.: Медицина, 1986. – 272 с.
3. Агаджанян Н.А., Миррахимов М.М. Горы и резистентность организма. – М.: Наука, 1970. – 183 с.
4. Айдаралиев А.А., Максимов А.Л. Определение уровня физической работоспособности человека в условиях высокогорья // Методические рекомендации. – Фрунзе, 1980. – 10 с.

МОДЕЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА КОЛЛЕДЖА ЕВРАЗИЙСКОГО ГУМАНИТАРНОГО ИНСТИТУТА (ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ)

Главная задача технического и профессионального образования – подготовка специалистов, востребованных современным рынком труда, способных к самореализации [1]. Решению данной задачи способствует тесная связь с социальными партнерами. По определению М.В. Никитина, «..социальное партнерство в профессиональном образовании – это особый тип взаимодействия образовательных учреждений со всеми субъектами рынка труда, нацеленный на максимальное согласование и реализацию интересов всех участников этого процесса» [2].

Ежегодно колледж ЕАГИ с высокой целеустремленностью продолжает работу над выполнением поставленных задач социального партнерства: формах сотрудничества, трудоустройства на базах социальных партнеров. В соответствии с этим совершенствует работу над созданием и разработкой проекта «Модели социального партнерства». Реализация проекта осуществляется поэтапно. Основная цель подготовительного этапа – определение круга задач, которые необходимо решать колледжу. Здесь организуется анализ реальных и потенциальных партнеров, выявляются их интересы. Анализ проводится в тех секторах экономики, для которых колледж готовит кадры.

На втором – организационном этапе осуществляется разработка Модели социального партнерства. Основное направление деятельности – организация переговорного процесса с организациями по вопросам подготовки будущих специалистов. Определяется регламент заключения договоров, создаются элементы будущей системы партнерства. Разрабатывается пакет нормативных документов, регламентирующих деятельность колледжа по развитию партнерства: Положение, формы договоров. В настоящее время колледж заключил более 60 договоров с предприятиями и организациями о сотрудничестве.

На третьем этапе – реализации Модели осуществляется разработка, последующая коррекция и рецензирование работодателями рабочих программ по профессиональной практике. Примером может послужить внедрение дуального обучения в образовательный процесс колледжа, заключение договоров между студентами специальности «Организация обслуживания гостиничных хозяйств» с Казахстанской Ассоциацией Гостиниц и Ресторанов, гостиницами: «Пекин Палас», «Жұмбақтас», «Орион» по реализации дуального обучения и совместная разработка экспериментального рабочего учебного плана.

Взаимодействие с партнерами на этом этапе становится устойчивым и постоянным, поддержка контактов с работодателями переходит в разряд важнейших функциональных обязанностей персонала колледжа. Эффективной формой сотрудничества является привлечение социальных партнеров для реализации профессиональных модулей, через защиту студентами отчетов по профессиональной практике, через деятельность квалификационных комиссий, составлении и исследовании отзывов и характеристик. Для организации оценки уровня профессиональной подготовленности колледж ЕАГИ тесно взаимодействует с Казахстанской туристской ассоциацией и в рамках отраслевой сертификации участвовал в пилотном проекте сертификации выпускников по специальности «Туризм» с целью оценки соответствия требованиям профессионального стандарта при содействии НАО Холдинг «Касипкор» и Республиканского научно-методического центра развития ТиПО и присвоения квалификации.

Перед прохождением каждого из видов практики по специальностям запланирована разработка методических рекомендаций по организационно-методическому обеспечению

производственной практики, которые пройдут рецензирование специалистами социальных партнеров.

На четвертом системообразующем этапе определяются эффективные варианты организации профессиональной практики согласно специфике каждой из реализуемых в колледже специальностей.

На пятом этапе будет осуществлено обобщение результатов внедрения Модели социального партнерства с целью определения эффективности управленческой деятельности по ее реализации.

Система мероприятий, осуществляемых в рамках социального партнерства, предполагает создание и укрепление устойчивых связей между колледжем и социальными партнерами, что приведет к получению реальной картины потребности в специалистах. Примером может послужить «Анализ карьерных предпочтений выпускников колледжей» анкетирование выпускников Палатой предпринимателей РК «Атамекен» и взаимодействие с КГУ «Центр занятости населения акимата г.Астаны» по программе «Молодежная практика». Введение мониторинга карьеры выпускников на основании обработки сведений представленных работодателями обеспечит более эффективный анализ потребностей организаций и учреждений в выпускниках колледжа. Расширение взаимодействия колледжа с организациями предоставит выпускникам колледжа возможности трудоустройства на предприятиях социальных партнеров. Колледж разработал «Карту социального партнерства колледжа», на которой отмечены все профессиональные организации:

- Гостиницы: «Soluxe Hotel Astana (Пекин Палас)», «Жумбактас», «IBIS», «Орион», «Султан Бейбарыс», Казахстанская ассоциация Гостиниц и Ресторанов;
- Компании: Областная коллегия адвокатов, Национальный музей Республики Казахстан, Дворец «Мира и Согласия», Дворец «Независимости», Ассоциация ЯОК - объединение казахстанских предприятий атомной науки и промышленности, АО «НИТ», Образовательный консалтинг «Stady Inn»;
- Туристские организации: ТОО «Амадеус Джи Ди Эс», турфирма «Саят», ТОО «Арман тур», ТОО «Triumph Travel Group, Казахстанская туристская ассоциация;
- Организации дошкольного и школьного образования: школы № 22,48,51,54, 70 детские сады № 7,8,9,32,34, Казахстанская ассоциация дошкольных организаций и многие другие.

В процессе социального партнерства совершенствовались формы сотрудничества:

- студенты колледжа получили реальную возможность проведения занятий производственного обучения, занятий по специальным дисциплинам на производстве, в лабораториях социальных партнеров. «Робототехника», «Супер компьютер» Евразийский национальный университет им. Гумилева, АО «НАТ Казахстан», АО «Национальные информационные технологии»;
- представители базовых предприятий проводят не только профессиональные экскурсии, но и мастер-классы со студентами колледжа. Мастер-класс по экскурсионной и музейной методике Гаршина Н.Н. (Санкт-Петербург) и ТОО «Арман тур»;
- многие работники предприятий являются наставниками при прохождении практики студентами и обучающимися колледжа. Встречи с носителями языка в рамках учебной практики ТОО «Capital Education», «Gala Translation», посольства США, Индии;
- получены отзывы потребителей (работодателей) о качестве выпускников (специалистов). Генеральным менеджером гостиницы «Жумбактас» Б.А. Досановой премированы 6 студентов 3 курса специальности «Организация обслуживания гостиничных хозяйств» по итогам технологической практики;
- выпускникам, положительно зарекомендовавшим себя во время прохождения практики, предоставляются рабочие места («Дошкольное воспитание и обучение» – 6 студентов, «Организация обслуживания гостиничных хозяйств» – 3 студента, «Информационные системы» – 5 студентов).

Предметные декады специальностей колледжа традиционно проводят с участием ведущих сотрудников предприятий «Astana Education», «Study Inn» организуются конкурсы профессионального мастерства («Я-переводчик», «Туризм и Я»), конференции, экскурсии «Музей первого президента», «АЛЖИР», «Музей современного искусства», «Музей Сакена Сейфуллина», «Национальный музей РК».

Несмотря на наличие общих интересов и понимание проблемы путь формирования системы социального партнёрства труден, и не всегда социальные партнёры готовы перейти от отдельных моментов взаимодействия к системе социального партнёрства. Обучать достойные кадры, отвечающие запросам работодателя, ведя социальный диалог и социальное партнерство в сфере ТиПО является стратегическим вектором определяющим направление успешности как современного предприятия так и современного учебного заведения каким является сегодня колледж Евразийского гуманитарного института.

Литература

1. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011–2020 годы. Утверждена Указом Президента РК от 7 декабря 2010 года, № 1118.
2. Никитин М.В. Модернизация управления развитием образовательных организаций: Монография. – М.: Издательский центр АПО, 2001. – 60 с.

А.Б. Бухарова
г. Астана (Казахстан)

ОСОБЕННОСТИ МОТИВАЦИИ БЕЗРАБОТНЫХ

С точки зрения социальной психологии, потеря работы и длительная профессиональная бездеятельность может привести к потере ранее сложившегося статуса в обществе и самоуважения личности. С изменением социального статуса изменяется образ жизни, отношения с ближайшим окружением. Человек выпадает из прежней социальной среды, системы социальных связей, своей профессиональной группы, становясь членом новой социальной группы безработных. Последняя отличается своей спецификой, определенным образом жизни, отличительными ценностями и мотивами. Социально-психологические аспекты безработицы рассматриваются в работах М.В. Дмитриевой [1], А.Л. Журавлева, [2], О.В. Большаковой [3] и др.

В структуре поведения безработного специалисты отмечают два рода хронологических изменений:

- 1) на индивидуальном уровне – изменение основных мотивов поиска работы и отношения к ней по мере сохранения статуса безработного;
- 2) на социальном уровне – эволюция типа безработного по мере изменений, происходящих в сознании общества (менталитете) по отношению к профессиональной деятельности и престижу тех или иных профессий.

В первом случае трансформация мотивационной сферы безработного происходит достаточно быстро, а изменения носят радикальный характер. В течение некоторого времени после утраты работы большинство безработных находятся в растерянности и подавленном настроении. Их самооценка себя как личности резко снижается, так же, как и представление о своём социальном статусе. Мотивация возвращения, утраченного вместе с работой статуса в обществе очень сильна, поэтому человек хочет, как можно быстрее найти работу [4].

Высокая поисковая активность или, в крайнем случае, сильное желание найти работу сохраняются у безработного от двух - трёх до пяти - шести месяцев. При этом большинство

людей желает получить работу непременно по своей или смежной специальности. Если за этот срок (2 – 6 месяцев) человеку не удастся найти работу, он постепенно начинает мириться со своим положением.

В данном исследовании участвовали 2 группы безработных, каждая из которых включала по 25 женщин и мужчин в возрасте от 21 до 52 лет со средним специальным и высшим образованием. Первую группу составили безработные, находящиеся в данном статусе не более 1 месяца, из них 12 мужчин и 13 женщин. Вторая группа состояла из безработных, находящихся в процессе поиска работы 5-6 месяцев, из них 10 мужчин и 15 женщин. Целью исследования выступило изучение изменений в мотивационной сфере безработных.

По результатам методики диагностики социально – психологических установок личности в мотивационно – потребностной сфере (автор – О.Ф. Потемкина) было выявлено, что по таким социально – психологическим установкам, как ориентация на альтруизм, эгоизм и деньги статистически достоверных различий по двум группам испытуемых выявлено не было, но при этом следует отметить, что по первым двум ориентациям значения снижены, тогда как по последней достаточно завышены в обеих группах.

Степень ориентации на результат, труд, процесс, власть и свобода у безработных, только потерявших работу статистически выше, чем у группы безработных, находящихся в процессе поиска работы 5-6 месяцев. По социально – психологической установке на результат выявлены различия на уровне значимости $p < 0,01$, по остальным на уровне значимости $p < 0,05$. Поскольку различия между группами выявлены по 5 ориентациям из 8, то это дает основание сделать вывод, что в целом, среди безработных второй группы ориентации выражены крайне слабо, то есть испытуемые данной группы являются низкомотивированными. Наглядно результаты представлены на Рисунке 1.




Рисунок 1 – Диаграмма различий результатов по методике диагностики социально-психологических установок личности в мотивационно-потребностной сфере О.Ф.Потемкиной

Результаты исследования по тесту юмористических фраз свидетельствуют о том, что: у безработных 1 группы доминирующими мотивационными темами являются – деньги, карьера и познание. Для безработных 2 группы доминирующими мотивационными темами являются – деньги, самосохранение, социальные контакты, взаимоотношения полов. При этом различия по мотивационным темам Социальные контакты, Взаимоотношения полов и Карьера подтверждаются (статистически) на уровне значимости $p < 0,01$, по мотивационным темам – познание, самосохранение на уровне значимости $p < 0,05$. По теме – Деньги различий нет – значения в обеих группах являются высокими. Наглядно результаты представлены на Рисунке 2.




Рисунок 2 – Диаграмма различий в мотивационных темах в группах испытуемых

По данным Первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 г. численность казахов в области составляла 427389 человек, из них мужчин – 224549, женщин – 202840 [2]. К началу XX века в 1902 г. численность казахского населения области составила 464047 человек, из них мужчин – 248379, женщин – 215668 [3]. За прошедшие пять лет численность коренного населения увеличилась всего на 36658 человек. Прирост мужского населения составил 23830, женского – 12828.

Одним из фактов, подтверждающих уменьшение численности казахского населения, является снижение численного состава казахской семьи. По данным за 1896 и 1902 гг., казахская семья в этот период в среднем состояла из пяти человек [3, С.33], что также свидетельствует об уменьшении казахской семьи, которая в более раннее время состояла из 7-9 и того больше человек.

Рассмотрим несколько причин, повлиявших на демографическую ситуацию в области.

В 1902 г. в Кокчетавском уезде родилось 1990 детей, из них умерло 1287 [3]. Прирост населения составил всего лишь 703 человека.

По мнению исследователя В.В. Козиной, высокая смертность в детском и молодом возрасте формируется «под решающим воздействием экзогенных (внешних) факторов» [4]. В ходе исследования, мы пришли к выводу, что одним из таких факторов, повлекших рост смертности среди казахского населения Акмолинской области были пожары. В конце XIX в. почти в каждом номере «Киргизской степной газеты» публиковалась информация о событиях в степи. Если проследить по сообщениям в колонке о происшествиях, то привлекает внимание тот факт, что в повседневной жизни казахского населения пожары были частым явлением, и страдали от них в большинстве своем дети. К примеру, в №30 газеты от 31 июля 1894 г. описывается следующий случай, произошедший на урочище Карсуткуль Коржункульской волости Акмолинского уезда: «жена киргиза Есенбека Талабаева, находясь в юрте, около разложенного очага, на котором в котле варилось молоко, кормила грудью 4-х месячную дочь свою Шакен. В это время одна ножка очага скатилась с подложенного под нее небольшого камня, бывший на очаге котел опрокинулся и Шакен получила обжоги, от которых в тот же день умерла» [5].

Такой же трагический случай произошел в урочище Кызыл-Арал в Мунглинской волости Акмолинского уезда в юрте Салкынбая Асавова, в которой в результате пожара, сгорела сама юрта со всем имуществом и находившийся в ней годовалый сын хозяина Балабек. Как отмечается, причиной пожара стала упавшая на разложенный огонь загородка из чия, а рядом находилась «зыбка с ребенком», так называемая подвесная люлька для младенцев [6]. Примечательно, что возле ребенка никого не было рядом.

Не менее жуткая история со смертельным исходом произошла 16 марта 1885 г. в Спасской волости Атбасарского уезда. «Во время отсутствия из юрты киргизки Бибажан Джикаевой оставленный в юрте недалеко от разложенного огня годовой ребенок от загоревшейся зыбки получил сильные обжоги, от которых на другой день умер». А месяцем раньше в Дензизской волости этого же уезда «у киргиза Госпулата Тюлькубаева сгорела 3-летняя дочь его Канича, которая, находясь в избе одна, во время топки печи подошла близко к печи» [6].

Как видно из сообщений, подобные происшествия с детьми в казахских семьях происходили не только летом, когда они жили в юртах, но и зимой, когда люди проживали в зимовках. По приведенным описаниям событий следует, что причиной пожаров, повлекших гибель детей, чаще всего является беспечность родителей по отношению к детям, а также небрежное отношение с огнем. В последнем случае можно предположить, что жизнь в

стационарных жилищ для казахов была новинкой и использование для обогрева помещения печи вместо очага было мало освоенным делом. Иначе трудно объяснить столь частые случаи пожаров в казахских жилищах.

Как бы то ни было, в результате подобных пожаров в жилищах часто гибли люди и, особенно, как было отмечено, дети. Эти факты подтверждаются сводками ведомостей о происшествиях за каждый год, где довольно многочисленными являются сообщения о пожарах [7].

В материалах периодической печати также содержатся сведения о гибели детей по тем или иным причинам [8]. В статье, посвященной фактам детских смертей от пожара, говорится, что данный вопрос привлекает «все большее и большее внимание правительственных властей» и, что «Военный губернатор Акмолинской области сделал распоряжение о тщательном производстве дознаний об этих делах и о передаче таковых на рассмотрение народного суда, если не будет обнаружено умысла, а только одна беззаботливость родителей» [9].

По нашему мнению, оставление детей без присмотра вряд ли являлось результатом «беззаботности родителей». Тяжелая экономическая ситуация рассматриваемого периода вынуждала все взрослое население заниматься хозяйством, чтобы сохранить свой какой-либо достаток. Казахские женщины, как правило, всегда были заняты в домашнем хозяйстве. До второй половины XIX в. мужская часть казахского населения была относительно свободна от хозяйственных забот. Летом скот пасся в степи, зимой, опять же самостоятельно добывал себе пищу, находился на подножном корме. Поэтому мужчины, как часто писали и осуждали современники, вели праздный образ жизни. Однако, в связи с началом переселения и изъятия земель, ситуация в корне изменилась. Для скота не хватало пастбищ, от бескормицы сокращалось поголовье, и казахи были вынуждены уходить на заработки. В отсутствие мужчин на женские плечи ложился еще больший груз забот и они, как ни печально, не всегда могли обеспечивать безопасность детей.

Проблему рождаемости могло бы решить многоженство, распространенное среди казахов в дореволюционное время. Однако наличие у зажиточных казахов двух или более жен также не решало проблему рождаемости. Так как, как правило, несколько жен брали богатые казахские мужчины достаточно преклонного возраста, что не способствовало росту рождаемости. Наоборот, как отмечается в источниках, в условиях конца XIX в. это обстоятельство еще более повышало уровень смертности [10].

Еще одной причиной роста смертности среди казахов является распространение различных заболеваний. «Главными болезнями населения края были туберкулез, пневмония и другие инфекционные заболевания. Большое распространение имели дизентерия, брюшной тиф, скарлатина» [4].

В целях расширения медицинского обслуживания 29 мая 1897 г. был утверждён штат врачебных частей по уездам Акмолинской области. Были созданы 15 медицинских участков, однако, фактически, на участках работали только 10 врачей. Они оказывали медицинскую помощь, прививали от оспы. Кроме врачей на каждом участке по штату были положены 15 фельдшеров и 15 акушерок. На деле акушерок было только 3 – в Омском, Петропавловском и Акмолинском уездах, а весь остальной штат составляли фельдшера [3. С. 35-36]. Обслуживание большого количества городского населения занимало основную часть времени врача, поэтому на объезд населения уезда практически не хватало времени. Если учесть, что «на одного уездного врача приходится до 9000 кв. верст и более 100000 душ», то трудно говорить о доступности медицинской помощи для основного казахского населения уездов. Отсутствие медицинской помощи на местах кочевания, удаленность от уездных больниц не давали возможность вовремя обращаться за квалифицированной медицинской помощью.

В исследованиях российских статистиков конца XIX отмечается, что степень «выживания» казахского населения зависел от уровня жизненных, культурных и

гигиенических условий, в которых протекала их жизнедеятельность [10], то есть причинами высокой смертности среди казахского населения Акмолинской области является социально-экономическое положение, которое характеризовалось неблагоприятными условиями для жизни казахов.

Литература

1. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М., 1986; Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана. – А., 1981; Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б. Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана. Народы и культуры. – А., 2001; Самаркин С.В. Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в конце XIX – первой четверти XX века. Дисс. на соискание ученой степени к.и.н. – Караганда, 2010.
2. Материалы Первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 г. LXXXI. Акмолинская область, 1904.
3. Обзор Акмолинской области за 1902 год. – Омск, 1902. – С.5.
4. Козина В.В. Демографическая история Казахстана: Учеб. пос. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. – С. 28-30.
5. Киргизская степная газета. – 1894. - №30.
6. Ф.64, оп. 1, д. 280, л. 15.
7. Ф. 369, оп.1, д. 2504, д. 2505, д. 2506; Ф. 64, оп.1, д. 280, д. 324, д. 468 др.
8. Киргизская степная газета. – 1894. – №6.
9. Киргизская степная газета. – 1894. – №9.
10. Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Т.1. Кокчетавский уезд. Повторное исследование. 1907. – СПб., 1909. – С. 36.

U.M. Orakbayeva
Astana (Kazakhstan)

REGIONAL SECURITY IN CENTRAL ASIA

At the time of the collapse of the Soviet Union and until 1993 the concept of Central Asia as a region does not exist, respectively, there was no security cooperation ideas, covering exclusively Kazakhstan, Kirghizstan, Tajikistan, Turkmenistan and Uzbekistan. Comprehension of the current situation happened in the wider framework - first in the “reformed Union” format, and then - in the CIS format. A reflection of this was the signing in 1992 of the Collective Security Treaty Organization. The original agreement was signed by the heads of the six CIS countries - Armenia, Kazakhstan, Kirghizstan, Russia, Tajikistan and Uzbekistan. In 1993, the instruments of accession to the Treaty was signed by Azerbaijan, Georgia and Belarus. The Treaty was entered into force on 20 April 1994 for a five-year term.

The countries of this region, the newly independent states understood the importance of the early security foundations building, which could be the reliable shield for the region. Creating strong defence system in Central Asia will reduce external threats and ensure security in the region. Military cooperation of Central Asia countries was historically, politically conditioned and most profitable for their national interests. Scientists such as Zh.M.Medeubayeva, A.T.Serikbayeva consider, “Multivector foreign policy pursued by the states also encourages distancing from solving urgent problems in a regional format” [1].

A key factor in determining the question of regional security in Central Asia, will further the transformation of the structure of international relations at the global (change of norms of

international law and, above all, the actualization of the issue of humanitarian intervention, based on the erosion of the concept of national sovereignty and non-interference principle), and regional level (a change of attitude of the Central Asian states to modern standards of international relations). In other words, there will be a crucial change in the security regime – “a set of implicit or explicit principles, norms, rules and decision-making procedures, defining the expectations of actors in international relations” [2, p. 122]. In our case - operating in Central Asia.

Central Asia cannot be considered as a fully independent regional security complex. In the best case, this - unstructured space acts as the insulator between neighboring complexes [3, p. 336-359].

The source of a number of "non-traditional" security threats, at least, the issues that are actively securitized in Central Asian countries, namely Afghanistan, were submitted beyond the regionalization of Central Asia. Respectively, the impact that the Central Asian countries can have on Afghanistan, is extremely limited. Thus, if in Central Asia the question of the feasibility of a regional security system is raised, its bases can only be created with structural reformatting of the region.

Central Asian countries are forming a security policy based on military doctrines and annual messages of the leaders of these countries. According to the military doctrine of the Republic of Kazakhstan the country has consistently advocated the establishment of a system of international relations, when the value of military force will be minimized and the settlement of disputes between States will be carried out with the use of political, diplomatic and legal instruments. The Republic of Kazakhstan considers that no state is its potential enemy [8]. Military and political cooperation of the CAR countries in the 2000s may be characterised as follows: attempts of the countries of Central Asia to create a security system without the participation of non-regional actors in the new century have not been continued in view of global geopolitical conjuncture and complexity of the overall situation in the region as a result of influence of external and internal factors [4, p. 122]. The main objectives of the Republic of Kazakhstan policy are strengthening and development of international and regional security, political stability in the country, the prevention of armed conflicts and to maintain readiness of the Armed Forces, other troops and military formations of the armed defence of the Republic of Kazakhstan and its allies, as well as in the prevention of security threats and strengthening the stability the country cooperates:

- with CIS in the framework of the CSTO, as well as on a bilateral and multilateral basis;
- at the regional level: with the countries of Central Asia, with the member countries of the SCO and the CICA;
- at the global level with all the countries members of the UN on the basis of the international law.

The priority areas identified:

- the development of cooperation with the CSTO;
- enhanced cooperation with NATO in the framework of “Partnership for Peace”;
- strengthening of bilateral cooperation with Russia, the US, China and the EU;
- participation in military forces in international peacekeeping operations under the UN aegis.

In accordance with the national security concept to ensure the military security of Kyrgyzstan it provides the establishment and development of partnership relations with the international military-political organizations and states both at the international and regional level. Cooperation at the regional level is through the prism of the interaction with the CSTO, SCO, as well as on a bilateral and multilateral basis with the CIS countries. At the global level - with all the countries whose policies do not contradict the UN Charter and the interests of Kirghizstan. According to this concept, the Kirghizstan government has identified the following key areas of prevention and neutralization of threats:

- the formation of border perimeter security and good neighbourliness zone countries on principles of equal security, respect for sovereignty and territorial integrity within its existing borders;
- the establishment and strengthening of zones free from all weapons of mass destruction;
- formation of the necessary international legal framework for cooperation with the organizations and the world community in combating international terrorism, extremism and separatism;
- improving the system of immigration, border and customs and sanitary control.

Concerning the Kyrgyz official leadership opinion, which is reflected in the concept, inter-State relations in Central Asia are characterized, on the one hand, as the desire to integrate on the other, as the competition in the struggle for survival due to the process of national self-determination, finding ways of political and economic integration into the world community [5].

According to the Kazakh researcher I.A. Chernyh positions of the two countries are determined by the fact that they cannot ensure their military security without reliable contacts with external actors such as Russia, China and the United States. On the other hand, they cannot relax due to the different policy of other Central Asian states (in the first place - with Uzbekistan). Therefore, Kazakhstan and Kirghizstan always offer and participate in the models of non-regional powers, thus ensuring, on the one hand, the balance of them, and on the other side to balance military capabilities and the regional ambitions of Uzbekistan. Thus, the political leadership of the two countries is committed to providing military security, balancing between world and regional power centers [6, p. 220].

In official documents of the Republic of Uzbekistan there is stated the need to create a unified system of regional security in Central Asia, under which the country will play a leading role and will be able to declare the status of a regional leader [10, p. 37]. However, despite calls for the integration of the countries in the region they have mutual contradictions on a number of issues of regional security, including border issues between countries, water and energy disputes and ethnic divisions.

With the declaration of permanent neutrality in 1995 Turkmen leadership has repeatedly noted the importance of peaceful cooperation, non-interference policy in the affairs of other countries and complete disarmament [7]. As a neutral country, Turkmenistan is not a member of any military alliance or bloc, because it seizes the guarantees of security from the UN. Representatives of law enforcement agencies are taking part in various meetings of the CIS as observers. The only exception is the participation in the work of the Coordinating Committee on Air Defence under the Council of Defence Ministers of the CIS member states.

The geopolitical situation of Tajikistan, its military-strategic position, the low probability of a large-scale war and the difficult economic conditions of the country virtually eliminate the need and the opportunity to advance the creation of powerful groups of the armed forces in its geo-strategic areas. Taking into account the serious threat of military conflict, not only for Tajikistan, but for all Central - Asian region, it is necessary:

- to adhere to the principles of peaceful coexistence, political solution of regional and international disputes and conflicts, respect for the sovereignty and territorial integrity of States, non-interference in their internal affairs and inviolability of state borders;
- to deny war, the use of force or threat of force to achieve political, economic and other purposes;
- to condemn all acts of international terrorism, political extremism, separatism and drug trafficking.

Literature

1. Zh.M.Medeubayeva, A.T.Serikbayeva. Multifactoral as a challenge to regional security system in Central Asia.-Relevant problems of regionalization in the context of world development.-Astana.-2014.-P.-5-17
2. Jackson R. Regime Security // Contemporary Security studies. – Oxford University Press.,-2010
3. A National Security Strategy for a New Century. Washington, D.C.: The White House, May 1997 // <http://history.defense.gov/resources/nss1997.pdf>
4. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Жибек жолы, 2010. – 260 с.
5. Указ Президента Кыргызской Республики от 1 июня 2012 г. «О Концепции национальной безопасности Кыргызской Республики».
6. Черных И.А. История формирования системы региональной безопасности в Центральной Азии (1991-2006 годы), 2007.-325 с.
7. Военная доктрина Туркменистана http://www.geneva-academy.ch/RULAC/pdf_state/Military-Doctrine-TJ.pdf

С. Жұмағұл
Астана қ. (Қазақстан)

ҒАБИДЕН МҰСТАФИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИ ӘЛЕМІ

«Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды», «Дауылдан кейін», «Көзкөрген» прозалық туындыларымен қазақ сөз өнерінің дәстүр ұласуын жаңа көркемдік биікке шығарған «Алыптар тобының» айтулы өкілі қаламгер «Ой әуендері» (1974) сын мақалалар жинағымен де әдеби үрдістің, ұлттық руханияттың өзекті мәселелеріне қатысты сындарлы пікірлерін білдірді. «...Жазушы боларсың, болмасың ал Отаныңның азаматы болуға міндеттісің» деген азаматтық тұғыры айқын мұрат ұстанған жазушы ұлт әдебиеті мен мәдениетінің аса ділгір мәселелеріне парасат пайымындағы ар-ождан өлшемі биігінен келді. «Өмір белестері» атты автобиографиялық шығармасында «Партия қатарына 1940 жылы ғана енгем. Оған дейін «Хажының баласы», «Сейіткемеловтің күйеуі» деп қудалануда көз ашқаным жоқ. Партияға енген соң да 1953 жылға дейін «домалақ» арыздарға жауап берумен келдім» деп жазғанындай қаламгер тоталитарлық жүйенің шырғаланды жолдарынан да өтті. «Шығанақ» туындысын П.Кузнецов «Идеясыздық пен жайбарақаттық жағдайында» («Правда».1946.30.IX) мақаласында «Совет адамдарын, әсіресе орыс адамдарын Мұстафин икемсіз, ынтасыз, «қара тұмсығын көкке көтерген» мәдениетсіз адамдар етіп суреттейді» деп тұрпайы сынға алса, С.Бәйішев «Идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағы» («Әдебиет және искусство» журналының 1946 жылғы 1-6 нөмірлеріне сын) («Социалистік Қазақстан».1946.27.X) мақаласында Ғ.Мұстафин редакторлық еткен журналда жарияланған туындылардан саяси ауытқушылықтар қазбалады. Шығармашылық белестерінде осы сипаттағы идеологиялық қиястықтарға тап болғанымен Жазушылар одағы жанындағы партия ұйымының хатшысы қызметінде де парасаттылық танытты. «Осы кезде «ұлтшылдық қателері» үшін талқыға түскен талантты ақындарымыз Ә.Тәжібаевқа, Қ.Бекхожинге, Қ.Аманжоловқа ол қамқор бола білді. Олардың партиялығы талқыға түскен кезде Ғабиден аталған ақындарды партиядан шығару жөніндегі нұсқауға қарамастан КПСС қатарында сақтап қалды» (С.Қирабаев). Бұл ретте жеке басқа табынушылық зардаптары Қазақстан жазушыларының III съезінде (1954.3-8.09) «Қазақ совет әдебиетінің жайы мен міндеттері» тақырыбындағы баяндамасында әдебиет тарихын зерттеу, көркем туындыларды эстетикалық талдауда, суреткерлер шығармашылығын объективті бағалауда орын алып отырған басты кемшіліктерді батыл көтерді. Мәселен, «Сын шоқпары тимеген басты жазушы кемде-кем. Бүгінгі табысымыз делінген одақтық аренаға шыққан шығармалардың да соққыға ұшырамағаны некен-саяқ. Әдебиетіміздің мақтанышы болып отырған «Абай» сияқты романдарымызды «Каз.Правда» тіпті құртқысы келді. Бұның бәрі «сын» деген қасиетті атпен істелді. Басшыларымыз қой деудің орнына, қошеметтеп отырды» деген көзқарасымен қазақтың рухани әлемін шарпыған саяси зобалаңның зардабына үңілдірді. Қаламгер «Шаяхметов жолдасқа жазушылардың тарқамайтын үлкен өкпесі бар. Ол кісі партиямыз, халқымыз сүйген жас әдебиетті сүйе білмеді» деп Қазақстан басшылары тарапынан жіберілген басты қателікті ой безбеніне салды. Әдеби сынды жеке басқа табынушылықтан туындаған басты олқылықтардан арылту, сынның ғылыми негізді өрістеуі, әдебиетіміздің эстетикалық арнада ілгерілеуіне қатысты «жылымық» жылдарының жаңғыру кезеңінде жазылған «Дамуымыздың кейбір сипаттары» (1954), «Өрелі міндеттер, биік мақсаттар» (1955), «Әдебиетшілердің ортақ ісі» (1955), «Жазушы атағын биік ұстайық» (1956), «Жазушылардың моралы таза болсын» (1956) т.б. проблемалық сипаттағы мақалалары үлкен

маңызға ие. «Нағыз сынның айқын бір белгісі – әдебиетті сүю» екенін екшеп, суреткерлерге «өздерінің шығармаларында қоғамдық өмірімізде орын алып келе жатқан кемшіліктерді, зиянды, дертті құбылыстарды барынша қатты әшкерелеуге» ой салды. «Әдебиеттің, көркем сөздің беделін тек жаман жазылған шығармалар ғана түсірмейді, жазушылардың жаман қылық, мінездері де түсіреді. Жазушы деген өте ардақты ат. Әдебиетті сүйген адам жазушыны сүймей қоя алмайды», «Сен жас екен деп, әдебиетке еңбегі сіңген мосқал екен деп, жазушыға мүсіркеп бере салған арзан жеңілдігінді оқушы кешірмейді» деген эстетикалық толғамымен жазушы және оқырман талабы мен талғамын байыптады. Жас әдебиетшілер, сыншылардың республикалық кеңесінде (1977.12) сөз алған Ғ.Мұстафин «Жазушы әуелі өз ұлтын сүйеді. Өз ұлтын сүйе білген басқа ұлтты да сүйе біледі. Өз ұлтын сүйе білмеген басқаны не ғылсын. Әр халықтың өзіне тән ғасырлар бойы жасаған, бойына әбден сіңген тілі, мәдениеті, өнері, дәстүрі бар. Бұларды білмеу, елемеу, яки басынан аттау, менсінбеу сол халықтың өзін қорлау болып шығады. Біз ұлтшылдықпен күрессек, сендер ұлтсыздықпен күресіңдер» (Жас талапқа айтар сөз. «Қ.Ә». 1978.13.01) деп жастар тәрбиесінде ұлттық мүддеге баса назар аударды. «Адамшылық деген ұлы сөзді айта бергеннен, көрсете берген жақсырақ» деген ұлағатын темірқазық етіп ұстана білген суреткер Алаш арыстарын ақтау, әдеби мұраларын ұлт игілігіне айналдыру сол арқылы тарихи шындықты қалпына келтіру сынды аса өзекті де маңызды мәселеде де ар тазалығын сақтай білді. 1979 жылдың 6 ақпанында жазылған «Сыр ашуында» келер ұрпаққа жан сырын ақтарып, имани қасиетін танытқан ол «Абайдан кейін біздің заманымызға дейін қазақтан туған білімді, талантты адамдардың ішінде аты мәлім төрт адам атаусыз қалып барады. Олар – Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев. Аласапыран уақытта бұлар біраз қателесті. Кейін қателерін мойындап, бойындағы өнер білімдерін халқына беріп кетуге құмартты» деп Алаштың біртума перзенттерінің аяулы есімдерін, құнды мұраларын бағалауда орын алып отырған қиянатқа ары төзбей, соңғы 5-6 жыл бойы Орталық Комитетке барып, ақтау қажеттігін ескерткенін айтады. Алаш арыстары мұрасының рухани өмір өзегінен тыс қалып келуінің басты себебіне де принциптілікпен екшей отырып ақиқаттан еш аттамай ашық айтты. «Ол еңбектерді ұрлап, жырындап пайдаланып атақ алғандар, қарнына қазы біткендер бар...Тап тартысын біздің белсенділер тап мақсатынан гөрі өз мақсаттарына көбірек пайдаланды. Өзімен бәсекелестерді құртып алған соң, жалғыз шауып жүйрік атанбақ болды. Егер анау төртеуі қатарға қосылғанда, олар шаруаның бір шоғыры болып қала берер еді». Өз ойын өрбіте келе жазушы «..Қазір уақыт өзгерді, қауым жанарды, тарихымызға сынап қарап, дұрысын дұрыс, бұрысын бұрыс дейтін шақ жетті. Сонда да Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдердің ғылыми, әдеби тамаша еңбектері әлі көмулі жатыр. Мен осы жайды Орталық Комитетке (Қонаевқа) үш рет кіріп айттым. Кірген сайын бір сағат, сағат жары әңгімелестім. Пушкин, Толстой, Горький сияқты әдебиет алыптар бар орыс халқы Бунин, Есенин сияқты аласапыран күндерде қателескендердің қатесін кешіріп, қатарына қосып алды. Олардың еңбегі халық игілігіне айналды. Біз неге сүйтпейміз? Орыстан мәдениеттіміз бе, орыстан білімді адамдарға баймыз ба? Бұл сұрақтарға толымды жауап таба алмай, не көмулі қазынаны ашып бере алмай киналды Қонаев, сөзбұйдаға сала береді...Саясатта Қонаев, әдебиетте мен сияқтылар кеңес дәуірінің бұрынғысы мен қазіргісін басынан кешіре отырып, әділетті бүркеп кетсек, кейінгілер не демек? Біз бүркегенмен олар ашады. Қазақ тарихы, қазақ әдебиеті жойылмаса, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдер жойылуы мүмкін емес. Тарихымыздың төрінен орын алады олар. Сондықтан мен «Сыр дәптеріне» жазып кеттім, кейінгілердің қарғысына ұшырамауды ойладым. Дүниеден өзің кеткенмен, ізің қалса болғаны. Сол ізбен келіп, сырынды ашады кейінгілер» деген ақ адал аманатын кейінгі ұрпаққа жеткізді. Оның шын мәніндегі халықтық және Абай, Шәкәрімнің имандылық ілімі дәстүрінде ар биігінен әдіптеген дана да ақиқат болжамын бүгінгі дәуірдің өзі безбендеп берді. Даурықпа уақыттың алғысына емес, дауылдан кейінгі кезеңнің қарғысына қалмауды дйттеген қаламгердің әдебиет ардың ісі болып қала беретінін ұғындырды. Жазушының азаматтық тұлғасындағы ар

тазалығын асқақтата түсер ендігі бір ілкі қасиет – қағажу көріп келген қазақ тілінің жай-күйі, болашағы туралы толғанысы. «Сыр дәптеріндегі» «Қазақ тілінің қайғысы» атты жан толғанысы ұлт тілінің басты қайғы-қасіретін тереңнен қозғауымен, барша әлеумет назарын аудартуымен оқшау тұрады. Отаншылдық пен ұлтшылдық, халықтық қасиеттен нәр алған адамзат баласын құрметтеу, қадірлеу - өз ұлтыңды, ана тіліңді ардақтау мен пір тұтудан бастау алатынын терең ұғындырды. «Өнер алды – қызыл тілді» ұлт болып жасаған. Тілі жоқтың ұлты жоқ. Ұлты жоқтың бойында ұлттық қасиет жоқ. Өз ұлтының қасиеті бойыңа дарымаса, басқа ұлттыкі қалай дариды? Интернационалист болу үшін бойыңда әуелі ұлттық болу керек. Сонда ғана басқа ұлттардың қасиетін бағалауға болады. Мұнсыз құр интернационалисттің деу – алдау не алдану» деп кеңестік ұлтсыздандыру саясатының қитұрқы айла-шарғысын еш боямасыз жеткізді. «Қазақ мектептері азайып барады, қазақ балалары көбінесе орысша оқиды. Қазақ бола тұра әке мен бала орысша сөйлесетіндер аз емес. Қазақ тіліндегі кітаптарды қазақ жастарының талайы орысша аудармасынан оқып жүр. Мұндай жағдайда қазақ тілі қалай күнелтеді». Ғ.Мұстафин өмірден өтер алдындағы аманатқа толы ақтық ой-толғамында «Қазақта обал, рахым, иба, қанағат, борыш деген ұғымдар бар. Бұлар – ескіден келе жатса да ескірмеуге тиіс асылдарымыз» дей келіп, жастарға «сендер енді 15 жылдан соң ХХІ ғасырдың есігін ашасыңдар. Жаңа ғасырға алып барар тарту-таралғыларыңның ең қымбаты, ең қадірлісі – мейірім, рақым, қанағат болғай!» деп келер ұрпақ бойына ізгілік нұрын, мейірім шапағатын құйды (Жауқазын буынға хат. Жалын. 1985.№1).

С.Қ. Иманбердиева
Астана қ. (Қазақстан)

ЛАТЫН ҚАРПІ: ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ДҰРЫС БЕРІЛУІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АЗАМАТТАРЫ АТЫ-ЖӨНДЕРІНІҢ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ НҮСҚАУЛЫҚ

Халқымыздың жер-су атаулар жүйесі ұлттық бірегейліктің, сол атаулар өрнектеген төл этникалық-территориялық бірегейліктің бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясындағы жер-су атауларының халықаралық келісімшарттарда, ресми құжаттарда, шетелдік БАҚ-тарда, ғаламторда қолданылу барысы күн өткен сайын өріс алып келеді. Олардың жазылуы, айтылуы, халықаралық деңгейде қолданылуы еліміздегі топонимдердің дұрыс зерттелмеуінен және арнайы ұлттық стандартталған географиялық атаулар болмағандықтан дұрыс жүргізілмеуде. Кең байтақ қазақ даласында ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тарап, бүгінгі заманға жетіп отырған жер-су аттары (топонимдер) – талай дәуірдің қарт куәсі (Т.Жанұзақ). Тарихи атаулар негізінде ұрпақты тәрбиелемесек, онда ұлттық бірегейлендіруді, түптеп келгенде тілімізді, санамызды мүлде жоғалтамыз. Сана жоғалса, онда ұлт та жоғалады. Қазақ тілі тарихи және ұлттық ерекшелігімізден ақпаратын беретін географиялық және этнографиялық реалийлерге өте бай. Бұл реалийлерді екінші тілде жеткізу үшін аялық білім болу керек, яғни жалпыұлттық құндылықтар, тарихтан, жер бедері ерекшеліктерінен, ұлттық танымнан хабардар болу қажет. Зерттеушілер жалпы ономастикалық лексикадан ономастикалық реалийлерге ерекше көңіл бөледі, себебі олар әркез ұлттық нақышқа ие болады. Тілде олар өмірде бар немесе ойдан қалыптасқан (шығармалардағы) нысандарды атайды. Әр атау негізінен нысанның локалды (жеке) және қай ұлтқа тән екендігі жөнінде ақпарат береді, яғни бұл нысанды тұлғаға, орынға (жерге), ұлтқа, мәдениетке т.б. қатыстылығына қарай бірегейліндіреді. Бүгінгі күні мәдени-маркіленген бірліктің ортақ таптастырылуы жасалынбаған, зерттеушілер белгілі қағидаларға

сүйене отырып, реалийлердің өзіндік таптастырылу үлгілерін ұсынады. Аялық ақпарат мазмұнына сай, ең алдымен, тарихтың ерекше фактілерінен және ұлттық қауымдастықтың мемлекеттік құрылымынан, географиялық орта ерекшелігінен, бұрынғы және қазіргі материалды мәдениетке тән бұйымдардан, этнографиялық және фольклор ұғымдарынан т.б. – яғни реалийлерге қатысты барлық ақпарат берілуі тиіс. Тілдік фактор еліміздің әлеуметтік өмірінде ерекше стратегиялық рөл атқарады. Мәселен, ұлттық паремия, прецедентті феномендер т.б. тілдік бірліктер халықтың ұрпақ тәрбиелеуінде маңызды болып табылады. Мысалы, жер бедері ерекшелігі мен кен байлықтары жөніндегі ақпарат тікелей тілдік бірлікте көрсетілген: Келіншектау, Миялы, Жусанды, Аңырақай, Дегерес, Жыланды, Жыңғылды, Қарашығанақ, Жезқазған, Кентау, Текелі т.б. Осыған байланысты тілдік бірліктер экологиялық тұрақтылықты қамсыздандыруда стратегиялық маңызды рөл атқарады. Себебі тіл табиғи орта туралы жергілікті халықтың білімі мен танымын сақтаған. Қазақстан топонимдерінің маңызды мәселелерінің бірі – ғасырлар бойы бірнеше қабат негізінде қалыптасқан: түркі, араб, моңғол т.б., сонымен бірге екі – қазақ және орыс тілдерінде беру нәтижесі екі күрделі мәселенің туындауына әкеледі. Біріншісі – айтылуы, екіншісі – жазылуы немесе атаудың графикалық берілуі. Бұл мәселелер ономаст, фонетист, картограф, IT мамандары тарапынан шешілуі қажет. Географиялық атаудың ауызша түрі хронология тарапынан алғанда алғашқы, жазбаша түрі кешірек қалыптасқан – бұл кодталуы және ауызша түрінің сақталу тәсілі, сол арқылы дыбыс тіркестерінен құжат түріне айналады. Ауызша түрі дегенде дыбыстары дұрыс, стандартқа сай, яғни қазақы лингвистикалық қауымдастыққа тән стандарт шеңберінде айтылуы сөз болады. Біздің жағдайымызда, Кеңес үкіметінің идеологиялық ықпалының әсерімен көптеген топонимдер фонетикалық та, графикалық та өзгерістерге түсті. Мәселен, Алматы – Алма-Ата, Алмата – Алматы; Медеу – Медео – Медеу, Көкшетау – Кокчетав – Көкшетау, Жамбыл – Джамбул – Жамбыл т.б. Сонымен бірге кейбір топонимдерімізді орыс тілінде аудару мәселесі де нақтылауды талап етеді. Бұл біздің құндылықтарымызды, яғни түпкі ақпаратты жоғалтуымызға әсер етті. Осындай фактілердің, кері әсердің орын алмауы үшін және әлемдік стандартқа сай болу үшін онимдерді латын қарпімен берген дұрыс болады. Түптеп келгенде, қолданбалы топонимиканың мақсаттарының бірі – халықаралық қолданысқа икемдеп, географиялық атауларды стандарттау. Бұл карталарда, атластарда және халықаралық БАҚ-нда жүргізіледі. Халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ) географиялық атауларды жазбаша берудің қосымша көмекші құралы болып табылады. Алайда кирилл әліпбиі негізінде жазып, одан оны қайта латын қарпімен жеткізіп, екі жұмыс жасағаннан гөрі, бірден латын қарпіне көшкен дұрыс болады, себебі екі қаріпте карта жасауға жұмсалатын қаражат үнемделеді және жоғарыда аталған мәселелер шешімін табады. Сонымен бірге кирилл қарпінде дайындалған карталарды халықаралық фонетикалық әліпбиге сай беру үшін кирилл мен латын символдарының толық сәйкестігін беретін транслитерациялық кілт болу керек. Мұнда көптеген қиындыққа тап боламыз, себебі төл дыбыстарымызды сәйкестендіріп берудің дұрыс жолдарын беретін әліпби жасауға тура келеді, бұл тағы да қаражатты талап ететін қосымша жұмыс. Әркез жаңа атау қалыптасқан сайын немесе атау өзгертілген сайын осындай кедергіге тап боламыз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Жолдауда «Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс» екенін басты назарға ала отырып, «алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра беретінімізді» атап өтті және «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын ғарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек» [1] деп нақты міндеттер жүктеген болатын. Латын әліпбиіне көшудің мақсаты – «балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызу екенін» естен шығармауымыз керек [1]. Елбасымыз латын әліпбиі туралы мәселені бұған дейін де бірнеше дүркін көтерген еді. Мәселен, 2006 жылы

Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгінде телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да, бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тілінде оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал біз қазір барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Сондықтан мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ»–, деген болатын. Латын әліпбиіне көшудің мақсаты – «балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызу екенін» естен шығармауымыз керек. Дегенмен, «әліпби ауыстыру ана тілімізге не береді, неден ұтып, неден ұтыламыз?» деген сұрақ та көпшілік көңілінде жүргені белгілі. Бұл бағытта елімізге танымал ғалымдардың пікіріне жүгінсек, тұтас түркі еліне елеулі ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері М.Мырзахметұлы латын жазуына көшудің бес артықшылығын көрсетеді: «1-ден, қазақ тілі табиғи қалыпқа түсіп, жасандылыққа ұрынған артикуляциялық базасынан арылып, табиғи қалпына түсер еді; 2-ден, әріп сандары 42 әріптен 28-34-ке дейін қысқарып, жазу сыйымдылығы артып, машинкаға да, компьютерге де сыйымды болар еді. Интернетке де кедергісіз шығар едік; 3-ден, латын жазуына өтуге біздің тәжірибеміз де бар. Қазіргі аға ұрпақтың бәрі де латын жазуын киналмай оқи береді. Ал жастар болса шет тілдерін оқығандықтан, латын әрпімен таныс болғандықтан тез меңгеріп кетеді; 4-ден, біз латын әрпін біркелкі ортақ таңбамен алсақ, түрік халықтары бірін-бірі оқи алатын мүмкіндікке келеді; 5ден-, ең бастысы – санамызға күнде әсер етіп отырған кеңестік идеология мен дүниетанымның тұтқынынан босаймыз» [2, 246-247]. Латын әліпбиіне көшудің мұндай басымдықтарымен қатар, оның кейбір қиындықтары да бар екенін жасырмаймыз. Негізгі қиындық ана тілімізге тән төл дыбыстарды бейнелейтін әріптердің формасы екені даусыз. Қазіргі кезде тілші ғалымдар, информатика және тағы басқа салалардың мамандары дайындаған латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуының бірнеше нұсқасы бар. Аталған дыбыстар бұларда түрліше беріліп жүр. Олардың кейбіреулері қосарлы таңбалармен берілсе, кейбіреулері қосымша белгілер үстеу арқылы берілген. Соған орай, кейбір әріптер компьютердің негізгі базасында жоқ. Бұл компьютерге қосымша бағдарламалар орнатуға мәжбүрлейді (ал ондай мүмкіндік әрдайым, әсіресе, шет елдерде жүргенде мүмкін бола бермейді) және мәтінді терудің тиімділігін төмендетіп, жылдамдығын тежейді. Сондықтан да, қазақ әріптерін таңбалауда тек компьютердің пернетақтасында бар әріптерді пайдалану аса маңызды болмақ. Бұл ретте көршілес Өзбекстан, Түркменстан мен Азербайжан елдерінің тәжірибелерін зерттеп, олардың кемшіліктері мен артықшылықтарын сарапқа салған дұрыс. Қазіргі ғаламның жаһандану үрдісінде түркі халықтарының бірігу идеясы бүгінгі күннің күн тәртібіне қайта қойылуда. Оған түрлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мәжбүрлеп отыр. Ал бүткіл түркі халықтарының басын біріктіретен басты фактор ретінде – ортақ жазу, ортақ әліпби айтылып жүр. Қазіргі түркі халықтарының мәдени-рухани құндылықтары мен ұлттық рухы ежелгі жалпытүркі әлемінің рухани құндылықтарынан бастау алатындықтан ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіріп, жалпытүркілік ұлттық сананың берік қалыптасуын қамтамасыз ету қазіргі түркілердің тарихи тамырын терең тануына, түркілік тектілден тараған ана тілдерінің тарихи даму жолын саралай білу деңгейіне байланысты. Сондықтан түркі халықтарының жаңа әліпбиін түзуге қатысты мәселелер жалпытүркілік континиумда қарастырылса нәтижелі болмақ. Жаңа заманға сай жаңа қоғамның қажеттілігін қанағаттандыра алатын тіліміздің фонетика-фонологиялық табиғатын толық сақтаған, ғылыми-теориялық, методологиялық негіздемесі берік алфавит жүйесін түзу түркі тілдерінің бірі – қазақ тілінің тарихи тамыры мен көркемдік әлеуетін, жалпы табиғатын терең тануға жол ашып, мемлекеттік тілдің мәтрәбесін айшықтай түседі [3, 27-28]. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың жоғарыда аталған Жолдауындағы ана тілімізге қатысты тағы бір мәселе – «тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу» [1]. Жалпы халықаралық терминдерді аудару

ерекше маңызды мәселелердің бірі. Содан да болар, бұл туралы пікірлерді баспасөз беттерінен, ғылыми конференциялардан жиі кездестіруге болады. Латын әліпбиіне көшу бұл проблеманың да оңтайлы шешілуіне ықпал етеді. Енді орыс тілінен және орыс тілі арқылы шет тілдерінен енген сөздерді бұрынғыдай «орыс тілінде қалай жазылса, қазақ тілінде де солай жазудан» құтыламыз. Ондай сөздер жазылуы мен айтылуы жағынан қазақ тілінің заңдылықтарына жақындай түседі. Бұл жаңа сөздердің тілімізге тез сіңіп, біте қайнасып кетуіне мүмкіндік береді. Қазіргі зиялы қауым өкілдері латын әліпбиіне көшуді әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын негізгі жол деп есептейді. Оның саяси мәні де зор. Яғни латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақ елі бүкіл түркі әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түседі. Сонымен бірге шетелдерде тұратын қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын да жеңілдетеді. Ақпарат және телекоммуникациялық саладағы қолжетімділік те артады. Латын қарпіне көшудің тағы бір маңыздылығы – БҰҰ географиялық атаулар бойынша және БҰҰ географиялық атауларды стандарттау бойынша конференцияның сарапшылар тобы латын қарпін қолданбайтын барлық елдерден келісілген, бірегей транслитерация жүйесін пайдалануды талап етіп отырғандығында. Түркі халықтарына ортақ латын қарпін дайындасақ, бұл бүкіл түркі халықтарының тығыз байланыста болуына септігін тигізер еді. Транслитерация бір тілдегі атауды екінші тілге сол тілдің қарпімен жеткізу болса, транскрипция латын тілінен scribere – «жазу», топонимді бір тілден екінші тілге тек қабылдаушы тіл жазуымен беруі, яғни транслитерациядағыдай қосымша немесе арнайы әріптерге, диакритиктерге немесе басқа да маркерлерге жүгінбей екінші тіл жазуымен аудару. Мұндай тәсілдің артықшылығы – қабылдаушы тіл оқырманы шетел сөзін оқи алуында. Алайда атау құлаққа жағымсыз және оқырманның артикуляциялық жүйесіне жат болуы мүмкін, бірақ транслитерациялық кілтсіз-ақ атаудың түпнұсқадағы ауызша түріне жақын берілуі сақталады. Сонымен атауларды екінші тілде жеткізудің тиімді тәсілі ретінде транскрипция қабылдануы мүмкін. Оған ертеректе зерттеушілер мен алғашқы саяхатшылар жергілікті тұрғындардан естігенін дәл сақтау үшін жүгінген. Алайда транскрипция кері қайтаруға жатпайтын үдеріс. Бұл топоним бір тілден екінші тілге транскрипцияланғаннан кейін қайтадан түпнұсқа тілге транскрипциялануы міндетті түрде бастапқы формасын бермейді. Бұл, әрине, түпнұсқа жүйеде транскрипцияланған формасынан картада немесе мәтінде кездескен атауды қайта қалпына келтіргісі келетіндер үшін үлкен кемшілік. Топонимикалық карталарды жасау барысында геоақпараттық картографиялық әдіс кеңінен қолданылады. Географиялық карталардағы атаулардан көптеген тарихи-мәдени ақпараттар алуға болады. Картада берілетін топонимдер аса көңіл бөлуді талап етеді. Бұрыс немес нақты емес атаулар берілген карта – бұл қате ақпарат беретін анықтағыш. Географиялық атауларды жан-жақты зерттеу – шығу тегі, мағынасы, уәждемесі, өзгертулер, жазылуы, айтылуы т.б. – ономастика, соның ішінде топонимикада зерттеледі. Карта түзу үшін қолданылатын топонимдер картографиялық топонимика нысаны болып табылады. Оның басты мақсаты – географиялық атауларды нормалау, яғни картада пайдалану үшін міндетті болып табылатын әр географиялық атау үшін бір, тұрақты аталуын анықтау. БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің арнайы шешімімен құрылған БҰҰ сарапшылар тобының географиялық атаулар жөніндегі ұсыныстарына сәйкес [UNEGN] картографиялық ұйымдар және олардың өндірістік кәсіпорындары елдімекендердің, топонимикалық мәліметтер базасының, түрлі мақсаттағы атластар мен карталардың, газетирлер (географиялық атаулардың стандартталған тізімі) және басқа да картографиялық шығармалар мен ақпараттар материалдардың тізімін құрауда төмендегідей қағидаттарға сүйенуі керек:

- географиялық нысан атауларын тіркеу ресми немесе мұрағат материалдарына сүйене отырып жазылуы керек;

- географиялық атау елдің жауапты органдары арқылы стандартталған болуы тиіс;

- кириллицаны қабылдаған немесе латын жазуын пайдаланбайтын басқа елдер географиялық атауларын халықаралық қолданыс үшін белгіленген және БҰҰ бекіткен өзінің жеке транслитерация жүйесі бойынша құрылған латын алфавитінің әріптерімен жазуы тиіс;
- географиялық атаулардың жазылуы мен дұрыс айтылуы лингвистикалық аспектіге сүйенуі тиіс [4, 43-44].

Топонимдер сияқты осы уақытқа дейін ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндері орыс тілінде «транслитерация» негізінде беріліп келді. Транслитерация әртүрлі графикалық жүйедегі тілдер арасында қолданылады, ол сол тілдердің әріптерін сәйкестендіру негізінде жасалады. Осыған сай жалқы есімдерді тіл аралық жеткізу орын алады. Алайда тәжірибе көрсеткендей, транслитерацияны қолданудың жетістіктері де кемшіліктері де бар екені бәрімізге аян. Жетістігі – жазбаша түрінде кісі есімі өзгеріссіз беріледі, ал оның иесі тілдік бірегейлендіруден тәуелсіз, әмбебап бірегейлендіруге ие болады. Кемшілігі – транслитерацияда қабылдаушы тіл ауызша жеткізуде өзінің ережелеріне басымдық береді. Транслитерацияны қолдану туралы орыс ғалымы Д.И. Ермолович мынадай пікірді білдіреді: «Бүгінде орыс тілінде транслитерация тура мағынасында тілдік тәжірибеде қолданылмайды. Мұның себебі ағылшын, француз, неміс, венгр және басқа да тілдерде латын әліпбиіндегі көптеген әріптер өзінің дыбыстық қабатын өзгерткен немесе белгілі әріптік тіркестер мен сөздер де стандартқа сай оқылмайды. Сондықтан да орыс тілінде транслитерация сол қалпында жүргізілсе, түпнұсқада оқылуында бір-біріне ұқсамайтын кісі есімдерінің варианттары қалыптасады» [5]. Транслитерациялау ережесін жасау алдында оған қойылатын талаптар мен жалпы ұстанымдарды белгілеп алу шарт. Н.Рсалиева «<http://dbserv.ihep/su/~pubs/trans-e.htm>» сайтында кезіккен жоба авторлары орыс есімдерін транслитерациялауда төмендегідей ұстанымдарды ұсынғанын көрсетеді: 1. Бір есімнің тек бір нұсқада транслитерациялануын қамтамасыз ету; 2. Ағылшын оқу ережелеріне сәйкес оқылуын (readability) қамтамасыз ету; 3. Тұрақты қалыптасқан транслитерациялау үлгілерін ескеру; 4. Авторлардың тәжірибесіне жүгіну. Автор осы ұсыныстарды толық қолдай отырып, оны өз тарапынан бірқатар толықтырулармен жалғастырады: 1. Қолдануға жеңіл, қарапайымдылықты қамтамасыз ету; 2. Үнемділікті қамтамасыз ету; 3. Диакритикалық үстемелерді қолданбау; 4. (Орфографияның дифференциалдық принципіне орай) мүмкіндігінше таңбаға таңба принципін сақтау; 5. Респонденттермен жасалған аудиторлық тәжірибе нәтижелерімен санасу [6, 71]. Қазақ тілінде Әйгерім, Айнұр, Мөлдір т.б. есімдердің варианттарының қалыптасуы осындай транслитерацияның салдары. Сонымен бірге Д.И.Ермолович кісі есімдерінің этимологиялық сәйкестігінің сырт қалып қоятыны жөнінде пікірін айтқан: «тарскрипция мен транслитерациядан басқа кісі есімдерін қабылдау мен жеткізуде аз зерттелген әдістің – этимологиялық сәйкестік әдісі немесе транспозиция байқалады» [5]. Кеңес өкіметі кезінде ұлты қазақ азаматтары баланың тууы туралы куәлігіне бала есімін ауызша айтып жаздырған, ал АХАЖ бөлімінің қызметкерлері ұлттық ерекшелік, тарих, есім тағудағы уәжден бейхабар, яғни аялық білімі болмағандықтан және ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндерін дұрыс беру туралы нұсқаулықтың болмауынан қате, ұлттық антропонимиконға жат кісі есімдерін жазу орын алған. Жоғарыда берілгендерді ескере келе, 2007 жылдан бері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, т.б. гуманитарлық институттардың ғалымдары тарапынан жүргізілген жұмыстардың нәтижесі ретінде жасалған қазақ-латын қарпін пайдаланып, түркі халықтарына ортақ латын әліпбиін түзіп, сол арқылы онимдерді беретін болсақ, қазіргі кезде өзекті болып тұрған бірнеше мәселелердің шешімін тапқан болар едік. Атап айтқанда, халықаралық стандартқа сай карта, атластарда топонимдерді беру жүйесі және кісі есімдерін халықаралық стандартқа сай жүйеге енгізу мәселелері шешіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылған. Осыған сәйкес аталмыш Нұсқаулықты негізге ала отырып, дүниеге келген сәбилердің аты-жөндерін мемлекеттік тілде рәсімдеудің кезі келді. Кез келген елде онимдерді, соның ішінде кісі есімдерін ана тілінде реттеу бірінші кезекте тұрады, себебі олар

сол тілдің реалийлері ретінде ұлттық таным, тарих, мәдениеттен көрініс береді. Екіншіден, тілдік саясат орын алады, яғни тілдің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін сақтау. Үшіншіден, нысандарды, соның ішінде азаматтарды ұлттық бірегейлендіру үрдісі жүреді. Төртіншіден, онимдер, соның ішінде кісі есімдері ұлт тәрбиесінде негізгі рөл атқарады.

Әдебиеттер

1 «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан, 2012 жыл.

2 Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. – Алматы: Санат, 1998.

3 Ескеева М.Қ. Ортақ түркі әліпбиі – жалпытүркілік сананы жаңғыртудың кепілі // Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы. – Астана, 2012. – 23-28 б.

4 Әбдуәлиұлы Б. Транслитерация және қазақ ономастикасының мәселелері // Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы. – Астана, 2012. – 40-47 б.

5 Ермолович Д.И. Имена собственные на стыке языков и культур. – Москва: Р. Валент, 2001.

6 Рсалиева Н.М. Қазақ ономастикалық атауларын ағылшын тілінде транслитерациялау ережесі (ЖОБА) // Халықаралық кеңістіктегі қазақ графикасы. – Астана, 2012. – 67-89 б.

Р.С Тұрысбек
М.З. Сайлаубекова
Астана қ. (Қазақстан)

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

«...Әдебиет шығармаларының тілін сөз ету ғылымдық дәрежеге жетпей келеді», - деп Мұхтар Әуезов айтқан еді [1.3]. Қазақ прозасында жазушыларымыздың қаламгерлік даралығы турасында сөз еткенде көбіне-көп олардың туындыларының идеясы, тақырып өзектілігі, образдардың берілу жолдары сынды дүниелерді кеңінен талқылап, ал сол көркемдікке, ерекшелікке қол жеткізуге негіз болған тілдік факторлар жайлы жалпылама айтып кетіп жатамыз.

Әлемдік үдерісте, әсіресе орыс тіл білімінде лингвистикалық стилистика және әдебиеттік стилистика жөнінде кейбір пікірлер айтыла бастады. Көркем шығарма тілін талдағанда бұл екеуінің өзара тығыз байланыста болу керектігін В.В. Виноградов та, Б.В.Горнунг та аңғартады. Көркем шығарма тілінің табиғаты, оның барлық қыр-сыры шын мәнінде де осы екі түрлі стилистиканың негізінде, яғни шығарма стилінің элементі ретінде, сонымен қоса және әдеби тілдің, жалпыхалықтық тілдің стилімен тығыз байланыста талданған тұста ғана толық ашылса керек [1. 7-9] - дейді ғалым Е.Жанпейісов. Дәл осы тұста ғалымның пікірін қос қолдап қолдай отырып, қаламгерлердің жазушылық машығын қалыптастыру мәселелерін тек әдеби тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар өз туындыларында тілдік тәсілдерді, олардың мүмкіндіктерін қаншалықты пайдалана алды деген сияқты дүниелерді қатар алып қарастырудың маңыздылығын тағы бір мәрте атап өтеміз. Көркем шығарманың қай-қайсысы болмасын тілдік құралдардың көмегімен жасалады. Сол себептен сөз өнерінде тіліміздің байлығын, түрлі тілдік амал-тәсілдердің суреткер туындысында көрініс беруі сияқты дүниелерді зерттеу өте өзекті.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, біз өз жұмысымызда шығармашылығын зерттеуімізге нысан етіп алған жазушы Әбіш Кекілбаевтың

прозасындағы, нақтырақ айтсақ «Бір шоқ жиде» хикаясы, «Тасбақаның шөбі» әңгімесі мен «Ажар» триптихындағы тіл көркемдігін айқындауға тырыстық. Шығармалардағы тілдік қолданысқа үңілмес бұрын олардың мазмұнына тоқталайық. Туындыларда көтерілетін тақырып әртүрлі. Мәселен, «Бір шоқ жиде» хикаясында автор тірісінде адам баласына зиянын тигізбей, адал ғұмыр кешкен Тілеу қарттың қара шаңырағының қаңырап бос қалуын баян етіп, жұмыр басты пенденің мына дүниеде қалдырар ізі қандай деген сияқты сауалдарға жауап іздейді. Ал «Тасбақаның шөбі» әңгімесінде жазушы дүниенің азан-қазанынан аулақ Қарабала мен характері жағынан оған қарама-қайшы құрдасы Оңбайды қатар суреттей отырып, адамгершілік пен тәкаппарлық сияқты өмірлік тақырыптарды сөз етеді. Шағын әңгімелерден құралған «Ажар» триптихы да ерекше. Бірінші әңгімеде сұрапыл соғыс салдарынан жастайынан жесір атанған әйелдің сезім атты ұлы күштің алдында әлсіздік танытып, дүниеге некесіз бала әкеліп қарабет атануы, екіншісінде Ажардың сырын білген ғашық жігітінің одан теріс айналып жүрегіне де, тәніне де жара салуы, үшіншісінде бір кездері Әбен есімді жігітке деген сезімін жасырып қалған Ажардың өзегін өртеген өкініші баяндалады. «Ажар» триптихы әйел ғұмырының азабы мен ғажабы турасында келелі ой тастайтын көркем туынды. Ендігі кезекте осы шығармалардағы қаламгердің тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктеріне тоқталсақ.

Орайлы тұста автор туындыларында теңеулердің қолданылуы да мәнді. Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған А.Байтұрсынов: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанымен, нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипаты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз» - деп, теңеу туралы тұжырым жасаған [2. 64]. Жазушы прозасы: Сабы ұзын, шанағы үлкен, қақпағы кептірген қозының қарнындай жұп-жұқа [3.283], Жаңа ғана үйдің қасында намаздыгердің көлеңкесіндей боп ербиіп тұрған Зейнеп жоқ [3.289], Үй ішіндегілер арбалған торғайдай көз айыра алар емес [3. 301], Бәрін айт та бірін айт, әйтеуір қазіргідей ине жұтқан иттей боп тызаяқтап жүрмес еді... [4.160], Әйел көзі түлкі қаққан қаршығадай сақ емес пе [4.52], Аспан да жуыла-жуыла өңі кеткен көне шұлғаудай боп-боз [4.59], сынды экспрессивтік бояуларға қанық теңеулерге толы. Оларды қолдану арқылы автор кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз бейнелерін, олардың ішкі жан дүниесінің хал-ахуалын көрсетуде шебер пайдаланған және сол арқылы туындыларының көркемдігін күшейткен.

Автор туындыларындағы тұрақты тіркестердің қолданылу жайы турасында да сөз ету ерекше маңызды. Ғалым Х.Қожахметова фразеологизмдердің көркем шығармаларда қолданылуын былайша жіктейді: Фразеологизмдердің кейіпкерді мінездеуде қолданылуы; Фразеологизмдердің кейіпкердің психологиялық сезім күйлерін ашу мақсатында жұмсалыуы; Фразеологизмдердің кейіпкер портретін беруде қолданылуы және т.б. [2. 51]. Әбіш Кекілбаев прозасында да: Біздің балалар да қашанғы қу тізелерін құшақтап жүрсін [3. 266], Тілепалдысы аман болса әлі де көбейетіндей, көсегесі көгеретіндей көреді [3. 268], Міне екі-үш күн болды, көрер таңды көзінен атқызды [4. 145], Аза бойы қаза тұратын осы бір іске салып отырған әлгі ұрыншақ неме [4. 145], Кісі қайғысын қадірлей білетін жас келін ауыл-үйдің өсегін су сепкендей басқызды [4. 57] тұрақты тіркестерді жоғарыда атап өткендей әртүрлі мақсатта пайдалану көптеп кездеседі. Бұл тұстағы жазушының бірден-бір ерекшелігі деп, тұрақты тіркестерді орнымен пайдалана отырып шығармаларында ұлттық болмысымыздың көрініс табуына жағдай жасауын айтуға болады.

Осы реттен келгенде, автор туындыларында эпитеттердің қолданылуы. З.Ахметов: «Эпитет (сипаттама) – заттың, не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді. Көптеген эпитеттерде ұлттық бояу-бедер болады» - деген [2. 73]. Қаламгер шығармаларында: Қысыңқы қой көзін шокқа ұсталған шойын бақыраштағы көз жасындай мөлт-мөлт сұйықтан аудармайды [3. 262], Көз алдына көлкештеп тұрып алған соқыр тұман ашылайын дегендей [3. 272], Әсіресе, көзіне шытырлаған қатыгез ашу мен елжіреген жұмсақ мұң қабат жайғасыпты [4. 52] – сынды

эпитеттердің кейіпкерлердің кескін-келбетін, олардың сезім алпарыстарын, табиғат көріністерін суреттеуде үйлесімді пайдаланған.

Бұдан басқа, жазушының көркем туындыларының өн бойында үнемі «қара» сын есімімен тіркесіп келетін сөздердің белсенді түрде кездесіп отыратындығын аңғардық. Мысалы: Қара көрік пен қара шалдан мігір кетті [3. 265], Өзінің соңында Тілепалдыдан басқа қара ермеді [3. 268], Қара марка тұяқты бірақ серіпті [3. 284], Күйеу жігіт пен ерке қыз, мынау жаман немені екеуіңе қара болсын деп алып келдім [3. 287], Қара борбай балалар көштен түсе қап шағылдарға қарап шапқылай жөнеледі [3. 305], Бірақ мынау көзін ашқалы қара орын, қара жұртты қайтып қияды... [3. 314], Байқағанымыздай, автор «қара» сын есімін көпшілік санасында қалыптасып қалған қайғы, қасірет, жамандықты бейнелейтін символдық мағынасында емес, керісінше "қара" сөзіне қазақы қарапайымдылық, халықтық болмыс ұғымдарын жинақтай келе, ұлттық танымымызға жақын сөз тіркестерін түрлі вариацияда шебер пайдаланған.

Қаламгердің туындылары тарихи-деректілік мәнімен ғана емес, сонымен қатар әдеби-тілдік көркемдігімен де құнды. Жазушының аса күрделі сөйлем оралымдарына бай көркем шығармаларын талдай келе, біз Әбіш Кекілбайұлының тілдік қолданыстарынан оның әдеби тіліміздей телегей теңіздің түбіне бойлай білген, халықтық тілімізді терең меңгерген кемел жазушы екендігін аңғардық.

Әдебиеттер

1. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым 1968, 265 б.
2. Хамзина Г.С. 1960-80 жж қазақ повестерінің тілі (С.Жүнісов, Б.Нұржекеев, А.Сейдімбетов, Д.Исабеков): 5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері үшін оқу-әдістемелік құрал. – Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2014, – 109 б.
3. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке – Т. 2. – 1999. – 400 б.
4. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке – Т. 1. – 1999. – 400 б;

С. Батан
Астана қ. (Қазақстан)

АЛАШ ЖӘНЕ МҮСІЛІМ БАЗАРБАЕВ

Азаттық, бостандық, тәуелсіздік – ұлт мұраты. Дербес ел, Тәуелсіз мемлекет атану абыройлы іс, биік белес. Былтыр халық болып Тәуелсіздіктің 25 жылдығын атап өттік. Ширек ғасырды артқа тастаған егеменді еліміздің жетістіктерін сараладық, алдағы бағытымызды бағамдадық. Қазақ елі үшін Тәуелсіздік күнімен қатар тойланатын ұлы күн бар. Ол – Алашорда автономиясының жарияланған күні. Биыл Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толды. Ел көлемінде жер-жерде Алаш үкіметі, Алаш партиясы, Алаш арыстарының шығармашылық мұраларын зерделеу және оны жандандыру мәселелеріне арналған түрлі шаралар өтуде. Ұлттық негізді бойына сіңірген әр азамат мемлекеттігіміздің бастауы болған «Алашқа» бей-жай қарамайтыны анық.

Алаш арыстарының өмірі мен қызметін, шығармашылығы мен еңбектерін кең көлемде таныстырған азаматтың бірі – Мүсілім Базарбаев. XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби-рухани салада артына өшпес мұра қалдырған оның есімі ерекше құрметпен аталады. Мүсілім Базарбаев – ең әуелі әдебиетші-ғалым, кесек тұлғалы, терең білімді қоғам және мемлекет

қайраткері ретінде де өз халқының ұлтжанды азаматы ретінде есте қалды. Екі рет М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, Қазақстан Республикасының Мәдениет және Сыртқы істер министрі деңгейіне дейін көтерілген ұлтжанды азамат. Оның басшылығымен «Жиырмамыншы-отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеті», «Қыркыншы-елуінші және алпысыншы жылдардағы қазақ әдебиеті» атты зерттеу еңбектері басылды. Бұл кеңестік дәуірдегі ұлттық әдебиетіміздің табыстары мен олқылықтарын жана тұрғыдан бағалауға, жеке шығармалар мен авторларды бұрынғы кеңестік саясаттан арашалауға арналған еді. Осы зерттеудің негізгі бағдарламасы мен концепциясын өзі жасады. Ол ХХ ғасыр басында жазықсыз құрбан болған алаш арыстарын ақтау мен олардың әдеби мұрасын жариялау ісіне белсенді қатысты. Шығармаларының жинағына алғы сөз ретінде көлемді мақалалар жазды» [2. 6]. «Мүсілім Базарбаев бұрын кеңестік идеология тұрғысынан уағыздалып келген әдебиеттің өз табиғатына лайық ерекшеліктері мен көркемдік, эстетикалық байлықтары ескеріліп, жанаша зерттелуі қажеттігін көтерді. Ол өткендегі әдеби мұраны да, бүгінгі әдебиетті де саясаттан аршып алу мәселесін қойды» [3. 6]. Зерттеуші оның бір-ақ жолы бар екендігін айтты. Ол – барлығын да сын көзімен қарап, талдап, жақсысын жақсы, жарамсызын жарамсыз деу. «Дәуір туғызған қалып үшін көркем сөз адамын кінәлау мүмкін емес. Тек сол кездің көркемдік туындыларын ыждаһатпен зерттеп, тиісті бағасын беру керек» деген ғалым осы аталған қағидаларды негізге алды [1.3 4]. Мүсілім Базарбаевтың «Қазіргі қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі», «Заман тудырған поэзия» атты зерттеу мақалаларын ерекше айтуға болады. Мұнда А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Күлеев, Қ.Кемеңгеров, Х.Жүсіпбеков, С.Сәдуақасов, Н.Төреқұлов, А.Сегізбаев, О.Беков сияқты алаш қайраткерлерінің еңбектері сөз болады.

«Дәуір поэзиясын талдау тұсында автор нақты материалға көбірек жүгінеді. Сәкен, Бейімбет, Илияс, Сәбит туындыларының мазмұны мен ерекшеліктерін, олардан оқшау тұрған Мағжан шығармаларының сыр-сипатын атайды» [1. 7]. Алғаш болып ақын шығармашылығына ғылыми пайымдаулар жасаған ғалым ұлт зиялылары небір тар жол, тайғақ кешуді бастан өткерді. Сол себепті олардың іс-әрекетіне талдау жасау мұны ескеру қажеттігін алға тартады. «Мағжан Жұмабаевтың ақын болу, қалыптасу кезеңі қазақ тарихындағы бір жағынан ояну, бір жағынан, жаңа жол іздеп дағдару дәуірімен тура келеді. Қазақтың демократиялық мәдениетінің өсіп-өркендеу сәті қазақ интеллигенциясының қалыптасу кезеңі еді. Әлеуметтік құрамы жағынан да, саяси көзқарасы жағынан да әдебиет, мәдениет және оқу-ағарту қайраткерлері сан түрлі күйді басынан кешті. Олардың түсінігінде айқын бір-ақ нәрсе болды, ол – бостандыққа, теңдікке ұмтылу, халқының мәдениеті мен бақыты үшін күресу. Ұлттық отарлау және әлеуметтік қанаушылықтағы азапты жолдан халқын қалай алып шығу, қараңғылық, сауатсыздық басқан хәлден жарыққа қалай шығу керек деген мәселе тұрды. Рас, бұл сәтте анық емес, күңгірт, буалдыр уағыздарды ұстағандар да болды, таптық көзқарас жағынан таяздық та, шикілік те орын алды. Сондықтан да осындай ортадан кейін мығым қайраткерлер шығып, идеялық жағынан жетілу оңай шаруа болған жоқ. Қайсыбіреулерінің буржуазиялық демократиядан аса алмай, ұлт мәселесін қораш түсінгенін айта кетуіміз керек. Көптеген ұлттық интеллигенциялар тар жол, тайғақ кешуді бастан кешіп, күмәнданушылық, солқылдақтық қатерлерге ұшырағаны – тарихи шындық. Аса күрделі күрес, пікірталас пен айтыс үстінде қалыптасқан адамдардың, іс-әрекетіне талдау жасап, зерттегенде бұл жайларды ескерген жөн, әсіресе, көрнекті, ірі жазушылар мен басқа да қайраткерлерге баға беру сәтінде бұл өте-мөте қажет» [1.109-110].

Ғалым зерттеулерінің негізгі өзегі – дәстүр мен жаңашылдық. Дәстүр дегенді ғасырлар бойы қанға сіңген әдет, салт, үрдіс, дағды, ғұрыппен түсіндірген ғалым оның тез өзгеріп, не болмаса жоғалып кетпейтіндігін нақты мысалдармен түсіндіре келіп, жаңашылдықтың қалай пайда болатындығын пайымдады ел өміріне келген жаңалықтың әдебиетті мазмұнымен байытатындығын, сол мазмұн арқылы жаңа түр, форма қалыптасатынын ғылыми саралап, оны ұлттық әдебиеттегі нақты мысалдармен дәлелдеді [3. 7].

Мүсілім Базарбаевтың ақын-жазушылардың әдеби портретін жасаудағы Шәкәрім туралы зерттеулерінің орны ерекше. Ол «М.Базарбаев, Т.Кәкішев. Классикалық зерттеулер» атты басылымда берілген. Зерттеушінің ғылыми еңбектерін саралаған филология ғылымдарының докторы Гүлжаһан Орда осы еңбектің алғы сөзінде былай дейді: «Мүсілім Базарбаевтың 1959 жылы Тіл мен әдебиет институты өткізген «Қазақ әдебиетінің негізгі проблемалары» атты ғылыми-теориялық конференция қабылдаған үш ұсыныстың бірі – «Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ-ХХ ғасырдағы әдебиетінің тарихын зерттеу жайында» болса, сондағы ІІ-тараудың 9-тармағы Мақыш Қалтаев, Омар Қарашев, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтермен бірге Шәкәрім Құдайберді шығармаларының идеялық мазмұны мен бағытын айқындау болғаны мәлім. Көп ұзамай Шәкәрім Құдайбердіұлы 1958 жылы қазанда ақталғаннан кейін-ақ, Мүсілім Базарбаев оның мұраларына ерекше ықылас бөле бастады. 1966-1969 жылдары оның басшылығымен Шәкәрім шығармалары жиналып, зерттеліп, 1969 жылы 3 желтоқсанда институт жанындағы Ғылыми үйлестіру кеңесінің мәжілісінде талқыланады ... Кеңестік дәуірдің тоталитарлық жүйесінің Шәкәрімге қарсы екеніне қарамастан, өзінің Мәскеуде қорғаған докторлық диссертациясының бір тарауын Шәкәрімге арнауы – өз ұлтының мақтанышы болған ұлына көрсеткен құрметімен қоса, зерттеу тақырыбына деген адалығы еді. Шындықты айту, сол жолда күресу – ғалымның негізі және басты қасиеті болды. Ол 1959 жылы Орталық Комитеттің Ғылым мен оқу орны бөліміне, С.Мұқановқа, 1985 жылы 11 мамырда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевқа жазған хаттарында Ш. Құдайбердиев мұраларының жиналып, зерттеліп, жарыққа шығуын талап етеді. 1988 жылы Ш. Құдайбердиев ресми түрде екінші рет ақталған соң ғана әдебиетші ғалымдар оның мұрасын зерттеуге мүмкіндік алды. Ал, М. Базарбаев ақынның шығармашылығы жөнінде сүбелі еңбегін ширек ғасыр бұрын жазып қойған еді» [3.11].

Ғалымның «Шәкәрім ақын» атты монографиясы академик Серік Қирабаевтың сөзімен айтсақ, «көлемі мен мазмұны, талдау тереңдігі жағынан монографиялық зерттеудің үлгісі болып табылады». Серік Қирабаевтың жазуына қарағанда, Мүсілім Базарбаев 300-ден астам мақала мен жиырмадан астам монография жариялапты. Соның ішінде жоғарыда атап өткен алаш қайраткерлерінің шығармашылығына арналған зерттеу еңбектері ұлтқа деген перзенттік парыз мен ғылымға деген адалдығының көрінісі болса керек.

Әдебиеттер

1. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Астана, 2009
2. Базарбаев М. Таңдамалы. 1 том. – Астана, 2009
3. Базарбаев М., Кәкішев Т. Классикалық зерттеулер. – Алматы, 2013

Қ. Кеменгер
Астана қ. (Қазақстан)

«ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түркітану – кешенді ғылым. Түркітанумен айналысқан ғалым әмбебап маман болуға тиіс. Ғылым әу баста ескі құрылықта қалыптасқан уақыттан бастап, негізінен, лингвистикалық сипатта дамып келді. Кеңестік заманда билік тарапынан түркітанудың тек тілтанымдық бағытта дамығаны қадағаланды. Әдебиеттанушы ғалымдарға байырғы мұраны жан-жақты зерттеуге кеңестік идеология еркіндік бермеді. Көркем әдебиетте халықтың елдік мұраты, өр рухы, патриоттық-азатшыл идеясы сақталғанын жақсы түсінген билік бай мұраны еркін қарауға түрлі себеп тауып шектеу қойды.

Профессор Бейсембай Кенжебаев сынды басын бәйгеге тіккен батыл әдебиеттанушы ғалымдар ХХ ғасырдың екінші жартысынан кейін тың жерге түрен салып, отандық түркітанудың әдеби аспектісін көрсетіп, ежелгі әдеби мұраны зерттеудің жаңа концепциясын қалыптастырды. «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні жоғарғы оқу орындарының Филология факультетінде республика бойынша оқытылатын болған соң, оның хрестоматиясының қажеттілігі туындады. 1967 жылы «Мектеп» баспасынан Б. Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдықовтардың құрастыруымен «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты кітап жарық көрді [1]. Б.Кенжебаевтың аманатын орындаған шәкірті, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі бойынша жоғарғы оқу орнына алғашқы оқулық жазған әдебиеттанушы ғалым – Н.Келімбетов болды. Профессор Н.Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты оқулығы бастапқыда «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» деген атпен 1986 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрді [2].

Мұның сыртында А.Сүлейменов, А.Қыраубаева, Ш.Ыбыраев және өзге әдебиеттанушы мамандардың еңбектері, құрастырған кітаптары жарияланды. Алайда ол жинақтарда Н.Келімбетовтің оқулығында қарастырылған теориялық-әдістемелік мәселелер, тақырыптар толық қамтылмады. Бұл жағдай қазақ әдебиеттану ғылымында ежелгі дәуір әдебиеті мұрасын зерттеу мәселесі кенжелеп қолға алынғандығынан туындағаны мәлім.

1991 жылы «Ана тілі» баспасынан А.Қыраубаеваның құрастыруымен «Ежелгі дәуір әдебиеті» [3] атты хрестоматияның баспа бетін көргені көне дәуір әдебиетін жоғарғы мектепте оқытуда көп пайдасын тигізді. Кітапта ежелгі жазба ескерткіші тіліндегі нұсқа бүгінгі алфавит арқылы транскрипциямен берілді. Сондай-ақ, мәтіннің қазіргі қазақ тіліне аудармасы ұсынылды. Мысалы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанынан үзінді транскрипцияда:

«Төрүтті өзүрди сечу йаңлуқуғ,
Аңар берди ердам билиг өг уқуғ», -
деп берілді де, оның аудармасы:

«Тәңірі адамдарды жаратты, үздік етті,

Оған өнер, білім, ақыл, ой берді» [3, 102 б.], - деп ұсынылды. Шығарманың аудармасын жасаған – тілші ғалым Берікбай Сағындықов. Мағыналық еркін аудармада көне ескерткіштің мазмұны сақталды.

Осы үзінді профессор Ә. Құрышжанұлының кітабында былай берілді:

«Жаратты адамды Алла керек етіп,

Ой, білім, ұғым берді зерек етіп» [4, 327 б.].

Байқасақ, аудармашылар екі түрлі тәсіл қолданған. Біріншісі – ғылыми аударма, екіншісі – көркем аударма. Ол жөнінде Ә.Құрышжанұлы былай жазады: «Көбінесе аударманың екі түрі болады. Олардың бірі – ғылыми-зерттеу жұмыстарының тұрғысынан қаралады да, ол аударма мәселесіне байланысты қойылатын жалпы талап-тілектердің барлығына бірдей жауап бере алатын дәрежеде жасалады. Аударманың екінші түрі әдетте қалың көпшілік оқушы қауымға арналады» [4, 5-6 бб.].

Профессор Әбжан Құрышжанұлы ғылыми, шығармашылық, ағартушылық бағыттағы еңбектерінде түркітану ғылымының сан саласы бойынша мол мұра қалдырды. Қазақ топырағында түркітану ғылымына олжа болатын көптеген зерттеу жазды, көне мұраны қазіргі қазақ тіліне аударды. Дегенмен Ә. Құрышжанұлының бай мұрасының ішінде басты сала – лингвистика болғандығы рас. Ғылыми қауым Ә. Құрышжанұлын, алдымен, лингвистикалық түркітанудың ірі өкілі деп таниды.

Ә. Құрышжанұлының «Ескі түркі жазба ескерткіштері» [4] кітабының ішкі бетінде «Ескі түркі халықтарының аталы сөздері мен мақал-мәтелдері және көркем әдебиет шығармаларынан үзінділер» деп көрсетілген. Біздің айтпағымыз, лингвист ғалымның еңбегі әдебиеттанушыға да аса қажет деп санаймыз. Еңбек Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты баспасынан 2001 жылы жарық көрген. Кітапта көне және орта ғасыр түркі жазба мұраларынан мәтіндер топтастырылған. Кітапты құрастырушылар алғы сөзінде қазақ тіл білімі ғылымының даму тарихына шолу жасап, ескі түркі жазба мұраларды қазіргі қазақ тіліне аудару қажеттілігіне

тоқталады. «Құрметті оқырман, Сіздің қолыңыздағы кітапты мен өзімнің 45-жылдық өмірімде айналысып жүрген түркітану мен қыпшақтану салалары бойынша ертелі-кеш жазылған еңбектер бойынша жинап-терген аталы сөздердің (мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, құнарлы сөз тіркестерінің) жинағын беруден бастап отырмын» [4, 4 б.], - деп көрсетеді ғалым.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні жоғарғы оқу орнының Филология факультеті студенттеріне төменгі курстарда ұсынылады. Әдебиет тарихы көнеден бүгінге дейін хронологиялық жүйемен оқытылатын болған соң, бағдарламаға сын айта алмаймыз. Алайда мектепті енді ғана бітіріп келген бірінші курстың студентіне транскрипциядағы мәтінді оқыту, оның ғылыми жолма-жол аудармасын жаттату – күрделі деп есептейміз. Ғылыми аудармадан шығарманың мазмұны мәлім болса да, негізгі идеясы есте сақталмайды. Студент тарапынан пәнге қызығушылықты оятудың орнына, күрделі мәтінмен сол ынтаны жоғалтып алудың қаупі бар деп білеміз. Сондықтан көне түркі жазба мұрасын оқытқанда көркем аудармаға жүгінгеніміз қолайлы болады деп санаймыз. Бұл жағдайда, біріншіден, шығарманың тақырыбы, идеясы сақталады. Екіншіден, мәтін қазіргі қазақ тілінде көркем аудармамен ұсынылады. Үшіншіден, келтірілген мысал жаттауға, есте сақтауға жеңіл болады, студент тарапынан пәнге қызығушылықты оятуға ыңғайлы ұйқаспен, өлең формасымен түсіріліп беріледі. Осының бәрінен барып көне заманда жасаған автордың айтайын деген ойы, рухы біздің заманға жетеді. Ал әдебиетті оқытқан кезде көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, көркемдігін ашумен бірге оның рухын сезіну – негізгі мұратымыздың бірі болуы керек деп білеміз.

Көне мәтін транскрипциясының ұсынылуы түркітану ғылымы үшін қажет екендігі рас. Оны ең әуелі лингвист ғалымдар зерттеулерінде пайдаланады. Бірақ ескі шығарманы бірінші курстан бастап транскрипциямен, әрі қазіргі тілге сөзбе-сөз аударып оқытсақ, нәтиже көңілдегідей болмайды. Сондықтан «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәнін оқытқан кезде Ә.Құрышжанұлының көркем аудармалары – таптырмайтын құрал екендігін айтқымыз келеді. Біз бұл пікірге жоғарғы мектепте дәріс оқып, нақты тәжірибеден кейін тоқталғанымызды жеткізгіміз келеді.

Әдебиеттер

1. Ертедегі әдебиет нұсқалары. – Алматы: Мектеп, 1967. – 208 б.
2. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 214 б.
3. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғарғы оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
4. Әбжан Құрышжанұлы. Ескі түркі жазба ескерткіштері. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты. – Алматы: 2001. – 470 б.

А.М. Есенбаева
Б.К. Елікбаев
Түркістан қ. (Қазақстан)

СӨЙЛЕУ АКТІСІ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАСЫ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАР

Бүгінгі күні ғалымдардың назары тілдің прагматикалық қырларына, тұлғааралық тілдесімге, сөйлеу әрекетіндегі субъект рөліне аударылып жүр. Осыған байланысты тілдің психолингвистикалық, социолингвистикалық, прагматикалық секілді тармақшаларына қатысты зерттеу жұмыстары көптеп жүргізілуде. Сондықтан тілдік қатынасты қарастырғанда ол тек қарым-қатынас құралы ғана, емес сол тілді қолданушылардың экстралингвистикалық ерекшеліктері: тілді сөйлесім барысында, сөйлесім ситуациялары, тілдік қатысымға түсуші адресант пен адресаттардың психологиялық жай-күйі, тілдесім мақсаттары және т.б.

факторлары да қарастырылуда. Р. Рахметова «Тілді адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың құралы ретінде қарастыру етек алды. Адам мен оның тілін әлеуметтік аспектіде өзара байланыстырып, адамның әлеуметтік рөлі, оның осы рөлдегі тілі, мамандығы, қандай әлеуметтік топқа жататындығы, идиологиялық тәуелділігі т.б. арқылы тілдік тұлғаны анықтау басымдылық алды», деп бүгінгі күнде тілді зерттеу объектісін айқындап отыр [1,11]. Демек тілді зерттеуде бірінші орынға диалогиялық тілдесім, тілді қолданушының тілдік жеке тұлғалық ерекшеліктері, тілдесімнің бірлігі ретінде мәтіннің пайда болуы мен оның ұғыну құбылыстары шықты.

Ф.Ш. Оразбаева іргелі еңбегінде тіл мен сөйлеуге мынадай анықтама береді: «Тіл – табиғаттың өзіне тікелей бағынбайтын күрделі құбылыс. Сондықтан ол әлеуметтік-қоғамдық процесс болып саналады » [2, 42]. «Тіл сияқты сөйлеу де әлеуметтік құбылыс. Өйткені сөйлесуді жеке бір адам жүзеге асыра алмайды, ол бірнеше адамдардың тілдік түсінігі арқылы іске асады. Сөйлесім адамдарды біріктірді, оларды өзара байланысқа түсіреді. Мұндай байланыс қоғамның құрылысына әсер етеді» [2, 44].

Ғалымның көзқарасынша сөйлесім қатысымдық бірліктер арқылы жүзеге асырылып, қатысымдық әрекеттің орын алуына себепші тілдің негізгі факторы ретінде көрінеді. Қатысымдық бірліктердің бұл ерекшеліктерін сөйлесім барысында қарастыру оның қатысымдық сипатын ашады. Қатысым теориясы қоғамдық құбылыстарды, заттарды, қоршаған ортаны тілдік бірліктердің көмегі арқылы коммуникативтік тұрғыдан тұжырымдайды, қатысымдық мазмұн мен форманың ғылыми негіздерін дәйектейді.

Тілдік қарым-қатынасын зерттеу идеясын өзгергіш, эволюциялық дамушы құбылыс ретінде негіздей отырып, өзгергіштіктің тұрақтылық пен дәстүрдің диалекттік қарама-қайшылығы болып табылатынын ұмытпаған жөн. Дәстүр концепциясы әлеуметтік және мәдени өзгерістер теориясы үшін қалай маңызды болса, жеке жағдайда, сөйлеу қарым-қатынасының теориясы үшін де солай маңызды. Өткеннен бізге дейін жеткеннің барлығы байланысқан үздіксіз тарихи процеспен беріледі де, қоғамға мұра қалдырады.

Сөйлеу прагматикасының динамикасын зерттей отырып, сөйлеу актілерінің рөлін ескермеуге болмайды, қарым-қатынасты түсінудің принциптік мүмкіндіктерін қамтамасыз ету маңыздылығы (ақпарат алмасу) ерте кезеңдерден келе жатыр. Мұндай сөйлеу актілерінің орын алуына адамдық ойлаудың негізін, адамдық қызметтің жалпы түрлерін, қызметтің типтік, сонымен қатар қарым-қатынастық және т.б. сферасын жатқызған дұрыс. Сөйлеу актісі теориясының негізін қалаушылар Дж. Остин мен Дж. Серль прагматиканы сөйлеу актісінің иллокутивті компонентіне және иллокутивті қызметтің көрсеткішіне жатқызады. Ч. Морристің зерттеулері негізінде тіл білімінде прагматика сөйлеушілердің белгілерге қатынасы ретінде анықталады. Ч. Моррис пікірінше, тіл білімі үш саладан тұрады: бірінші, ол семиотиканы таңбалардың объектіге қатынасын зерттейтін семантика, екінші, таңбалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін синтактика және үшінші, сөйлеушілердің таңбаларға қатынасын зерттейтін прагматика саласы. «Синтаксические правила определяют знаковые отношения между знаковыми средствами; семантические правила соотносят знаковые средств с другими объектами; прагматические правила констатируют условия, при которых знаковые средства является для интерпретаторов знаком [3,50-67]. Дж.Остин және Дж.Серль сөйлеу актісінің моделіне айтушы мен тыңдаушы компоненттерін, сөйлеу актісінің мақсаты мен нәтижесін, сөйлеуді, коммуникативтік жағдаятты қосты. Бірыңғай сөйлеу актісі сөйлеу актілері теориясында локутивті, иллокутивті, перлокутивті деңгейлерден тұратын үш деңгейлі білімді ұсынады, дегенмен Дж.Серль локутивті акт ұғымынан сөйлеу актісін конвенциональді әрекет деп анықтай отырып, бұл құбылыс референция және предикация акті термині деп түсіндіре отырып бас тартады, ал локутивті ұғым орнына пікір-пайымдаулар, немесе пропозиция, немесе сөйлеудің пропозициональді мазмұны ұғымдарын қолданады [4,151-169]. Дж. Серль нақты түрде сөйлеу және иллокутивті акт ұғымдар синонимдес қолданса: «белгілі бір шартқа нақты сөйлемнің құрылуында бар иллокутивті акт және тілдік қарым-қатынастың ең кіші бірлігі бар» [4, 152].

Т.А. Ван Дейк үш аспектіден тұратын сөйлеу актінің неғұрлым кең ұғымын қолданады: біріншіден, сөйлеушінің өзіндік сөйлеу актісі, екіншіден, тыңдаушының аудитивтік актісі және үшіншіден адресант пен адресаттың факторлары және олардың мақсаттары, контексті және т.б. қамтитын коммуникативтік жағдайы [5].

И.М. Кобозева сөйлеу актісі формасында объективтендірілген тіл арқылы ойды хабарлау тәсілі деген тұжырымға келеді [6, 104].

Қазақ совет энциклопедиясында сөйлеу актісі жөніндегі анықтамасы жоғарыдағы пікірге ұқсас, бірақ мұнда сөйлеу актісі адамның индивидуальдық ерекшеліктеріне байланысты және оның негізгі қызметі қарым-қатынас (коммуникативтік) қызмет деп таниды: Сөйлесу – адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу – анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, кісінің психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне сүйенеді. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайға сай ыңғайланған стилі болады. Мұнымен бірге сөйлеу үстінде әр кісінің өзіне ғана тән (индивидуалды сөз жұмсауы, сөз тіркесін, сөйлем құрау) ерекшеліктері болады [7].

Мәселен, Тойн ван Дейк сөйлеу актісі мен сөйлем шекараларының сәйкес келмеу мүмкіндігін және бір күрделі сөйлемнің бірнеше сөйлеу актісін іске асыру мүмкіндігін көреді: «бір иллокутивті акт екіншісінен үнемі сөйлем шекарасымен бөлектелген, сонымен қатар бір сөйлемнен тұратын иллокутивті акт құрамдас болуы мүмкін», – деп қорытады [5].

В.И. Карабан сөйлеудің күрделі бірліктерін зерттеуінде осы мәселенің ең көп егжей-тегжейлігіне қол жеткізді, күрделі сөйлеу актінің үш негізгі типін атап айтылды: кешенді, композитті, құрамдас (күрделі сөйлеу актісі бірнеше қарапайым сөйлеу актілерінен тұрады деген Д. Вундерлихтың орташа ережесі). Құрамындағы бір сөйлеу актісі басқасын жүзеге асыруға көмектесетін, бір күрделі сөйлеммен жүзеге асырылған бірнеше сөйлеу актілерінің үйлесімі құрамдас сөйлеу актісінің үлгісі бола алады: «*Excuse me, sir, is this your case?*» Құрамдас сөйлеу актісіне келтірген В.И. Карабанның бұл мысалында, компоненттер байланысы «бірінші компоненттің перлокутивті мақсатының жүзеге асуы, екінші компонентінде перлокутивті мақсатының жүзеге асуын арнайы мүмкін қылады. Мұндай бірінші компонент ретінде кешірім сұрау, сәлемдесу, көңіл аудару құралдары және т.б. бола алады. Құрамдас сөйлеу актілерінің әртүрлі типтерін ерекшелеу әдістемесін қолдану өте күрделі, олар сөзсіз сөйлеу актісі мен пікір-сөйлем шекараларының сәйкес келмеуіне сүйене отырып, барлық айтқандарды ескеретін тарихи прагмалингвистика аясындағы зерттеулерде үлкен қызығушылық тудырады [8].

Жоғарыда келтірілген пікірлерден байқалғандай сөйлеу актісі ұғымы жөнінде пікірлер біржақты еместігі көрінеді. Зерттеушілер пікірлерінің алшақтығы өте кең: біреулері сөйлеу актілерін пікір-сөйлемнен көп те аз да болуы мүмкін деп санайды, яғни бірнеше сөйлеммен немесе сөйлемдердің жекелеген бөліктерімен жүзеге асырылуы мүмкін деген пікір келтіреді. Басқалары, сөйлемдерді айту дискурстың элементарлық бірлігі деп санауға болмайды деген ережеге сүйеніп сөйлемдер мен сөйлеу актілерін сәйкестендіру мүмкіндігін жоққа шығарады. Алайда көптеген зертеушілер иллокуция мен құрылымдық-семантикалық аспектісі арасындағы талдау кезінде сөйлем мен сөйлеу акті ұғымдарын сәйкестендіру мүмкін және қажет деп санайды, дегенмен бұл сәйкестендіру әр авторда әртүрлі жүреді. Сонымен қатар, адамның тілін табиғи, қоғамда қолданысқа түсуіне қарай зерттеуді көздеген. Яғни, сөйлеу прагматикасы қоғамда қарым-қатынас жасау арқылы, адресант пен адресаттардың тілдесім мақсаттары ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Рахметова Р. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері п.ғ.д., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010, 273 б.

2. Оразбаева Ф. Тілдік коммуникация негіздері. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 252 б.

3. Моррис Ч.У. Основание теории знаков // Семиотика. Антология. Екатеринбург, 2001. – С. 45-97.
4. Серль Дж. Что такое речевой акт // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1986. – Вып. 17. – С. 151-169.
5. Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 280 с.
6. Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – М.: Эдиториал УРСС, 2000. – 352 с.
7. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Мектеп, 1982-564 б.
8. Карабан В.И. Сложные речевые единицы: прагматика английских асиндетических полипредикативных образований. — Киев: Вища школа, 1989а. — 131с.

Б. Жылқыбекұлы
Астана қ. (Қазақстан)

СУРЕТ ӨЛЕҢ ЖӘНЕ ЛИРИКАЛЫҚ МЕН

Детальдық құрылымдағы өлеңдерге табиғат көрінісі де материал бола алады. Нақтылап айтқанда, табиғат көрінісін суреттеу арқылы ақынның нәзік көңіл-күйі мен ойнақы ой-сезімін бейнелеп көрсететін өлеңдер де детальдық құрылымдағы өлеңдерге жатады. Мысалы,

Саратан айы. Сарала тауда. Салқын қыр,
Сарала тауға жұғып тұр, кешкі жалқын нұр.
Жалқын нұр жұққан ақ үйдің жаны. Аузына
Жаулығын бүркеп, жауандай қарап жарқын жүр.
Жауаң көз ару құбақан құлын мүшелі,
Өндірдей ұлдың өңінде көрген түсі еді.
Сөзіме менің сылқылдап қатса ішегі,
Аузынан лекіп ал қызыл гүлдер түседі [1, 234 б.].

Бұл өлеңде «Салқын қыр» кешкі табиғат көрінісі деталь ретінде пайдаланылған. Сол бір табиғат суреті арқылы лирикалық «Меннің» ақ жарқын аруға деген ағыл-тегіл сүйініші нанымды түрде бейнеленген. Мұндай өлеңдердің соңғы түйіні – «сөзіме менің сылқылдап қатса ішегі, аузынан лекіп ал қызыл гүлдер түседі» деген сияқты өлеңдегі лирикалық «Меннің» еркіне сөзсіз бағынуы шартты түрде орындалуы керек. Егер олай болмай табиғаттың жалаң көрінісін ғана суреттейтін өлеңге айналып қалса, онда ол детальдық құрылымдағы өлең болмай, қайта **сурет өлеңге** айналып қалар еді. Сондықтан мұндай өлеңдерді құрылымдық түрге айырғанда, олардың осы бір нәзік түйініне ерекше көңіл бөлу қажет.

Қазіргі қазақ өлеңінде табиғат көрінісін материал етіп, өлең жазуда Сағи Жиенбаевтың өзіндік беті бар ақын екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Алайда оның өлеңдерінің қандай өлең екендігі жөнінде оның өлеңдерін лирикалық «Менмен» қатыстылығы немесе оған бағынышты-бағынышсыздығына қарай отырып, түрлерге айырған соң барып, бір тұжырымға келуге болады. Егер оның өлеңдерінің басым көпшілігі лирикалық «Менге» бағынышты болса, онда ол детальдық құрылымда өлең жазатын ақындар қатарына кіре алады, ал оның керісінше болса, сурет өлең жазатын ақынның бірі болып қала береді. Мысалы:

Тотығып күрең жалынға,
Жартастың жүзі қызарып,
Күндізгі мұнар жамылған,
Шатқалдың бойы ұзарып.

Салқын жел келіп бабына,
Көтеріп сайдың ақ буын,
Таулардың арғы жағына
Еңкейіп бара жатты күн.

Қоңырқай тартып реңі,
Қойғандай алдын құрсаулап,
Бір шөкім бұлтқа тіреліп,
Сәулелер жерге тұр саулап [2, 259].

Бұл өлең табиғат көрінісінің таза суретін сөз құдіреті арқылы сызумен ерекшеленеді. «Жартастың жүзі қызарып», «шатқалдың бойы ұзарып» күн таулардың арғы жағына еңкейіп бара жатқанда, «бір шөкім бұлтқа тіреліп», сәулелердің жерге саулап тұруы шебер суретшінің суретінен бір де бір кем емес, өте ұтымды «сызылған» өлең суреті екендігі шындық. Алайда мұнда лирикалық «Меннің» көзге түспеуі өкінішті-ақ! Сондықтан мұндай таза табиғат көрінісін суреттеген өлеңдерді сурет өлең деп атауға болатын секілді. Сол себепті сурет өлеңдерден символдық өлеңдер сияқты өзекті ой іздеп жатудың қажеті шамалы. Енді біз жоғарыдағы өлеңнен өзгешелеу көзге түсетін мына бір өлеңге назар аударып көрелік.

Көңілі күйге толғандай
Қарайды дүние елжіреп,
Алатау гүлі қолдарда
Ал күрең тудай желбіреп.

Жасанды қайың-теректер
Моншағын бойға ілгізіп,
Келеді мұңсыз бөбектер
Көзінде бір-бір күн жүзіп.

Жүрегін орап жалынға
Ақындар талай жазған жыр, -
Өздері гүлдей арулар
Өртеніп кете жаздап жүр.

Көктегі қызыл алаумен
Қанатын бірге қаққандай.
Алматы қызыл жалаумен
Биіктеп бара жатқандай.

Қызыға шолып маңайды,
Оранып мәңгі жас талға,
Алатау мәз боп қарайды
Арқасын сүйеп аспанға! [2, 158-159 бб.]

Жоғарыдағы өлеңде табиғат көрінісі табиғаттың өзіндік ерекшеліктерімен құбыла көрнекіленсе, ал мына өлеңде дүние кәдімгі адамша елжіреп, көзінде бір-бір күн жүзген бөбектер мен өртеніп кете жаздап тұрған гүлдей арулар арасында Алматы қызыл жалаумен бірге биіктеп кетіп бара жатқандай сезіледі. Бұл көріністерге Алатаудың аспанға арқасын сүйеп, мәз болып қарауы тіпті де әсерлі. Бұнда дүние мейірленіп, Алматы қанаттанып, Алатау мәз-мәйрам болады. Сондықтан бұл өлеңге адамзат баласының тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік қимыл-әрекеті араласып тұрғандықтан, онда белгілі бір мақсат-міндет бар деп кесіп айтуға болады. Мақсат болған жерде, әрине, жүректің жылуы да болатындығы ақиқат. Сол себепті бұл өлеңді детальдық құрылымдағы өлеңдердің қатарына қосуға болады.

Бұндағы нақтылы деталь белгілі бір мереке-мейрамның көңілді көрініске толы ортасы екендігі біраз үңілген адамға белгілі.

Детальдық құрылымдағы өлеңдер қазіргі қазақ өлең өнерінің ішінде қарымы бір шама кең болған, салалы әрі тармақты сала. Бұл түрдегі өлеңнің жалына жармасып, өз бетінше бағыт-бағдар байқата алмай келе жатқан ақындар қаншама!? Солардың ішінен бұл күндері бұлдырап, қара үзіп шығып, өз беталысын өзінше мақамдап, нағыз ақындық бет байқатып үлгерген Жүмекен Нәжімеденов, Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырзалиев қатарлы ақындар шоғыры көзге ерекше түседі. Сондықтан олар қазақ әдебиеті тарихынан өз орындарын ойып иеленген қарымды қаламгерлердің қатарынан орын ала алады. Ал қазіргі қазақ өлең өнерінде өмірінің соңына дейін өзіндік бір мектеп қалыптастыра алмаған ақындарымыз біреудің құлағы, біреудің кіндігі, тағы біреудің құйрығы болып жүріп, өлеңде өзіндік өре тіктей алмай, өмірден өткендігі белгілі. Кейбір көзі тірісінде түрлі айла-тәсілдер арқылы өзін-өзі ерекше дәріптейтін ақындардың өлеңдері оның өзімен бірге жерленетіндігі де ақиқат. Оның керісінше, оқырмандардың талғам таразысынан өздігінен өтіп үлгерген кейбір ақындардың өлеңдері, өлең иесінің ешқандай бір тықпалануынсыз-ақ күн сайын күн көзі биігіне көтеріліп, барған сайын асқақтай түсетіндігі белгілі. Бұл арада біз «поэзияға жаңашылдық бірден келмейді. Маяковскийше айтқанда, тонна рудадан грам радий алғандай, қазақша айтқанда: инемен құдық қазғандай» деген терең толғамның мәнін жете ұғынуымыз керек [3, 88 б.]. Бұл ақиқатты Жүмекен мен Мұқағалидың өлеңдерінің өзі-ақ өздерінің табиғи өтімділігімен күн озған сайын дәп басып, дәлелдеп келеді.

Әдебиеттер

1. Жақыпбаев Ж. Көктемгі хаттар. – Алматы: Жалын, 1992. – 278 б.
2. Жиенбаев С. Бақ құсы. – Алматы: Раритет, 2002. – 232 б.
3. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек жолы

Ж. Ким
Н.У. Исина
г. Астана (Қазақстан)

ЭРАСТ ФАНДОРИН: АКУНИНСКИЙ «РЕЦЕПТ» ГЕРОЯ

Герой художественного произведения – носитель авторской позиции, выразитель его внутреннего «я». Выбор героя – это творческий акт. За каждым писателем закреплён определённый тип героя. К примеру, герои Пушкина отличаются благородством, герои Лермонтова склонны к внутренним противоречиям, толстовские герои постоянно пребывают в поисках ответа на философские вопросы. Совершенно иным представляется герой литературы нового тысячелетия.

Эраст Петрович Фандорин – главный герой литературного проекта Б. Акунина «Приключения Эраста Фандорина». Борис Акунин (настоящее имя Григорий Чхартишвили) создавал главного героя своих детективных романов по уникальной схеме. В одном из интервью, он озвучил «рецепт» создания Фандорина. «Прототип Фандорина – 20%, Печорина + 30%, князя Мышкина + 10%, Андрея Болконского + 15%, полковника Най-Турса + 5%, агента Купера + 8%, собственной рецептуры, взболтать, дать отстояться в течение трех первых романов, а потом относиться как к живому человеку, от которого автор может ожидать всего, чего угодно» [1].

Цель нашего исследования – определить тип героя литературного проекта «Приключения Эраста Фандорина» Б.Акунина, раскрыть характерные черты.

Литературный портрет Эраста Фандорина, героя романов Б. Акунина, формируется на протяжении всего романного повествования. Каким же предстаёт герой на первых страницах романа? В начале цикла это «весьма милостивый юноша, с чёрными волосами (которыми он втайне гордился) и голубыми (увы, лучше бы тоже чёрными) глазами, довольно высокого роста, с белой кожей и проклятым, неистребимым румянцем на щеках» [2, с. 3]. К внутренним качествам акунинского героя, пожалуй, можно отнести энтузиазм и инициативность, романтичность натуры. Эти качества прослеживаются на протяжении первых романов, но постепенно к концу утрачиваются героем. На смену им в дальнейшем появится безразличие, которое, впрочем, не помешает ярко выраженному чувству справедливости. Важнейшей характеристикой литературного портрета Эраста Фандорина является невероятное везение в азартных играх и в жизни, о котором сам герой говорит с нескрываемой радостью. «У меня редкий дар, господа, — ужасно везет в азартные игры. Необъяснимый феномен. Я уж давно свыкся. Очевидно все дело в том, что моему покойному батюшке столь же редко не везло. Я выигрываю всегда и в любые игры, и оттого терпеть их не могу» [3, с. 112].

Детализация – важнейшее средство создания художественного образа. Художественная деталь используется преимущественно в описании предметного мира, картин природы, портретной характеристике героев. Под художественной деталью подразумевается мельчайшая подробность, с помощью которой автор подчеркивает важнейшее свойство предмета или персонажа. Так, посредством детали Б. Акунин стремится подчеркнуть непохожесть, исключительность своего героя. К примеру, седые виски и небольшое заикание – отличительная черта Эраста Фандорина во всех произведениях автора – появляются в финале романа «Азazelь». Детали внешнего облика героя подчеркивают изначальную предопределённость его судьбы и трагический финал, красной нитью проходящие через все романы «фандоринского» цикла. Безусловно, Эраст Фандорин обладает узнаваемыми как внешними, так и внутренними чертами. Помимо седых висков, в портретной характеристике героя описываются чёрные волосы и усы, высокий рост, безупречный стиль в одежде. В поведении и образе жизни героя также наличествуют особые приметы: использование дедуктивного метода для раскрытия преступлений, владение боевыми искусствами, невероятное и необъяснимое везение в азартных играх, нестабильность в личной жизни, владение японской медитацией. Из романа в роман герой Эраст Фандорин «оттачивает» свои исключительные качества и приобретает новые.

Следующим пунктом развития личности героя романов Б. Акунина является встреча Эраста Фандорина с Масой, описанная в романе «Алмазная колесница». Масахиро Сибата – верный слуга, помощник и преданный друг. Молодой Эраст Петрович знакомится с Масой в 1878 году в Японии, где он исполнял дипломатическую миссию. Следуя долгу чести, Эраст Петрович заступился за Масу и выиграл его жизнь в кости. Именно в тот момент Маса принял решение посвятить свою жизнь службе Фандорину в благодарность за спасение его от вечного позора. Маса немногим напоминает доктора Ватсона – неизменного спутника расследований Шерлока Холмса, героя А. Конан Дойля, или Гастингса – коллега Пуаро из детективов Агаты Кристи. По словам литературоведа В. Шкловского, в детективе обязательна пара «сыщик – его незадачливый коллега или знакомый» [5, с. 244]. Он далеко не равнозначен, не конкурент главному персонажу, но зачастую играет очень важную вспомогательную роль. Наличие помощника – характерная черта образа гениального сыщика. Литературные реминисценции, аллюзии – отличительные свойства постмодернизма.

Говоря об уникальности своего героя, писатель Борис Акунин называет причины создания именно такого героя. «За 200 лет в русской литературе так и не появилось персонажа, «на которого хотели бы походить мальчишки и в которого влюблялись бы

девочки». Например, в князе Мышкине «при всех его чудесных душевных качествах отсутствует мужское начало, а национальному герою без этого никак нельзя». В Печорине есть что-то «неприятное». Андрей Болконский, «возможно, был героем для гимназистов и гимназисток, но теперь вряд ли...» [6, с. 264].

Аналитическое прочтение романов Б.Акунина убеждает в том, что образ героя эволюционирует: совершенствуется его природа, меняется характер героя, приобретая всё новые устойчивые черты. С возрастом Эраст Петрович становится лишь сильнее, опытнее и мудрее, никогда не переставая учиться. В свои пятьдесят лет в романе «Весь мир театр» он намерен развиваться дальше усиленными темпами. «Физической и умственной крепостью Эраст Петрович поступаться тоже был не намерен. Для этой цели он разработал специальную программу. В каждый следующий год жизни нужно осваивать новый рубеж. Даже два рубежа: спортивно-физический и интеллектуальный. Тогда стариться будет не страшно, а интересно. Довольно быстро составилась перспективный план грядущей экспансии – и такой, что следующих пятидесяти лет могло не хватить» [7, с. 11].

Подводя итоги нашего исследования, следует отметить, что Эраст Фандорин – художественное открытие современной постмодернистской литературы. Б. Акунин создал уникальную формулу, или, как он сам выразился, «рецепт» героя современного литературного процесса. Уникальность акунинского героя состоит в том, что в нём явно угадываются черты героев и персонажей мировой классической литературы. Эраст Фандорин являет собой новый тип героя современной постмодернистской литературы.

Литература

1. Борис Акунин: гений – это урод... Райтхак // Интернет-ресурс <https://mipishem.livejournal.com/471812.html>
2. Акунин Б. Азazelь // Захаров. – Москва, 2000. – 240 с.
3. Акунин Б. Смерть Ахиллеса // Захаров. – Москва, 1998. – 336 с.
4. Акунин Б. Алмазная Колесница (Том II) // Захаров. – Москва, 2003. – 720 с.
5. Ранчин А. Романы Б. Акунина и классическая традиция: повествование в четырех главах с предуведомлением, нелирическим отступлением и эпилогом // Интернет-ресурс <http://magazines.russ.ru/nlo/2004/67/ran14-pr.html>
6. Сорокин С. П. Бинарность Фандорина, или пересечение восточной и западной традиций в контексте «фандоринского цикла» Б. Акунина // Ярославский педагогический вестник. – Ярославль, 2011 - №1. - Том I. – С. 264.
7. Акунин Б. Весь мир театр // Захаров. – Москва, 2009. – 480 с.

К.С. Нурсали
Н.У. Исина
г. Астана (Казахстан)

СВЯТОЧНЫЙ РАССКАЗ В РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ГЕНЕЗИС И ЭВОЛЮЦИЯ ЖАНРА

В ряду жанров русской литературы особое место занимает святочный (рождественский) рассказ, в последние десятилетия ставший объектом научного исследования российских ученых Е. Душечкиной, К. Коровина, И. Панкеева, И. Киреевой и др. Святочный (рождественский) рассказ – это жанр календарной литературы, характеризующийся определенной спецификой в сравнении с традиционным рассказом. Традиционный рождественский рассказ имеет светлый и радостный финал, в котором добро

неизменно торжествует. Герои произведения оказываются в состоянии духовного или материального кризиса, для разрешения которого требуется чудо. Чудо реализуется здесь не только как вмешательство высших сил, но и счастливая случайность, удачное совпадение, которые тоже в парадигме значений календарной прозы видятся как знак свыше [1, с.127].

Происхождение святочного рассказа напрямую связано с празднованием Рождества, установленного христианской церковью. Это обстоятельство и обуславливает его специфику и отличие от традиционного рассказа. Как известно, христиане от Рождества до Крещения проводили так называемые «святочные вечера». По народной традиции Святки, совпадавшие с празднованием Нового года, сопровождалась гаданием, пением, переодеванием (ряженые) и плясками. Поэтому святочные рассказы непременно содержали в себе элементы волшебства, фантастики, чудесного превращения. Финал их также традиционен: добро побеждает зло [2, с.7].

В литературе эпохи реализма с её актуализацией социальной темы святочный рассказ приобретает новые черты: герои оказываются в сложной жизненной ситуации, и только счастливая случайность, удачное совпадение, как знак свыше, воспринимаются ими как спасительное чудо.

Основателем жанра святочного (рождественского) рассказа в мировой литературе принято считать английского писателя, романиста Чарльза Диккенса, опубликовавшего в 1843 году «Рождественскую песнь в прозе». В ней автор связал тему рождества с социальной проблемой и преподал основы «рождественской философии»: ценность человеческой души, любовь к «человеку во грехе». Традиция Чарльза Диккенса была воспринята европейской и русской литературой и получила дальнейшее развитие. В жанре святочного рассказа написана «Девочка со спичками» датского сказочника Ганса Христиана Андерсена.

В русской литературе святочный (рождественский) рассказ появился в средневековую эпоху. Образцом его является новелла «Повесть о Фроле Скобееве. Сюжетную основу её составляет история бедного дворянина Фрола Скобеева, который, переодевшись в женское платье, проник на девичью святочную вечеринку, где в ходе игровой, «потешной» свадьбы соблазнил дочь стольника-царского любимца (стольник-придворный, прислуживающий за царским столом), на которой «увозом» женился. В финале рассказа царь простил пойманного жениха-похитителя и даже приблизил его ко двору.

Большую роль в популяризации святочного рассказа сыграла периодическая печать XIX века. В 1826 году издатель журнала «Московский телеграф» Николай Полевой опубликовал «Святочные рассказы», в котором описал старинную русскую традицию, когда старики в вечер святок рассказывали истории (былички и бывальщины), так или иначе связанные с праздником.

В начале XIX века попытки использования элементов святочного рассказа предпринимались поэтами – представителями романтизма первой половины XIX века. Например, в романтической поэме В. Жуковского «Светлана» содержатся фрагменты святочного гадания. Празднование святок упоминается и в пушкинском романе в стихах «Евгений Онегин», в описании жизни и быта семьи Лариных. Подлинный шедевр устного святочного рассказа во второй половине XIX века создал Н.В. Гоголь, автор повести «Вечера на хуторе близ Диканьки». Глава «Ночь перед рождеством» наполнена множеством достоверных, красочно описанных этнографических деталей народного праздника. Действие нечистой силы здесь начинается с похищения чёртом звёзд и месяца. К наступившей в мире темноте добавляется метель, усиливая хаос. С этого момента в повести начинают происходить фантастические события. Но в отличие от устных быличек, в которых вмешательство сверхъестественных сил заканчивается для героя плачевно, в гоголевской повести кузнец и художник Вакула одерживает над чёртом победу. Это свойство чудесного спасения сближает «Вечера...» с рождественским рассказом [3].

Во второй половине XIX века святочный рассказ приобрёл большую популярность. В этом жанре успешно работали М.Е. Салтыков-Щедрин, Г.И. Успенский, Д.Н. Мамин-

Сибиряк, В.Г. Короленко, Л.Н. Андреев, А.М. Горький. Интерес писателей объясняется стремлением заострить внимание читателей к социальным проблемам, напомнить о неизбежности духовных ценностей и нравственных основ общества. Идея добра, любви к ближнему, милосердия, гуманного отношения ко всему живому определяют содержание художественных произведений. В рассказе Ф.М. Достоевского «Мальчик у Христа на ёлке» реалистическая история главного героя сопровождается элементами чудесного. Рассказы А.П. Чехова «Детвора», «Мальчики» сюжетно воспроизводят черты святочного рассказа. Действия в них происходят именно накануне рождества, главные герои – дети. Финал чеховских рассказов оптимистичен. Цикл святочных рассказов публикует и Н.С. Лесков. Его рассказы «Христос в гостях у мужика», «Неразменный рубль», «Дурачок», опубликованные в рождественских журналах «Игрушечка» и «Задушевное слово», воссоздают атмосферу рождественского праздника, чудесного превращения.

В литературе начала XX века святочный рассказ, трансформируясь, постепенно утрачивает своё главное свойство: утверждение христианской добродетели – и превращается в обычный новогодний рассказ. Образцом подобной жанровой трансформации является рассказ «Ёлка в Сокольниках» В. Бонч-Бруевича, в котором сказочного персонажа Деда Мороза заменяет Ленин, добрый друг и помощник советских детей. Образцом святочного рассказа советской эпохи можно назвать и рассказ А. Гайдара «Чук и Гек», воссоздающий сказочную атмосферу, сближающую его с традиционными рождественскими историями. Традиции святочного рассказа сохранялись и в советской литературе в описании счастливых перемен, необычных подарков героям, в признании в чувствах под Новый год. Таковы повести В. Каверина «Два капитана»; Р.Фраермана «Дикая собака Динго».

В современной русской литературе жанр святочного рассказавновь возрождается. Интерес к нему вызван возвращением к христианству, православным традициям, возобновлением церковно-просветительской работы. Появляются современные рождественские рассказы В. Берестова «Счастливого Рождества», А. Багданова «Когда родился Новый Год», И. Токмаковой «Как изгоняли Рождество» и ее пьеса для детей «Самая красивая звезда».

Современные российские прозаики Л. Петрушевская, В. Токарева вновь возрождают жанр святочного рассказа. Примером может служить рассказ «Чёрное пальто» Л. Петрушевской. Сюжет его, на первый взгляд, незатейлив и прост: героиня расстается с женихом и решает на самоубийство. Но неожиданно попадает в странное междумирье, где и получает последний шанс изменить своё крайнее решение. В рассказе прослеживаются характерные признаки жанра: чудо, жизненный урок, счастливая концовка и нравственное перерождение героини. В таком же ключе написан рассказ «Мальчик Новый год», имеющем подзаголовок «нынешняя сказка». Автор обратилась к жанру рождественского рассказа более явно: герои его – «маленькие люди» своим неравнодушием сами совершают маленькое чудо, не дав случиться беде [4, с.10]. Действие в «Рождественском рассказе» В. Токаревой происходит накануне новогоднего праздника. Главная героиня покупает цветок для живого уголка и приносит его в класс. Но пробежавший мимо Борька намеренно задевает её, отчего горшок с цветком вдребезги разбивается. Обида за убитый цветок надолго остается в душе героини. «Убитый цветок так и остался неотмщенным. Зло осталось безнаказанным, свободно и нагло гуляло по городу в образе Борьки Карпова» [5]. Проходят годы – герои взрослеют. Накануне рождества героиня узнаёт в солдате с переломанным носом героиня своего бывшего одноклассника. Прежняя обида сменяется состраданием к герою.

Таким образом, святочный рассказ в современной русской прозе претерпел некоторые структурные и стилевые изменения. Но неизменной остаётся идея рассказа: любовь, милосердие, сострадание к ближнему. В современных условиях глобализации и развития информационных технологий формирование духовных ценностей и нравственных качеств человека невозможно без обращения к таким вечным константам, как Любовь, Добро, Милосердие, Сострадание.

Литература

1. Минералова И.Г. Детская литература: Учеб.пос. – М., 2002. –127 с.
2. Кравцов Н.И. Славянский фольклор. – Москва. 1987. – 257 с.
3. Душечкина Е.В. Проблема календарной словесности. – 1995. – 258 с.
4. Петрушевская Л.С. Мальчик Новый год. – М: Изд. «Коммерсантъ», 2007.
5. Токарева В. Рождественский рассказ. [Электронный ресурс]
http://isidor.ru/author/2044/books/55608/tokareva_viktoriya_samoylovna/rojdestivskiy_rasskaz

А. Шормақова
Қ.Таңатарова
Астана қ. (Қазақстан)

ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЖАҢАША ОҚЫТУ

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен сауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту», – деп көрсетілген [1].

Дамыта оқыту мен танымдық қызығушылығын арттыру бағытындағы педагогикалық технология В.В. Давыдов, Л.В. Занков, Г.И. Щукина, проблемалап оқыту М.Махмутов, А.Матюшкин, В.Оконь, «Дидактикалық бірліктерді ірілендіру» П.М.Эрдниев еңбектерінде жан-жақты қарастырылды [2]. Қазіргі білім беру жүйесінде әдіскерлер осы жаңа технологиялардың элементтері негізінде оқу материалын түрлендіріп, жаңартып, насихаттап жүр.

Оқыту үдерісінде дамыта оқыту технологиясы кең қолданыста деуге болады. Дамыта оқыту жүйесіне ерте кезден бастап-ақ ұлы педагогтар Я.А. Каменскийдің, орыстың ұлы ағартушысы К.Д. Ушинскийдің қосқан үлестері мол. Ал дамыта оқыту үдерісінің ғылыми негіздемесі Л.С.Выготский есімімен байланысты қалыптасты.

«Дамыта оқыту» деген термин психология ғылымында туып, баланың дамуын қалыптастырған Ж.Пиаженің еңбегінде, ойлаудың әртүрлі деңгейі, типтері Л.С.Выготский еңбектерінде жан-жақты талданды [3, 8]. Осылардың негізінде дамыта оқыту проблемасына арналған эксперименттер жасалды. Оның бірін – В.В.Давыдов, ал екіншісін – Л.В.Занков басқарды.

Дамыта оқытуда тұлғаның ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда болады. Яғни, сабақ төмендегідей құрамдас бөліктерден тұрады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы;
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру;
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу [3, 11].

Білім алушының алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу – іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады.

Оқытушы сабақ үдерісін ұйымдастырушы адам ретінде, шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр студентке өз ойын, пікірін ойлауға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермейді. Дегенмен әр студент жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту – күрделі құрылымды педагогикалық жүйе [4, 11]. Оның нәтижесінде әр студенттің өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады. Сонымен, қазіргі кездегі сапалы білім беруге бағытталған дамыта оқыту психологиясы – студенттің ақыл-ойын дамытуға арналған теориялық әдістерді қолдана отырып, бағдар алған оқыту жүйесі [5, 18]. Дамыта оқытуда – білім алушы өз іс-әрекетін өзі құруға, өзін-өзі дамытуға, білімді өз бетімен меңгеруге, өз ойын еркін айтуға, дәлелдеуге, шешімнің дұрыс-бұрыстығын қабылдауға, өз бетімен іздену жұмыстарын жүргізуге, өзін-өзі бағалауға үйретіледі.

Дамыта оқыту – сабақтардағы ерекше ахуал, оқытушы мен студент арасындағы ерекше қарым-қатынас. Оқытушы – бұл жағдайда дайын білім түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана студенттің интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Студенттің шығармашылық қабілеті оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы дамиды.

Дамыта оқыту жүйесінде оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар – ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – білім алушыларды жақсы, орташа деп бөлмей, барлық білім алушының дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтуы. Білім алушының өз шамасы келгенінше, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған.

Сол арқылы ол да өзін мүмкін дәрежеге дейін дамыта алады. Бұл жолда оның қателесуі мүмкін. Мұнда оқытушы тарапынан көрсетілген сабырлылық, байсалдылық оның өз күшіне деген сенімін арттырып, алға жетелейді деп есептелінеді. Ал студенттің дамуының негізі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті, әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек.

Қазақ әдебиетін осы технология арқылы оқытуда көп нәтижелерге қол жеткізілді. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында тілді байытар, көркем шығарманы шырайландырар тәсілдер мол. Сол амал-тәсілдердің, тілдік-көркемдегіш құралдардың қолданылуы, ақынның сөз құбылту, түрлендіру, суреткерлік шеберлігі дамыта оқыту технологиясы арқылы ашылды. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін ашу үшін оның дүниетанымына бойлау, сол арқылы қазақтың өлең өрнегіндегі өзіндік нақышын, даралық стилін таныту сабақтың басты мақсаты болып табылды.

Тақырыптық мазмұны, көркемдік болмысы алуан түрлі, әрі күрделі Шәкәрім поэзиясын дамыта оқыту технологиясы арқылы меңгеруде төмендегі нәтижелерге қол жеткізілді:

Біріншіден, ақын поэзиясындағы өлеңдік өрнектер, көркем суреттеулер ашылды.

Екіншіден, Шәкәрімнің лирикалық кейіпкерлерді сомдауда «шын нұр», «шын асық», «таза ой», «от жүрек», «тәтті тіл», «таза жан» [6] т.б. көптеген эпитеттік қолданыстарды түрлендіре қолдануы ақынның қаламгерлік қолтаңбасын айқындайтын айрықша белгі екеніне көз жеткізілді.

Үшіншіден, ақын поэзиясындағы адам мәселесі өзгеше өрнекпен суреттеледі. Суреткер осы мәселені шешуде жаңа метафоралар мен ауыстыруды түрлендіре қолданғаны анықталды.

Төртіншіден, ақын өлеңдері фразеологиялық оралымдармен бейнелі суретті сөздермен дараланады. Мысалы, «сұм жүректің оянбауы», «жебір ұлық қылған іс», «өлі жүрек», «көңілдің қабағы салбырады», «залым ғалым», «сұм ақын», «тозған ой», «азат ақыл», «күңшіл мұңдар» сияқты алуан сипатты сөз образдары ашылды.

Қорыта айтқанда, оқу материалын дамыта оқыту технологиясы арқылы түрлендіріп, жақсы нәтижелерге жетуге болады: жаңа теориялық білім аз уақыт ішінде өнімді игертіледі әрі көбірек біліктілік пен дағды қалыптастыруға мүмкіндік беріледі, студенттің шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасалады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 96 б.
2. Құрман Н.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар жүйесіндегі қазақ тілінен сабақ үлгілері. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. – 172 б.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
4. Оқыту және тәрбиелеу журналы, 2010 ж., № 6.
5. Чошанов М.А. Гибкая технология. – М: Народное образования, 2006. – 160 с.
6. Негимов С. «Шәкәрім шеберлігі» «Шәкәрімтану мәселелері» II том, Алматы, Раритет, 2007, 272-бет.
7. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, [А.Құдайбердиев]. – Алматы: Жазушы, 1988. – 559 б.
8. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. – 1988. – 560 б.

Г.С. Райнбекова
А.М. Мужикбаева
Астана қ. (Қазақстан)

С. МҰҚАНОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Тіл – қоғамдық қарым-қатынастың ерекше сипатын білдіретін құнды құрал. Тіл – халықтың ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы үзіліссіз беріліп келе жатқан ұлттық мұрасы. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақ тілімізге «Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін бар бояуымен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты қазақ тілі – сондай тіл» деп баға берген болатын. Олай болса халық тілінің құнарлы да сүбелі бейнесі сол халықтың көркем әдебиеті арқылы көрінеді. Көркем туынды – ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші. Көркем сөз кестесімен өрілген әдеби шығармалардың бейнелілігі мен дәлдігін ұлттық тілдің сұлу айшықтарын ашып көрсететін тілдік құралдардың бірі – фразеологизмдер. Фразеологизмдерді зерттеу арқылы тек тілдің өткенін түп тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетін терең білуге болады. Сондықтан да болар фразеологизмдерді жан-жақты зерттеуге деген қызығушылық толастамай отыр. Фразеологизмдердің варианттары синонимиясы, омонимиясы, полисемиясы, этимологиясы жайлы да зерттеліп үлкен еңбектер жазылды. Әйтсе де фразеологизмнің әлі ашылмаған қыр-сыры жетерлік. Сонымен философиялық тұрғыда қайшылықтар бірін-бірі жоққа шығару қасиеттерін иеленсе, осы қайшылықтың екі шегі қарама-қарсы құбылыстар болып табылады. Сондықтан да сөздерді салыстыру нәтижесінде философиядағы «қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңының»:

- Ажырамас бірлікте болу;
- Әр қилы ғана емес сондай-ақ бірыңғай қарым-қатынаста тұрып-ақ бірін-бірі жоққа шығару.

Қазақ тілі білімінде қарсы мәнді фразеологизмдер мәселесі күні бүгінге дейін арнайы зерттеу нысаны етіп қарастырылмаған. Академик І. Кеңесбаев: «Фразеологизмдер ішінде өзара қарсы мағына беретін сыңарлардың бары анық болса да олардың типтері әлі де тереңірек зерттеуді, тексеруді қажет етеді» – деген болатын.

Бір-біріне өту сияқты негізгі белгілері тілдегі антонимдердің мынадай басты критерийлерімен ұштасып жатады:

- 1) Тілдегі қарама-қарсы ұғымдар бір-бірімен байланыста болады бірінсіз-бірі өмір сүрмейді. Мысалы: *жақсы-жаман, үлкен-кіші, биік-аласа.*

2) Антонимдік жұптар бірін-бірі жоққа шығарып затқа жаңа баға бере алады. Мысалы: *ақылды-ақылсыз* жұптарда ақылсыз сөзі ақылды деген сөздің мағынасын мүлде жоққа шығарады, бірақ адамға тән қасиетке жаңа баға бермейді. Ақылды деген сөз мүлде кереғар ұғымды білдіріп адамның жаңа бір қасиетін білдіретін сөз – *ақымақ*. Сонда *ақылды, ақымақ* антоним сөздер *ақылды, ақылсыз* болымды, болымсыз тұлғалар.

1) Антонимдер үнемі бір-біріне қарама-қарсы қолданыла келе мүлде жақындасып кірігіп кету қасиетіне ие. Мысалы: «Жаман айтпай жақсы жоқ»; «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» [1, 27]; «Дәндеме қол-аяғын шілдерлеулі»; «Жаман шұбардың бар қыз-келіншегі бозбалаларды аттылы-жаяулы кеп тосып тұр екен»; «Қайғының уытын қуаныш қана алады»; *жақсы-жаман, қол-аяғы, аттылы-жаяулы, қайғы-қуаныш*.

Тіл білімінде «қарама-қарсылық» пен «қайшылық» ұғымдарының айырмашылықтары мен мәнін ғалым Ж. Мусин түсіндірген болатын. Ж. Мусиннің тұжырымы бойынша: «Қайшылықты ұғымда бірін-бірі тікелей жоққа шығарады. Мысалы А-А емес Б-Б емес. Бұлардың арасында ешқандай аралық мүше болмайды. Тіл білімінде мұны болымсыздық категориясы деп атайды. Қарама-қарсы ұғымдар бір логикалық қатардың ең шеткі екі мүшесі болып табылады. Олардың арасында үшінші аралық (мүше) болуы мүмкін. Қарама-қарсы ұғымдар бірін-бірі жоққа шығарып қана қоймайды сонымен қатар затқа құбылысқа жаңа баға береді. Логикада бұлардың арақатынасы А-А емес – Б, Б-Б емес – С деп бейнеленеді» [2, 48].

Тіліміздегі лексикалық антонимдер теориясын қалыптастырушы Ж. Мусин бұл тақырыптың болашаққа зерттелуі тиіс екендігін айтып: «Фразеологизмдер көбінесе сапалық-бағалық сипатта болады. Сондықтан көптеген идиомдар мен фразалар бір-біріне қарсы мағынада болып келеді» – деп ой түйеді.

Бұл пікірден өзге фразеологиялық антонимдердің анықтамасы мен жасалу жолдары туралы мәліметті Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлының «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты оқулығынан ғана кездестіруге болады: «Лексикалық бірліктер (сөздер) сияқты фразеологизмдер де мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы қатынаста кездеседі». Мысалы: «*Тозған қазды топтанған қарға жейді*»–*«айрандай ұйыған бірлігі*»; «*Бас екеу болмайды – «қу тізеңді құшақтамай*» т.б. Осындай мағынасы қарама-қарсы фразеологизмдер фразеологиялық антонимдер деп аталады. Шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың, әрекеттердің қарама-қарсылығына негізделген лексикалық антонимдерден фразеологиялық антонимдердің басты ерекшелігі – қарама-қарсы мағыналарды бейнелеп мәнерлеп беретіндігінде. Мысалы: қатынаспады – келіп тұрды дегенде бір нәрсенің мән-жайын ғана хабарламай стильдік мәнін күшейтіп әсерлі етіп білдіріп тұр. Ашық мінез шөлкес мінез деп адамдардың мінездеріне байланысты жұптар кездеседі [2, 256].

Лексикалық антонимдердің контексте берілу ерекшеліктеріне қатысты Ғ. Мұсабаев, Ж. Мусиннің тұжырымдары мен топтастыруларына сүйене отырып, Сәбит Мұқановтың шығармасындағы контексте қарсы мәнді фразеологизмдердің қолданылу сипатын төмендегідей түрлерге бөлуге болады:

1) *Фразеологиялық антонимдер бір сөйлемнің ішінде қатар беріледі: Ал терісі сүйегіне жабысқандай боп келген Ғалияңұр ілезде қаптай боп кетіп бұрын денесіне шағындап тіктірілген киімдері аз күнде әрең сыйды көйлегі мен қамзолының жағалары жетпей гап түймелерін қайта қадағатты.*

2) *Контексте лексикалық бірлікке фразеологизм қарсы мәнде қолданылады: Онысы несі екенін білмедім де «тұр-тұлғасын көріп алайын» деп отырған тұрпатына көз тіктім: шықты салқыннан тоңазуы ма түңгі күңгірт сәуледен бе әлде жаратылысы солай ма қыздың қазақылау біткен дөңгелектеу жүзі қоңыр қалай сияқты сұп-сұр; тоңазудан ба әлде танымайтын «күйеу болам» деп ойлайтын әлдекім қасына отырудан қымсынуы ма әлде бет-пердесі жыртылмаған ұялишақ қыз ба денесі дірілдеңкіреген сияқты... Менімен таныс оңашада аздап әзілдесіп те қалған өткірлеу сапылдақтау Мағрипа бұл жолы да «жол көріп қалған қыздай» лепілдеп Рахима мен менің неге қатар отыруымызды білетін адамға ұқсап екеуміздің түйық арамызды тұтастырып жібергісі келгендей*

3) Лексикалық антонимдер мен фразеологиялық антонимдер контексте қатар жұмсалады: *«Өткен жылы апрельге дейін сіресіп жатқан қалың қар биыл февральдың ортасынан бастап еруге айналды да марттың басында жар қара тақырланып жылы ауа райының тоңы жібіп іле көктеген шөп тез қалыңдауға айналды.*

4) Фразеологиялық антонимдер жеке дара қолданылатын контекстер. Қарсы мағыналы сөздер үнемі бір сөйлем ішінде жұп болып қолданылуы шарт емес ал фразеологиялық антонимдер әр сөйлем ішінде жеке қолданылғанмен де олардың антонимдік мәнін ажыратуға болады. Мысалы: – «Менің қызым дағдылы күншаштардың біреуі емес» дейді. «Қызым – елге атағы шыққан қыз». Келтірілген бірінші сөйлемдегі дағдылы күншаштардың біреуі емес фразеологизмі ерекше мағынасында жұмсалып антоним болатындығы жеке алғанда да контекст ішінде де анық көрінеді. *Қайратты жігіт бола ма десем сен де осындай бор-кемік жасық па едің? Тепсең темір үзетін қыршын жас шағың емес пе? Бұл сөйлемде де бор кемік жасық дегенді – әлсіз тепсе темір үзетін – мықты мағынасында алып отыр.*

5) Контексте тірек сөз негіз болған фразеологизмдердің біреуінің компоненттері толық беріліп, екіншісінікі толық болмаған жағдайда қарсы мәннің берілуі: *Сонда байқасам: әйел жынысының талдырмаш орта бойлысы екен; ал ашаң Мағрипаның арбиган бойы менен де биік.*

Бұл сөйлемде *талдырмаш бойлы – арбиган бойлы* антоним фразеологизмдерінің жасалуына негіз болған тірек компонент – *бой сөзі*.

6) Антоним фразеологизмдер контексте фразеологизмнің мағынасын нақтылап түсіндіріп анықтап тұратын сөздермен жарыса жұмсалады: «Тозған қазды топтанған қарға жейді» дегендей бұлардың айрандай ұйыған бірлігіне ірткі салған Байдилдиндер сол ірткісін жыл сайын күшейте береді... бұрынғысындай айғырдай азынамай момақансып қана сөйлеседі...

Тіл бір-екі күнде пайда болған жоқ талай ғасырлар қатпарына үңілсек халық басында болып жатқан тарихи жағдайлар, түрлі көзқарастар, қилы оқиғалар тұнып жатқанын көреміз. Олар халық тіліне әсерін тигізбей қоймайды. Бүгінгі күнімізге афоризм, фразеологизм, аңыз тағы басқалар ретінде жеткен, сондықтан да не нәрсені қарастырсақ та біз олардың астарына үңілуіміз керек. Кейінгі кезде өрістеп келе жатқан этнолингвистиканың негізгі мақсаты осыны көздейді. Ескі мен жаңаның ұштасуы ретінде бұл бағыттың рөлі ерекше. Болашақта осы мәселені толық зерттейтін практикалық мақсаттарда пайдалануы тиіс. Фразеологизмдердің антонимдік қолданысы көркем әдебиеттерде жиі ұшыраспаса да, біз олардың беретін мән-мазмұнын ашу үшін салыстыра қарастыруымыз керек.

Әдебиеттер

1. Мұқанов С. Өмір мектебі. Үшінші кітап. – Алматы: Жазушы. 1970. – 699 б.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
3. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1969. – 427 б.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Елімізде болып жатқан іргелі-іргелі өзгерістер мен қайта жаңғырулар білім мен тәрбие беру жүйесіне де түбірлі өзгерістер мен мақсаттар әкелді. Ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін құруда айтулы жаңарулар жүріп жатыр. Білім стандартының жасалынуы, төл оқулықтарымыздың дүниеге келуі, білім ордаларын жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі. Әлемдік деңгейдегі форумдарда білім беру нәтижесінде шығармашылық жеке тұлға қалыптастыру, әр баланың дарынын, талантын ашу, өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, олардың өз өмірлерін жақсартуы мен олардың қоғамда өз орнын табуына ықпал ету мәселелері сөз болады. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Білім, ғылым қызметкерлерінің ІІ съезінде: «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпыадамзаттық қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді, патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – оқытушының аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы», - деген болатын.

Белгілі ғалым, оқу-ағарту ісінің озаты, педагог Қанипа Бітібаева мемлекеттік құжаттар мен ғалымдар еңбегіне сүйене отырып, бүгінгі білім беру үрдісінің алдындағы басты мақсаттар мен міндеттерді төмендегідей тұжырымдайды:

- білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап беру;
- дарын көзін ашу, қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін тани білу, сыртқа шығуына түрткі жасау;
- оқушының өзін-өзі таныуы мен өзін-өзі танытуына ықпал ету, жағдай туғызу;
- терең білімді, тәрбиелі, рухани бай, ұлтжанды, халқының үлгі әдет-салтын құрметтеуші жеке тұлға қалыптастыру.

Міне, осы және басқа да бірнеше тұжырымдарды келтіре отырып, білім беру жүйесіндегі осындай түбірлі жаңғырулар ескірген әдіс-тәсілдер емес, жаңа инновациялық технологияны меңгеру, содан іздеу арқылы жүзеге асатынын айтады.

Білім беру жүйесіндегі осындай түбегейлі жаңғырулар тың жолдарды іздеуге алып келгенін, инновациялық технологиядан іздену – қазіргі оқыту үдерісінің басты мақсаты екенін айтады.

«Технология» сөзін педагогика тіліне аударсақ, *педагогикалық шеберлік, өнерпаздық, іскерлік* деген ұғымға келіп саяды. Орыс ғалымы С.А.Смирнов өзінің «Технология как средство обучения второго поколения» еңбегінде ол сөздің өндірістен келгенін, яғни шикізатты өңдеу, жасаудың амалдары екеніне тоқталады да, оған мынадай анықтама береді: «Технология әдістер жиынтығы ғана емес, әдістер кездейсоқ таңдалынып алынған жоқ, олардың барлығы нақты бір өнім алуға бағытталған». Өндіріс саласында «технология» сөзі шикізатты өңдеудің, жасаудың амалдары дегенді білдірсе, білім беру саласына келгенде ол терминді «Болашақ тұлғаны қалыптастырудың, жасаудың амалдары» деп аударуға болады. Бұл анықтамалар бір-бірінен онша алшақ атқан жоқ.

Болашақта терең білімді, тәрбиелі, рухани бай, ұлтжанды, туған тілін терең меңгерген тұлғаны қалыптастыру үшін білім беру барысында ең бірінші олардың танымдық қабілеттерін арттыруға үлкен көңіл бөлу керек.

Оқытушы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында олардың мынадай танымдық қабілеттерін арттыруы тиіс:

- жастардың көркем шығарманы талғампаздықпен түйсінуді арқылы, эстетиканы тануы;

- түрлі ұлттар әдебиетінегі тақырыптық, идеялық, сюжеттік ұқсастықтарды, бейне жасаудағы типологиялық байланыстарды анықтау арқылы өзге ұлттардың ерекшеліктерін тануы;
- көркем шығарманы тану арқылы қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өз орнын таба білуі;
- эстетикалық талғам мен көркемдік таным дағдыларының қалыптасуы;
- жастардың сөз мәдениетінің, тіл талғамының орнығуы.

Осыларға қоса білім алушылардың сабақта өз елінің тарихын тануы, қоршаған ортаны тануы, дүниедегі ең қымбат не екенін және ақ пен қараны ажырата білуі, өзін-өзі және қоғамдық-әлеуметтік ортаны дұрыс тани білуі олардың дүниетаным негіздерінің қалыптасуына ықпал етеді. Міне, осындай танымдық қызығушылықтары арту үшін оқытушы *есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту* бағытындағы оқыту әдістерін қолданатыны белгілі. Сол кезде оқытушы білім алушылардың оқуға ынтасын оятып, қызығушылығын арттыра алады. Педагогтің алға қойған мақсаты да сол, яғни талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру, әр білім алушының танымдық қабілетін дамытып, саналы деңгейге көтеру, адам дәрежесіне жеткізу.

Танымдық мәні бар тапсырмаларға негізінен *ойлауға* арналған тапсырмалар кіреді. Жоғарыда атап өткендей, *есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы* оқу әдістері енетін технологиялардың бірі – *дамыта оқыту технологиясы*.

Дамыта оқытудың тіл дамыту үрдісіндегі орны, маңызы ерекше. Дәстүрлі оқытудың басты мақсаты білім беру, білім алушылардың іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру болса, дамыта оқыту білімді де, тәрбиені де жеке тұлғаға бағыттай отырып, оны жан-жақты дамытуды, танымдық қабілеттерін арттыруды мақсат етеді. Дамыта оқыту білім алушыны субъект ретінде қарастырады.

Дамыта оқыту жеке тұлғаның ойлауын, танымын, есте сақтау қабілетін, эмоциясын, сезімін, жан дүниесін, тілін, ерік-қайраты, мінезін, дарынын дамытуға бағытталады. Ал бұл қабілеттер тұлғаның дүниетанымын кеңейтетін негізгі себептер. Қ. Бітібаева дамыта оқыту тұлғаның шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететінін айтады. Ал шығармашылық ойлау адам дамуының ең жоғарғы биігі болып табылады дейді. Оқытудың бұл түрі білім алушылардың теориялық ойлау, танымдық қабілеттерін дамытуды негізгі мақсаты етеді. Ал енді теориялық ойлау – білім алушының бір нәрсе, құбылыс туралы, олардың жаратылысы, мән-мағынасы, қасиеттері туралы зерттеулерінің сөз арқылы көрініс табатын іс-әрекеті. Дамыта оқытудың ерекшелігін ғалым былай көрсетеді:

- білім ғана емес, білім алушылардың абстрактілі ойлау іс-әрекеттері, ғылыми-танымы, тұлғалық қасиеттерін дамытудың алдыңғы кезекте тұруы;
- оқу үрдісінің тікелей тұлғаға бағытталуы;
- оқушы – субъектінің, білімді өз ізденісі, жетістіктері арқылы алуы;
- оқытушы – әр баланың танымдық түйсігін оята отырып, оларды даму аймағына кіргізуші;
- оқытушы оқушыларға дайын біліммен емес, проблемалық сұрақпен келеді, берілетін білім проблемалық баяндау негізінде болады. Оны шешу, мақсатқа жету оқушының өз іс-әрекеті арқылы жүреді.

Тақырыпқа байланысты түрлі сұрақтар қою, жеке пікірін сұрау, тақырыпта көтерілген мәселені талқыға салу – дамыта оқытудағы басты тәсілдердің бірі. Мысалы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын оқыту үшін, оқытушы бірден білімді бермей білім алушылардың өзін сөйлетеді. Шығармаға кірісу үшін ой шақыру мақсатында және танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Аққу қандай құс?
2. Табиғат адамға не үшін қажет?
3. Ананың адам өміріндегі орны қандай?

Міне, осы сұрақтарға білім алушылар жауап беру арқылы және бір-бірінің танымдық қабілеттерін көру арқылы және оқытушының да пікірі арқылы өздерін дамытады. *Аққу, ана, табиғат* ұғымдары туралы танымдары кеңейеді. Әрі қарай шығарманың кейіпкерлері, композициялық құрылымы, мазмұнымен танысады. Соңында шығарманың көркемдік шешіміне байланысты өз ойларын ортаға салу арқылы дүниетанымдары тереңдей түседі. Мысалы, білім алушылар «*Аққу*» және «*Ана*» тобы болып екіге бөлінеді. «*Аққу*» тобы қандай жағдай болмасын аққуды атуға болмайтындығын, оның киесі барын дәлелдейді. «*Ана*» тобы ананың бала үшін кез келген қадамға баратындығын, сондықтан осы әрекетті жасауға мәжбүр болғанын дәлелдейді. Міне, осылайша білім алушы поэманың мазмұнымен танысып қоймай, өздерінің шығармашылық ойлау, пікір білдіру қабілеттерін дамытады.

Дамыта оқыту технологиясын пайдалана отырып жүргізілген сабақтардағы оқытушы-оқушы іс-әрекетін Қ. Бітібаева былай көрсетеді:

Оқытушы қызметі: оқушыларды дербес таным әрекетіне кірзігу; талдаушы, саралаушы, коррекция жасаушы; ықпал етуші, көмекші, ақылшы, психологиялық жағымды ахуал, эмоция тудырушы, мадақтаушы.

Оқушы қызметі: Ізденуші, зерттеуші; табушы, жаңа өнім жасаушы, білімді өз бетімен алушы, өзін-өзі, достарын тексеруші, бағалаушы, сараптаушы.

Білім алушылардың танымдық қабілеттерінің артуына көмектесетін келесі оқыту технологиясының бірі – *проблемалық оқыту технологиясы*. Проблемалық оқыту шығармашылық жұмыстарды жүргізудің ең өнімді жолы болып табылады. Оның басты себебі, проблемалық оқыту технологиясының өзіндік ерекшелігінде жатыр. Проблемалық оқытуда білім алушылар бейтаныс, белгілі емес мәселелерді өз беттерінше шешуге жұмылады. Проблемалық ситуацияны шешу арқылы білім алушылардың шығармашылық ойлауы дамиды, интеллектуалдық таным үрдісі жетіледі.

Ойлау үрдісі тоқтаусыз жұмыс істейді. Ойлаумен бірге тілдері де дамиды.

Проблемалық оқытуға негізделген жұмыстар, тапсырмалар білім алушылардың ғана өзіндік ойлауына, өзіндік ізденісіне бағытталады, білімді өз беттерімен алуға жол ашады, таным белсенділігін арттыруға түрткі жасайды. Проблемалық оқытуға негізделген шығармашылық тапсырмалардың ең басты белгілері, білім алушылардың белсенді дербес ізденісі, өзіндік, шығармашылық ойлауы арқылы проблемалық ситуацияны шешулерінде. Мысалы, қазақ тілі пәнінде «*Егер мен Қазақстан Парламентіне депутат болсам*» деген тақырыптағы сабақты өткізу барысында, студенттерді үш топқа бөліп, әр топқа проблемалық сұрақтар беруге болады. Бірінші оқытушы білім алушыларды іздену, зерттеу іс-әрекеттеріне кіргізеді. Яғни, оқытушы алдына проблема қояды, ол проблемаға балалардың назарын аударады, сабақ түсіндіру барысында сұрақ-жауап, басқа да өнімді тәсілдер арқылы оны шешуге түрткі жасайды.

1 топ сұрағы: *Егер сен депутат болса, Қазақстандағы білім беру деңгейін көтеру үшін білім саласына қандай өзгерістер енгізіп, ұсыныстар айтар едің?*

2 топ сұрағы: *Егер сен депутат болсаң, «Қарттар үйін» мүлдем жауып тастау үшін не істер едің? Осы мәселені қалай шешер едің?*

3 топ сұрағы: *Егер сен депутат болсаң, «Балалар үйін» мүлдем жауып тастау үшін не істер едің? Осы мәселені қалай шешер едің?*

Білім алушылар проблеманы шешу үшін болжам жасайды, дәлелдеу, салыстыру, қорытынды шығару тәсілдерін, амалдарын іздестіреді. Өз беттерімен, өз ізденістерімен мақсатқа жету үшін еңбектенеді. Осылайша білім алушылардың таным белсенділігі артады.

Әдебиеттен білім беруде *интерактивті оқыту технологиясының* әдістері де танымдық қабілеттерін арттыруға өте тиімді болып келеді. Ол, әсіресе, тіл дамыту үрдісінде де белсенді әрекет атқарады. Оған: диспут, дискуссия, дебат, конференция, рөлдік ойындар жатады. Көбінде ауызекі сөйлеу түрі арқылы жүзеге асатын жұмыстарға пайдалы болып келеді.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп Ж.Аймауытов айтқандай білім беру жүйесіндегі қазіргі заман талабы сабақ өткізудің жаңа әдістері мен инновациялық, ақпараттандырылған оқыту технологияларын пайдалану.

Білім беру барысында білім алушылардың танымдық қабілетін, білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, ізденімпаздығын арттыру, оқуға белсенділігін арттыру, ойлауды дамыту әрбір педагог үшін кәсіби парыз.

Әдебиеттер

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі. – Астана: Дарын, 2012 ж. – 271б.
2. Технология как средство обучение второго поколения. Народное образование, 1998 ж.
3. Байтанасова Қ. Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2011 ж. 158 б.

А.К. Ибраева
Астана қ. (Қазақстан)

БІЛІМ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ ТЕРЕҢ ІЗДЕНІСКЕ БАУЛУ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылығы мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру [1].

XXI ғасыр ақпараттар тасқынын жаһандану үрдісін өмірімізге алып келді. Сондықтан оқыту үрдісінде ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалану – өзекті мәселе [2].

Ақпараттық-коммуникативтік технология ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жаңа ақпараттық технологияның ішінде ең тиімді технологияларға: оқытудың компьютерлік технологиясы, мультимедиялық технологиялар, презентациялық технологиялар, қашықтықтан оқыту технологиялары кіреді.

Қазақ тілі сабағында деңгейлік тапсырмаларды интерактивті тақтаның көмегімен меңгерту, мультимедия арқылы модельдеу жеке тұлғаның компьютер арқылы қатысымға түсу мүмкіншілігін туғызып, білікті, қабілетті тұлғаны қалыптасуына ықпал етеді. Монитордағы көрнекіліктер мен анимациялардың тілдік заңдылықтарды үйренудегі пайдасы зор. Интерактивті тақта – жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге

көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Оқытушылар өздерінің жана ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады.

XXI ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Осы дара тұлғаны қалыптастыруда білім беруде тиімді технологияларды қолдана білу керек. Осындай технологияларға – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту», Ж.А. Қараевтың «Саралап-деңгейлеп оқыту», Н.А.Оразыханованың «Сатылай кешенді оқыту» технологияларын жатқызуға болады. Қазақ тілінің заңдылықтарын терең меңгертуде тиімді технологиялардың бірі – сатылай кешенді оқыту технологиясы [3].

Сатылай кешенді оқыту технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және білім алушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Бұл технология дидактиканың табиғилық, түсініктілік, ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, көрнекілік, беріктілік, саналылық пен белсенділік, жас ерекшеліктерін есепке алу, теорияның практикамен байланысы ұстанымдарын басшылыққа алады. Сатылай кешенді оқыту технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Сатылай кешенді оқыту технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік, сияқты қасиеттер. Мұғалім – бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі – тілдік ережелерді құрғақ жаттату емес, алған теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан қолдана алу машықтығын қалыптастыруында.

Мысалы *япырмау* деген одағайға сатылай кешенді талдау төмендегіше жасалады.

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **япырмау**
2. Тұлғасына қарай – туынды түбір япырм-ау
3. Құрылысына қарай – дара. Себебі, бір ғана түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – адамның көңіл-күйіне берілген атау.
6. Грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – одағай.
7. Мағынасына қарай – көңіл-күй одағайы.

Сатылай кешенді талдау білім алушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады.

Қазақ тілін ғылыми негізде терең меңгермейінше, бүгінгі заман талабына лайықты білімді, жан-жақты ана тілінің болашағын биіктен көрсете білетін ұрпақ тәрбиелей алмаймыз. Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» дегендей, оқыту барысында ең озық, тиімді технологияларды орынды қолданған жағдайда ғана бәсекеге қабілетті маман дайындай аламыз.

Өз іс тәжірибемде осы аталған технологияларды қолданып жүрмін. Бұл технологиялар оқушыларды ізденіске жетелеп, белсенділігін арттырады. Іс тәжірибемде ақпараттық

технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шараларды қолданудың маңызы зор екенін байқадым.

Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану.

Оқытудың жаңа әдістері мен түрлерін (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекетін компьютерлік ойындар және т.б.) сабақта жиі қолдану.

Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру.

Қазақ тілі сабақтарында деңгейлік тапсырмаларды ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктері арқылы қолдануда төмендегідей нәтиже беруде:

- студенттердің оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;

- ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;

- игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010.

2. 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы, 2010.

3. Қобдиқова Ж.У. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдіру. – А., 2005, 22 б.

А.Е. Алимбаев
Астана қ. (Қазақстан)

МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар. Бұл жолдар Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика» еңбегінің кіріспесі. Автордың өзі айтып отырғандай аз ғана ояну дәуіріне баға беру болашақтың ісі. Бүгінгі егеменді еліміздің бағыт-бағдары, рухани жаңғыру жолында жүргізіліп жатқан істер аз емес. Дегенмен алты алаштың баласы бас қосқан кезде қадірлі орын мұғалімдікі болмай тұрғаны баршамызға аян нәрсе.

Қазақ тарихында ойып тұрып орын алатын кемеңгер тұлғалардың бірі – Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика» еңбегі ақынның көзі тірісінде екі рет жарық көрген. Бірі – 1922 жылы Орынборда, бірі – 1923 жылы Ташкент қаласында. Қазақстанда сауатсыздық жою жолында алаш қайраткерлері талмай еңбектенгені белгілі. Олардың қатарында Мағжан

Жұмабайұлы да ұстаздық етумен қатар, ұстаздықты жүзеге асырудың жолдарын көрсететін оқу-әдістемелік құралдар жазған.

«Педагогика» – грек елінің сөзі. Paída – бала, gogike – жетектеу, деген екі сөзден құралған. Ежелгі Грецияда балаларды бағып мектепке алып келіп жүретін кәрі құлдарды педагог деп аталған. Педагог деген аттың бұрын мақтаулы болмағандығы осыдан көрінеді. Бірақ, соңғы заманда, пән, ғылым үшін адамзат өнерленген сайын педагог деген ат қадірлі, қасиетті болып барады [1.15].

Ақынның «Педагогика» еңбегі негізінен он бес бөлімнен тұрады. Олар:

1. Сөз алды

2. Жинағы

3. Жалпы педагогика (Жетекші сөз)

4. Педагогика бөлімдері, 4.1. Жалпы педагогика, 4.2. Дене тәрбиесі, 4.3. Жан тәрбиесі.

5. Жан көріністерін тап-тапқа бөлу. 5.1. Әсерленуді бөлі, 5.2. Абай 5.3. Суреттеу, 5.4. Ес, 5.5. Қиял, 5.6. Ойлау, 5.7. Тіл.

6. Ішкі сезім яки көңіл көріністері, 6.1. Қайрат, 6.2. Баланың жалпы жаратылысы.

Еңбекте дене тәрбиесімен қатар рухани тәрбие мәселелері жан-жақты және терең зерделенген. Бала дүние есігін ашқан күннен бастап дене тәрбиесімен қатар жан тәрбиесін қатар алып жүру керек екен. Дене тәрбиесі: сәбидің салмағы, яғни өлшеу, дене жылылығы, дем алу, тамыр соғу, бала бөлмесі, баланың тамағы, баланы шомылдыру, бөлеу һәм бесік, ұйқы, баланың қозғалуы, серуен, тістеу. «Дене – жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі зат та берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құралы мықты болса, иесі де мықты. «Сау жан, сау денеді ғана болады» деген мәтел шын, дұрыс мәтел» [1.20]. Жоғарыда аталғандарды баланың дене тәрбиесінде дұрыс пайдалана білсек, дені сау ұрпақ өсетіні сөзсіз.

Жанның не екенін ешкім де нақты білмейді, бірақ жан туралы сөз көп. Жанды қолмен ұстауға, көзбен көруге, құлақпен естуге, иіспен сезуге еш мүмкіндік жоқ. Философиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, жанның мәңгілігі, растығы және жаратылмайтындығы осы үш концепцияда қарастыруға болады деп жазады философ ғалым Ғ. Есім. Мағжан Жұмабайұлы да, жан туралы үш пікір бар дейді. Біріншісі – жан деген бөлек, өз алдына бір нәрсе дейді «спиритуализм», яки «идеализм» деп аталады. Екінші пікір – жан дене іскерлігінің бір түрі. Яғни, жан деген жеке зат жоқ, жан деген дененің бір бөлігі деген сөз. Бұл пікір «материализм» деп аталады. Үшінші пікір – ан деген жан көріністерінің жиынтығы. Яғни, жан деген ойлау, сезу һәм басқа барлық жан көріністерінің жалпы атауы дейді. Бұл пікір «феноменализм», яғни эмпиризм деп аталады. Қайткенменде, адамзат бұл күнге шейін жанның не екенін біле алған жоқ. Дегенмен, автор жанның көріністері бар деп қорытынды жасайды. Жанның көріністеріне ойлау, ақыл, әсерлену, ес т.б. жатқызады. Мағжан Жұмабайұлы осы айтылғандарды қалай тәрбиелеу керек екендігінің әдістемесін ұсынады.

Еңбекте жан көріністерін үш топқа бөліп қарастырады: ақыл, көңіл, қайрат. Бұл көріністерді Абай Құнанбайұлы туындыларында ақыл, жүрек, қайрат деп атайды. Аталған үш таптар бір-бірімен тығыз байланысты, яғни жан болмысында берік байлам бар. Демек, адам бір іс істегенде осы жанның үш көрінісі де қатынасады. Үш көріністің адамға тек қана пайдасы болсын дейтін болсақ үшеуін де бірдей ұстау керек деп қорытынды жасайды. Автор бұндай қорытындыны Ұлы ойшыл Абайдың «Әуелде суық мұз – ақыл зерек» деген еңбегінен алады.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласын елден бөлек», - деген өлең жолдары дәлел болады. Абайдың «толық адам» концепциясы жанды тәрбиелеуге бағытталған. Жан тәрбиесінің, жан көріністерінің түзу, сау болуы үшін автор мына нәрселердің сау болуы керек дейді, олар: Нерв системасы, әсерлену (көру, есту, сыйпау, иіскеу һәм тату), абай яғна адамның назары, суреттеу, ес (зейін), қиял, ойлау.

«Біз ақыл көріністері арқылы сыртқы заттар туралы, яғни олардың өзі ісі һәм күші туралы білім аламыз. Ішкі сезімдер арқылы жанымызда түрлі күйдің болғанын білеміз һәм ол

күйде жағымды, не жағымсыз деп бағалаймыз. Ал енді, жанымызда тағы бір күш, тағы бір көрініс бар. Жан бір нәрсені істеуге, болдыруға ұмтылады, яки істемеске, болдырмасқа ұмтылады. Және бұл ұмтылу соқыр ұмтылу емес, мақсатты ұмтылу. Міне, осы бір мақсұтқа жету үшін жанның аңды ұмтылуы қайрат деп аталады» [1.141]. Автор қайратты үш түрге бөледі: тартылу, ұмтылу, тілеу. Осы үш басқыш болған кезде қайрат үстемдік құрады. Қайраты мықты адам алға қойған мақсатына жету жолында осы үш басқышты пайдаланады. Осы пайдаланудың жолдарын автор егжей-тегжейлі еңбекте баяндайды. Адамның дене және жан ісін тізгіндеп, белгілі бір жолға салып, дамытатын, өркендететін осы қайрат. Қайрат адамның барлық ісін тізгіндеп жақсы, жаманын таразылайтын таразы десек болады. Қайрат арқылы ғана адам болмысының жақсы жақтары көрініс таппақ. Өмірдегі қиын жағдайдан адам баласын сүріндірмей алып шығатын осы қайрат. Сондықтан да ата-ана баланың қайраты өркендеу үшін талмай қызмет етуі керек.

«Алласының пендесіне берген харекет еркіндігін біз «қайрат» дейміз. Қандай іс болмасын адамнан қайратты талап етеді, ол болса адамды жақсылыққа да, жамандыққа да бастай береді. Қайратты жақсылыққа бастайтын адамзат болмысындағы періште ұялаған жер – жүрек. Сонда адамның мінін анықтаушы Жаратушы болса, оны сезінуші – жүрек» [2.147]. Жүрек – ізгілік символы. Тұла бойды жылытып, жақсы іске бастап тұратын жүрек, бұл дегеніміз ізгіліктің басты мәселесі. Бұл ретте айтпағымыз қайратты адам тәрбиелеу үшін біріншіден, жылы жүрек керек.

«Жас бала – жас бір шыбық. Жас күнінде қай күйде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың. «Баланы бастан» деген сіздің мәнісі осы. Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көр бала қылып өсіруде емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса өзін, асса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білуі керек» [1.154], - дейді Мағжан Жұмабайұлы.

Хакім Абай «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» бүгінгі жаһандану жағдайында өмір сүріп жатқан біздің қоғам ар мен артық білуді емес, пайда табуды алдыңғы межеге шығарғаны айтпаса да түсінікті. Капиталистік қоғамның басты міндеті пайда табу болса да, адам баласының рухани байлығы материалдық байлықпен өлшенбеуі керек екені жазылмаған заң.

Әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
2. Есім Ғ. Адам-зат. – Астана: Ақарман, 2008. – 382 б.
3. Жәлел О. Харекет: Монография. Зерттеу мақалалар. / Құраст. Зайтхан Е., Қашқынов Е. – Астана: Профи Медиа, 2016. – 512 б.

Л.А. Булекбаева
г. Алматы (Казахстан)
Г.И. Саурукова
(университет Southwest, Китай)

СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Социальная лингвистика – направление языкознания, изучающее общественную обусловленность возникновения, развития и функционирования языка, воздействия общества на язык и языка на общество.

За время существования в языкознании социолингвистического направления, оно имело и имеет еще теперь несколько разных наименований: "социология языка", "социологическая лингвистика", "социологическое языкознание", "лингвистическая социология", "лингвосоциология", "социолингвистика", "социальная лингвистика" и другие.

Термин "социолингвистика", наиболее употребительный в современной науке, впервые использовал в 1952 г. американский исследователь Х. Каррл. Этим термином было обозначено направление, которое фактически уже существовало в языкознании и свою главную цель видело в исследовании языка как явления общественного.

Социальную лингвистику понимают в трех основных смыслах. Во-первых, это "Язык и общество", все виды взаимоотношений между языком и обществом (язык и культура, язык и история, язык и этнос, церковь, школа, политика и массовая коммуникация и т.д.).

Во-вторых, социолингвистику иногда видят в ситуациях-выборе говорящими того или иного варианта языка (или элемента, единицы языка). В языковом общении постоянно возможны варианты: в условиях двуязычия в зависимости от ситуации говорящие выбирают тот или иной язык; выбрать язык (или при коммуникации только на одном языке), людистоят перед выбором того или иного варианта речи: говорить ли на литературном языке или на диалекте, предпочесть книжную форму речи или разговорную, употребить официальный термин или его просторечный синоним... Варианты любого ранга – начиная от конкурирующих языков (как коммуникативных вариантов при многоязычии) до вариантов нормативного произношения – называют социолингвистической переменной; это своего рода единица анализа в тех социолингвистических исследованиях, где социальные аспекты языка принимаются именно как социально обусловленное варьирование языка.

В-третьих, социальная лингвистика иногда понимается как изучение особенностей языка разных социальных и возрастных групп говорящих. По сути это лингвистическая социология, т.е. изучение социальной структуры общества, но с добавлением известным, социологическим параметрам (социологическое положение, образование, доходы, характер досуга, политические предпочтения и т.д.) различий по языку; люди со средним образованием чаще говорят как-то, с высшим-как-то, а те, кто окончил гуманитарные вузы, - вот так-то и т.д.

Старинный синкретизм значений "язык и народ" в слове "язык", восходящий еще к старославянским текстам, известен языкам различных семей; индоевропейским (например, лат. *lingua*), финно-угорским, турецкому, некоторым языкам Африки. Это сематическая двуплановость говорит о тесной связи понятий "язык" и "народ" в сознании людей: один народ - это те, кто говорит на одном языке, а язык - это то, на чем говорит, он объединяет народ и отличает его от других народов. Действительно, этнический и языковой принципы группировки народонаселения во многом совпадают и взаимосвязаны.

Этнос (от греч. *Ethnos* – племя, народ) - "народ". Синонимические термины этнос, народ и этническая общность обозначают общее (родовое) понятие по отношению к таким этническим общностям, как племя, народность, нация.

Этнолингвистика, которая, как известно, изучает взаимоотношение между этносом и языком во всем его многообразии. Объектом этнолингвистики выступают язык в его этническом аспекте и языковые характеристики в этносе. Этнолингвистика занимается такими вопросами, как этногенез и этническая история; этноязыковые процессы, как внутренние, так и в межэтнических контактах; роль языка в формировании и функционировании этнических общностей; язык и традиционная культура; язык и этническая специфика мышления и т.п. [1, 97-98]

Становление этнолингвистики как научной дисциплины связано с именем В.Гумбольдта, в трудах которого впервые нашла отражения идея о связи языка и народа. Развитию этнолингвистических идей способствовал возникший в начале XX века структурализм, основатель которого Ф де Соссюр провозгласил: "Обычай нации отражаются на языке, а с другой стороны, в значительной мере именно язык формирует нацию" [2, 59].

Оформление этнолингвистики как самостоятельной науки связано с именами Ф. Боаса, Э. Сэпира, Б. Уорфа и созданной двумя последними авторами гипотезы в том, что люди, говорящие на разных языках, живут в различных мирах. Языковые навыки отчасти создают культурную реальность.

Мы должны признать влияние языка на различные виды деятельности людей не столько в особых случаях употребления языка, сколько в его постоянно действующих общих законах и в повседневной оценке им тех или иных явлений.

